

**Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Қостанай жоғары  
политехникалық колледжі» КМҚК  
КГКП «Костанайский политехнический высший колледж» Управления образования  
акимата Костанайской области**



**ЖБП 08 Қазақстан тарихы пәні  
Барлық мамандық студенттеріне арналған**

**Ахметжанова Динара Косылбековна**

Қостанай 2022 жыл

## Мазмұны

	<b>Бөлім, тақырып атауы/ Наименование разделов, тем</b>	
	<b>I Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері</b>	
1	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері	
2	Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы	
3	Орталық Азияда өркениеттердің пайда болу факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары	
4	«Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы және дала өркениетінің қалыптасуының ерекшеліктері	
5	Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті	
6	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	
7	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	
	<b>II Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер</b>	
8	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер	
9	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер	
10	Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары	
11	Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары	
12	Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері	
13	<b>III Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар</b>	
	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы	
14	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі.	
15	Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері	
16	Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі	
17	Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары	
18	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі	
19	Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы	
20	<b>IV Бөлім. Мәдениеттің дамуы</b>	
	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері	
21	Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы	
22	Тарихи және мәдени ескерткіштер. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы	
23	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар	
24	Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы	
25	<b>V Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері</b>	
	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы.	
26	Қолөнер мен кәсіптер	
27	Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі	
28	XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы	
29	XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы	
30	Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы	
31	<b>VI Бөлім. Саяси-құқықтық процестер</b>	
	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX	

	ғасырдың басы)	
32	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы)	
33	Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы	
34	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	
35	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	
36	Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі	
37	<b>VII Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</b> Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	
38	"Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары.	
39	XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары	
40	"Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері	
41	"Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары	
42	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары	
43	<b>VIII Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы</b> Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы	
44	XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылым	
45	XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылым	
46	Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы	
47	Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы	
48	Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы	

**1 тақырып**  
**I Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері**  
**Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері**

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.1.1. 1 «Орталық Азия» түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану

**Бағалау өлшемдері:**

1. "Орталық Азия" түсінігін, аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдайды;
2. "Орталық Азияның" тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттайды;

**Орталық Азия** – Азияның ішкі аумағында орналасқан табиғат аймағы. Батысы мен солтүстік-батысында ТМД елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан), солтүстігінде Моңғолия, Қытайдың солтүстік-батыс бөлігі орналасқан. Оңтүстік-батысы мен оңтүстігін Ауғанстан, Пәкістан, Үндістанның солтүстік бөліктері, орталығы мен шығысын Қытай алып жатыр.

Аумағы **6 млн. км<sup>2</sup>**. Жер бедері қиыршық тасты және құмды шөгінділермен жабылған әр түрлі биіктіктегі жазықтар мен оларды қоршай орналасқан биік тау жоталарынан тұрады. Геоморфологиялық ерекшелігіне қарай **Орталық Азия** батыстан шығысқа қарай созыла орналасқан 3 орографиялық белдеуден тұрады. Солтүстік таулы белдеу құрамына Сарыарқа, Моңғол Алтайы, Хангай, Хэнтэй тау жоталары, тау аралығында орналасқан Жоңғар жазығы, Ұрыңқай, Ебінұр, т.б. ірі көлдердің қазаншұңқырлары кіреді. Орта белдеуге Тянь-Шань тауы және биіктігі **1000 – 2000 м** болатын көтеріңкі жазықтарда жатқан Гоби, Алашань, Бейшань және Тарим ойысындағы Такла-Макан шөлдері кіреді. Биік Орталық Азия құрамына орташа биіктігі **4000 – 5000 м-ге** жететін Памир, Куньлунь, Гиндукуш, Қарақорым, Тибет, Гандисышан тауларынан тұратын биік тау жүйелері жатады. Кен байлықтарынан: Сарыарқада мыс, молибден, вольфрам, көмір; Куньлунь тауларында нефрит; Тибет, Куньлунь, Наньшань, Хангай тауларында шашыранды алтын, темір кені, мұнай, қалайы, молибден, вольфрам; Хэнтэй тауларында бирюза, топаз; Жоңғар жазығында, Тарим, Цайдам, Турфан ойыстарында мұнайдың, тас көмір, ас тұзы мен глаубер тұзының мол қорлары бар. Қыста жоғары, жазда төмен қысымның ықпалында болуына, мұхиттардан өте қашық орналасуына, тау жоталарымен қоршалып оқшаулануына байланысты климаты тым континенттік және құрғақ. Аймақтың басым бөлігінде жылдық ауа температурасының айырмасы **50<sup>0</sup>С-қа** дейін жетеді. Қаңтардың орташа температурасы **-10 – 25<sup>0</sup>С**, шілдеде солтүстік пен орталық бөлікте **20 – 25<sup>0</sup>С**, Тибет таулы қыратында **10<sup>0</sup>С**. Аймақтың **3/4 бөлігінде** жылдық жауын-шашын мөлш. **100 – 200 мм**, тау жоталарында **300 – 500 мм**, оңтүстік-шығысында муссонның ықпалымен **1000 мм-ден** артық жауын-шашын түседі. Жылдық буланушылық көрсеткіші **2000 мм** шамасында. Тау жүйелерінің көпшілігінде мұз басу таралған. Мұз басудың аса ірі орталықтары: Қарақорым (Сиачен мұздығы, ұзындығы 72 км), Тянь-Шань (Оңтүстік Інілшек мұздығы, ұзындығы 57 км), Моңғол Алтайы (Потанин мұздығы, ұзындығы 20 км) таулары. Ірі өзендері Хуанхэ, Янцзы, Меконг, Салуин, Брахмапутра, Инд, Ертіс, Селенга, Амур мұхит алабына жатса, Тарим, Іле Эдзин-Гол өзендері тұйық көлдерге құяды, құмға сіңіп кетеді. Орталық Азияның солтүстігі (Моңғолия мен Жоңғар жазығында) мен оңтүстігінде (Тибетте) көлдер көп орналасқан. Ірі тұзды көлдері: Кукунор (аумағы 4200 км<sup>2</sup>), Убсу-Нур (аумағы 3350 км<sup>2</sup>), Балқаш (17,7 мың км<sup>2</sup>); тұщы көлдері: Хубсугул (аумағы 2620 км<sup>2</sup>), Хар-Ус-Нур (аумағы 1486 км<sup>2</sup>), Зайсан (1,79 мың км<sup>2</sup>), Бақырашкөл (аумағы 1380 км<sup>2</sup>), Далайнор (аумағы 1100 км<sup>2</sup>). Орталық Азияға негізінен шөлейт және шөлді ландшафт тән. Солтүстік-шығысында ылғал мөлшерінің артуына қарай **дала және орманды дала** белдемі тараған. Шөлдің сұр топырағы, сортаң

топырақ, тақыр кездеседі, тұйық тұзды көлдер айналасында құрғақшылық әсерінен қалыптасқан кең алқапты сорлар тараған. Моңғолияның солтүстігіндегі тау беткейлерінде таудың қоңыр орман топырағы, Гоби шұраттары (оазис) мен жер асты су көздері шығатын тау алды бөктерлерінде таудың шалғынды қара топырағы, тұрақты ағыны бар өзен аңғарларында шалғынды топырақ түрлері қалыптасқан.

**Орталық Азия** – Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде бұрынғы Орта Азия республикалары мен Қазақстан аумағында пайда болған геосаяси кеңістік. Геоаймақ ресми түрде 1993 жылы 4

қаңтарда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан Республикалары президенттерінің Ташкент қаласында өткен саяси, экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелері жөніндегі басқосуында бекітілді. Орталық Азия болып аталуы – жер аумағының Еуразия құрлығының ортасында орналасуына және бұл елдердің тарихы, діні мен тілі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен шаруашылығындағы жақындықтар, ұқсастықтардың көп болуына байланысты.

Орталық Азия аймағының аумағы 4 млн. км<sup>2</sup>-ден асады, халқының жалпы саны 74 млн. адамды құрайды. Аймақ елдерінің сыртқы сауда және экономикалық қатынастарында ежелгі Ұлы жібек жолының қайта жаңғыруы өз көрінісін беруде, әрі Ресей, Қытай және ТМД-ның басқа да елдерімен дәстүрлі байланыстарын жалғастыруда. Орталық Азия аумағында Қытай, АҚШ, Үндістан, Батыс Еуропа және мұсылман елдерінің осы аймақтағы геостратегия мүдделері түйіскен. Орталық Азияның саяси-әлеуметтік өміріндегі өзіне тән ерекше қасиет – ол ислам әлемінің бір бөлігі саналады және христиан, буддизм, индуизм, т.б. өркениеттердің тоғысуымен де ерекшеленеді. Аймақ шығыс пен батыс елдерін жалғастыратын біріктіруші көпір қызметін атқарады.

**Тапсырма:** «Мен өз Отаныммен мақтанамын» эссе жазу

**Бағалау дескрипторлары:**

1. "Орталық Азия" түсінігін, аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдай алады;
2. "Орталық Азияның" тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттай алады;
3. Өз елі туралы эссе жаза алады

## 2 тақырып

### Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы

**Сабактың оқу мақсаты:** 10.1.1.2-әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу

**Бағалау өлшемдері:**

1. "Орталық Азия" түсінігін, аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдайды;
2. "Орталық Азияның" тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттайды;

Орталық Азия — ел қызығушылығын тудыратын өркениеті мен мәдени аспектісі бойынша тарихи бай аймақтардың бірі. Көшпелі заманнан ерекше тарихи территорияға айналған бұл аймақтың сыр шертер мәселелері де көп. Соған сәйкес, ҚазҰУ-де «Орталық Азия дәстүрлі өркениеттерін зерделеу» жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу орталығы ашылған болатын. Орталықтың директоры қызметіне көне түркі тайпаларының тарихын зерделеудегі танымал ғалым, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА Құрметті

академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Омарбеков Талас Омарбекұлы тағайындалады. Орталықтың қызметі Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерінің ғылыми проблемаларын жаңа әдістемелік ұстанымдардың негізінде әлемдік тарихнамадағы таным әдістерін сындарлы қайта бағалау тұрғысынан пысықтауға бағытталған.

Жобаның мақсаты — Орталық Азия көшпелілерінің этноаумағының қалыптасуына, мемлекеттік құрылымына, эволюциясына, билік және дәстүрлі құқық мәселелеріне, дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың күйреуіне кешенді түрде талдау жасау және тарихи деректер мен тарихнамалық жетістіктерді жаңаша тұрғыда зерттеу, сондай-ақ, отырықшы және көшпелі өркениеттердің синтезін көрсету, көшпелі және отырықшы халықтың мәдени-тарихи ықпалдастығынан туындаған мәселелерге негізделген дереккөздерге аксиологиялық талдау жасау жобаның мақсаты болып табылады. Негізгі міндеттері төмендегідей:

- Орталық Азияның көшпелі халықтарының этноаумағының қалыптасуының мәселелерін зерттеу;
- Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік пен саяси құрылымдардың теориялық және методологиялық мәселелеріне талдау жасау;
- Дәстүрлі қоғамдағы билік және әдеттегі құқықтың рухани құндылықтар мен сабақтастығын анықтап, нақты қорытындыларға келу, кешенді түрде салыстырмалы талдау жасау;
- Көшпелілер өркениетіндегі табиғат пен қоғамның қарым-қатынасы үдерісін зерттеу, түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың дүниетаным жүйесін анықтауда басымдық ретінде түркі мифологиялық мәдениетінің бастауларын негіздеу;
- Негізгі концептуалды ұстанымдарды, түркілердің ерте ортағасырлар қоғамындағы табиғи-клитаттық факторлардың рөлі туралы мәселелерді зерттеудің бағыттарын талдау;
- Түркі мифологиялық мәдениетінің контекстінде (халыққа белгілі білімдердің рөлі, мифологиядағы әйел бейнесі, алтай халқындағы дәстүрлі әдеп мысалында) көшпелі түркілердің дәстүрлі дүниетанымын қарастыру арқылы мәселенің зерттелу деңгейі мен ғылыми-теориялық ізденістердің сабақтастығын анықтау;
- XIX ғасырдың II жартысындағы Әкімшілік ережелердің қазақтың дәстүрлі шаруашылығының сипатына әсерін ғылыми зерделеу, дәстүрлі шаруашылық ырғағының бұзылуының тарихи себептерін ғылыми таразыға салу;
- Көшпелі қоғам өкілдерінде қалыптасқан соғыс өнері мен қару-жарақ түрлеріне қатысты жазба деректермен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып, талдамалы зерттеулер жүргізу.

Зерттеу объектісі — Орталық Азия және Қазақстанның ерте және ортағасырлық тарихының этно-мәдени, этно-территориялық, саяси, әлеуметтік мәселелері, басқару жүйесі, мемлекеттілік мәселесі, әскери өнер, көшпелілер мен отырықшылардың мәдени синтезі, XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі дәстүрлі шаруашылықтың сипаты, XX ғасырдың бас кезіндегі қоғам, кеңестік үкіметтің орнауы кезіндегі дәстүрлі шаруашылық ырғағының бұзылуы, дәстүрлі шаруашылықтың күйеуі мәселелері жобаның басты зерттеу нысаны.

Орталықта негізінен 7 жоба жұмысын атқарып тұр:

1. Ортағасырлардағы Орталық Азия көшпелілері этнотерриторияларының қалыптасуы
2. Орталық Азия көшпелілері мемлекеттілігінің эволюциясы
3. Орталық Азия көшпелілерінің әскери ісі мен соғыс өнері
4. Орталық Азияның «көшпелі империялары» мен отырықшы-егінші халықтарының өзара әсерлесуінің тарихи-мәдени пардигмалары
5. Орталық Азия халықтарының көшпелі өркениетіндегі табиғат пен қоғамның өзара байланысы
6. Көшпелілер Ресей империясы құрамында: басқару ерекшеліктері, мәдениет пен шаруашылықтың дамуы

7. Кеңестік тоталитарлық жүйедегі көшпелілердің дәстүрлі мәдениеті мен көшпелі қауымының күйреуі  
Көріп отырғанымыздай, жоба аясында Орталық Азияның көшпелілері мен жалпы аймақтың өркениеттілік тарихы жан-жақты сарапталып, тарих толқынындағы осы аймақта орын алған процесстерге егжей-тегжейлі көңіл бөлінген. Аймақтың тарихи-мәдени мұрасын тұтастай көруді қалыптастыруға да өзіндік септігін тигізе алады. Аталмыш ғылыми орталықтың нәтижелері де қоғамдағы білім жүйесіне елеулі өз үлесін қосуда.

**Тапсырма:** Орталық Азияға танымдық карта жасау

**Бағалау дескрипторлары:**

1. "Орталық Азия" түсінігін, аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдай алады;
2. "Орталық Азияның" тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттай алады;
3. Орталық Азияға танымдық карта жасай алады.

### **3 тақырып**

#### **Орталық Азияда өркениеттерің пайда болу факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары**

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.1.1.3. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау

**Бағалау өлшемдері:**

1. Тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін ашады;
2. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атайды;

Археологиялық зерттеулер нәтижесі Орталық Азияда өзіндік өркениеттің бар екендігін көрсетті. Өзіндік мәдени болмысын сақтап қалған бұл өркениеттер мыңдаған жыл бойы өмір сүрді. Жекелеген қоныстар мен қалалар өз дамуын тоқтатса да, сол жерлерде жаңа қалалар пайда болып, өркениет тіршілік ете берді. Мұндай тұрақтылық Орталық Азияның географиясымен тығыз байланысты. Отырықшы-егіншілік мәдениет белгілі бір аймақтарда, өзендер мен тау етегіндегі жазираларда (оазистерде) пайда болды. Отырықшы-егіншілік өркениеттің тағы бір ерекшелігі оның көшпелі өркениетпен тығыз байланыстылығында еді. Бұл сауда айырбасынан байқалды. Далалықтар үшін де, отырықшы халық үшін де сауда өзге жұртпен материалдық және рухани мәдениет элементтерінің араласуына әкелді. Мұндай байланыс түрі малшы-егінші аралас мәдениетінің пайда болуына әсер етті.

Бұл өркениеттің негізгі тоғыз ошағын бөліп қарастыруға болады: Маргуш (маргиандық), Бактрия, Хорезм, Соғды, Ферғана, Шаш, Сыр-дария жазирасы, Жетісу және Шығыс Түркістан.

Маргуш (Маргиан). Б.з.б. XVIII-XIII ғасырлардағы қола дәуірінде, Орталық Азияның оңтүстігінде Мурғаб жазирасында Маргуш (Маргиан) отырықшы-егінші және қалалық мәдениеті пайда болды. Бұл мәдениет Әмударияның төменгі ағысындағы Бактрияға таралды.

Хорезм - Әмударияның төменгі сағасында орналасқан ірі аймақ. Б.з.б. II мыңжылдықта аймақта хорезмдік отырықшы-егіншілік өркениет пайда болды. Бұл мәдениеттің негізі Даладан бастау алған.

Соғды. Әмудария мен Сырдария аралығындағы ірі егіншілік аймағында Мараканд

(Самарканд) қаласы пайда болды. Соғдының солтүстігінде Шаш (қазіргі Ташкент) жазирасы орналасқан. Соғдыда халық тығыз қоныстанды және бұл аймақ әр уақытта түрлі мемлекеттердің құрамында болды. Соғдылықтардың өз жазуы болды, негізінен, сауда- мен және қолөнершілікпен айналысты. Соғдының Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы және трансконтиненталды саудада делдалдық қызмет атқаруы оның гүлденуіне әкелді. Ферғана - тау арасындағы ойпат. Бұл жерге су Сырдариядан тартылған. Ферғана ахеменидтік және Александр Македонский империяларының құрамында да болған. Дәл осы жерге Александр патша өз империясының солтүстігіндегі ең шеткі қала - Александрия Эсхатты- салуды бұйырды. Б.з.б. III - б.з. VI ғасырлар аралығында Ферғана өз билеушілері бар дербес мемлекет болған.

Шаш - Соғдының солтүстігі мен Шыршық және Ангрен өзендерінің алқабын, сондай-ақ Сырдарияның оң жағалауын қамтитын тарихи өңір. Бұл аймақ - қазіргі Ташкент пен Шымкент қалалары орналасқан жер. Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында өңірде 30-ұа жуық шаһар болған.

Шаштың солтүстігін Сырдария аймағы алып жатыр. Сырдарияның орта ағысындағы бұл аймақ даламен шектеседі. Аймақ Қанғы атауымен Авестада кездеседі, ал Сыма Цян оны «Қаңлы мемлекеті» деп атады. Бұл өркениет ошағының ірі орталығы Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылған тұсында орналасқан Отырар (Фараб) шаһары болды. X ғасырда Отырар Қарахандар мемлекетіне қарады. Кейіннен қарахандар моңғол шапқыншылығынан күйреген соң, Отырар Хорезмнің қол астына өтті. Мұсылман жыл-намаларында моңғол шапқыншылығынан кейін Сырдария жазирасы Түркістан деп аталды. Аймақта Сауран, Созақ, Сығанақ, Сайрам (Ис-пиджаф) және Түркістан (Яссы) шаһарлары болды. Олар Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияның тарихында үлкен маңызды рөл атқарды.

«Ұлы Дала» деп Ду-найдан Алтайға, одан Маньчжурияға (Қытайдың солтүстік-шығысындағы облыс) дейінгі жерді алып жатқан Еуразияның орталығындағы кең аумақты атаймыз. Бұл белдеудің ұзындығы алты мың шақырымға созылса, ені мың шақырымды құрайды. Бұл аймақтың географиялық атауы - Еуразия даласы.

Орта ғасырлардағы Ұлы Даланың атауы мұсылман жазба деректерінде Дешті Қыпшақ аталады. Қазақстан тарих ғылымында X—XVII ғасырлардағы Кара теңіз бен Каспий аралығын «Батыс Дешті Қыпшақ», ал қазақ даласын «Шығыс Дешті Қыпшақ» деп атау қалыптасқан.

Ұлы Даланың маңызды тарихи-мәдени мәні.

Ұлы Дала Еуразия мен оның халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тарихында маңызды рөл атқарды. Ұлы Даланың осындай маңызға ие болуының бірнеше мәнін бөліп көрсетейік.

Ұлы Дала көшпелілер өркениетінің «бесігі» саналады. Мұның негізінде табиғи-географиялық фактор, яғни көшпелі малшаруашылығын өркендетуге қолайлы экологиялық жағдай жатыр. Әртүрлі мезгілде сан алуан шөп түрлері басып жататын дала мен жартылай шөлейтті аймақтар жылқы мен ұсақ малдар үшін таптырмас жайылым болды.

Дала өркениетінің этникалық сипаты әртүрлі болды, ол бір халықпен (этноспен) және бір дінмен шектелмеді. Көшпелілер алуан түрлі тілде сөйлейтін (түркілер, моңғолдар, ирандықтар) және түрлі нәсілге жататын (моңғолоидтер, еуропейдер және аралас нәсіл түрлері) халықтардан құралды. Олардың ұстанған діні де әртүрлі (тәңіршілдік, буддизм, ислам) болды. Оларды «туыстастырған» және біріктірген Ұлы Дала мен көшпелі малшаруашылығы еді.

Көшпелілер сақ, ғұн дәуірлерінде және Моңғол империясы мен Алтын Орда уақытында Еуразияның халықаралық саясатына өз үстемдігін жүргізіп отырды. Сонымен қатар Ұлы Дала Қиыр Шығыс пен Алдыңғы Азияны, Қиыр Шығыс пен Еуропаны, Оңтүстік Азия мен Русьті байланыстырып,



**Тапсырма:** Аймақтардың ерекше тұстарын эссе түрінде жазу

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін аша алады;
2. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін айта алады;
3. Аймақтардың ерекше тұстарын эссе түрінде жаза алады.

#### 4 тақырып

#### «Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы және дала өркениетінің қалыптасуының ерекшеліктері

**Сабактың оқу мақсаты:** 10.1.2.1 картаны пайдаланып «Ұлы Дала» тарихи-географиялық аймағын анықтау;

**Бағалау өлшемдері:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атайды;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.

«Ұлы Дала» деп Дунайдан Маньчжурияға дейінгі жерді алып жатқан Еуразияның орталығындағы кең аумақты айтамыз. Ұлы дала географиялық емес, тарихи-мәдени ұғым. Бұл аймақтың географиялық атауы ЕУРАЗИЯ. Ұлы Дала көшпелілер өркениетінің бесігі болып табылады. Дала өркениетінің этникалық сипаты әртүрлі болды, ол бір халықпен және бір дінмен шектелмеді. Ұлы дала әр ғасырда алуан тлде сөйлейтін, нәсілдік сипаты әртүрлі көшпелі және жартылай көшпелілер қоныс етті. ҰЛЫ ДАЛА кең байтақ ашық кеңістік. Даланың табиғаты ұшы қиыры жоқ байтақ алқапты болып келеді. Осыған байланысты ежелгі уақыттан бері аумақта түрлі тәсілдер, тілдер, тайпалар, мәдениеттер, діндер және өркениеттер тоғысып жатты.

Көшпенділер мәдениеті өзінің 3 мың жылдық тарихында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық эволюцияны әлдеқайда ертерек бастан өткергені белгілі. Яғни, әлеуметтік-экономикалық формациялардың алмасуы, соған орай адамдардың танымдық, мәндік көзқарастарының өзгеруі мәдени-рухани шыңдалуға жағымды ықпал еткені даусыз. Алайда, табиғатпен тіл табысу арқылы, экожүйеге бейімделудің арқасында уақыт пен кеңістіктің арақатынасын шебер меңгеріп, көшпенділер шаруашылығы-мәдени типтің ең маңыздысы болғаны анық. Алтай мен Карпат тауларының арасында керіліп жатқан Ұлы далада технократтық даму пайда болғанға дейін табиғи түрде өмір сүру үшін тек қана көшпенділік өмір салты ғана мүмкін болды. Осы жерде атақты ғалым В.О.Ключевскийдің сөзімен айтқанда «дүниенің мәнін өзгерткен мылтық пайда болғанға дейін «көшпелілер тарихтың дырау қамшысы болды», деген ой-тұжырымы орынды болып келеді.

Көшпелі халықтардың мәдениеті отырықшы елдердің мәдениетін жалғастырушы, Шығыс пен Батысты түйістіруші рөлді атқарды. Көшпелі қоғамның негізгі өмір сүру салты динамикада болғандықтан, олардың басқа мәдениеттерден оқшауланып қалмауына, үнемі жетілуіне де әсері тиіп отырды.

Қазақстан аумағы адамзаттың ертедегі дәуірлерінен, нақтырақ айтқанда, біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтың басынан бастап ХХ ғасырға дейін еуразиялық номадизмнің эпицентрі болып қызмет еткені тарихтан белгілі. Мұндағы «Еуразия» деп аталатын шартты тарихи-географиялық термин – Орталық Азияның негізгі территориясы, оның кіндігі Карпаттан Алтайға дейін созылып жатқан «Ұлы дала» деп аталатын кеңістік. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік тарихи формацияның, «көшпелі өркениеттің» немесе «далалық өркениеттің» өн бойында осы

территорияны мекендеген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі – қазақтар. Осы ойды ұлтымыздың бетке ұстар ғалымдары қолдайды. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің негізгі архетипі – көшпенділік.

Көшпенділер мобильді өмір сүру тәртібінің нәтижесінде құрлықтың алып кеңістіктерін – Еуразияның далалы аймақтарын, Орталық Азия мен Арабияның, Солтүстік Африканың шөлді аймақтарынан бастап, азиялық және америкалық тундраның қиыр солтүстіктеріне дейінгі жерлерді игерді. Көшпелі тайпалардың өте кең амплитудасымен соған сәйкес олардың мәдениетінің таралуы Еуропа, Азия, Африка және Америка халықтарының қалыптасуына да ықпалын тигізді. Үндіеуропалық, алтайлық, афроазиялық тіл семьяларының қалыптасуы көшпенділердің құрғақ аймақтар кеңістігінде қоныс аударуларымен тікелей байланысты. Әлемдегі ең ірі Еуразия құрлығындағы Хинган мен Карпат тауларының аралығын алып жатқан Ұлы дала кеңістігі табиғи географиялық бітім қасиеті жағынан аз күш жұмсап, мол өнім алуға қол жеткізетін көшпелі өмір салттың кіндік мекені екені даусыз. Мұны табиғатпен тіл табыса орныққан тамаша салт-дәстүрлерімен де дәлелдейді.

Көшпенділік интенсивтілікпен кеңестікті игеру арқылы ақпараттар алмасуын, мәдениеттердің үндестігін, ұлтаралық коммуникацияны қамтамасыз етіп, кейбір әлемдік өркениеттердің қалыптасуына ықпал етуші объективті фактор екендігін дәлелдейді. Ұлы даланың төсінде адамзат тарихында көшпенділер қалыптастырған өркениетінің белгісі болып табылатын атқа міну мәдениеті уақыт пен кеңістіктің арасын жақындатса, ұлттық зергерлік, ұсталық, металмен жұмыс істеу, құйма құю, әлемдік өнердің феномені болып табылады. Түркілердің өнер мен ғылымға деген өзіндік әмбебаптық жүйесі әлемдік ойшылдықты қалыптастырды. Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығыстың арасындағы өркениеттерді байланыстыратын алтын көпір болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде бабаларымыздың қалдырған әлеуметтік-адамгершілік үлгідегі өсиеттер мен рухани мұраны терең насихаттап, қалың көпшіліктің игілігіне жарату қажет. Бұл жас ұрпақты ізгілікке, жүрек пен жанның тазалығына, білімділікке, имандылыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, әсемдік пен әдептілікке баулып, тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға өзіндік үлесін қосады, қоғамды зиялылыққа үндейді.

**Тапсырма:** Ұлы Дала өркениеті туралы қосымша деректер жинау

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атай алады;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралай алады.
3. Ұлы Дала өркениеті туралы қосымша деректер жинайды.

## **5 тақырып**

### **Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті**

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.1.2.6-«Өркениет» ұғымын айқындай критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениеттің ерекшеліктерін сипаттау.

**Бағалау өлшемдері:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атайды;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.

Көшпелілік, Даладағы шаруашылықтың негізгі түрі ретінде, ерте темір (б.з.б. I мыңжылдың) дәуірінде қалыптасты. Көшпелілікке өтуге б.з.б. I мыңжылдықта болған құрғақшылық әсер етті. Құрғақшылыққа ұшыраған Далада шаруашылық жүргізудің жалғыз түрі көшпелілік болды. Ұлы Даланың андрондық мәдениет иұрагерлері тұрақты қоныстардан бас тартып, көшпелілікке ауысты. Осыда бастап негізгі шаруашылық болып малшаруашылығы болды. Көшпелілер мал құрамы өзгертіп, тебіне ыңғайы қой мен жылқыны көбірек өсіре бастады. Андрондық мәдениет түрінің орнына сақ-скиф деп аталатын мәдени-тарихи қауым келді. Ежелгі гректер скифтерді ертедегі көшпелілер деп атаған. Көшпелі скиф-сақ-сармат мәдени қауымдастығы б.з.б. I мыңжылдықта Ұлы Даланың батысы мен орталық бөлігінде басымдыққа ие болды. Көптеген жәдігерлер мен жазбалар сақтар ат құлағанда ойнаған жақсы садақшылар болғанын дәлелдейді.

Далада ұзақ ғасыр көшпелі малшы-егінші шаруашылығы өмір сүрді. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында көшпелі малшаруашылығына өтудің барлық алғышарттары қалыптасқанымен, ол жүзеге аспады. Көшпелілікке өтуге б.з.б. I мыңжылдықта болған кезекті құрғақшылық ықпал етті. Б.з.б. I мыңжылдықтың алғашқы жартысында құрғақшылыққа ұшыраған Далада шаруашылық жүргізудің жалғыз түрі көшпелілік болды. Ұлы Даланың барлық белдеуінде андрондық мәдениет түрінің мұрагерлері тұрақты қоныстардан бас тартып, жыл бойы көшіп жүретін көшпелілікке ауысты. Қоныстар мүлдем бос қалды немесе маусымдық қонысқа айналды. Осыдан бастап малшаруашылығы басты шаруашылық түріне айналды. Көшпеліліктің тағы бір ерекшелігі малды жыл бойы далада бағу болды. Андрондықтар қыс мезгілінде малды өз баспаналарында ұстады немесе арнайы қорада бақты. Олар малды алдын ала дайындалған азықпен (шөппен) асырады. Өйткені ол кезде, негізінен, қар астынан өздігінен шөп таба алмайтын сиыр түлігі басым болған еді. Андрондық мәдениет түрінің орнына сақ-скиф деп аталатын мәдени-тарихи қауым келді. Ежелгі гректер скифтерді ертедегі көшпелілер деп атаған. Бұл атау Батыс ғылымында қолданысқа енді, мәдени сипаты, шаруашылық түрлері, қарулары, жерлеу салттары мен сыртқы түрлерінің ұқсастығына, өнердегі сәйкестіктеріне байланысты кейін барлық көшпелі осылай аталып кетті. Алайда ертедегі гректер, парсылар мен қытайлар Далада әртүрлі тайпалар өмір сүретінін жақсы білді. Олардың сол кездегі нақты атауларын бізге жеткізді. Сондықтан қазіргі замандағы Қазақстан ғылымында бұл дәуірді Ұлы Даланың ортаазиялық бөлігінде мекендеген тайпаның атауымен - сақ немесе сақ-сармат кезеңі деп атайды. Ертедегі көшпелілер - сақтар, скифтер (көне парсыша - сака, көне қытайша - сэ) мен сарматтар және Ұлы Даланың шығыс бөлігіндегі тайпалар туралы тек археологтердің деректерінен ғана емес, сондай-ақ көптеген жазба дереккөз арқылы да білуге болады. Б.з.б. VI ғасырдың соңындағы ежелгі парсы жазбалары - сақтар заманы туралы жазылған ең алғашқы дереккөз. Ежелгі парсы бедерлі суреттерінде сақтардың бейнесі де кескінделген. Екінші жазба дерек Геродоттың еңбектері мен грек-римдік тарихнама дәстүрінде кездеседі. Үшінші дерек б.з.б. I мыңжылдық соңына жататын көнеқытайлық жылнамаларда баяндалады. Парсы патшасы I Дарийдің бехистундық жазбаларында оның Орталық Азияға сак-тиграхаудаларға («шошақ бөрік киетін») жасаған жорығы сипатталады. Олардың үлкен өзен жағалауында өмір сүретіні («Парадарайя»), сол өзенді Дарийдің кесіп өткені баяндалады. Басқа жазбаларда Дарий өз империясының солтүстік шетіндегі мемлекетті «соғдылықтардың сыртындағы сақтар» деп атаған. Сондай-ақ сақтар хаомаваргалар туралы да айтылады. Парсылар мен гректер сақтардың өзге де тайпалары: дахтар (дайлықтар), массагеттер, сарматтар (савроматтар), исседондықтар туралы мәлімет береді. б.з.б. VII-III ғғ. Солтүстік және Орталық Қазақстан аумағына таралды. Тасмолалық сақтардың (исседондықтар болуы мүмкін) жерлеу құрылыстары мәйітті жерлейтін үлкен қорған мен оның мінген атын көметін жапсарлас шағын қорғаннан тұрады. Шағын қорғаннан шығысқа бағытталып, ұзындығы 20 м-ден 200 м-ге жететін екі доға тектес тас тізбектер тізіледі. Жерлеу орындарынан жылқы мен қойдың бас сүйектері, сондай-ақ жебенің қоладан жасалған ұштары, ақинақ, саздан жасалған ыдыстар, құрбандық шалатын тас пен ат

әбзелдері кездеседі. Исседондықтарда қазақтың қыстауына ұқсайтын қоныстар болды. Бұл солтүстік сақтардың суық климатқа бейімделгенін көрсетеді. Қоныстардың қорымының шағын болуы бытыранқы шаруашылық жүйесін көрсетеді, яғни исседондықтар шағын топтармен көшіп жүрді. Сарматтар (Геродот бойынша «савроматтар») - сақтарға мәдениеті жағынан жақын көшпелі тайпалар одағы. Олар Батыс Қазақстанды, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын мекендеген. Б.з.б. III ғасырда олар дах-массагеттердің ығыстыруымен Ұлы Даланың батыс бөлігін тастап шығады. Жерлеу қорғандарын тұрғызу, ақинақтар жасау, өнердегі «аң» стилі оларға да тән ерекшелік болды. Сарматтарда егіншілік маңызды шаруашылық түрі болды. Олардың қоғамында әйелдің орны жоғары болды. Сарматтар Орталық Азиядағы сақтар мен Қара теңіз маңындағы скифтерді өзара байланыстырды

**Тапсырма:** «Ұлы Дала» ұғымына тарихи-географиялық сипаттама беру

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атап айта алады;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралай алады.
3. «Ұлы Дала» ұғымына тарихи-географиялық сипаттама бере алады.

## **6 тақырып**

### **Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі**

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау жасау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау.

**Бағалау өлшемдері:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атайды;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.

Орта Азия халықтарының көп ғасырлық дамыған мәдениеті XIV-ғасырдың екінші жартысынан бастап қайтадан өрлей бастады. Мәдениетімізді дамытудағы жаңа өрлеуге жағдайлар жасалды. XV-XVII ғасырда Самарқан, Бұқара қалаларында кітап миниатюрасы өркендеді. Орта Азия өнерінің тарихында Бұхарадағы кітап және ағаш пен тасқа ою-өрнек салу мектебі ашылып көрнекті орын алды. Сондай-ақ сәулет өнерінде әсемдік элементі ретінде қолданылған каллиграфия да асқан шеберлікке қол жеткізді.

Андрондықтар мен сақтардың рухани әлемі Авестадан, жерлеу қорымдары мен бұйымдарынан көрінеді. Ежелге адамның рухани өмірі туралы ақпаратты тасқа қашалған бейнелер-петроглифтерден алуға болады. Жартаста адамдар мен жануарлардың бейнесімен қоса, құдайлар, арбалар, Күн таңбалары мен «өмір ағаштарының» қашап салынған суреттері кездеседі. Қола және ерте темір дәуірлеріндегі Ұлы Дала көшпенілерінің рухани әлемі жекелеген жазба деректер, жерлеу орындары, тастағы бейнелер, өнер туындылары арқылы айқындалады. Көшпелілер күнге, отқа, бабаларына табынған. Күн-достық пен махаббаттың үлгісі ретінде сипатталып, әділ сот деп есептелді. Жетісу сақтарында кездесетін қоладан жасалған құрбандық шалуға және иәс шығаруға арналған бұйымдар-отпен байланысты құрыпты заттарға Жерлеу құрылысы мен мәйітті өртеу де отқа табынумен байланысты салттар болды. Далалық көшпелілер мен жартылай көшпелілерде бабаларға табыну ерекше орын алды. Олар өлгендердің рухына табынып, өздерін қорғайды деп сенеді. Ұлы Даланың сенімдері мен тасқа қашау үдерісі әлемге көшпелілер туралы ақпараттар алуға мүмкіндік

ашты.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің дінгеі, ұлттың тарихи өзіндік санасының өзегі – көшпенділік құбылысы. Күні бүгінге дейін әлеуметтік болмысты талдаудың жалғыз лайықты тәсілдері деп есептеліп келген әмбебап еуропаорталықтық әдістер көшпенділік өркениетті назардан тыс қалдырып келді.

Көшпелі халықтардың мәдениеті отырықшы елдердің мәдениетін жалғастырушы, Шығыс пен Батысты түйістіруші рөлді атқарды. Көшпелі қоғамның негізгі өмір сүру салты динамикада болғандықтан, олардың басқа мәдениеттерден оқшауланып қалмауына, үнемі жетілуіне де әсері тиіп отырды. Көп уақытқа дейін номадалық мәдениетке Еуропада үстірт баға беріліп, үнемі кемсітіліп келді. Өркениеттің өзін таза мәдениет деп санайтын А. Тойнби: «Көшпенділердің тартқан сазайы, шындығына келгенде, эскимостардан кем болмады. Олар бағындырғысы келген табиғи жағдай өздерін даланың қожасы емес, керісінше, құлы қылды. Эскимостар секілді көшпелілер де жылдың төрт мезгілі мен табиғаттың тұтқынына айналды. Даламен байланысты жолға қоямын деп жүріп, әлемнен қол үзді. Олар өз жерлерін жиі-жиі тастап, көршілес отырықшы өркениет иелеріне баса көктеп кіріп, көршілерінің қалыпты тіршілік ағысын талай мәрте тоқтатып тастады. Көшпелілер тарихи оқиғаларға осылай айбарын танытқандықтан, оларды тарихы бар қауым деуге болмайды» /1/, - деген болатын. «Тарихы жоқ қауым» дегеннің арғы жағында тұрпайы халық, тағы қоғам, дамуы жоқ дәреже жатыр.

Г.К.Шалабаеваның пікіріне сүйенсек, «дәстүрлі мәдениетте – адам локальды қоғамның өмір салтына сәйкес келетін құндылықтар жүйесінде тәрбиеленеді. Дәстүрлі қоғам ауқымындағы білімдермен қаруланған адам мәдени құндылықтарды құрарда және сақтарда көптеген ұрпақтар жинаған тәжірибені қолданады. Сондықтан ол өз этносы және уақыты үшін жетілген адам», - дейді.

Белгілі мәдениеттанушы Мұрат Әуезов айтқандай: «Әлем мәдениетінің картинасы көшпелілердің эстетикалық және этникалық тәжірибесін ескермей толық және негізінен дұрыс бола алмайды».

Француз антропологы Клод Леви-Стросс әлемдік өркениеттің дамуына тек Еуропа ғана үлесін қосты деген концепцияларды терістей отырып, былай деді: «Батыстың ғылыми және өнеркәсіптік революциясы кезеңі – адамзат баласы жүріп өткен мыңдаған жылдың жартысын ғана құрайды. Батыс өркениеті екі-үш ғасыр бұрынғы уақытын адамды тек күшті механикалық қарумен жабдықтауға арнады. Біз осы критерийлер тұрғысынан қарайтын болсақ, адамзат қоғамының даму деңгейінің индикаторы халық рухына жұмсалған энергияға айналмақ. Американдық сипаттағы батыс өркениеті мұның басында тұрады. Ал егер де, қауіпті географиялық жағдайларды бағындыру тұрғысынан алсақ, эскимостар мен бәдәуилер (көшпелі арабтар) алдыға шықпақ. Басқа өркениеттермен салыстырғанда, Үнді жерінде алдыңғы қатарлы философиялық-діни жүйе жасалынды, Қытайда демографиялық күйзелістің психологиялық салдарымен күресетін өмір сүру стилі жанданды. Осыдан үш ғасыр бұрын Исламда батыс өркениеті осы уақытқа дейін шешімін таппаған адам өмірінің техникалық, экономикалық, әлеуметтік және рухани формаларына қажетті теория жасалынды». Бұдан әрі қарай Леви-Стросс Батыс мәдениетіне түркілердің, жекелей алғанда якуттардың қосқан үлесі турасында былайша баяндайды: «20 мың жыл бұрын бірнеше көшпенділер тобы Беринг бұғазы арқылы Америкаға өткен кезде, әлем тарихында қайталанбас іс-әрекеттер жасады. Солтүстік пен оңтүстік арасындағы табиғи ресурстарды зерттеп, жабайы жануарлар мен өсімдіктерді үй жағдайына үйретіп қана қоймай, оларды тамаққа, дәрі-дәрмек түрінде де пайдалана алды. Сонымен қатар, тоқыма өнері, керамика мен асыл бұйымдарды өз қажеттіліктеріне жарата білді.

Екі ғасырға жуық уақыт ішінде Ресей империясының құрамында қазақтың дәстүрлі мәдениеті отаршылдық саясат пен батыстық экспансияның әсерінен елеулі трансформациялық процестерді басынан өткерді. Дәстүрлі мәдениеттің ерекшелігін жоғалтпай оны толығымен қамту үшін Т.Х. Ғабитов өзінің монографиясында «мәдениеттер типологиясы» әдісін пайдалана отырып, былайша типтік бітімдерін ұсынады:

1. Шаруашылық мәдени типологиясы;
2. Әлеуметтік типологиясы;
3. Діни дүниетанымдық типологиясы;
4. Көркем өнер типологиясы.

Шаруашылық-мәдени тип ұғымы соңғы кезге дейін этнографиялық және тарихи зерттеулерде көбірек қолданылып келді (С.П. Толстов., М.Г. Левин., Б. Адрианов., Н.Н. Чебоксаров., Н.Э. Масанов ж.т.б.). Шаруашылық-мәдени типтердің нақтылы мысалдары: арктикалық аңшылар, тропиктегі аңшылар мен терімшілер, өзен аңғарларындағы егіншілер, оазистік дихандар, еуразиялық көшпенділер ж.т.б. Шаруашылық-мәдени тип ұғымы мәдениеттанудағы хронотоп түсінігіне жақын, ол әлеуметтік-экономикалық дамудың бір деңгейінде тұрған қауымдастықтардың ұқсас табиғи ортадағы тарихи қалыптасқан біртектес шаруашылық пен мәдениет жүйесін бейнелейді.

Қазақстан аумағы адамзаттың ертедегі дәуірлерінен, нақтырақ айтқанда «біздің» заманымызға дейінгі мыңжылдықтың басынан бастап ХХ ғасырға дейін еуразиялық номадизмнің эпицентрі болып қызмет етіп келді. Мұндағы «Еуразия» деп аталатын шартты тарихи-географиялық термин – Орталық Азияның негізгі территориясы, оның ядросы Карпаттан Алтайға дейін созылып жатқан «Ұлы дала» деп аталатын кеңістік. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік тарихи формацияның, «көшпелі өркениеттің» немесе «далалық өркениеттің» өн бойында осы территорияны мекендеген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі – қазақтар. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің негізгі архетипі – көшпенділік. Еуропалық әдебиетте көшпенділерді мәдениеттен жұрдай «варварларға» теңеп, бау-бақшаны жалмап жеп қоятын шегірткелермен салыстырса, ал кейбір авторлар олардың адамзаттық тарихтағы алатын орнын ерекше бағалайды. Мысалы, көшпенділер – кеңістіктегі «мәдени катализаторлар» [А.Вебер], «тарихтың камшысы», «тарихтың өн бойында қозғалатын ферменттер, тарихи қозғалыс пен дамудың органдары мен құралдары».

**Тапсырма:** Орталық Азия халықтарының мәдени жетістіктерін талдау

#### **Бағалау дескрипторлары:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін айта алады;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралай алады.
3. Орталық Азия халықтарының мәдени жетістіктерін талдай алады.

### **7 тақырып**

#### **Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі**

**Сабактың оқу мақсаты:** 10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау жасау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау.

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атайды;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.

Көшпенділер мобильді өмір сүру тәртібінің нәтижесінде құрлықтың алып кеңістіктерін – Еуразияның далалы аймақтарын, Орта Азия мен Арабияның, Солтүстік

Африканың шөлді аймақтарынан бастап, азиялық және америкалық тундраның қиыр солтүстіктеріне дейінгі жерлерді игерді. Көшпелі тайпалардың өте кең амплитудасымен соған сәйкес олардың мәдениетінің таралуы Еуропа, Азия, Африка және Америка халықтарының қалыптасуына да ықпалын тигізді. Үндіеуропалық, алтайлық, афроазиялық тіл семьяларының қалыптасуы көшпенділердің құрғақ зоналар кеңістігінде қоңыс аударуларымен тікелей байланысты.

Осы уақытқа дейін көшпелі өмір салттың пайда болған Отаны туралы ғылымда бір пәтуаға келген тұжырым жоқ. Бұл ретте ғалымдардың бір тобы көшпенділердің отанын Алтай маңы деп есептеп, мұндай өмір-салт негізінен батысқа қарай жайылды, шығысында іргелес жатқан моңғолдар мен шүршіттерді (Маньчжурия) ғана шарпыды дейді. Тарихшы ғалымдардың келесі бір тобы көшпелі өмір салты батыстан шығысқа қарай жайылды деген пікірді орнықтырғысы келеді. Бұлардың ойынша, дамудың бір саты жоғары үлгісі болып табылатын көшпенділік байырғы үндіеуропалықтардың «мәдени тегеурінің» нәтижесі көрінеді, оған дәлел ретінде «түрік» этнонимінің шығу төркіні иран тілінен («тур») ауысқан деген болжамды ұсынады. Әлемдегі ең ірі Еуразия құрлығындағы Хинган мен Карпат тауларының аралығын алып жатқан Ұлы дала кеңістігі табиғи географиялық бітім қасиеті жағынан аз күш жұмсап, мол өнім алуға қол жеткізетін көшпелі өмір салттың кіндік мекені даусыз. Мұны табиғатпен тіл табыса орныққан тамаша салт-дәстүрлерімен де дәлелдейді. Мысалы, қазіргі қазақтардың отырықшылыққа өтуімен экономикалық өмірі өзгергенімен А.Қасабектің айтуынша, «халықтың психологиясы бұрынғы әдетінше байтақ кең далаға өз меңшігіндей қарайды, және бұл түсінік қазақ рухының мәні мен өзегі болып табылады». Дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақтар арасында сақталып келген тарихи-мирастық сабақтастық (диахронды вертикалды) осы өмір сүру үрдісінің (көшпенділіктің) автохондығы мен гомогендігін растайды.

Сонымен қатар, адамзат тарихындағы ең ұзақ базистік өмір салтын, ең ұзақ формацияны Еуразия көшпелілері бастан кешірген. Бұл ретте Ә.Кекілбаевтың пайымдауынша: мұның өзі, ең алдымен бір тектес өмір салттың шындалуына, біріңғай моральдық-этикалық нормалардың қалыптасуына мұрындық болды. Көшпелілер уақыт-кеңістікті игеру арқылы, танып-түсіну арқылы ұдайы шырқай көшіп, жыл құсы сияқты табиғаттың қолайлы белдеулерінде болып отырды. Олардың тіршілігінің мәні – уақыт пен кеңістіктің тылсым сырын қапысыз игеру, төрт түліктің бабын экосистемамен мінсіз үйлестіре білу, көшпелілердің өз тіршілігіне сай келетін материалдық және рухани игіліктер қалыптастыруы, түптеп келгенде, олардың төлтума мәдениетін орнығуына ықпал жасады. Тағы бірде Ә.Кекілбаев: «дүниеде ешқандай отырықшылықпен байланыспайтын таза көшпенді мәдениет жоқ. Еуропаның көп халықтары - бұрынғы көшпенділер,-деп жазады жазушы. Қазақстандықтардың арғы бабалары да тап солар секілді ежелгі элин, рим, парсы дүниесімен мәдени қарым-қатынас жасай білді. Оның үстіне өздеріне көрші Орта Азия цивилизациясын, Қырым, Таяу Шығыс цивилизациясын жасауға ат салысты. Қазақтардың «жиырмасыншы ғасырға» құр қол келмегендігіне дәлел көп-ақ». Яғни, көшпенділік интенсивтілікпен кеңестікті игеру арқылы ақпараттар алмасуын, мәдениеттердің үндестігін, ұлтаралық коммуникацияны қамтамасыз етіп, кейбір әлемдік өркениеттердің қалыптасуына ықпал етуші объективті фактор екендігін дәлелдейді.

Қазақтың ұлттық төл мәдениеті көшпелі түркі мәдениетінің жалғасы болып табылады. Номадизм – көшпелі түркілердің шаруашылық қызметінің аса маңызды саласы. Номадизм - кеңістіктегі адамдар тобының көшіп – қонуы. Номадизм – шөп жейтін малды көбейту, су және маусымдық жайылымға (қыста – қыстау, күзде – күзеу, жазда – жайлау) көшіп – қону. Бұл дегеніміз – заттық, рухани мәдениеттің қайнар көзі. Тері илеу, киім тігу, тағам түрлерін жасау, ат әбзелдерін жетілдіру ж.т.б. Көне Қазақстан аймағындағы көшпелі мал шаруашылығын б.д.д. 1 – ші мыңжылдыққа жатқызамыз. Соның негізінде мал шаруашылығының үш типін анықтаймыз: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы. Көшпелілердің озық мәдениеті А.Медоевтың «Гравюры на скалах» атты еңбегінде жан – жақты сипатталған. Онда ат (жылқы) көлік ретіндегі қызметі, өмір сүру динамикасындағы

релі сипатталды. Мал шаруашылығымен айналысқан түркілер әрдайым құдайлардың қоршауында болды. Сондықтан да олар малдың иесі бар деп түсінді. Мысалы: жылқы (Қамбар ата), түйе (Ойсыл қара), сиыр (Зеңгі баба), қой (Шопан ата). С.Е. Толыбеков: «Көшпелі халықтардағы үй жануарларының культі әлеуметтік таным сипатында болды, яғни, күнделікті күйбең тіршілікте өз көрінісін тауып отырды. Көшпелі халықтар отырықшылық мәдениетіне ауысқан күннің өзінде бұл үдіс мәнін жоғалта қойған жоқ» - деген болатын.

Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Евразия даласындағы көшпенділерді тарихи даму процесінен бөліп алып қарауға болмайтынын ескертеді. Өйткені ол көшпенділер, біріншіден, басқа көршілес қауымдармен ара қатынаста болды, ал ол қауымдар болса отырықшы-егіншілер, қала мәдениеті дамыған өлкелерде тұрды. Екіншіден, көшпенділердің өз ішінде жартылай көшпенді, жартылай отырықшы малшылар тобы болды. Үшіншіден, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу тенденциясы тарихта орын алды. Таза көшпенділік Еуразияның сайын даласында болған емес, қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпенділік өзара ұштасып, бір-біріне кірігіп, байланысып жатты. Сондықтан да, Евразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес, дала мен қала мәдениеті ұштасқан Дала өркениеті дамыды. Тарихшылар әлеуетінің бір тобының көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтардан мемлекетке өтуін қарастыруы тарихи әділдік. Тарихи процестер территорияға, хронологияға, этносқа байланысты емес, мал шаруашылығы мен егіншіліктің негізі салынуына, әлеуметтік бөлінушілік тууына, қол өнері мен сауданың дамуына, этностық бірліктің қалыптасуына, күшті әкімшілік жүйе өрістеуіне, біртұтас идеология, діннің күшіне енуіне, эпос пен жазудың болуына байланысты.

Сонымен қатар, қазақ болмысындағы өркениеттіліктің нышаны болып есептелінетін сауда, дипломатия, құрылыс, шаруашылық т.с.с. барлығын қазақтың тарихынан, халық даналығынан, сұңғыла ойларынан, өмір сүрген ортасынан анық аңғаруға болады. Қазақ халқының және оның ата-тектерінің әлемдік өркениетке қосқан басты құндылықтарын Т.Х. Ғабитов төмендегісінше топшылайды:

Еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті (К. Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану).

Номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейтті үйлесімді игере алды.

Еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А. Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үрдістер жаңа өркениеттер қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб халифаты т.т.).

Ұлы Жібек жолы және басқа да мәдени коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер Батыс пен Шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды.

Қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактыларын алғашқы болып енгізді.

Түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік, адамдық ынтымақтастық пен келісімшілдіктің маңызды формасы болды.

«Адам бол!» ұстанымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарыш және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақ дәстүрлі әдебінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады /9/.

Қазақ халқы ұлт (ұлыс, халық, мемлекет, хандықтар) болып, қазіргі қазақ халқын құрап тұрған үш жүз ішіндегі барлық ру-тайпалардың өзара бір атадан, руға, тайпаға, жүз-ұлысқа бірігіп, одақтасып, өзара ынтымақтылықпен (құдандалы, жекжат, сарысүйек т.т. болып) бейбіт түрде ұйымдасып тұтас ел, ұлт, хандық құрды, мұны шежіре деректері нақты айғақтайды. Қазақтың шежірелік дәстүрінің түсіндірмелік қызметінің өзіндік ерекшеліктері болды. Қазақ елі сынды ауызекі мәдениетке негізделген қоғамдарда адам санасы тарихи



жадының аса қолайлы және сенімді мұрағаты бола алатынына ешкімнің де күмәні бола қоймас. Сана архивінде ғасырлар бойғы адамдардың тәжірибесі сақталады және осы зейіннің негізінде таным-түсінік қалыптасады. Санадағы адамдардың есі арқылы рухани және материалдық мәдениет, адами өмір тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады және әр нәрсенің себеп-салдары түсіндіріледі. Қазақтың дәстүрлі қоғамында айрықша дамыған ауызша тарихи дәстүрі көшпелі әлеуметтің рухани әрекетінің өнімі болып табылады.

Бүгінгіні түсіну мен болашақты болжау үшін қазіргі адамның алдыңғы буынның жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне тереңірек ендеген сайын оның өмірлік және азаматтық ұстанымы да айқындала түседі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың философиясы мен қазақтың тарихына, мәдениетіне қатысты ғылыми жұмыстардың, зерттеулердің, мақалалардың көбейе түскені ләзім. Бабаларымыздың қалдырған әлеуметтік-адамгершілік үлгідегі өсиеттер мен рухани мұраны терең насихаттап, қалың көпшіліктің игілігіне жарату қажет. Бұл жас ұрпақты ізгілікке, жүрек пен жанның тазалығына, білімділікке, имандылыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, әсемдік пен әдептілікке баулып, тұлғалық қасиеттер қалыптастыруға өзіндік үлесін қосады, қоғамды зиялылыққа үндейді. Қазақтың ауызша тарихы немесе шежіре түптеп келгенде, әрбір тұлғаның, әрбір ұлт пен ұлыстың басқаға танылуы үшін, өзіндік бірегейлігі үшін өзіне тән даралығы болатынын түсінбей, түбірсіз маргиналдыққа әкелетін дүбәра ойлаудан арылып, ұлттың табиғи төлтумалылығының діңгегін кұрайтын тарихи өзіндік сананың қалыптасуына оң ықпалын тигізеді.

**Тапсырма:** Орталық Азия халықтарының мәдени жетістіктерін талдау

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін атай алады;
2. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралай алады.
3. Орталық Азия халықтарының мәдени жетістіктерін талдай алады.

## 8 тақырып

### II Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.2.1.1 - Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін «антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдарын пайдалану; 10.2.1.2 - этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау

**Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдаланады;
2. Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдаланады;

Қазақтардың этногенезі көшпелі өркениеттің пайда болуымен байланысты. Кез келген далалық этнос әртүрлі антрополгиялық, тілдік және этникалық элементтердің араласуы нәтижесінде қалыптасты. Қазақтар этногенезінің ерте кезеңдерін этникалық үдерістер үндіеуропа тілдестер ортасында өтті. Біздің заманымыздың басталуына орай Қлы Даланың орталық бөлігіндегі үндіеуропалық дәуір аяқталды. Этногенезге түркілік

құрамның ықпалы артты. Қандай тілде сөйлесе де, Даланың барлық тұрғыны-малшы, ал бзб мыңжылдықтың ортасына қарай көшпелі және жартылай көшпелі болды. Бзб- 4-3 мыңжылдықта Ортаық Азияның оңтүстігінде фин-угор тілдестер дравид тілдестермен қарым-қатынаста болған. Қарасұқтықтар антропологиялық жағынан аралас тип болып табылады. Қазақтар этногенезінің аяқталауы 14-15 ғ. Бірінші жартысына сәйкес келді. Осы уақытта Ақ Орда, Әбілхайыр қандығы, Моғолстан мен Ноғай ордасының аумағында қазақ этносы қалыптасты. 15ғ ортасында, 1459-1460 ж Орда Ежен мен Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандардың басшылығымен көшпелілердің бір бөлігі Әбілхайыр хандығынан Батыс Жетісуға көшіп кетті. Көшіп кеткендерді қазақтар деп атай бастады. Жәнібек пен Керейдің Әбілхайыр хандығынан бөлініп көшуі мен Қазақ хандығының құрылуы қазақ хадқының қалыптасуына әкелді. Қазақ халқының қалыптасуы. Этногенез мәселесі. Қазақстанның этникалық тарихы да Орталық Азияның барлық аймақтарындағыдай өте күрделі. Ғасырлар бойы бұл аймақта да көптеген халықтар мен тайпалар тағдыры тоғысып, небір тарихи оқиғалар өтті. Олар туралы шығыс және европа халықтарының тілдерінде жазылған деректер де баршылық. Шығыстанушылардың бірнеше ұрпақтары да этникалық тарихты зерттеумен айналысып, көп еңбек сіңірді.

Ғылыми әдебиеттерде “этнос” деген түсінікті (яғни халық, тайпа, ұлт т.б.) тарихи қалыптасқан, адамдардың тұрақты тобы. Олардың тек сыртқы физикалық белгілері ғана ұқсас емес, тұрақты мәдениеті (тілі), психикасы және өзге де ерекшеліктері ортақ болып келеді. Этностың қалыптасуы мен сақталуын қаптамасыз ететін оның өзіне тән мекендейтін территориясы болады.

XV-XVI ғғ. Қазақ халқының және оның этникалық территориясының қалыптасуының ұзаққа созылған процесі негізінен аяқталды. Қазақ халқының этникалық құрамын Орта Азияның басқа да түркі тілдес халықтарындағыдай әр тілді тайпалар мен халықтар құраған. Олар: сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, түрік, түргеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ, найман, арғын, керей, қоңырат, жалайыр, дулат және т.б. Қазақстан территориясын мекендеген тайпалар. Бұлардың көпшілігінде өз уақытында мемлекеттері болған. Ертедегі түріктердің көптеген ру-тайпа аттары қазақтарда күні бүгінге дейін сақталған.

Қазақ халқының шығу тегіне жағдай жасаған этногенетикалық процесстердің негізі алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Бастапқы кезде бұл процесстер автохтонды тұрғындармен байланысты болды. Бірақ та келесі даму барысында олар Орталық Азияның этникалық процесстеріне тікелей тәуелді болды. Қазақстан территориясындағы этникалық тарихтың қозғалысы, ірі этникалық және Этносаяси қауымдастықтардың құралуы, түптеп келгенде қазақ халқының қалыптасуы шаруашылықтың, көшпелі мал шаруашылығының, жер шаруашылығы мен қала мәдениетінің өзара байланысты дамуына тікелей байланысты болды.

Қазақ этногенездің қалыптасу кезеңдері.

Этногенетикалық процесстер даму барысында бірнеше этаптарға бөлінеді. Антропологиялық зерттеулерге қарағанда, ұзақ мерзімді этникалық даму барысында тұрғындардың европоидтық нәсілі тұрақты сақталса да, уақыт өте келе монғолоидтік нәсіл басым бола түскен. Тілдік тұрғыда да өзгерістер болып, осы территорияларда өмір сүрген ертедегі иран тілдес тайпалар түркі тілдес тайпаларға ауыса бастайды.

Европалық кескіндегі үндірандық андронов тайпалары қола дәуірінде мал шаруашылығымен және жер өңдеумен айналысқан. Олардың ерте темір дәуіріндегі мұрагерлері сақтар мен совроматтар .

Евразияның далалық аймақтарын бүгіндей алғанда және Қазақстандағы этникалық процесстердің шешуші кезеңі б.з.б. 1 мың жылдықтың ортасындағы түркілердің батысқа қарай жаппай қоныстануымен тікелей байланысты болды...

Кең байтақ территория оңтүстік, оңтүстік-батыс бағытта солтүстік Монғолиядан Әмударияға дейінгі (Жетісуды қоса) аймақта түркі тайпалары біртіндеп қоныстана бастаған.

Ежелгі сақ, сармат, үйсін, қаңлы тайпаларының ұрпақтары болып табылатын бұғы, бойырқу, беклі, қыбыр, түргеш, бұлақ, қарлұқ тайпалары Қазақстан жерінің негізгі тұрғындары.

VI ғасырдағы жаңа әлеуметтік қатынастар, ерте феодалдық түрік мемлекеті — Түрік қағанатының, кейінгі Батыс түрік қағанатының құрылуы түркі тілдес тайпалардың батысқа қарай үздіксіз ағысуына түрткі болды.

Қазақстанның оңтүстік-шығысында құрылған Түргеш қағанаты (VII-VIII ғғ.) орталығы Талас пен Суябта орналасып, Шу мен Іле өзендері аралығындағы үлкен территорияда мекендеген тайпаларды біріктірді. Түріктер отырықшы егіншілікпен айналысып, қалалық өміре жақындай түсті.

VIII-X ғғ. Қарлұқ федерациясына “қарлұқ” деген жалпы атпен көптеген: тукси, шігіл, азкіші, дулу, чоджи, чорук, арғу, барсхан тайпалары кірді. Сонымен қатар оғыз, ұйғыр, жетісулық соғдылар тобы да кірді. Қарлұқ этносаяси бірлестігінде аудан монғолоид нәсілі араласқан европеоид нәсілі басым болды. Қарлұқтардың үлкен бір бөлігі Мәуеренахр жағына кетіп, өзбек халқының қалыптасуына негіз болған.

**Тапсырма:** Ежелгі тайпалық одақтарды топтастыру

### **Бағалау дескрипторлары:**

1. Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалана алады.
2. Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдалана алады;
3. Ежелгі тайпалық одақтарды топтастыра алады.

## **9 тақырып**

### **Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер**

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.2.1.1 - Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін «антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдарын пайдалану; 10.2.1.2 - этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау

### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдаланады;
2. Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдаланады;

Оңтүстік Қазақстан территорияда қаңлы, қаңғар-печенег (Сырдария даласын мекендеген), арал-каспий бойынан ас және аландарды және Жетісудан батысқа қарай жылжыған қарлұқ, *холодж*, *чагра*, *чарук* тайпаларын біріктірген оғыз мемлекеті (IX-XI ғғ.) өмір сүрді.

Оғыздар антропологиялық жағынан монғолоид нәсіліне жатты. Оғыздардың үлкен бөлігі Орта Азияға қарай жылжып, Қазақстан территориясында құрылған жаңа этно-саяси бірлестік қыпшақ мемлекетінің құрамына енді.

VIII-XI ғғ. Қазақстанның солтүстік, шығыс және орталық аудандарында өздерінің ерте

феодалдық мемлекеттерін құрған қимақ және қыпшақ тайпалары өмір сүрді. Қимақ саяси бірлестігінің құрамына көшпелі және жартылай көшпелі түрік тайпалары *қыпшақ, әймур, имақ, татар, баяндур* т.б. кірді. Қимақ мемлекетінің мұрагерлері қимақ бірлестігіндегі ең ірі тайпа қыпшақтар болды.

Қыпшақ тайпаларының мемлекеттік бірлестігі (XI-XII ғғ.) құрамына көптеген түрік тайпаларын біріктіре отырып Ертістен Оралға және Еділден батысқа дейінгі, оңтүстікте Балқаш көлінен оңтүстік-батыс Сібірдің орманды алқаптарына дейінгі жерді алып жатты. Қыпшақ этносы жақын, туысқандық тегі жағынан емес, аймақтық-шаруашылық байланысы негізінде біріккен көптеген рулар мен тайпалардан тұрды (қимақ, баяндур, боғут, қаңлы, урох, югур, тоқсаба, өлтүрлі, иегі, бұржоғлы, анджоғлы, дұрұт т.б.).

XI ғасырдың екінші ширегінде сол кезге дейін жазба деректерде “Оғыздар даласы” аталып келген дала Дешті-Қыпшақ атата бастады. Дешті-Қыпшақтың тарихи-географиялық аумағы Ертістен Днестрге дейінгі аймақты қамтыды... Оны шартты түрде Еділ өзені бойымен екі ірі этноаумаққа: Батыс қыпшақ және Шығыс қыпшақ бірлестіктеріне бөлуге болады.

Шаруашылықтың бірдей түрімен айналысуы, қоғамдық қатынастарының ұқсастығы, тілдерінің түсініктілігі бұл этникалық топтардың бір-бірімен бірыңғай этносқа жататындарын сезініп, қыпшақ атауын қабылдап, бірігіп кетулеріне көмектесті.

Кейінгі жүз жылдықтағы саяси оқиғалар, түрлі соғыстар қыпшақ бірлестігін де ыдыратып, шығыс қыпшақтардың қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ноғай халықтарының шығуына негіз болуына алғышарттар жасады.

XIII ғасырдың басында Шығыс және оңтүстік-шығыс Қазақстанға Монғолия мен Алтай жерлерінен Шыңғысхан жаулауынан ығысқан өздерінің саяси мемлекеттік бірлестіктері бар түркі тілдес наймандар мен керейлер келіп орналаса бастады. Кейіннен олар да түркі халықтарының қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Сөйтіп XIII ғасырдың басында-ақ Қазақстан жерінде тұрғындардың этникалық жағынан бірігуі басталды. Орта ғасырда Қазақстанда отырықшы, қалалық, көшпелі және далалық мәдениет қалыптасты. Бірақ, тұрғындардың этникалық жағынан бірігуін монғол шапқыншылығы тоқтатты.

Монғол дәуіріндегі және одан кейінгі кезеңдегі этникалық процесстердің ерекшеліктері.

Монғол шапқыншылығы мен үстемдігі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан шаруашылығы дамуының экономикалық негізін бұзуы, бұл аудандардың бірігу процессін тежеді, өзара және іргелес жатқан кең-байтақ дала халқымен шаруашылық, этникалық және мәдени байланыстарын тиянақсыздыққа ұшыратты, халқын құлдыққа мәжбүр етті. Жаулап алынған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі халқы Шыңғыс ұлдарының ұлыстары құрамына еніп, жергілікті халықтың рулық-тайпалық құрылымы бойынша ондық, жүздік, мыңдықтарға бөлінді, мұның өзі рулық бөлінушілікті ұзақ уақыт сақтап қалуға әсер еткен маңызды фактордың бірі болды. Жошы ұлысы (кейіннен Алтын Орда) Ертіс пен Алтайдан Дунайға дейінгі қыпшақ жерлерін иеленді. Алайда бірте-бірте шаруашылық өмір қалпына келе бастады. Қазақстанның оңтүстігінде қалалар тұрғызыла бастады. Бұрынғы отырықшы мәдени аймақтардағы жер шаруашылықтары қалпына келтірілді, тауар айырбас кеңейді, әртүрлі облыстар халықтар шаруашылықтары қалпына келе бастады. Бұл рулардың, ру бірлестіктерінің, басқа да этносаяси топтардың өзара қарым қатынасын қамтамасыз етті. Бұл процесстер Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы мен Моғолстан мемлекеттерінің пайда болу және нығаю тарихымен байланысты. Осы мемлекеттердің шеңберінде Монғол ұлыстарына қарағанда Шығыс қыпшақ және Жетісу халықтарының саяси, шаруашылық және әлеуметтік дамуы үшін өте ыңғайлы жағдайлар туды, барлық қоғамдық өмір нысандарындағы өзара қарым-қатынаспен өзара әрекеттестік пайда болды. Рулардың этникалық территориясын саяси түрде біріктіре отырып, Алтын Орда мен Шағатай мемлекетіндегі өзара жанжал мен соғыстың нәтижесінде пайда болған кіші ұлыстар мен иеліктер, осы аталған мемлекеттер өзіне кірген рулармен ру бірлестіктеріне территориялық және саяси бірлікті, экономикалық мәдениетті әр аудан халықтарының

бейбіт тіршілігін дамыту мүмкіндігін қамтамасыз еткен ең этникалық себептелген мемлекеттік ұйым болып табылды. Рулардың халық болып қалыптасуының маңызды шарты сол шаруашылықтың, шаруашылық байланыстарының дамуы болып табылатындағы белгілі. Нақ осы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы кезінде отырықшы – жер шаруашылығы және қала мәдениеті аралас территориясыменен шаруашылық байланыстары аса қажеттілікпен орнады. Шаруашылық, сондай-ақ, этномәдениетілік, этносоциалдық тұрғыда халықтардың тұрақты байланысының арқасында бірінғай экономикалық аймақ жасалды. Жақын этностар өкілдерінің сондай-ақ, басқа да этникалық топтардың арасында тұрмыстық қарым-қатынастар орнатыла бастады.

XIV-XV ғғ. I жартысында Ақ Орда кезеңінде, көшпелі өзбектер мемлекетінде Қазақстан территориясында рулардың этникалық құрамы тұрақталады, жергілікті және орын ауыстырған түрік, монғол руларының көптеген айырмашылықтары азаяды, әр ру бірлестіктерінің этникалық белгілерінің артықтығы қалыптасады. Бұл мемлекеттер халықтарының құрамы бойынша негізінде полиэтникалық болды. Ақ Орда хандығының этникалық құрамы: Әбілхайыр хандығы (көшпелі өзбектер мемлекеті, ноғай ордасы негізінде ұқсас бірдей болды). Онда сол кездегі жазбалардан белгілі “өзбек”, қыпшақ, үйсін, қоңырат, керей, маңғыт, арғын, қарлық, қаңлы, найман деген этносоциалдық терминмен белгілі түрік тілді рулар өмір сүрген. Бұдан басқа бүркіт қият, отаршы, жат, шынбай, кенегес дұрман, қарлауыт, таймас, шабдахлы, мажар, ойрат деген руларды да атайды. Бұл рулардың көбісі қазақтың кіші және орта жүздерінде бар. Ал XV-XVI ғғ. Орта Азияға өзбек деген ат өтіп кетті. Ноғай Ордасында қыпшақ, қаңлы, найман, үйсін, қоңырат рулары, маңғыт, алшын, қытай, тама, ас деген рулармен қатар ноғай халықтығының құрамына кірді. Бұлардың бәрі түрік және түріктенген рулар мен тайпалар болды.

Орта Азия Қазақстанның түрік халықтарына ортақ және XIII-XIV ғғ. болған оқиғаларға байланысты осы үлкен территорияда шашылып араласып кеткен тайпалар болды. Бұл халықтар Орта ғасырдың даму дәуірінде бір мезгілде қалыптасты. Бұл қалыптасу оңаша емес, этникалық топтардың тығыз қатынасы мемлекеттік бірлестіктердің саяси байланыстары, халықтардың шаруашылық және мәдени өзара қарым-қатынасы арқасында қалыптасты. Этносоциалдық даму процесі осы мемлекеттердегі өзбектер, ноғайлар, қарақалпақтар, сибір татарлары, қазақтар үшін белгілі дәрежеде артық болды.

Қазақ этнонимінің шығуы.

Қазақ түрік сөзі. Оның бастапқы түрі екі қыбысы. Левшиннің қазақтар туралы (1832) белгілі кітабы шыққан уақыттан бері кейбір ғалымдардың өзбектерінде Фирдаусидің “Шахнаме” Рустам тарауында қазақ халқы мен қазақ хандары туралы айтылады мыс деген пайымдаулар тарады. Алайда бұл шындыққа негізделмеген. Данышпан Фирдаусидің өлмес шығармасының мазмұны ориенталистерге жеткілікті мәлім, онда қазақ сөзі туралы еш нәрсе жоқ.

Қазақ сөзі жөніндегі ерте естеліктерді мұсылман жазба ескерткіштерінде ол мүмкін Мысырда құрастырылып, 1245 қолжазба бойынша белгілі және 1894 ж. Лейденде басып шығарылған, осы анонимдік түрік-араб сөздігінде кездестіреміз, оның мәні “үйсіз”, “панасыз”, “кезбе”, “қуылған” дегенді білдіреді.

Тарихи әдебиетте қазақ сөзінің шығу туралы әртүрлі түсіндірмелері бар. Олардың бірін түрік етістігі “қаз”, “қазу” деген сөздермен байланыстырады. Ал енді бірі бұл сөзді “қаз”, қазу және “ақ” деген сөздердің этимологиясынан құрайды. Енді бір зерттеулер қазақ деген сөзді манғолдың көсек-терген деген арбаның түрін білдіретін сөзден шығарады.

Қазақ сөзінің пайда болуы қандай болмасын оның бастапқы мағынасы “еркін” “үйсіз”, “кезбе”, “қашқын” деген болымсыз мәні болған сөзбен байланысты.

Сонымен не саяси мәні, не этникалық мазмұны жоқ “қазақ” сөзі өз халқынан не руынан немесе өз иесінен бөлініп шыққан және көп жағдайды бастан кешіруге мәжбүр, еркін адам дегенді білдірген. Орыс тіліндегі “казак” деген сөзі де осыдан шыққан. Русьте “казактар” деп белгілі бір қызметі және тұрақты тұрғын жері жоқ адамдарды, еркін адамдарды, сондай-ақ еркін жалданушы батрақтарды айтқан. “Казак” сөзі XIV ғ. аяғ. Русьтің солтүстігінде

тіркелген болса да, алайда орыс казактарының бастапқы отанын тарихшылар қыпшақ даласымен араласып жатқан, осы еркіндікке әскери қоғамдық сипат беретін Русьтің оңтүстік жағын айтады.

Басқаша айтсақ, “қазақ” терминінің бастапқы мәні — әлеуметтік бұл жағдай жәй- күйі бір тұлғаның мәртебесі. Сонымен өзінің қылышыменен өзін асырап жүріп, әр жерде кезіп жүрген. Ол “қазақ”. Алыс жолға жалғыз қиындыққа қарсы жүретін адам. Ол – қазақ.. Бабырдың айтуынша “жаудың үйір жылқысын ерлікпен әкетуші жігіт. Ол да – қазақ.. Белгілі бір уақыт қазақтың өмір салтын ұстаушы адамдар – ол мейлі қажеттілік немесе өз еркімен болса да. Ондай адамдар аз болған жоқ.. Бұған сол кездегі күнделікті тіршілік жағдайы себеп болады. Былайша айтқанда, “Тарихи Рашидидің” авторы Бабырдың айтуынша, сол уақыттың түсінігі бойынша әрбір ер адам өзінің жастық кезін бір қатар уақытта жалғыздықта, шөлейтте, тауда, немесе тоғайда, өзінің тұрғылықты жерден бір немесе екі айлық ара қашықтықта құстың етін жеп, аңның терісін киіп өткізуі мақтаныш болып есептелетін.

Мейлі түрік, не парсы, қатардағы көшпелі малшы, немесе он атадан хан-ханзада да кез келген адам қазақ бола алатын. Мысалы: Тоқтамыс ханның үлкен ұлы Жалел-ад-Дин, “көшпелі” өзбектер мемлекетінің негізін қалаушы”, Шайбанит Абул-хайыр, оның немересі Мұхамед Шайбани, Шағатай Уайс пен Саид бірқатар уақыт қазақтар болған. Темір ұрпақтары, ішінде қылышты еркін меңгерген Сұлтан Хусаин де көп айлар казактықта өткізген. Өзінің атақты “жазбаларында” Бабыр өзінің қазақтық кезінде Масча таулы елінен сұлтан Махмұд ханға сапар шегуі жөнінде еске түсіреді. Бұл жерде мынаны айтқан жөн, қазақ болған адам бұл ниетінен қайтып, өзінің бұрынғы жағдайына, өзінің қоғамына қайтып келуі мүмкін, бұны осы жоғарыда аталған, сол кездегі жоғарғы дәрежедегі қазақтар да істеді. Сұлтан Хусаин мен Сұлтан Саид кейін өз елінің билеушілері болды: Мухамед Шайбани мен Захир-ад-Дин Бабыр әр қайсысы жаңа мемлекет құрды.

Сонымен, сол ежелгі уақытта қазақ болып қалыптасты. Қазақтардың өмір тіршілігін белгілеу үшін мұсылмандардың сөздерінде қазақылық деген зат есім құрылды. Қазақтық кезіндегі түсінік әдетте: қазақылықтарда (түркі тілдерінде) дар-аями и казак, мудатти казак иран тілдес сөздерде деп белгіледі.

Қазақтың өмір сүру тіршілігі қарапайым болғаны белгілі. Осыдан қазақ және яғни қазақша “қарапайым” түріктің сөзінен шығып парсының казакане “ане” деген жалғау қосылып жазылған. Мыс: осы сирек сөздің ортағасырдағы мәтіндерде қолдануының мысалы, Шағатай сұлтан Ахмад нағыз дала ұлы болды. Ол да қатаң өмір тіршілік етті. Бабыр Сұлтан Ахмадты 1502 ж. Танбала әмірге қарсы жорық кезіндегі үй жайын сипаттайды, былайша: “Сұлтан Ахмад жер шалғайында өмір сүргендіктен оның шатыры мен тұратын жағдайы қарапайым қазақша болатын. Қауындар, жүзім, ат әбзілдері барлығы осы шатырда жататын, ол осылайша өмір сүрді. (Бабыр-нама с 133: Бабыр-нама факсимиле 1861).

Қазақ әр қашан жалғыз “Қазақшылаған” жоқ.. Еркін қазақтың ерекше өмірін сұраған адам қазақдаштанып кетеді. Қазақдаш сөзі мынаны түсіндіреді: юлдаш – “серік”, аркадаш – “дос”, аул-даш – “жерлес”, ватандаш – “құрдас” орта ғасыр мұсылман авторлары.

Мұндай коллективтер әр уақытта, әр жерде, әртүрлі себептерге байланысты туды. Өз уақытында XV ғ. тарихшысы Абд ар-Раззак Самарканди, “қазақ болып кеткен өзбек әскерлерінің біразы Мазандеранға келіп, онда ұрлық істеп қайта артқа кетті. Кейде “қазақ қоғамы” престолға қарсыластарынан қашып құтылғандармен, оларға берілген жақтастарынан тұрды, олар қала мен ауылдан шетте, ойын-сауық іздеушілер. Қазақ сөзі тағы мемлекеттен алыс тек соғыс кезінде бірігіп тұратын көшпенділер тобына да қолданады. Міне Абылхайыр ханның мемлекеттерінің көшпенділері мынадай коллектив болды, оған қарсы шығып, 1459 ж. оның үстемдігінен кеткен, басына Ұрыс хан тұқымы Керей мен Жәнібекті қойып, басқа жерден бақыт іздеген. Өзбек ұлысының біраз адамы біраз уақыт Жетісу маңын мекендеп, “өзбек-қазақтар” деген атқа ие болады.

Қос ат бізді таңдатпауы, ұялтпауы керек. Біздің қарап отырған дәуірде, қазақ сөзі бөлек халыққа, этникалық, саяси және т.б. топтарға және біз білетіннен де көп жеке адам атына

да қойылады. .... могол қазақтары, дешті-қазақтары, чу-тур қазақтары (кавказда), тағы да “Әмір Таңбала қазақтары”, “біздің қазақтар” (Бабур сөзі), “шибан-қазақтары” және т.б., яғни қос терминді Мұхаммед Хайдар өзінің оқушыларына Керей мен Жәнібек және оның ұрпақтары шынымен Өзбек ұлысынан шыққан деп ескертеді. Сонымен өзбек тектес қазақтар Керей мен Жәнібек: ол Өзбек ұлысынан қашқандардан құралған, бұл өзбек-қазақтар деген алғашқы мағынадан алған. Көрші Моғолыстанның батыс аймақтарындағы “өзбекеш-қазақтар” бойынша: олар өз жерінен бостандық үшін қашқандармен байланысты. Бұдан мынадай сұрақ туады: көшпенді Керей мен Жәнібек қазақ халқының этногенезінде қандай роль атқарады? Өзбек ұлысының көшпенді Керей мен Жәнібекті Жетісуда қазақ халқының этногенезінде шешуші роль атқарды. Тек халықтың құрылуын, тек оның атына ғана емес, яғни 1445 ж. көшу, қазақ халқының пайда болуын айқындады, оның құрылыс процесін тездетті. Осы процестің өтпелі суреттемесі “өзбек-қазақ” терминімен айқындалады. Осыған байланысты мынаны айтуға болады, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы – бұл бөліну процесі, бір факторға байланысты белгілі тайпа тобының жекеленуі, өзінің полиэтникалық ерекшеліктеріне қарап, конгломерат, руынан, тайпа мен халық құраушылар; Өзінің әртүрлі даму этапында тұрған XV ғ. II жартысының басындағы Шығыс Дешті-қыпшақ тұрғындары қандай болды: Әбілхайыр хан мемлекеті, Ноғай ордасы мен басқа саяси құрылыстар?. Бұл енді бөлінген тайпа немесе тайпа бірлестігі емес. Бұл құрама халық арасында көршілерге белгілі болған өзбек деген атпен әлдеқашан бірнеше халықтардың нығаяу процесі жүріп жатқан, кейіннен қазақ деген атпен алады. Басқа сөзбен айтқанда, Әбілхайыр ханның саясатана наразы, бірақ румен Дешті-қыпшақтағы Ұрыс хан тұқымдарының халқы қосылған руымен тайпа қосылысы Жетісуда қоныстанып, өзбек ұлысынан белінгендер. Бір сөзбен айтқанда 1459 ж. көшу қазақ халқының құрылуының басы не аяғы емес . Бірақ бұл көп процестің ішіндегі басты кезең: 1459 ж. Жетісу жерінде халықтың бірігуінде тарихи кездесу болды. Яғни, Керей мен Жәнібектің көшуі – қазақ сөзінің тарихтағы бастамасы. Шынымен де. Міне Ұрыс ханның ұрпақтары өздерінің ұлыстарымен Батыс Жетісуды мекендеді. Дұрыс айтқанда сол оқиғалардан кейін Қазақстан тарихының жаңа белестері ашылады. Көршілес тұрған Әбілхайыр ханның үлкен топтары, бұрынғы қарамағындағылар көшпелі өзбектерге соғыс тұғызды, бұл 1468 ж. ханның өліміне байланысты тоқтайды. Әбілхайыр өлген соң Керей мен Жәнібектің қоластындағыларға өзбек ұлысына қайтуына жол ашылды, келіп өздерінің қарсыластарын қуып, жоғарғы билікті қолдарына алады. Өзбек ұлысының ғүлетін Шыңғыстың басқа тұқымының ауыстыруы “өзбек-қазақ” экономикалық және әлеуметтік құрлысына ең өзгеріс әкелмеді. Одан кейін көп өзбектердің басына өзбек ұлысынан отырды. Бұған бұрынғы Ишбан ұрпақтарынан бақталастар туды. Бұрын Өзбек ұлысындағы рулар бір сөзбен, өзбектер деп аталса, енді олар: өзбектер (Шайбаниттер), қазақтар (қазақтар) және манғыттар (ноғайлар) деп аталды. Ал Дешті-Қыпшақтағы сарай тарихшыларының бірі Ибн Рузбихан бұл этносаяси жағдайды былай суреттейді. “3 тайпа өзбекке жатады. Олардың бірі – ишбаниттар және осылар басшы болған. 2-ші тайпа қазақ, дүниеде даңқымен, қайратымен, қорықпас-қайсарлығымен танылған, 3-ші маңғыттар астрахан хандары. Өзбектердің жерлері теңізбен шектес, ал басқасы – Түркістанмен, 3-ші Дербентпен, 4-ші – Хорезммен, 5-ші – Астрабадпен. Осы жердің бәрі көшпелі өзбектердің, жаздық және қыстық қоныстары болды.

**Тапсырма:** Ежелгі тайпалық одақтарды топтастыру

**Бағалау дескрипторлары:**

1. Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалана алады.
2. Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдалана алады;
3. Ежелгі тайпалық одақтарды топтастыра алады.

## 10 тақырып

### Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.2.2.1 - қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін «ру», «тайпа», «жүз», «ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын пайдалану

#### Бағалау өлшемдері:

Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттарын атайды

15ғ ортасына қарай қалыптасқан қазақ этносы өзара байланысты көптеген ру тайпадан құралды. Әрбір қазақ тайпасы мен руының өз шежіресі бар. Олар бірігіп, қазақтардың ру тайпалық жүйесін біртұтас етіп байланыстыратын ортақ шежірені құрайды. Ру тайпалық ұғым көшпелі қоғамның негізгі белгісі. Шежіре айту дәстүрі бар ру тайпалық ұйым кез келген көшпелі қоғамға тән. Көшпенділердегі әке жағынан туыстыққа негізделген ру тайпалық жүйенің өмір сүруінің басты себебі-ақпарат мен меншікті әкеден балаға беріп отыру. Әрбір қазақ белгілі бір рудың мүшесі болды. Бірнеше ру тайпаға, ол тайпалар жүздерге бірікті. Қазақтардың этникалық тарихының маңызды сипаты жүздерге бөліну б.т Үш жүздің – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің әрқайсысы өз аумағында мекендеді. Ұ.ж Жетісу мен одан батысқа қарайғы жерлерді иеленді. О.ж Солт. Орталық және Шығыс Қазақстан аумағын иеленді. Кіші жүз бүкіл Батыс Қазақстан аумағын иеленді.

«Этнос» термині туралы. Қазақ этносын құрудағы негізгі компоненттері. Ру-тайпалық құрылымы. Қазақ жүздері. «Қазақ» этнонимінің шығуы. Қазақ халқының антропологиялық типі. Тілдік сипаты.

#### *«Этнос» термині туралы*

Этнос - (халық, тайпа, жұрт, ұлт) жалпыға ортақ, сыртқы кескін-кейпі ғана емес, едәуір тұрақтанған ерекше мәдениеті (тілін қоса) мінез-құлқы бар, сол сияқты өзінің бірыңғай екенін және басқа этникалық топтардан бөлектігін түсінетін сана-сезімі бар, оның бұл қасиеті өз атымен (этноним) бекітілген адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты бір тұтастығы. Сондай-ақ территориясы да бірыңғай болуы тиіс.



#### *Қазақ этносын құрудағы негізгі компоненттері*

Әрбір халықтың жеке халық болып қалыптасуы үшін көптеген тарихи кезеңдерді басынан өткізуіне тура келеді. Бұл күрделі үрдіс бір немесе екі ғасырдың ішінде болмайды, халық болу үшін бірнеше ғасырларды қажет етеді. Мысалы, Қазақстан жерінде халық болып құрылу үрдісі алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, одан кейін қола дәуірі мен (б.д.д. II-I м.ж. кезеңі) темір дәуірі (б.д.д. VII-IV) кезеңдермен, немесе бұл кезде өмір сүрген ру-тайпалардың өсіп-өркендеуінен басталады. Олар Қазақстанның ұлан-ғайыр территориясын ежелден мекендеген байырғы (автохонды) тайпалар мен тайпалар бірлестіктерінен құралған.



Орта Азия мен Қазақстанның ерте дәуірдегі кезеңдерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, біздің жерімізде қола дәуірі (Андрон, Беғазы-Дәндібай мәдениеттері) мен темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың (сақ, сармат т.б.) иран тілдес болғандығы айтылады. Сондай-ақ, ғалымдардың көрсетуінше бұл кездегі тайпалар антропологиялық жағынан монголоидтық белгілері бар еуропоидтік нәсілдер екендігі көрсетіледі.



Қазақ халқының бастауы болып табылатын, сақ тайпаларының тікелей жалғасы болып үйсін, қаңлы тайпалары саналады. Оны қытай деректері “Өзі сары, көзі көк, ат жақты сэ (сақ) тайпалары үйсіндердің арасында жүр” – деп көрсетеді. Қазақ халқының шыққан тегі туралы көптеген аспектілері ішінен өзекті ретінде лингвистикалық және антропологиялық мәселелерін бөлшектеп алған жөн. Орта Азия мен Қазақстан өңірінде осы екі үрдістің екеуі де қатар дамып отырған. Қазақстанның ертедегі тарихын екі аумақты кезеңге: үндіеуропалық және түріктік кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде лингвистикалық тіл жағынан Қазақстан тұрғындары үндіеуропалық топтың ежелгі иран тобына кіреді, яғни бұл кез б.з.д. III-I мың жылдықтарды қамтиды. Екінші кезеңде Қазақстан территориясына шығыс жақтан көптеген көшпелі тайпалардың соның ішінде ғұндардың Батысқа қарай қоныс аударуына байланысты, сақ және сармат тайпаларының жалғасы – үйсін мен қаңлылар ғұн тайпаларымен араласып, ассимиляцияға түскен. Б.з.б. I ғасырда Солтүстік ғұндардың құрамына кірген көптеген түркі тілдес тайпалардың бір бөлігі Орталық Азиядан Тянь-Шань арқылы өтіп, қаңлы тайпалық бірлестігімен көрші-қолаң отырды, ғұндардың Қазақстанға өтуінің екінші толқыны б.з. II ғасырдың бірінші жартысында орын алды. Бұл кезде Солтүстік ғұндардың толып жатқан тайпалары Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныс аударып VI ғасырға дейін өмір сүрген Юэбань мемлекетін құрды.

Ғұндардың біріктіруші рөлінің арқасында сырттан келген тайпалармен байырғы тұрғындардың этникалық жақындасуы іске асты. Сөйтіп, үйсіндер мен қаңлылардың монголоидтық тәсілге өтуі басталды. Б.з. VI ғасырынан бастап оңтүстік аймақта шығыстан, Алтай, Сібір жақтан келген түркі тайпаларының басымдылығы байқалды. VI ғасырда Қазақстан жері түгелдей құдіретті бір тұтас мемлекет – Түркі қағанаты құрамына кірді. Жазба деректерден алғаш Түрік қағанатының (542 ж.) одан кейін Батыс Түрік қағанаты (603 ж.) сияқты феодалдық мемлекеттер құрылғандығы белгілі. Одан кейін Түргеш қағанаты (704-756 жж.), Қарлұқ қағанаты (756-940 жж.), Оғыз мемлекеті (IX ғ. соңы – XI ғ. басы), Қимақ қағанаты (893 – XI ғ. басы), Қыпшақ хандығы (XI – 1219 ж.), Қарахан мемлекеті (942-1212 жж.) өмір сүрді. Осы мемлекеттердің ішінде қазақтардың халық болып қалыптасуына, әсіресе екі мемлекеттің тарихи рөлі ерекше болған.

1) Қарахан мемлекеті. Бұл мемлекеттің кезінде халық болып қалыптасу пісіп – жетіліп, қалалық өмір өркендеп, отырықшылық жанданып, қолөнер дамып, көрші жатқан елдермен сауда қатынасы артып, жалпы мәдени экономикалық дамуы өскен. Алғаш рет ислам дінін – мемлекеттік дін ретінде қабылдаған. 2) Қыпшақ хандығы (XI – XIII) Ертіс пен Еділ арасындағы кең жерді иемденді. Хандықтың құрылуына байланысты этникалық процестер жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Бұл кезде қазақ тілінің негізі - әдеби қыпшақ тілі құрылып, сонымен бірге қазақтардың өзіне тән антропологиялық кескіні қалыптасты. Қазақ этногенезінде қыпшақтар этнос ретінде маңызды рөл атқарды, “Қазақ” сөзінің шығу тегінің өзі қыпшақтар мекен еткен аймақтарда пайда болды.

Бірақ, осындай сапырылыс кезеңде шығыстан кидандардың (қаракытайлардың) шапқыншылығы болып, Қарахан мемлекетінің жағдайы нашарлады. XIII ғасырдың басында

енді дамып келе жатқанда моңғол шапқыншылығы басталды, сөйтіп халық болып қалыптасу процесі тоқталды. Халық болып қалыптасу процесі XV ғасырға дейін, немесе 200 жылдай уақытқа кешеуілдейді.

Қазақстан жерінде қаншалықты жойқын шапқыншылықтар болғанымен халық болып қалыптасудың негізгі шарты тіл бірлігі жойылмады. Керісінше, уақыт өткен сайын моңғол – шапқыншылығының өздері жергілікті халықтың түркі тіліне, әдет-ғұрпына, салт-санасына көшіп XIV ғ. толық түркіленіп кетеді.



### ***Ру-тайпалық құрылымы***

XIV-XV ғасырларда феодалдық қатынастардың нығаюы негізінде Моғолстан, Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасында толассыз тоқтамай жүріп жатқан феодалдық соғыстарға қарамастан, халықтар арасында өзара бірігу, топтасуға ұмтылу процестері белең алды. Қазақстанның ежелгі тайпалары тарихи-географиялық, экономикалық және саяси жағдайларына байланысты үш негізгі этникалық шаруашылыққа топқа бөлінді. Олар: Ұлы, Орта және Кіші жүз.

Жүздердің ұйымдасқан уақыты, қалай құрылғаны әлі жете зерттелмеген. Әрбір жүздің тайпалары жалпы шаруашылық мүдделер негізінде топтасқан, өз шекарасында экономикалық жағынан оқшауланған еді. Олардың тілі, материалдық тұрмыс мәдениеті жөнінен басқа жүздердің тайпаларынан ешбір айырмашылығы болған жоқ. XV ғасыр қарсаңында бұл тайпалар түрік тектес халық болып топтасты да, кейінірек «қазақ» деген этникалық ортақ атауға ие болды, сөйтіп халықтың қалыптасу процесі негізінен аяқталады. Бірақ ол кейбір себептерге байланысты кешеуілдеп барып іске асты. Оған қазақ халқының этникалық құрамына кірген тайпалардың бірнеше мемлекет құрамына енгені, кейбір жеке тарихи қалыптасқан бөлшектердің бытыраңқылығы себеп болды. XIV-XV ғғ. көптеген жұрттың көшіп-қонып, сапырылысуы орын алды. XV ғ. – II жартысы мен XVI ғ. қазақ халқының негізгі этникалық территориясын мемлекет етіп біріктіру, халықтың да қалыптасу процесінің аяқталуын тездетті. Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Батыс Жетісудың территориясы баяғыдан бері қазақ халқының құрылып, қалыптасуының басты этникалық торабы болды, мұнда Қазақстанның ірі екі этникалық қауымдастығының тоғысқан жері жатты. Олар – Орталық, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстандағы қыпшақ тайпалар одағы мен Оңтүстік – Шығыс Қазақстандағы үйсін тайпалар одағы, бұларға Сырдарияның төменгі ағысы арқылы Кіші жүз тайпалары келіп қосылады.



XV ғ. – II жартысынан бастап, қалыптасқан халық өздерінің көршілері арасында “қазақ” деген атпен белгілі болған. Қазақ этнонимінің туу тарихы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу талас тақырыбына айналады. Кейбір деректерде бұл термин

әлеуметтік мәнінде қолданылған “қашақ” деген атаудан шықты деп есептейді. Немесе “қазақ” атауы Жәнібек пен Керей бөлініп көшіп кеткен рулық одақтарды білдіру үшін бастапқы кезде “өзбек-қазақ”, кейін “қазақ” деп аталған дейді. “Қазақ” термині 1245 жылы Мамлюк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба ескерткіштерінде (түрік-араб) сөздігінде кездеседі. Мұнда “қазақ” деген сөз “басы бос – кезбе” деген мағына береді. Қалай дегенде де “қазақ” этникалық терминінің ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, тұрақты бір шешімі жоқ. Қазақстан жерінде XIV-XV ғас. орын алған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды қоғамдық құбылыс.



XV ғас. 50-70 жылдар арасында Әбілхайыр хандығын Жетісудің Шу мен Талас өзенінің жазығына 200 мыңдай адам көшіп келді. Олардың бұл жерге қоныс аударуының себебі: Әбілхайырдың қол астында қанаушылардың күшеюі болса, екіншісі, оларды Шыңғыс әулетінен шыққан Керей мен Жәнібек ханның жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ халқының дербес мемлекетін құру. Ол кезде жетісуды билеген Моғолстан ханы Есенбұға (1434-1462) бұл қазақтарды Әбілхайырға қарс пайдаану үшін қарсы алып, қоныс берді. Тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді». Қазақстанның алғашқы ханы болып Керей жарияланды (1458-73 ж.) одан кейін Жәнібек (1473-1480) Жетісуда берік қорғанысы бар Жәнібек пен Керей Жошы әулетінен шыққан сұлтанның Шығыс Дешті Қыпшақты билеу жолындағы күресіне қосылды. Бұл 1468 жылы Әбілхайыр өлгеннен кейін қайтадан өршіді. Соның нәтижесінде XV ғ. 70 жылдары қазақ хандығының шекарасы кеңейді. Оңтүстік Қазақстан қалалары үшін Шайбани әулетімен арадағы соғыстар Жәнібек ханнан кейін қазақ хандығының тізгінін ұстаған Бұрындық хан (1480-1511 жж.) тұсында да тоқтамады.



### **Қазақ жүздерінің шығуы**

Дәстүрлі қазақ қоғамы үш жүзден тұрады: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз. Жүздердің шыққан уақыты, шығу себептері, ішкі мазмұны жөнінде ғалымдардың арасында әлі ортақ пікір жоқ. **Ш. Уәлихановтың** пікірі бойынша, "**Алтын Орда** мемлекетінің ыдырауы кезінде қазақтар өздері көшіп жүретін жерлердегі өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін осындай үлкен одақтар құрған". Н.А.Аристовтың ойынша, "жүздерге бірігу жоңғар шапқыншылығы кезінде шыққан". **В. Бартольд:** "Қазақ

жүздерінің пайда болуына географиялық фактор әсер етті, табиғи-географиялық жағдайға икемделу және аумақтық оқшаулану жүздердің мәдени-шаруашылық ерекшеліктерін қалыптастырды", — деп есептейді. **М. П. Вяткин** В.В.Бартольдпен келісе отырып: "Жүздердің құрылуына табиғи-географиялық себептермен қатар саяси оқиғалар әсер етті, жекелеген ордалар ерекше саяси одақтар ретінде XVI ғасырдың аяғында қалыптасты", — дейді. **С. Аманжолов**: "Қазақ елі, жері үш жүзге монғолдарға дейінгі кезеңде — X—XII ғасырларда бөлінді", — деп есептейді. Шығыстанушы **Т. И. Сұлтанов** жүздердің құрылуы жөнінде нақты деректердің тапшылығын айта келіп: "XVI ғасырдың екінші жартысында ұлыс жүйесі біртіндеп жүздерге ауысқан", — деген болжам айтады. Жүз ұғымының мәні де толық ашылған жоқ. Біраз зерттеушілер қазақтың "жүз" деген сөзін арабтың "джуз" — бір нәрсенің "басты бөлігі", "тармақ" деген сөзімен сәйкестендіреді. Шығыс деректерінде жүздер жөніндегі жанама мәліметтер XVII ғасырдың ортасына қарай кездеседі. Махмұд бен Уәлидің 1634—1641 жылдарда жазылған еңбегінде: "Шайбани хан өлгеннен кейін оның ұлы Баһадүр осы ел мен ұлысқа басшылық ете бастады... ол қыстауы мен жайлауы үшін Ақ Орданы таңдап алды, ол әрі Йүз-Орда ретінде де белгілі", — дейді. Осы деректе кездесетін йүз (жүз) сөзін кейбір зерттеушілер қазақтың жүзімен теңестіреді. **М. С. Мұқановтың** пайымдауынша, қазақтың жүздері этноәлеуметтік организмнің жоғары санаттарының бірі. "*Этноәлеуметтік организм*" деп этностық, әлеуметтік, шаруашылық, саяси бірлестіктерді түсінеміз. Қазақ жүздерінің мынандай ішкі белгілері бар:

- а) ішкі аумақтық тұтастық;
- ә) этностық туыстық;
- б) шаруашылық-мәдени бірлік;
- в) саяси басқару

ортақтастығы.

Осы ішкі

белгілердің мәнін аша түсейік. Әрбір қазақ жүзінің тарихи қалыптасқан аумағы бар. Мысалы, Ұлы жүздің таралған аймағы — Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан; Орта жүздікі — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстан; Кіші жүздікі — Батыс Қазақстан. Қазақтың бір жүзге кіретін тайпалары өзара туыстас, тіпті бір атадан тарадық деп есептейді. Белгілі бір географиялық ортада, аумақта өмір сүргендіктен, жүздің құрамына кіретін тайпалардың өз арасындағы шаруашылық-экономикалық байланыстар басқа жүздерге қарағанда күштірек болады. Осы ішкі байланыстардың пәрменділігінің нәтижесінде белгілі бір тілдік-диалектілік, тұрмыстық-ғұрыптық ішкі тұтастық, өзара жақындық қалыптасады. Жүздер сонымен қатар басқарылуы жағынан да ішкі тұтастығымен ерекшеленеді. Әр жүздің өз төбе билерінің болғанын білеміз. Хандық заманда әр жүз өз хандарын сайлап отырғаны белгілі. Қазақ жүздері күнделікті тіршілікте қазақ халқының шаруашылық, саяси аумақтық бөлшектері болды. Тыныштық замандарда ішкі этностық байланыстардың, қатынастардың көпшілігі жүздердің өз ішінде жүріп жатты. Дегенмен бұдан қазақ жүздерінің арасында саяси, шаруашылық-мәдени, этностық байланыстар болмады деген түсінік тумауы керек. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын, отырықшы не жартылай отырықшы ру-тайпалардың арасында өзара айырбас, сауда қатынастары жиі болды. Жүздердің көршілес жатқан руларының арасында құдандалық, тамырлық қатынастар да өркендеді. Ішкі шекаралас аудандарда жер дауы, жесір дауы мәселесі де болып тұрды. Сондықтан жүздердің ішкі шекаралық аудандары қазақ халқының өзара мәдени, тілдік, тұрмыстық, шаруашылық бірлігіне дәнекер болған алтын көпір, үзілмес желі қызметін атқарды. Ал ел басына күн туған жағдайда, сыртқы жаулардан қорғану мәселесінде қазақ жүздері жұдырықтай жұмыла білді. Ол кезде "мынау бәлен жүздің жері, елі" деп бөлінбеді, бүкіл қазақ жері, қазақ елі үшін қай жүздің баласы болсын, жанын қиюға даяр тұрды. Қазақ

жүздерінің ішкі бірлігінің, жалпықазақтық патриотизмнің, елдіктің озық үлгісін біз Жоңғар шапқыншылығы оқиғаларынан көреміз. Мұндай мысал көптеп саналады. Қазақ жүздерінің қордаланып қалған ішкі, сыртқы мәселелері жүздердің басы қосылған құрылтайларында, жиындарында шешіліп отырды. Жүздер жөніндегі нақты деректер XVIII ғасырдың бірінші ширегінен бастап кездеседі. 1731 жылы қазақтардың бодандығы жөніндегі келіссөзге Кіші жүз арасына келген А.Тевкелев былай деп хабарлайды: "... қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда) тұрады". Үштік бөлініс қазақ жерін мекендеген көне тайпалардан келе жатқан дәстүр. Сақтар: тиграхаудау хаомаварға және парадарайя болып үш бөлікке бөлінген. Көне үйсіндерде, көне түркі-монғол көшпенділерінде үштік одаққа бөліну дәстүрі болған. Бұдан біз, жалпы, үштік бөлініс қазақтардың арғы тектерінің дәстүрінде бар екенін көреміз. Кең-байтақ қазақ жерінде мұндай үлкен одақтар құру саяси, әскери-қорғаныс, шаруашылық-ұйымдастырушылық, басқару қажеттіліктерінен туындаған. Мұндай одақтар қазақ жерінде қыпшақтар заманын бастап құрылған болуы керек. Ал мұндай жүздік одақтарға бөлінудің аяқталуы қазақ халқының құрылуы кезеңімен сәйкес келсе керек.

*Ұлы жүз тайпалары.* Қазақ шежіресі бойынша Ұлы жүз мынадай тайпалардан тұрады: сарыүйсін, шапырашты, ошақты, ысты, албан, суан, дулат, сіргелі, қаңлы, жалайыр, шанышқылы. Ұлы жүз тайпаларының негізгі таралған аймағы — Жетісу, Шу, Талас өңірлері, Қаратау, Сырдарияның орта ағысы. XIX ғасырдың аяғында Ұлы жүз қазақтарының саны 700 мыңдай болды. *Сарыүйсіндер* Іле өзенінің сол жағалауын, Іле Алатауының баурайларын, Талас өзенінің оң жағалауын, Қорағаты өзенінің екі бойымен Шуға құяр сағасына дейінгі жерлерді мекендеген. Ұраны — Бақтияр, Байтоқ. *Шапыраштылар* Іленің бойының сол жағалауындағы тармақтарын, Шу өзенінің оң жағалауында, Іле Алатауының бөктерлерінде өмір сүрді. Ұраны — Қарасай. *Ошақтылар* Таластың төменгі ағысын, Қаратаудың оңтүстік-шығыс баурайын жайлаған. Ұраны — Жауатар. *Ысты* — Балқаш көлінің солтүстік өңірі мен Жамбыл облысы аумағында орналасқан. Ұраны — Жауатар. *Албандар* Жетісуда, Алтынемел жонының оңтүстік-шығыс белігінде, Іле Алатауының теріскей бөктерінде, Іленің жоғарғы жағында, Текес, Шарын өзендерінің бойында қоныстанған. Ұраны — Райымбек. *Суандар* Жетісудың Алтынемел бөктерінде, Жоңғар Алатауының оңтүстік-шығыс баурайында, Көктерек өзенінен Қорғасқа дейінгі аралықта орналасқан. Ұраны — Райымбек, Байсуан. *Дулаттар* Іле өзенінен бастап, Шу, Талас, Сырдың ортаңғы ағысына дейінгі жерлерді жайлаған. Ұраны — Бақтияр. *Сіргелілер* Шу өзенінің орта ағысының сол жақ жағасын, Таластың төменгі ағысын, Қаратаудың баурайын жайлады. Ұраны — Тоғанас. *Қаңлылар* Іле Алатауының баурайында, Іле өзенінің сол жақ жағалауын жайлаған. Қаңлылардың біраз топтары Жетісудың, Оңтүстік Қазақстанның әр аймағында да орналасқан. Олар шанышқылы тайпасымен аралас-құралас отырған. Ұраны — Айырылмас. *Жалайырлар* Жоңғар Алатауының баурайында, Алтынемел, Арқарлы, Малайсары таулары, Қаратал, Іле өзендерінің аралығы, Балқаштың оңтүстік-шығысын мекендеді. *Шанышқылы* — Оңтүстік Қазақстан облысының Өзбекстанмен шектескен аумағында орналасқан. Ұраны — Айырылмас.

Орта жүз тайпалары. Орта жүз тайпалары алты атадан тұрады (оларды "алты арыс" дейді): арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керей, уақ. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орта жүз тайпаларының жан саны мөлшермен 1 млн 350 мыңдай болды. Ал Қытайдағы, Монғолиядағы керей, уақ, наймандарды қосқанда, 1 млн 500 мыңнан астам болған. Орта жүз тайпаларының жайлаған аймағы — Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстанда Сырдарияның жоғарғы және

орта ағысы аймағы. Орта жүздің арғын, найман тайпалары Жетісудың солтүстік-шығысында, Шу өзені мен Сыр өзенінің аралығында әр жерде шоқ-шоқ болып та жайғасқан. *Арғындар* батыста Торғай қыратынан бастап, шығыста Шыңғыстау мен Балқаштың терістік-батысына дейінгі аралықты жайлаған. Олар бұрынғы Павлодар, Ақмола, Қарқаралы уездерінде, Семей уезінде, Көкшетау уезінде, Торғай уезінде, Атбасар уезінде, Қостанай уезінде, Омбы уезінде орналасты. XIX—XX ғасырлар шегінде арғындардың жалпы саны 500 мыңға жуық болған. Ұраны — Ақжол. *Наймандар* Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жерінде, Алтайдан Жоңғар Алатауына дейінгі тау бөктері мен жазықтықтарда орналасты. Наймандардың біраз бөлігі Сыр бойында да жайлады. Қазан төңкерісіне дейін наймандар мына уездерде таралды: Лепсі, Қапал, Өскемен, Зайсан, Атбасар, Семей, Павлодар, Перовск, т.б. Ұраны — Қаптағай. *Қыпшақтардың* жайлаған өлкесі, негізінен, Орталық Қазақстан, оңтүстікте Сырдың орта, төменгі ағысынан Тобыл өзенінің сағасына дейін. Қыпшақтардың уездер бойынша орналасуы мынадай болды: Торғай, Қостанай, Перовск, Павлодар, Омбы уездерінде. Ұраны — Ойбас. *Қоңыраттар* Оңтүстік Қазақстанды, Сырдария өзенінің ортаңғы ағысы бойын жайлады. Шымкент, Перовск уездерінің әрқайсысында, сонымен қатар қоңыраттардың көпшілігі Ташкент уезінде, Орта Азияның тағы басқа уездерінде өмір сүрді. *Керейлер* Солтүстік және Шығыс Қазақстан өңірлерінде, Ертіс пен Есіл өзендерінің орта ағысы, Алтайдың батыс баурайында орналасқан. Петровск уезінде, Омбы уезінде, Қарқаралы, Қостанай уезінде, Семей, Зайсан уезінде керейлер мекендеді. Ұраны — Ақжол, Қарақожа. *Уақтар* Торғай мен Тобыл өзендерінен Шығыс Қазақстанның шекарасына дейінгі әр жерде топ-топ болып шашыранды орналасқан. Семей, Петропавл, Павлодар уезінде уақтар тұрған. Ұраны — Жаубасар, Мұкамал. Орта жүз құрамында осы аталған негізгі тайпалармен қатар *төрелер*, *төлеңгіттер*, *қырғыздар*, *шалақазақтар* болды. Кіші жүз тайпалары. Кіші жүз қазақтарына: *байұлы*, *әлімұлы*, *жетіру* деп аталатын үлкен үш тайпалар одағы кірді. Кіші жүз қазақтарының жері бүкіл Батыс Қазақстан аймағын алып жатыр. Шығыста Тобыл, Торғай, Ырғыз өзендері мен Мұғалжар тауларынан батысында Каспий теңізі мен Еділдің орта, төменгі ағысына дейінгі жерді, оңтүстігінде Сырдың орта, төменгі ағысы мен Маңғыстау түбегі, Үстірттен солтүстігінде Тобыл, Жайық өзендеріне дейінгі аймақты алып жатты. Кіші жүз қазақтарының XIX—XX ғасырлар шегіндегі саны 1 млн 200 мың адам болды. Байұлы 12 атадан түрды. Олар: шеркеш, есентемір, таз, ысық, адай, беріш, байбақты, қызылқұрт, тана, масқар, алаша, алтын, жаппас. Кей шежірешілер алтын мен жаппасты біріктіріп (алтын-жаппас) бір ата деп есептейді. Байұлының тайпалары Жайық иен Жемнің аралығын, Үстірттің біраз жерін, Маңғыстау түбегін, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларын жайлаған. Әлімұлын алты ата әлім дейді. Олар: шекті, шөмекей, төртқара, кете, қаракесек, қарасақал. Әлімұлы рулары қыста Жем мен Каспийдің арасында, Арал теңізінің солтүстік-батысына дейін, Борсық құмдары, Қаракұм, Қуандария мен Жаңадарияның аралығын қыстаған. Жазда Ақсақал келінен солтүстікке қарай Торғай, Тобыл, Ырғыз, Ор, Елек, Қобда, Жем, Ойыл өзендерінің бойында, Мұғалжар тауларында көшіп жүрген. Жетіру. Жетіру аты айтып тұрғандай, жеті рудан тұрады. Олар: табын, тама, кердері, керейт, телеу, рамадан, жағалбайлы. Жетіру аталары қыста Сырдарияның орта ағысын және сол маңдағы аумақтарды қыстаса, жазда солтүстікке қарай жылжып көшіп, Орал тауы баурайына дейін баратын.] XIX ғасыр. 1801 жылы патша өкіметі 5 мың қазақ шаңырағын Жайық пен Еділ өзендерінің арасына көшірді. Бұл жерде Бөкей

ордасы құрылды, ол 1812 жылы Бөкей хандығы деп, ал 1845 жылы Ішкі орда деп аталды. Осы Ішкі ордада ХІХ ғасырдың ортасына қарай адай, алаша, байбақты, беріш, жаппас, есентемір, ысық, қызылқұрт, кете, масқар, ноғай, жетіру, таз, тана, төлеңгіт, шеркеш руының адамдары тұрды. ХІХ ғасырдың соңына қарай қазақ халқы бүгінгі Қазақстан жерінің барлық аумағын алып жатты, тіпті одан тыс көршілес аймақтарда да таралды. Мысалы, Орта жүз қазақтарының кейбір топтары Монғолия, Жоңғария, Батыс Сібір және Орталық Азия жерлерінде де тұрды. Кіші жүз қазақтары оңтүстік-шығыс Еуропа жерлерінде, Орал тауы маңында, Орталық Азияда да тұрды. Ұлы жүз қазақтарының кей топтары Жоңғария, Шығыс Түркістан және Орталық Азия жерлерінде де өмір сүріп жатты.





қазақ руларының таңбалары

### «Қазақ» этнонимінің шығуы

Халықтың қалыптасуы өте күрделі, сан қырлы мәселе. Өткен материалдарда біз Қазақстан жерін сонау қола дәуірінен бастап мекендеген тайпаларды, олардың түр-әлпеті, тілі, мәдениеті қандай екендігін қарастырдық. Әрине, қола дәуірінде, яғни бұдан ІІІ—ІV мың жыл бұрын өмір сүрген андрондық тайпаларды біз қазақ халқының тікелей ата тегі деп атай алмаймыз. Одан бергі сақ, ғұн, үйсін, сармат тайпаларын да тек қазақтың ата тегі деп түсіну тарихқа қиянат болар еді. Тіпті түркі тайпаларының өзі Орталық Азия, Еділ бойы халықтарына, қала берді сонау солтүстік-шығыстағы Колымадан оңтүстік-батыстағы Балқан түбегіне дейін шашырап жатқан түркі жұрттарының шығу тегіне қатысы болғандығын есте сақтау керек. Еуразияның кең-байтақ төсінде өзінің тарихи аумағын, мәдениеті мен тілін, дінін қалыптастырған қазақ деген халықтың күні кеше ғана пайда болмағандығы белгілі. Қазақ халқының нәсілдік-генетикалық, мәдени тегінде сонау андрондықтардан бастап үзілмей келе жатқан бір желі бар екендігін анық байқаймыз. Халықтың халық болып қалыптасуы үшін қажетті бірнеше шарт бар. Олар:

- 1. халықтың өзіне тән мәдениетінің қалыптасуы;
- 2. халық мекендеген аумағының қалыптасуы;
- 3. өзін бір халықтың өкілі санайтын елдік, халықтық сананың орнығуы;
- 4. халықтың тілінің қалыптасуы;
- 5. халықтың ортақ атауының қалыптасуы;
- 6. халықтың өзіне тән антропологиялық бет пішінінің қалыптасуы.



### Қазақ халқының антропологиялық келбеті

Антропология деген не? Халықтың шығу тегін зерттеуде антропологиялық деректердің мәні зор. Антропология — адам ағзасының белгілі бір географиялық ортада, белгілі бір уақыт шеңберінде өзгеруін, осы өзгерістердің неден, қалай болатыны заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Зерттеу объектісі биологиялық түрлердің бірі адам болғандықтан және зерттеу әдістері биологиялық тәсілдерге сүйенетіндіктен, антропология биология ғылымына жатады. Адам баласы жанды тіршілік иелері ішіндегі тарихты жасаушы элеуметтік белсенді организм болғандықтан, антропологияның *тарихи антропология* деп аталатын саласы биология және тарих ғылымдарының әдіс-тәсілдерін пайдаланады, ал зерттеу нәтижесі кәбінесе тарихқа қатысты болады.

Тапсырма: Шежіре туралы мәлімет жинау

## 11 тақырып

### Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.2.2.1 - қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін «ру», «тайпа», «жүз», «ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын пайдалану

#### Бағалау өлшемдері:

Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттарын атайды

#### Антропология ғылымын үш сатыға бөлу қалыптасқан:

1. Адам морфологиясы;
2. Адам баласының шығу тегін зерттейтін сала (антропогенез);
3. Нәсілдерді зерттейтін сала (расогенез).

Халықтың арғы шығу тегін зерттеуде антропологияның нәсілдік ұқсастықтарды, өзгешеліктерді зерттейтін салаларының маңызы зор. Адамдардың белгілі бір географиялық аймаққа бейімделуімен, шығу тегіндегі белгілі бір ортақастығымен қалыптасатын ұқсастықты нәсіл немесе *антропологиялық түр-сипат* деп атайды. Антропологиялық түр-сипат халық боп бірігу барысында қалыптасады. Қазақстан жерін қола дәуірінде (б. з. д. 2—1 -мыңжылдықтар аралығы) Андронов тарихи-мәдени бірлестігіне жататын тайпалар мекендеді. Андрондықтардың сүйектері Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан жерлерінен көп табылып, зерттелді. Олардың антропологиялық түр-сипатын *андрондық тұрпат* деп атайды. Бұл тұрпат еуроидтіктердің арғы тегінің нәсіліне ұқсас. Олардың бас сүйегі мезокранды (үлкен), бетінің тұрқы дөңгеленіңкіреп келген, мұрны дөңестеу. Хакасия жеріндегі Минусин ойпатынан табылған бас сүйектерге ұқсас. Кейінгі жылдары Ойжайлау қорымынан (Жамбыл облысы) табылған бас сүйектердің біразының беті сопақша, маңдайы шығыңқы, ал Зевакино қорымынан (Шығыс Қазақстан) сопақ басты, ат жақты, көз шарасы ұялы, мұрны қусырыңқы бас сүйектер табылды. Бұл антропологиялық материалдар Қазақстан жерін қола дәуірінің соңына қарай мекендеген тайпалардың Орталық Азия тұрғындарымен жақындығын көрсетеді. Қола дәуірінің Алексеевское қонысынан (Қостанай) табылған әйелдің бас сүйегі Мәскеудегі М.М.Герасимов атындағы зертханада қалпына келтірілген.

Бұл бейнеден андрондық тұрпатты көруге болады. Ерте темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың антропологиясы. Ерте темір дәуірінде Қазақстан жерін сақ, ғұн, сармат, т.б. тайпалар мекендеген. Сақтардың бас сүйегі шағын, ми қауашағы кішірек, беті жалпақтау, көзі ұялы, қабақ сүйегі шығыңқы, мұрны дөңестеу болған. Жалпы, сақтардың бет-пішінінде андрондық тұрпат белгілері бар екендігі байқалады. Дегенмен де



сақтардың бет әлпетінде еурпеоидтік тұрпаттың көмескілене бастағаны мынадай белгілерден байқалады: бас сүйектің тұрқы қысқарады, беті жалпақтана түседі, мандайы тайкыланады, көз ұясы шығыңқы бола бастайды. Монғолоидтік белгі Солтүстік, Шығыс Қазақстан сақтарында Орталық Қазақстанды жайлаған сақтарға қарағанда басым болған. Сонымен қатар Қазақстанның оңтүстік өңірлері сақтарында да монғолоидтік сипаттар біршама мол, ал Арал маңын мекендеген сақтарда бұл көрсеткіштер аздау. Б.з.д. V—III ғасырларда Батыс Қазақстанда өмір сүрген савроматтардың кейбір бас сүйектері Жетісу сақтарынікіне ұқсас, оларда да монғолоидтік сипат бар. Сақтардың бет-пішінінде монғолоидтік нышандар пайда болғанымен, еурпеоидтік нәсілдің белгілері әлі де басым. Ғалымдардың есептеуінше, сақтардың бет пішінінде монғолоидтік нышандар басым болды. Сонымен қатар мына мәселеге назар аудару қажет. Өткен ғасырдың 40—50-жылдарында Қазақстан мен Орталық Азияға монғолоидтік нәсіл тек ғұндардың осы өңірлерге енуімен байланыстырылған, ал XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап Г.Ф.Дебецтің, Т.А.Трофимованың, О.Исмағұловтардың деректері бұл өңірдің антропологиялық жағынан монғолдануы ғұндар заманынан бұрын басталғанын көрсетті. Монғолоидтік нәсілді Қазақстан жеріне әкелушілер Орталық Азиядан батысқа қарай қоныс аударған монғол тектес, түркі-монғол тілдес тайпалар еді. Б.з.д. III ғасыр мен б.з. III ғасырлары аралығында Оңтүстік-шығыс және Шығыс Қазақстан жерінде көне үйсін тайпалары өмір сүрді. Жетісу жерінде Сарытоғай, Таңбалытас қорымдарынан табылған кейбір бас сүйектер нәсілдік тегі жағынан таза монғолоидтерге ұқсайды. Үйсін дәуіріне жататын Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан жерінен табылған антропологиялық материалдар да монғолоидтік нәсілдің бұрынғыдан да көбейе түскендігін көрсетеді. Тағы бір айта кететін мәселе, монғолоидтік белгілер ер адамдар бас сүйегінде кездеседі. Орталық Азиядан Қазақстан жеріне осы кезеңде келгендер жаулап алушылар болса керек. Ғұндардың араласуы нәтижесінде жергілікті сақ-үйсін этностың топтардың антропологиясында монғолоидтік нәсіл белгілері күшейе түсті. Сонымен ғұн-үйсін заманында қазақ жерін жайлаған этностық топтардың антропологиялық бет пішінінің мөлшермен 1/4 бөлігі монғолоидтік болды. Жалпы ғұндар Қазақстанның ежелгі тайпаларының антропологиялық тұрпатына ғана емес, сонымен қатар тілінің түркіленуіне де қатты әсер етті. Өкінішке орай, Қазақстан жерінде ғұндардың археологиялық ескерткіштері аз анықталып, нашар зерттелген. Сондықтан антропологиялық материалдар да жоқтың қасы. Түрік дәуірінің антропологиясы. Қазақстан жерінен табылған түрік заманының антропологиялық материалы бұл заман адамдарының тұрпатында еурпеоидтік және монғолоидтік нәсіл белгілері аралас екендігін көрсетті. Аймақтар бойынша салыстырсақ, Шығыс Қазақстанды мекендеген түріктерге қарағанда, Солтүстік Қазақстан жерін мекендеген түріктерде монғолоидтік нышандар көбірек байқалады. Жетісудан табылған түрік заманының бас сүйектері де еурпеоидтік және монғолоидтік нәсілдердің буданы іспеттес, олар қазіргі қазақтардың тұрпатына жақын. Басқа аймақтардағы сияқты Жетісу антропологиялық материалдарының ішінде аса таза еурпеоидтік немесе монғолоидтік түрлер де кездеседі. Түрік заманында Қазақстан жерін мекендеген халық өзінің алақұлалығымен ерекшеленеді. Бұрын-соңды Қазақстан жерінде антропологиялық бет-әлпетінің осыншама ала-құлалығы кездеспеген. Ерте орта ғасырларда да шығыстан батысқа қарай қоныс аударған тайпалардың Қазақстан жеріне соқпай кеткені кемде-кем. Дегенмен де түрік заманындағы жерімізді жайлаған халықтың бет әлпетінде сақ, үйсін адамдарының заңды жалғастығының бар екенін баса айту керек. Сырттан келіп қосылған халықтар сонау сақ дәуірінен бері үздіксіз қалыптасып келе жатқан жергілікті антропологиялық тұрпатты күрт өзгерткен жоқ, тек аздап монғолдандырды. Антрополог О.Исмағұловтың есептеуі бойынша, түрік дәуірінде Қазақстанды мекендеуші тайпалардың антропологиялық тұрпаты 20%-ға монғолданды. Сонымен түркі заманында Қазақстан жерінде тұрандық-оңтүстік сібірлік нәсілдік тұрпат қалыптаса бастады. Монғолдар шапқыншылығы дәуірінде жерімізге азиялық антропологиялық элемент соңғы рет үлкен толқынмен енді. Монғолдар басып алған ғасырларда қазақ халқының бет тшінінде

**сипаты.** Осы аталған халықтық белгілер, әсіресе этностық, нәсілдік-генетикалық, мәдени, тілдік қасиеттер ұзақ тарихи дамудың нәтижесі. Ал этностық аумақ, этностық сана, халықтық этноним этногенездің соңғы кезеңіне қарай қалыптасты. Глоттогенез бұл қандай ұғым? Ол тілдің шығу тегін зерттеу деген сөз. Қазақ тілінің де қалыптасуы — ұзақ глоттогенездік байланыстың нәтижесі. Қазақстан жерін қола дәуірінде мекендеген тайпалардың қай тілде сөйлегені жөнінде нақты дерек жоқ. Көне түркі жазуын зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша, сақ қорғандарынан табылған жазулар көне түркі руникалық әліпбимен төркіндес. Түркі тілі Орталық Азияға кейініректе келген тіл емес. Бұл тілдің арғы төркіні Оңтүстік-батыс Азиядағы б.з.д. IV—III-мыңжылдықта өмір сүрген шумерліктердің тілімен үндесіп жатыр. Тілші ғалымдардың пікірінше, алғашқы шумер тілінің ескерткіштерінде көне түркі тіліне тән көптеген лексикалық сәйкестіктер бар. Шумерліктер мен түріктердің көптеген мәдени-рухани байланысы бар екендігін және алғаш рет көне түркі тілдерінің маманы А.Аманжолов және дарынды ақын, көне тілдерді зерттеуші ғалым О.Сүлейменов нақты мысалдармен дәлелдеді. О.Сүлейменовтің шумертүркі тілдері салыстырмасында 60 сөз бар екендігін айтады, соның кейбіріне ғана тоқталайық:

реті	Шумер тілі	Түркі тілдері
1	Ада — әке	Ата (Ада) — әке
2	Ана — шеше	Ана, Апа — шеше
3	Ту — туу	Туу — туу
4	Туд — туу	Туды — туды
5	Тир — тіршілік	Тірі, тіршілік
6	Шуба — бақташы	Шопан — бақташы
7	Ру — соғу	Ұру — соғу
8	Гаг — кіргізу	Қақ, қағу — кір
9	Таг — тағу	Тақ, тағу
10	Заг — жақ	Жақ
11	Заг-гин — жақындау	Жақын
12	Ме — мен	Мен
13	Ане — анау	Әне
14	Уш — үш	Үш
15	Ен — өте	Ең
16	Кен — кең	Кең
17	Узук — ұзын	Ұзын
18	Уд — от	От
19	Дингир — Құдай, аспан	Тәңір

Біз бұл кестеде шумер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырдық. Ал қазақ тілі түркі тілдерінің тармағына жатады. Бұл жерде бір ескерте кететін мәселе, көне түркі тілі мен кейбір түркі тілдес халықтардың қазіргі тілінде шумер тіліне айтылу үндестігі жағынан да, мағынасы жағынан да жақын сөздер тіпті жиірек кездеседі. Сонымен, шумер-түркі сөздерін осы салыстырудан нені байқаймыз. Біріншіден, шумер лексикасы түркілердікімен салыстыруға келеді. Сөздердің сыртқы үндестігімен қатар ішкі мағынасында да бірлік бар. Екіншіден, шумер тілі мен түркі тілдері бір-бірімен ұзақ уақыт тығыз қарым-қатынаста, өзара ықпалдастықта болғандығын көрсетеді. Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тіл тобына жатады. Бұл топтың ішінде қыпшақ-ноғай тармағына кіреді. Осы тіл тармағына қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері жатады. Қазақ тілі қазақ

этностының негізімен бірге Қыпшақ конфедерациясы заманында қалыптасты. Халықтың этностық, аумақтық, саяси жағынан біртұтас құрылымға айналуы үшін қажетті алғышарттың бірі — оның дербес мемлекеттілігінің болуы. Монғолдар жаулап алғаннан кейін Қазақстан аумағында пайда болған мемлекеттердің — әуелі монғол ұлыстарының, содан соң Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілхайыр хандығының, Ноғай ордасының құрылуы — қазақ мемлекеттілігінің, этностық аумағының қалыптасуына негіз болды. Сонымен қатар қазақ руларының аталған мемлекеттердің құрамында бөлшектенуі әрі қарай этностық топтасуына да кедергі болды. Қазақ рулары түрлі мемлекеттік құрылымдарға бөлініп кетсе де, бір тілде сөйледі. XIV—XV ғасырларда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері қалыптаса бастады. Қазақ халқының халық болып қалыптасуының аяқталуы XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында дербес Қазақ хандығының құрылып, қалыптасуымен байланысты. Сонымен, халық болып қалыптасудың тағы бір шарты — өз мемлекеттілігінің болуы XV ғасырдың екінші жартысында іске асты. Қазақ хандығында бұрынғы кезде басымдық болып келген рулықтайпалық сана бірте-бірте әлсіреп, барған сайын қазақ ұғымындағы ортақ халықтық этностық санаға ұласты. Сөйтіп, *қазақ жері, қазақ елі, қазақ мемлекеті* деген ұғымдар қалыптасты. Этнос теориясымен айналысушы ғалымдардың пікірінше, этностық бірлестіктің әр заманда қалыптасатын үш түрі болады:

Тапсырма: Шежіре туралы мәлімет жинау

### 13 тақырып

#### Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері

**Сабактың оқу мақсаты:** 10.2.2.6 – қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін «ақсүйек», «қарасүйек», «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдарын пайдалану;

#### Бағалау өлшемдері:

Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттарын атайды

15-18 ғ дәстүрлі қазақ қоғамында айқын иерархия орын алды. Қоғам ерекшеленген екі әлеуметтік топтан-ақсүйектерден және халықтан құралды. Бұл топтар бір бірінен саяси және құқықтық тұрғыда айрықша болды. Ақсүйектер тобы әлеуметтік сатының жоғары сатысында орналасып, өздеріне тән артықшылық жағдайды пайдаланды. Ақсүйектердің бірінші тобына Шыңғыс ханның ұрпақтары жатты және олар жүздік жүйеге кірмейтін төрелерді құрады. Ақсүйек адамдардың екінші тобына қожалар, яғни Мұхамед пайғамбар мен басқа да исламды насихаттаушылардың ұрпақтары жатты. Шыңғыс хан ұрпақтары- төрелерді сұлтан деп атады. Олар қазақ қоғамындағы ең ықпалды саяси күш болды. Қоғамның басқа мүшелерімен салыстырғанда, сұлтандардың құқықтық артықшылығы болды.

Көп мал мен мүлікке ие болған ықпалды, дәулетті адам бай деп аталды. Қазақтардың көшпелі қоғамында батырлар ерекше рөл атқарды. Юатырлардың беделі мен билігі тек олардың жеке қасиеттеріне-шайқастағы ерлігіне, күшіне, ептілігіне, шыныққандығына байланысты болды. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы белгілі бір орын ақсақалдарға тиісті болды. Ақсақалдар өз жасы мен бұрынғы сіңірген еңбектеріне қарай құрметке ие болды. Қазақтардың ру тайпалық жүйесі қатардағы көшпелі адамдарды біріктірді. Олардың әр қайсысы құқықтары бар ерікті адам болды. Сол уақыттағы қазақ қоғамында ерксіз адамдар құл мен күң деп аталды.

1. Ру-тайпа.
2. Халық.
3. Ұлт.

Осы этностық бірлестіктердің әрқайсысының өзіне тән этностық санасы болады. Этностық сана дегеніміз — адамның өзін-өзі белгілі бір этностық топтың мүшесімін деп түсінуі. Мысалы, "мен қазақпын" деген түсінік — этностық сананың көрінісі. Рулық-тайпалық жіктелу дәстүрі халық болып қалыптасқанда да, тіпті ұлт болып қалыптасқанда да сақталып қалған қазақ сияқты этностарда этностық сананың осы аталған үш түрі әр замандарда орқалай көрініс тапқан. Әсіресе халық болып қалыптасудың бастапқы кезеңінде халықтық этностық санамен бірге рулық-тайпалық этностық сана басым орын алған. Мысалы, ескікөз қариялар "Қай елсің?" — деген сұраққа бірінші өз руының, одан соң тайпасының, жүзінің атын атаған. Әдетте, "қазақпын" деген атауды тек сырт жұртқа шыққанда ғана айтқан. Өйткені ру тайпасының аты-ақ оның қазақ екенін білдіреді деп есептеген. Қазақ этнонимінің бастапқы түрі — "Алаш мыңы". Қадырғали би Жалайыри көрсеткен "Алаш мыңының" ру-тайпалық құрамы ұлттық ауқымға көтерілген қазақ қауымынан, әрине, анағұрлым тар. Егер "Алаш мыңы" біртіндеп этностық мазмұнға ие бола бастаған әскери одақты еске салса, "қазақ", өрине, таза этностық ұғым. Бұл екі ұғым — тұтас, өзара тікелей сабақтас екі тарихи кезең. Осы уақытқа дейін Орталық Азиядағы, сондай-ақ татар, башқұрт, ноғай және басқа түрлі түркі халықтардың құрамында шашырап жүрген найман, алшын, дулат және осы сияқты кезінде тұтас рутайпалардың

шағын топтары ендігі уақытта біржола ұлттық бірігу жолына тартыла бастайды.

Дәл осындай үдеріс қазақ жерінде де жүріп жатты. "Алаш мыңының" "қазақ" атануы, әрине, бір жылдың, яғни қысқа мерзімнің нәтижесі емес. XV ғасырдың орта тұсында Дешті Қыпшақ жұрты арасында орныққан бұл атауды кейінірек XVI—XVII ғасырларда Орталық Азиядан тыс елдер де қабылдай бастайды. Этнонимнің эволюциясы мынадай бағытта жүрді: Алаш мыңы — Алаш — Қазақ. Біраз уақытқа дейін қазақ жұрты өзін көрші халықтар берген атпен атамай, өз ішінде қабылданған алғашқы тарихи атымен атап келді. Ал оның алғашқы аты — "Алаш мыңы", кейінірек (XV ғ. екінші жартысынан бастап) "Алаш" болатын. Алғашқы этностық одақтың атауы бірден ұмытылып кетпей, тіпті бүкіл бір халықтың ұранына айналды. Біз қарастырып отырған мезгілде, яғни XVI—XVII ғасырларда халықтың өз арасында "алаш" және "қазақ" атаулары айналымда қатар жүрді. Осы заманда өмір сүрген қазақ

қоғамының белгілі өкілдері, тарихшы Қадырғали би, Шалкиіз және Жиёмбет жыраулардың туындыларында "қазақ" атауынан гөрі "алаш" атауының нық және жиі аталуы соның айғағы. Қазақ атауы. "Қазақ" атауының (этнонимі) шығуы жөнінде түрлі пікірлер бар. Бұл мәселенің төңірегіндегі түрлі пікірлер XVIII ғасырдан бері жалғасып келеді, бірақ зерттеушілер әлі бір тоқтамға келген жоқ. Бүгінгі таңда "қазақ" этимологиясының жиырмадан астам түсіндірмелері бар. Мысалы, "қазақ" деген сөз "қаз" және "ақ" деген сөздерден шыққан. "Бұл — қаздай тізілген көш керуеніне қарап қойылған ат", — дейді немесе: "қазақ" атауы "қас" (хас) — нағыз және "сақ" — көне замандағы сақтар атауынан құралған және "хас-сақ" — нағыз сақ деген ұғымды береді", — дейді. "Қазақ" атауы жазба деректерде қай заманнан бастап кездеседі?" деген мәселе де әлі талас тудыруда. Енисейден табылған VIII ғасырдың түркі жазба ескерткішінде "қазғақ" ұғлым — "қазақ ұлым" деген сөз тіркесі кездеседі. Бұл ежелгі түркілерде "бір атаның баласы" дегенді білдірсе керек. IX—X ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерін мекендеген үш қарлұқ тайпасының "хасақтар" деген ортақ атауы болған. Ал қарлұқтардың қазақтар этногенезіне тікелей қатысы барлығы белгілі. X ғасырдың орта шенінде Қазақстан жерінің батысынан шығысына қарай көктей өтіп Қытайға барған

араб саяхатшысы Әбу Дулафтың түркі тайпаларына арналған "Рисала" деген еңбегінде "Хазлақ" деген ел аталады. Бірақ бұл атаудың арабшадан дұрыс оқылуына кей ғалымдар шүбә келтіріп жүр. X ғасырда өмір сүрген Әбілқасым Фирдоусидің "Шаһнама" атты дастанында Афрасиаб патша Иран шахын: "Көк теңіздің терістігінде отырған қазақ жұртымды жіберіп шапқызамын", — деп қорқытады. X—XI ғасырларға жататын араб деректері және орыс жылнамаларында Кубань жерінде әлкасакия этностық қауымы, Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағалауында Касаг қаласы, касогтар елі туралы деректер бар. Біздіңше, бұл деректерде XI ғасырларда, одан да бұрын Дон, Днепр, Қырым түбегіне дейінгі жерлерді жаулап алған қыпшақтар бірлестігінің бір ірі жұрты — қазақтар туралы айтылады, немесе бұл заманда "қыпшақ-қазақ" деген атаулардың бір ұғымды беруі де мүмкін. X ғасырдың орта шенінде өмір сүрген Византия императоры Константин Багрянородный: "Кавказдың солтүстік-батысында "Казахия елі" бар", — деп хабарлайды. Әзірбайжанның батысында бүгінге дейін касак (қазақ) деп аталатын үлкен аудан бар. 1245 жылы мәмлүктік Египет мемлекетін басқарған қыпшақтар араб-қыпшақ сөздігін жасатқан. Онда "қазақ" деген сөзді "еркін, кезбө" деп аударады. Бұл терминге әлеуметтік мағына беріліп, өз руынан, тайпасынан бөлініп шығып, өзінше еркін өмір сүріп, күн көрген топты атайды. "Қазақтар" термині XV ғасырдың 50-жылдарында Шу мен Талас өзендерінің аралығына өзбек ханы Әбілхайырдан бөлініп көшіп барған тайпа топтарына бекітілген. Біртіндеп "қазақ" термині этностық мәнге ие болған. Сонымен, біздің көз алдымызға халықтың қалыптасу кезеңдерін жетерліктей айғақтайтын екі кезеңнің сұлбасы келеді:

- 1. ХУ ғасырдың алғашқы жартысы — Өзбекия, яғни Әбілхайыр ұлысы құрамындағы үш сан жұрттан тұратын Алаш мыңы Одағы;
- 2. XVI ғасырдың екінші онжылдығы — көрші мемлекеттер дербес ел ретінде тани бастаған Қасым хан билігіндегі үш жүзден тұратын қазақ ұлты. Яғни, бұл арада қазақ ұлтының қалыптасу үдерісінің аяқталуы қазақ мемлекеттігінің құрылуына тұтас келеді. Бұл екі кезең үйлесімділік тауып, бірін-бірі толықтыра түседі.

## 14 тақырып

### III Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар

#### Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.3.1.1 -Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік », «саяси ұйым» ұғымдарын пайдалану; 10.3.1.2 -Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.1.3 -Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау

#### Бағалау өлшемдері:

1. Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін анықтайды.
2. Түркі мемлекеттерінің қалыптасуының кезеңдерін және оның ерекшеліктерін негіздейді;
3. XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттайды;

Көшпелілік өркениет пайда болғаннан, яғни бзб 1 мыңжылдықтан басып ортаазиялық көшпелі қауымдастықтарға саяси ұйым мен мемлекеттің алғашқы түрлері қалыптасты. Көшпелілер мемлекеттерінің үш үлгісі бөліп бөлінді. Көсемдік-туыстыққа

негізделген, мұрагерлік билігі бар. Ерте көшпелілер империясы-рулық және рудан тыс байланыстарға негізделген көпсатылы саяси құрылым. Мемлекеттің дамыған кезеңі- дамыған көшпелілер империясында ғана мәжбүрлеу жүйесі мен заң пайда болды. Сақ патшалары көсемдіктер болды. Сақ көсемдері саяси қызметтерді атқарды. Сақ қоғамында әйелдер жоғары мәртебеге ие болды. Қаңлы мемлекеті. Бзб 2 ғ. Сырдарияның орта ағысында күшейді. Қаңлылар билігі біршама уақыт Батыс Қазақстанға, Каспийдің солтүстік жағалауларына дейін таралды. Үйсін мемлекеті бзб 1 мыңжылдықтың соңында Жетісу, Тарбағатай және Тянь Шянь аумағында құрылды. Үйсіндер- сақ тиграхауданың ұрпақтары. Олар жартылай көшпелі шаруашылықты жүргізді. Бзб 2 ғ. бас кезінде үйсіндер күшті мемлекет құрды. Ғұн империясы көшпелілер тарихындағы алғашқы империя және Ұлы Даладағы екінші үлгідегі көшпелілердің алғашқы мемлекеті Б.з.д. 2 мыңжылдықтың алғашқы ширегі бітер кезде Волга мен Алтай арасында мал шаруашылығымен айналасқан адамдар қола жасауды меңгерді. Мыс пен қалайының қосындысы қола. Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласы маңындағы Андронов селосынан қола дәуірі ескерткіштері алғаш рет табылды. Оны 1913 ж. Б.Г. Андрианов ашты. Ғылымда шартты түрде Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерін Андронов ескерткіштері деп атайды. Бұл атауды ғылыми айналымға 1927 жылы С. А. Теплоухов енгізген. 1927 жылы археолог М.П. Грязнов осындай қорымды Батыс Қазақстаннан да тапты. Андронов ескерткіштері Қазақстан, Орта Азия, Сібір жерлерінен табылып отыр. Андронов мәдени-тарихи қауымның негізгі орталықтарының бірі Қазақстан аумағында болды. Батыс аудандардың андроновтық тұрғындары қима мәдениетінің туысқан тайпаларының ықпалына үнемі түсіп және өз тарапынан оларға тікелей ықпал жасап отырды. Археологиялық деректер андроновтық тұрғындардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүргенін көрсетеді. Қоныс-мекендер кең жайылма шалғыны бар өзендердің жағаларына орналасты. Патриархаттық отбасылардың үйлері үлкен жер төбелер болды; олардың жанынан әр түрлі шаруашылық жайлар мен мал қамайтын қашалар салынды. Бұл қоныс-мекендерге мал бағу кәсібі едәуір басым малшылық-егіншілік шаруашылығының кешенді сипаты тән болды. Жалпы, Қазақстанда Андронов мәдениетімен бірге, қима мәдениет ескерткіштері Батыс Қазақстанда табылған. Қима мәдениетінің басты ерекшелігі — қайтыс болған адамдарды қиылған ағаштың арасына салуы. Андронов мәдениетінің ескерткіштері Қазақстанда мол кездесетін болғандықтан, осы хронологиялық кезеңді Андронов мәдениеті арқылы қарастырады. Андронов мәдениетінің ескерткіштерінің өте үлкен аумақта табылуына және оның үлкен кезеңді қамтуына байланысты ғылымда қазір Андронов тарихи-мәдени қауымдастығы деген термин қолданылады. Андроновтық тұрғындарды басқа тайпалардан айыратын мәдениеттің ең басты этнографиялық белгілері жерлеу ғұрпы, геометриялық өрнегі бар балшық қыш ыдыстардың өзінше бір жиынтығы, металл бұйымдардың түрлері болып табылады. Андронов тайпалары тұрқы әр түрлі тас қоршаулар түрінде зираттар тұрғызды, олар тік бұрышталып, дөңгелектей, сопақталып қоршалатын болды. Кейде, әсіресе Орал өңірінде бұлардың орнына обалар үйілді. Өлген тайпалас адамдар не өртелді, не ерекше әдіспен бүйірінен жатқызылып, қол-аяғы бүктеліп, тас тақталардан жасалған «жәшікке» немесе қазылған төрт бұрышты шұңқырға салынып жерленді. Ыдыстар қолдан жапсырылып жасалды. Мұның алдындағы уақытта ыдыстардың түбі шығыңқы домаланып келетін болса, ол енді тайпақ болды. Олардың сырты тарақ тәрізді немесе тегіс қалыппен түсірілген күрделі геометриялық өрнектермен сәнделді. Сәндік заттардың андроновтық тайпалар мәдениетінің тараған шегінен аспаған ерекше түрлері: алтын жапырақшадан бір жарым қайырым бүктеліп жасалған сырғалар, бас киімге және басқа да киімге тағылатын «көзілдірік тәрізді» және «табан із тәрізді» сәнді салпыншақтар, қақтама өрнекті тоталар, шеттері иректеліп түйілген білезіктер болды. Өндіріс техникасының дамығандығы және қола заттар мен балшық ыдыстар түрлерінің әдемілігі мәдениет деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді. Ескерткіштердің тұңғыш рет 1914 ж. Ачинск қаласының маңындағы Андронов деревнясының маңынан табылуына байланысты осылай атаған. Бұл мәдениет Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалар арасына кең тараған. Ол таралған аймағына

және өзіндік белгілеріне қарай үш тарихи кезеңге бөлінеді: ерте кезеңі – б.з.б. 17–16 ғасырлардағы Петров мәдениеті; орта кезеңі – б.з.б. 15–12 ғасырлардағы Алакөл-Атасу, Федоров-Нұра мәдениеттері; соңғы кезеңі – б.з.б. 11–9 ғасырлардағы Алексеев, Замараев, Сарығары, Беғазы-Дәндібай мәдениеттері. Андронов мәдениеті шартты түрде үш кезеңге бөлінеді. Ерте қола — б.з.д. 18-16 ғғ, орта қола б.з.д. 15-12 ғғ., кейінгі қола б.з.д. 12-8 ғ.б. Андронов мәдениеті 8-9 ғасырға созылады (б.э.д. 17-9 ғасырлар). Андронов мәдениетінің алғашқы ескерткіштерін 1914 жылы А.Я. Тугаринов ашты. Содан бері өткен уақыттың ішінде орасан көп археологиялық материал жиналды. Бұл мәдениеттің ескерткіштерін кезендерге бөліп, топтастыруды бастаған С.А. Теплоухов болды. Әсіресе М.П. Грязновтың сіңірген еңбегі зор. Ол 30-жылдарда-ақ Андронов мәдениетінің тарихи құбылыс ретіндегі суреттемесін жасап берді және далалық қола дәуірінің хронологиялық үш кезеңін: алдыңғы, ортаңғы және соңғы кезендерін саралап берді. Кейін К.В. Сальников Орал сыртының Андронов мәдениетіне хронологиялық топтама жасады; оны бірінің орнын бірі басқан үш кезеңге бөліп, оларға шартты түрде мынадай аттар берді:

**Тапсырма:** Танымдық карта жасау

## 15 тақырып

### Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.3.2.2 -ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркімемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау; 10.3.2.3 -Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау

#### Бағалау өлшемдері:

- 1.Түркі мемлекеттерінің қалыптасуының кезендерін және оның ерекшеліктерін негіздейді;
- 2.ХІІІ -ХV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттайды;

Түркі қағанаты (Бітік (руна) жазуымен: түркілердің тайпалық одағы тарапынан орта ғасырларда (552 - 603 ж.) басқарылған Азиядағы ірі мемлекет. Тарихтағы ең ірі мемлекеттердің бірі.Түркі қағанатының күшейген уақытында Солтүстік-Шығыс Қытай (Маньчжурия), Моңғолия, Алтай, Шығыс Түркістан, Батыс Түркістан, Орта Азия, Қазақстан және Солтүстік Кавказ территорияларына иелік еткен. Ерте Түркі мемлекеті - Түркі қағанаты 552 жылы құрылды. Оның негізін салған - Бумын қаған 553 жылы қайтыс болады. Бумын өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара-Еске отырады, оның бастауымен түріктер жоғары жағында бір жердегі Бұкрат (Мула) тауларында аварларды екінші рет жеңеді. Қара-Ескенің мұрагері деп шежіреші оның інісі Иркінді (Ицзинь) атайды, ол қағандық тағына Мұқан қаған деген атпен отырады, оның лақап аты Йанту болды. Мұқан қаған (553-572) билік құрған жылдарда Түркі қағанаты Орта Азияда саяси үстемдікке ие болады. Олар Маньчжуриядағы қидандарды, Енисейдегі қырғыздарды бағындырады, Солтүстік Қытайды алым-салық төлеп тұруға мәжбүр етеді. 563-567жж. эфталит патшалығын басып алады. Міне, осыдан кейін олардың жері Каспий теңізінен Солтүстік Индияға дейін және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан. Бұл жылдары түріктердің батыста жасаған соғыс жорықтары бұлардан да күшті бола түседі. Бұларды Бумынның басқа бір інісі Иштеми бастайды. 552 не 553 жылы батысқа жасалған жорықтардың бірінде Иштеми Бумынмен бірге болып, «он ұлы жетекшіні (немесе қауым бастығын) басқарды, он түмен әскері болды; ху елін (соғдылықтарды) жуасытуға аттанды және «Он тайпалық»

деп атап өзін қағанмын деп жариялады». Түркілер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізіне дейін баратын Жібек жолына иелік етті. Олар өздерінің жаулап алу жорықтарын жүргізуде Иранға қарсы Византиямен одақтасты, 571 жылы түріктердің әскери қолбасшысы Иештеми Солтүстік Кавказды басып алады, сөйтіп Керчь түбегіне (Боспорға) шықты. Оның баласы Түріксанф Керьті басып алып, 576 жылы Қырымға шабуыл жасады. Бірақ Иштеми өлгеннен кейін 582-593 жылдары билік үшін қырқыс басталды. Өзара қырқыс пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Күшейіп алған Иран 588 ж. Герат түбінде түріктерді жеңіп шығады. Византия 590 жылы Боспорды қайтадан жаулап алады. Өзара қырқыстар, әлеуметтік қарама-қайшылықтар қағанатты әлсіретіп, оның 603 жылы Шығыс және Батыс түркі қағанаттарына бөлінуіне әкелді. Шығыс Түркістаннан Амударияға, Еділ өңірі мен Терістік Кавказ далаларына дейінгі жер Қағанат қарауына көшеді. Түркі мемлекетінің басында - қаған тұратын, оның оң қолы (көмекшісі) - "яғбу" титулымен аталатын. 568 ж. бастап Түркі қағанаты 4 аймаққа бөлінетін. Қағанның ордасы - Алтайда болған. Халық 3 әлеуметтік топқа бөлінген - бектер, қара будундар (жалпы халық), таттар (құлдар). Түріктерге бағынатын тайпалардың барлығы - оғыз деп аталатын. 581 ж. Қытайда Чжоу династияның орнына Суй династия келгеннен кейін, жаңа патша түріктермен барлық сауда қарым-қаныстарды үзді. Енді Қытайдан жібек маталары Орта Азияға келмейтін болғандықтан, түрік қағандарының Ұлы Жібек жолындағы рөлі азаюға бастады. Тобо хан қайтыс болғаннан кейін, түркі қағанатта өзара қырқыс басталады. Суй династияның патшалары осы ішкі өзгерістерді сезіп, түркі қағанатты ыдыратуға, әлсіретуге тырысады. Осы саясаттың нәтижесінде, 602-603 жж. қарай, түркі қағанаты екіге бөлініп кетеді. 604 ж. Батыс Түркі қағанатының қағаны болып Тардуш (Дато) сайланды. Ал Шығыс Түркі қағанатының қағаны болып сайланды. Түргеш қағанаты (орыс. Тюргешский каганат; ағыл. Turgish kaganate) — дулу тайпа құрамының ішіне жатады, түргештердің өзі қара және сары түргеш болып бөлінгені белгілі. (Кейбір тарихи деректер бойынша, "сары" және "қара" деген тайпа бөліктері этникалық емес, саяси жағынан қарастырылғаны жөн. Демек, Сақал қаған болған кезде түргеш қағанаты екіге бөлініп кетеді. Біреуінде Сақал өзі қаған болған, ал екіншісінде халықты басқарған Сұлу. Сақалға бағынатын халықты "сары түргеш", ал Сұлуға бағынған халықты - "қара түргеш" деп атаған.) Түргештер Батыс Түрік қағанатындағы бес арыс ел дулаттың белді тайпасы. Шежіре деректерінде "сары үйсін" деп аталады. Түргештер Іле мен Шу өзені аралығында, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрген. Бұл өлке мал шаруашылығына қолайлы, құнарлы өріс-қоныс болды. Сонымен қатар отырықшы егіншілік ошағы, біршама көркейген қалалары бар бай өлке еді. Шығыс пен батыс арасындағы сауда-керуен жолының осы өңірді басып өтетін басты бөлігі түркештердің бақылауында болды. Бұл жағдай түркештердің әскери-саяси және шарушылық қуатын арттыра түсті. Батыс Түрік қағанатындағы өзара тартыстар, Жетісуда өз үстемдігін орнатуға ұмтылған Қытай императорлық әулетінің әскери-саяси әрекеттері қаған билігінің әлсіреуіне, сөйтіп бірте-бірте тек аты ғана қалуына көбіне-көп себепші болды. «Он оқ бұдун» құрамына кірген тайпалардың енді қаған атынан емес, өз туын көтеріп қимыл жасауы жиілей түсті. 694 жылы таққа отырған Ашина Туйцзы тибеттіктермен одақтаса отырып, шығыста қытай әскеріне қарсылық ұйымдастыруға әрекет жасаған кезде, Жетісудың өзінде азғыр Нүзүк-Иркин, түргеш Чыкан және ұлық-оқ тайпасының басшысы бастаған тайпалар Суяб бекінісін қоршауды ұйымдастырған, бірақ шежірешінің сөзіне қарағанда, олар жеңіске жете алмаған. Мұның өзі, шындыққа үйлеспейтін болса керек. Қалаға шабуылдың сәтсіз аяқталуы туралы шежірешінің сөздері өкілдердің мәлімдемесіне ғана негізделген. Әдеттегідей, шайқастың қалай болғанын нақты суреттеп баяндау жоқ, шежіреші тек «жеңілді» дейді де қояды. Ол былай тұрсын, бұдан кейін бірден аймақтың халқын тыныштандыру үшін түрік Хусэлоның бастауымен қосын ұйымдастырылды (бұлар түріктерден құрылған болуы керек) делінеді. Бірақ жорыққа әзірленіп жатқан кездің өзінде қағанатта жаңа бір күш пайда болады да, мұның қуаттылығы соншалық, Хусэ-ло батысқа жорық жасаудың орнына асығыс түрде тайып тұрады. Бұл күш Баға тархан деген атағы бар Үшлік бастаған түргештер болды. Бытыраңқылық және Хусэло



қағанның қашып кетуі жағдайында түргештердің көтерілуі күтпеген жерден болған оқиға емес еді. Қағанаттың сол қанатының құрамына кіретін, халқы көп тайпа болған түргештер VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралығындағы үлкен аймақты алып жатты және Жетісудағы керуен жолдарының көбі солардың бақылауында болды. Түргештердің ықпалы бірте-бірте күшейе берді, оларға бағынышты тайпалар саны көбейді. Үшлік өз жерінде әрқайсысы 7 мың сарбаздан тұратын 20 аймаққа бөлді. Бұрын Шудың солтүстік-батыс жағында болған өз ордасын ол Суябқа көшіріп, оны Үлкен орда деп атады; Күнгіт қаласында оның Кіші ордасы болды. Күнгіт және солай аталатын тайпа Іле өзені аңғарында орналасқан (олар мұнда XI ғасырда да тұрған, мұны Махмұд Қашғари атап көрсеткен). Шежіреде айтылғанындай, батыс түрік жерлері «шығыста солтүстік туцзюйлермен (яғни Шығыс түрік қағанатымен), батыста — хулармен (соғды князьдіктерімен) шектесіп, шығыста тікелей Сичжоу (Тұрфан) және Гинчжоу (Бесбалық) аймақтарына дейінгі жерді алып жатқан». Бұл екі топтың арасы өте-мөте ушығып тұрған болатын. Үстемдік үшін күрестің барысында Іле түргештері Қапаған қаған бастаған шығыс түріктерімен әскери одақ құрды. Олардың арасындағы күрес көріністерінің бірі Ертістен бір түндік жердегі Бөлу Шу өзені бойындағы шайқас болып табылады. Шу түргештері (басқаша айтқанда, сары түргештер) қатты жеңіліске ұшырады, мұның нәтижесінде үстемдік олардың бәсекелестеріне (қара түргештер, бұлар өз ордасын Таласқа көшірді) ауысты. Бұлар қаған тағына қара түргештердің шапыш (чэбиши) тайпасының өкілі Сұлуды отырғызды. Құжаттар сол кездегі Түргеш қағанатында әлеуметтік өзгерістердің болғанын көрсетеді. «Жаңахында» былай делінген: «Шығындар (аксүйектердің) күн сайын өсіп жатты, ал қор дегенің болған жоқ. Соңғы жылдары ол (қаған) тапшылықты сезіне бастады, сондықтан талап алынған олжаларды бірте-бірте бөліске салмай, өз қолында ұстады. Міне, осы кезде бағыныштылар да одан бөлініп шыға бастады». Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түргештердің билеуші топтары арасындағы күреске ұласты. 738 жылы Сұлу қаған өлген кезден бастап бұл күрес өте-мөте шиеленісе түсті. Шежіреде айтылғандай, Түргеш қағанатында «Сақалдың ұрпақтарын сары рулар (сары түргеш) деп, ал Сұлу ұлысын қара рулар (қара түргеш) деп атайды, (олар) бірімен-бірі жауласады, біріне-бірі сенбейді». Түргеш шонжары шумекен Бекан-Күлүг-шорасының (Фу- Янь-Цюэлю-чо) хатында да осы туралы айтылады: «Біз далада, толқып тұратын елде тудық, біріне-бірі шабуыл жасап, кескілесіп жатады...» Арабтар Орта Азияға жаулауы басталған кезде, Қазақстан мен Орта Азияның басым бөлігі Батыс Түрік қағанаты қол астында болды. Арабтарға қарсы күресте Жетісуда өкімет басына келген түргештер болды. Оның негізін салған Үшлік қаған (704-706 жж.). Оның ордасы Шу бойындағы Суяб қаласы болды. Екінші (кіші) ордасы Іле өзені жағасындағы Күнгіт қаласында орналасады. Түргеш қағанатында Үшліктен кейін оның мұрагері болып, баласы Сақал қаған (706-711) таққа отырады. Оның кезінде Түргеш мемлекетінде ішкі бірлік болмайды және қағанат үнемі арабтармен, қытайлармен күрес жүргізіп отырды. Түргеш қағанаты Сұлу қаған (715-738) тұсында күшейді. Оның тұсында түргештер үш майданда күрес жүргізді. Батыстан арабтар, шығыстан Тан әулеті, солтүстікте Шығыс Түркі Қағанаты күш көрсетті. Елшілік жолымен (неке байланысы) және әскери шаралар арқылы Сұлу шығыстан келетін қатерді болдырмады. Бұл жағдай түргештердің батыста белсенді әрекет етуіне мүмкіндік туғызды. 723 жылы Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен тізе қосып, түргештер арабтарды жеңеді. Сұлу қағанды

арабтар Абу Мұзахим (Сүзеген) деп атайды. 737 жылұлудықты өз қолбасшысы Б ға-Тархан өлтіреді. Қағанаттың күйреуі

Оның қазасынан кейін "сары" түргештер мен "қара" түргештер арасында өкімет билігін алу үшін күрес басталды. 746 жылы Жетісуға Алтай мен Тарбағатайдан қарлұқтар келіп қоныстанады. Арабтармен, сондай-ақ өзара қырқыстардан әлсіреген түргештер қарлұқтарға белсенді қарсылық көрсете алмайды. Мұны Қытай империясы пайдаланды. Оның Шығыс Түркістандағы уәлилері 748 жылы өз әскерін Суяб қаласына аттандырады да, оны басып алады. Шаштың иесі дарға асылады. Оның баласы арабтардан көмек сұрап келеді. 751 ж.

Тараз жанындағы Атлах қаласы маңында арабтар мен қытай әскері арасында шайқас болады. Шайқас бес күнге созылады. Шешуші сәтте қытайлардың ту сыртындағы қарлұқтар көтеріліс жасап, арабтар жағына шығады. Қытайлар толық жеңіледі. Тан әскері Жетісуды, Шығыс Түркістанды тастап кейін шегініп кетеді. Арабтар Шашқа қарай кетеді. Бірақ ішкі қырқыс Түргеш мемлекетін әбден тұралатып тастады. 756 жылы түрік тілді қарлұқ тайпаларының әрекетінен түргеш мемлекеті құлады. «Жібек Жолы» (Ұлы «Жібек Жолы») — Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шинжәң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды алманиялық ғалымдары Ф. фон Рихтхофен (F. von Richthofen) бен А. Герман (A. Herman) 19 ғасырда ұсынған.[1] Ұлы Жібек жолы-адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырғын көпір болғын. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында VI ғасырдан бастап, екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары кең өрістелген. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан Қашғар арқылы Жетісуға, содана Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай Батыс елдеріне өткен. Жол бұдан 3-4 мың жыл бұрын болған. Ол Қытайдың Хан патшалығы кезінде ғана өркендей бастаған, себебі Хан патшалығының Хан Уди патшасы Жаң Чянды батыс өңірге екі рет жіберіп, Орталық Азиядағы елдермен достасуға пейілді болған. Жаң Чян қазіргі Ферғана, Самарқан және Балқаш көлі сияқты жерлерге барған. Жаң Чяның сапары бұл жолды шығыс пен батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолына айналдырған. Осыған орай саудагерлер де «Жібек жолында» ат ізін суытпаған. Жаң Чян батыс өңірге және Орта Азияға Қытайдың жібек өнімдерін ала барған; ал елге қайтарында барған жерлерінің тауарлары және батыс өңірінің музыкасы сияқты алуан түрлі мәдениетті алып қайтқан. Жаң Чяның сапары қытайлықтардың батыс өңір мен Орта Азияны түсінуіне мүмкіндік берді. Ал Жаң Чян барған жерлердегі халық та Қытайдың өнімдері мен мәдениетіне қатысты түсінігін анағұрлым тереңдетті. Осылайша, бұл жол гүлденіп, көркейе бастады. Шығыс пен батыстың аралығындағы дәнекерге айналып, өркениеттерді өзара тоғыстырды. Осы жолды қорғау және дамыту мақсатында, Қытайдың әр дәуірдегі патшалары жол бойына қарауыл қойып, әскер тұрғызды.

«Жібек жолы» іс жүзінде өзгермейтін тұрақты жол емес, қайта ол уақыт ізімен өзгеріп отырған, бірақ тарихтағы дәстүрлі сорабы өзгермеген: жол шығыста Чаң-аннан (қазіргі Ши-ан) басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орталық Азияны, Батыс Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады, жалпы ұзындығы 7000 км асады.

Ерте кездегі «Жібек жолы» Шинжәңнан 3 айрыққа бөлінген, Тянь-Шань тауының солтүстігіндегі ежелден бар дала жолы: Жемсары, Іле өңірін басып, Балқаш өңіріне барады, онан ары батыс солтүстікке жүргенде Қара теңіздің шығыс жағалауына жетеді. Оңтүстік айрығы Крораннан (Лулан) шығып Күнлүн тауының батысын қапталдап Жаркентке барады, онан ары жүргенде адырлардан асып, Орта Азияға, Батыс Азияға, Еуропаға дейін созылады. Кроранның батыс солтүстігіндегі Көншы өзенінің батысын бойлап, Иіңпанды, Күшарды басып Қашқар Жаңашар ауданына баратын жол солтүстік айрығы саналады, бұл жол да адырлардан асып, Еуропаға дейін барады. Кейін тағы 3 айрық жол пайда болды: Юймынның батыс солтүстігінен басталып, қазіргі Құмыл, Тұрпан, Жемсары сияқты жерлерді басып, бұрынғы дала жолына тұтасатын жол, бұл кейінірек «солтүстік жол» деп аталды. Тұрпаннан шығып, Тянь-Шань тауының оңтүстігін қапталдап, батысқа беттеп, Қарашәр, Күшәрді басып, бұрынғы солтүстік жол айрығымен тұтасатын жол кейінгі кездері «Орта жол» деп аталды. «Оңтүстік жол» бұрынғысымен ұқсас. 7 ғасыр кейін, теңіз қатынас-тасымалы дамығандықтан, «Жібек жолы» біртіндеп екінші орынға түсті, бірақ 13 ғасырға дейін шығыс пен батыс қатынасының маңызды жолы болып келді. 19 ғасыр басында, Испанияның елшісі Қытайдың 800 түйелік сауда керуенін өз көзімен көріп тұрып Самарқанның жағдайы туралы былай деп жазады.

### Бақылау сұрақтары:

- 1) Түркі қағанаты неше жыл құрылды?
- 2) Түркі қағанаты неше аймаққа бөлінеді?
- 3) Қай ғасырда, испанияның елшісі Қытайдың 800 түйелік сауда керуенін өз көзімен көрді?

### 15 тақырып

#### Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.3.1.2 -Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.4- мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу; 10.3.2.5 -XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау

#### Бағалау өлшемдері:

1. XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттайды;
2. Орта ғасырдағы мемлекеттердің Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтайды;

**Шыңғыс хан** (моңғ. *Чингис хаан*), шын аты – Темүжін (моңғ. *Тэмүжин*) — Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Ежелгі ру басшысы Есугей баһадүрдің отбасында туған. Моңғол империясының шаңырағын алғаш көтерген *Шыңғысхан* ( бала кезіндегі аты Темүжін) 1155 жылы (кейбір деректерде 1162 жыл) Моңғолияның Кендітау аймағындағы Онон өзенінің жағасында, Болдоң деген жерде Есугей батырдың отбасында туған. Темүжін 9 жасқа толған кезінде әкесі татарлар қолынан қаза табады. Өзінің әскери таланты арқасында және дұшпандарының әлсіздігі мен бытыраңқылығын пайдаланып, 1183—1204 жж. өкімет билігі үшін күресте негізгі жауларын — Меркіт тайпасының көсемі Тохтадан бастап, Найман тайпасының басшысы Таян ханға дейін — талқандады да, кең-байтақ территорияны басып алды, сөйтіп онда мекендейтін көптеген ру-тайпалық одақтардың бірден-бір билеушісі болды.

Осы жеңістері және тайпа көсемдерін өз маңына топтастыруға бағытталған бірсыпыра әлеуметтік шараларды жүзеге асыруы нәтижесінде Темүджін дала ақсүйектері құрылтайының шешімімен Барыс жылы (1206) барлық тайпалардың ұлы ханы болып жарияланды да, «Шыңғыс хан» (түркі тілдеріндегі «теңіз» деген сөзден шыққан деп есептеледі) лауазымын алды. Шыңғыс хан Есугейден кейінгі хан сайланады. Шыңғысханның атын моңғолдарды қорғасын деп Шыңғысхан атаған.

Ішкі саясатта Шыңғыс хан мемлекетті басқару ісін бір орталыққа бағындыруға күш салды, түркі-моңғол тайпаларын «мыңдық» деп аталатын әскери-әкімшілік бөліктерге бөлді (өйткені хан талабы бойынша, бұл бөліктердің әрқайсысы 1000 атты әскер беруге тиісті болды). Шыңғыс хан бұларды жайылым жерлерімен қоса өз туыстары мен нояндарға еншіге бөліп берді.

Мемлекеттің басты басты заңы "*Жасақ*" (Яса) деп аталды. Бұл екі бөлімнен тұрған. Бірінші бөлім Шыңғысханның өзі айтқан нақыл сөздері мен ел басқарудағы кейбір басты мәселелер жөніндегі шешімдерден тұрды. Екінші бөлім әскери, азаматтық істерді орындаудағы жалпы заңдар және оларды орындамағандарды жазалаудың түрлі ережелерінен құралды.

"Жасақ" бойынша үкімет билігінің жоғарғы органы *құрылтай* болды. Ол жылына бір рет, жаз айында шақырылды. Онда басты мәселе - алдағы болатын соғыстың жоспары талқыл

Мемлекет ішіндегі наразылықтарды басу үшін 10 мың адамдық жеке жасауыл (кешіктен) құрды. Ол империяны 95 түмен әкімшілік билікке бөлді. Әрбір түменде 10 мыңнан пдам болды. Түмендер аймаққа бөлінді. Әрбір мыңдық он жүздіктен, жүздіктер ондықтардан тұрды. Басқару жүйесі ондықтан басталды.

Әскерде өте қатаң тәртіп орнатты: сәл кіналы немесе қорқақтық көрсеткен әскери адамдар өлім жазасына кесілді. Шыңғыс хан әскери стратегия мен тактикада мұқият барлау, жауды жекелеп талқандау, тұтқиылдан шабуыл жасау, дұшпанды алдау үшін арнаулы отрядтардан тосқауыл қою, қыруар атты әскермен маневр жасау, т.б. әдістерді қолданды. Әскери басқару жағынан Монғолия аумағы мен халқы үш әскери әкімшілік аймаққа бөлінді. Олар Оң қанат (Барунгар), Сол қанат (Жоңғар) және Орталық қанат (Кул) деп аталды. 1207-11 жж. Шыңғыс хан Сібір мен Шығыс Түркістанды (буряттарды, якуттарды, ойраттарды, қырғыздарды, ұйғырларды) бағындырды.

1211 ж. Цзинь мемлекетіне жорық жасады. 1215 ж. Бейжінді алды. 1217 ж. Солтүстік Қытай түгел Шыңғыс ханның билігіне көшті. 1219 ж. Корея патшалығы Шыңғыс хан әскерлерінен тізе бүкті. Моңғол әскерлерінің Солтүстік Қытай мен Корея патшалығына жорықтарын ірі қолбасшы, әмір Мұқылы Гауин Жалаири басқарды.

Қытайға қарсы шабуылдан кейін Шыңғыс хан әскерлерінің бір тобы 1218-19 жж. Жетісуды, 1219-21 ж. Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алды.

Тұғырыл хан мен Темучинның тайшуыттарға қарсы жорығы

1200 жылы Тұғырыл хан мен Темучин тайшуыттарға қарсы бірлескен жорыққа шықты. Тайшуыттарға меркіттер көмекке келді. Жорық кезінде Темучин иығынан жебемен жараланды. Жарақаттың ауыр болғаны соншалық оны қолбасшы Зелме түні бойы оны қарауылдап ем-дом жасады. Ертесінде тайшуыттар көптеген адамдарын тастап қашып кетті. Қалған адамдардың арасында кезінде Темучинды қорғап қалған Сорғаншыра мен шайқаста Темүжінді жаралаған мерген Жырғодай да бар еді. Жырғодай Темучинның әскерінің қатарына қабылданып Жебе деген атқа ие болады. Осыдан кейін тайшуыттар соңынан қуғыншы топ аттандырылады. Олардың көпшілігі шайқаста қырылып, тірі қалғаны өз еркімен берілді. Бұл Темучинның ең бірінші үлкен жеңісі болатын. 1201 жылы монғол қолдары (татар, тайшуыт, меркіт, ойрат және өзге тайпалар) Темучинге қарсы бірікті. Олар Жамұхаға адал болуға ант беріп, оны гүрхан лауазымымен таққа отырғызды. Бұл жағдайды естіген Темучин керейлердің ханы Тұғырылға шабарман жіберді. Тұғырыл хан өз кезегінде қалың қол жинап, Темучин әскеріне қосылды.

Татарларға қарсы жорық

1202 жылы Темучин татарларға қарсы жорыққа аттанды. Ол жорық алдында шайқас кезіндегі түскен олжаны иемденуге тыйым салып, оларды тек шайқастан соң бөлісу керектігі жайлы бұйрық берді. Қатыгез шайқаста Темучин жеңіске жетті. Шайқастан соң Темучин кеңес шақырды. Кеңесте бойы белден төмен балалардан басқа, барлық татарлардың көзін жоюға шешім қабылданды. Мұндай шешімге себеп болған жағдай кезінде татарлардың монғол билеушілерін аяусыз өлтіруі болды (әсіресе Темучинның әкесінің өлімі).

Керейлер ұлысының құлауы

1203 жылы көктемде Халахалджин-Элэт жерінде Темучин мен біріккен Жамұха және Тұғырыл хан арасында үлкен шайқас болды. Тұғырыл ханның Темучинмен соғысқысы келмеген болатын, алайда оның ұлы Нилха-Сенгум мен Жамұха оны соғысқа итермеледі. Тұғырыл хан Темучинды ұлы санап, оған Керей хандығының билігін қалдыру жайлы ойы барын білгендіктен Сенгум Темучинге қарсы жорық шығуға әкесін көндірді. Ал Жамұха болса Темучинды найман билеушілерімен бірігіп, сатқындық жасау туралы ойы бар деп айыптады. Осы ұрыстан соң Темучинның ұлысы үлкен шығынға ұшырады. Алайда Сенгум шайқас барысында жараланып керей әскерлері кері шегінді. Уақыт ұту мақсатын көздеген Темучин дипломатиялық іс-әрекеттерге барды. Ол Тұғырыл хан мен Жамұханың арасына іріткі салуды көздеді. Сол уақытта соғысушы жақтардың ешқайсысына қосылмаған тайпалар Тұғырыл хан мен Темучинге қарсы одақ құрды. Мұны білген Тұғырыл хан оларға

бірінші болып шабуылдап жеңіске жетті. Жеңіске масайраған Тұғырыл хан жеңісін тойлап жатқан еді. Бұл жағдайдан хабардар болған Темучин күтпен жерден шабуыл жасап, қарсыластың тас-талқанын шығаруды ойлады. Тіпті түнгі аялдауға мұршасы болмаған Темучин әскері 1203 жылы күзде керейлердің әскери қосынына жетіп, қарсыласты тас-талқан етті. Осыдан кейін Керей хандығы өмір сүруін тоқтатты. Тұғырыл хан мен ұлы қашып үлгерді, алайда Найман хандығының шекарасында Тұғырыл хан қарауылдың қолынан қаза болды. Ал Сенгум болса қашып кетті, алайда кейіннен ұйғырлардың қолынан қаза тапты.

### **Ұлыстарға бөлуі**

Басып алынған жерлерді Шыңғыс хан ұлыстарға бөлді де, ұлдарына үлестіріп берді. Жошыға Ертістен Орал тауына, одан оңтүстікке қарай Каспий теңізі мен Арал төңірегіне дейінгі жерлер, Орта Азиядағы иеліктерінен Солтүстік Хорезм мен Сырдария аймағы, Шағатайға Мауераннахр, Жетісу, Қашқария, Үгедейге Батыс Моңғолия мен Тарбағатай аймағы берілді. Төле әкесінің ұлысы Моңғолияны мұраға алды.

Шыңғыс хан Танғұттарға кезекті шабуылы кезінде қаза тапты. Соғысты Шыңғыс ханның мирасқорлары, Шыңғыс әулетінің хандары азды-көпті үзілістермен үсті-үстіне жүргізе берді.

Тапсырма: кестемен, мәтінмен жұмыс

## **16 тақырып** **Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі**

### **Сабақтың оқу мақсаты:**

- 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;
- 10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау

### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін мен ерекшеліктерін сипаттайды;
2. Қазақ хандығының құрылуының себептерін анықтайды.

Ақ Орда - Алтын Орданың шығысындағы протоқазақтық ұлыс, кейіннен тәуелсіз мемлекет. Ақ Орданың күшейген кезі 14 ғ. 2 жартысы. 1361 ж. Ақ Орданың билеушісі болған Ұрыс хан өз жағдайын біраз күшейтіп, енді Алтын Орда тағын иемденуге күш салды. Сөйтіп, 1374-1375 жж. Еділ бойымен жорыққа шыққан ол Сарайды өзіне қаратып, Хажы-Тарханды (Астраханды) қоршауға алды. Кама бұлғарларының жерін бағындырды. Бірақ Ұрыс ханның үстемдігі ұзаққа созылмай, келесі жылы ол Еділ бойынан кетіп, Алтын Ордадағы билікті Мамайға беруге мәжбүр болды. 1377 ж. Ұрыс хан қайтыс болды. Ақ Орда иелігі Ұрыс ханның баласы Темір Мәлікке көшті. Бірақ осы кезде Маңғыстау үстіртінің билеушісі - Жошы әулеті Түй хожа оғланның баласы Тоқтамыс Орта Азия әміршісі Ақсақ Темірге сүйеніп, Темір Мәліктің әскерін талқандайды. Өзін 1379 жылы Ақ Орда ханы етіп жариялайды. Ақ Орда әмірлерінің қолдауына ие болған ол, 1380 жылы Сарайды, Қажытарханды, Қырымды және Мамай Ордасын басып алды. Тоқтамыстың бұл табысы орыс жеріне басып кірген Алтын Орда ханы Мамайдың 1380 ж. Куликово даласында орыс әскерлерінен жеңілуі себебінен мүмкін болды. Тоқтамыс мұнымен тоқтаған жоқ. Атап айтқанда, Тоқтамыс Ақсақ Темірдің қамқорынан босануға тырысады. Бірақ, 1380, 1391,

1395 жж. Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған аса үлкен үш жорығынан кейін Алтын Орда тас-талқан болып қирайды. Темірдің басқыншылық соғыстарының нәтижесінде және ішкі талас-тартыстан 14 ғ. соңы мен 15 ғ. бас кезінде Ақ Орда да әлсіреп қалады. 1423-1424 жылдары Орыс ханның немересі Барақ өзінің бақталастарын жеңіп шығып, Ақ Орда да хандықты өз қолына алды. Алайда, Ақ Орданың басты қаласы Сығанақ, Сырдың орта ағысындағы аудандар Темір әулетінің қолында еді. 1425-1426 жылдары Барақ Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбекке қарсы жорыққа аттанып, Сығанақты және Сыр бойындағы басқа да қалаларды босатты. Жорықта жүріп Барақ қаза тапқаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтың билігі Шайбан әулетіне көшті. Барақ өлген соң олар Ақ Орданың елеулі бөлігін жаулап алды. Сөйтіп, 1227 жылы Жошы өліп, оның ұлысы екіге жіктелгенде пайда болған Ақ Орда екі ғасыр өмір сүрді. Ақ Орданың отырықшы аудандарында жерді шартты түрде иелену мен жеке меншіктің түрлері қалыптасты. Мал шаруашылығы да дамыды. Жер иеленушіліктің інжу, милк, сойырғал сияқты түрлері және тархандық сый тарту болған. Ақ Орданың еңбекші халқы хандар мен ақсүйектер пайдасына күпшір, зекет, тағар тәрізді салықтар төлеп тұрды. Ақ Орданың ресми тілі қыпшақ тілі болды. Ноғай ордасы, Маңғыт ұлысы – Алтын Орда ыдырап, Ақ Орда әлсірегеннен кейін Батыс Қазақстан жеріне іргелес аймақта пайда болған мемлекеттік бірлестік.

Негізгі аумағы Еділ мен Жайық аралығы болғанымен, шығыста Жайықтың сол жағасына, солт.-шығыста Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік.-батыста Қазанға дейін, оңтүстік.-батыста Арал, Каспий теңізіне дейін, кейде Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі алқапты қамтыды. Ноғай ордасы алғашында осы бірлестіктің негізін қалаған маңғыттардың атымен “Маңғыт Ордасы” аталған. “Ноғай” атауы бұдан кейініректе, алғаш орыс жылнамаларында (1479), кейін шығыс деректерінде (1500) пайда болған. Бұл атаудың шығу тегі туралы көптеген зерттеушілер 13 ғ-дың 2-жартысында Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай иелігіне қараған ұлыс халқы “ноғай”, “ноғайлы” аталғандықтан деп санайды. Тарихи жазба деректерге қарағанда Н. о-ның негізін Едіге қалаған. Ол 15 жыл (1396 – 1411) Алтын Ордадағы билікті түгелдей өз қолына ұстаған тұста иелігіндегі ноғай ұлысы даралана бастады. Кастилия елшісі Р.Г. Клавихоның жазбасында Едіге ордасы 200 мыңнан астам жасақ ұстағаны айтылады. Ол Алтын Орданы өзі қойған хандар арқылы басқарып, “бектер бегі” немесе “ұлы әмір” атағына ие болған. Ибн Арабшахтың айтуынша, оның жиырма баласының әрқайсысы жеке иеліктерде билік жүргізіп, әскер ұстаған. Н. о-ның даралануы 13 ғ-дың 2-жартысында басталып, Нұр әд-Диннің (1426 – 40) тұсында аяқталды. Орт. – Жайық өз-нің төм. саласы, Сарайшық қ. болды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін пайда болған өзге де ордалар сияқты Н. о-нда этн. құрылымнан гөрі, саяси құрылым басым еді. Бас билікті “бектер бегі”, әмір атқарды. Негізгі бұқарасы “ұлыс адамдары” (ноян, мырза, князь, т.б.), “қара халық” деп аталды. Хан тағы тек Шыңғыс хан әулетінің ғана үлесі болса да, Н. о-ның саяси үстемдігі, экон. тіршілігі маңғыт әмірлерінің, яғни Едіге ұрпағының қолында болып, билік атадан балаға көшіп отырды. 15 ғ-дың орта шенінде ноғайлар Сырдарияның орта ағысындағы қалаларды басып алып, Шығ. Дешті Қыпшақтың саяси өмірінде Едігінің ұрпақтары Уақас би, Мұса мырза, Жаңбыршы, т.б. басты рөл атқарды. Ұлыстар мен ру-тайпалар арасында билік үшін, жайылымдық жер үшін үздіксіз күрес жүрді. Халқының негізгі кәсібі көшпелі мал ш. болды. Н. о-ның құрамына енген тайпалар (қоңырат, маңғыт, алшын, жалайыр, қаңлы, керей, қыпшақ, найман, ар-ғын, тама, т.б.) кейіннен қазақ халқының этн. құрамын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Ш. Уәлиханов Н. о. мен Қазақ хандығы халқының туыстығы туралы “бауырлас орда” деп атаған (қ. Қазақ-ноғай қарым-қатынастары). 15 ғ-дың аяғында Н. о. орыс мемлекетімен саяси және сауда-экон. байланыстар орнатып, ноғай билеушілері Мәскеу мен Қазан базарларына жыл сайын мыңдаған жылқы мен қой өткізіп тұрды. 16 ғ-дың 2-жартысында Қазан мен Астрахан хандықтарын Ресей жаулап алғаннан кейін Н. о. әлсіреп, бірнеше ұлыстарға, ордаларға бөлінді. Солт. Кавказда Кіші Ноғай ордасы, Жем, Ойыл жағалауларында Алты ұлыс ордасы құрылды. Исмаил мырзаның қарамағындағы тайпалар Үлкен Ноғай ордасын құрып, 1557

ж. Орыс мемлекетіне бағынды. Еділ қалмақтарының шабуылынан кейін 1634 ж. ноғайлар Еділдің оң жағалауына көшіп, Кіші Ноғай ордасымен бірікті де, Қырым хандығына тәуелді болды. Н. о. ыдырағаннан кейін қазақ жерінде қалған ел Қазақ хандығы құрамына енді. Н. о. түркі халықтары тарихында үлкен із қалдырды. Қазақ, қарақалпақ, өзбек, татар, башқұрт, т.б. түркі халықтарының ұлт болып қалыптасуында Н. о-на кірген тайпалардың үлесі өте мол. Олардан аса үлкен мәдени мұра қалды; қ. Ноғайлы дәуірінің әдебиеті. Моғолстан — 14 ғ. орталығында құрылған мемлекет. Ол Шағатай әулеті иеліктерінің шығыс бөлігінде қалыптасты. Бұл мемлекеттің негізін қалаған Тоғлық Темір (1348—1362) болды. Моғолстан атауы моңғол деген сөздің түркіше, парсыша атауы болып табылады. 14—15 ғғ. Моғолстан құрамына Түркістан, оңтүстік-шығыс Қазақстан және Орта Азияның кейбір аумақтары кірді. Оған кіретін тайпалар: дұғлаттар, қаңлылар, керейттер, арғындар, барластар кірді. Орталығы — Алмалық қаласы. Бұрынғы Шағатай ұлысының жерін толық билеуді көздеген Тоғлық Темір Мәуереннахрды Шыңғыс әулеті Денішмендінің атынан билеп отырған Қазағанның көзін құртуды, сол арқылы бұл өңірді Моғолстанға қосып алуды ойлады. Сөйтіп, ол 1358 ж. Қазаған әмірді өлтіртті. Бір жылдан кейін Қазағанның мұрагері Абдолла да қаза болды. Осыдан кейін Мәуереннахр тәуелсіз ұлыстарға бөлінді. Оны пайдалану үшін Тоғлық Темір жанталасты. Ал Осы кезде Ақсақ Темір өзінің шағын әскерімен Кеш қаласының әміріне қызмет етіп жүрді. Тоғлық әскерлері Кешті алады. Темір Тоғлық Темірге қызметке кіреді. 1361 ж. Мәуереннахрға екінші рет шабуылға аттанып, оны бағындырған Тоғлық темір баласы Ілияс қожаны оған билеуші етіп қалдырды. Бұл жолы ол Темірді Кеш қаласының бастығы етіп тағайындады. 1362 ж. Тоғлық Темір қаза тауып, Моғолстанда билік Ілияс қожаға көшкенде Мәуереннахрға билеуші болып Қазағанның немересі Хұсайн тағайындалды. Ақсақ Темір онымен бірге Моғолстанға қарсы шығып, Мәуереннахрды өздерінің қол астына біріктіруге кірісті. Ақсақ Темір мен Хұсайн Моғолстан әскерлерін талқандады. Енді Хұсайн мен Ақсақ Темір арасында билік үшін күрес басталды. Осындай шайқастардың бірінде Темір Балқы қаласында Хұсайнды өлтіріп, Мәуереннахрға ие болды.

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) Ақ Орданың күшейген жылдары нешінші ғасыр?
- 2) Ақ Орданың басты қаласы?
- 3) Ноғай Ордасы нешінші жылы ыдырады?

### **17 тақырып**

#### **Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары**

##### **Сабактың оқу мақсаты:**

- 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;
- 10.3.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау;
- 10.3.3.3 Қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін мен ерекшеліктерін сипаттайды;
2. Қазақ хандығының құрылуының себептерін анықтайды.
  - 1) Қазақ хандарының құрылуы.
  - 2) Жәнібек пен Керей Сұлтандары.
  - 3) Қазақ хандарының сыртқы саясаты.

Қазақ хандығы - Қазақстан аумағында бұрын болған мемлекеттік құрылымдардың

мұрагері, этникалық процестермен байланысты әлеуметтік қатынастардың өзгерістер мен экономикалық даму нәтижесі. 1457 жылдың күзінде Әбілқайыр хан Сығанақ түбінде қалмақтардан жеңілгеннен кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандар қол астындағы ру-тайпалармен Шу өңіріне келіп қоныстанып, Қазақ хандығының негізін салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» кітабында Қазақ хандығының құрылған жері - Шу бойы мен Қозыбасы деп айтылады. 1458 жылдың көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Әбілқайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыттың ішінде халықтың саны 200 мыңнан асып түседі. Қазақ хандығының құрылуы осыған дейін бүкіл Қазақстан аумағында болған әлеуметтік-экономикалық және этно саяси процестердің заңды қорытындысы еді. XV ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақ хандары қарсыластарын тықсыра отырып, Батыс Жетісуға табан тіреді. XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, этникалық аумағының негізгі бөлігін қамтитын шекаралары кеңейе түсті. Орта Азия, Астрахан, Қазан, Сібір хандықтарымен, Ресеймен тығыз байланыс болды. Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел, Тәуке хандардың есімдері Қазақ мемлекеттілігі деген атаумен қоса жүреді. Өйткені олардың қазақ жерін нығайтудағы, қазақтардың үстемдігін орнатуғағы әрекеттері орасан зор болатын. Хандықтағы жоғары билік хан қолына шоғырландырылды. Салт бойынша, хан тағына отыруға рудағы үлкен ұлдың құқығы басым болды. Хан әскерлердің бас қолбасшысы және жоғарғы сот қызметін атқарды, шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізу, соғыс жариялау мен бейбіт бітім жасау, заңдар шығару және хандықтың бүкіл аумағын билеудің бас құқығына ие болды. XV-XVII-ғ. Қазақ хандығы дәуірінде қазақ этносының материалдық және рухани мәдениетінің негізгі сипаттары қалыптасты. Қазақ хандығының пайда болу фактісі Жетісудың батыс бөлігінде өтті. Дәл осы жерге Керей мен Жәнібектің қарамағындағы, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумағында тұратын Орта жүздің қазақтары қоныс аударды. Қазақ хандығының әрмен қарайғы нығаю процесі жер аумағының кеңеюі Сырдария өңірінде, Оңтүстік Қазақстан өлкелерінде мемлекеттің орнығуымен қатар жүрді. Қазақ хандары Сыр бойындағы қалалы өңірлерді өзінің экономикалық және әскери базасы деп таныды. Оңтүстік Қазақстан о бастан-ақ Кіндік Азияға тән - көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік деген екі негізгі мәдени типтің бір-бірімен үйлескен, тоғысқан жері болатын. Осындай аралас тарихи-географиялық жағдай өңірдің мәдени-шаруашылық ерекшелігін ғана айқындап қоймай, ежелгі және ортағасырлардағы мемлекеттік құрылымдардың қарым-қатынасының тарихында да ерекше роль атқарды. Түрлі тарихи кезеңдерде Оңтүстік Қазақстан әртүрлі мемлекеттерді басқарған ақсүйектердің (элита) тайталасқан жері болды. Оңтүстік Қазақстан ортағасырлық Қазақстан территориясындағы мемлекеттік құрылымдарға да негіз болған дәстүрлі экономикалық және саяси орталық болып саналды. Сондықтан, Қазақ хандығы үшін де бұл өңір экономикалық мәдени және саяси орталық болуы керек болды. Мұнда кешенді шаруашылық өркендеп, көптеген қалаларда қолөнер, сауда дамыды. Өлкенің идеологиялық орталық ретіндегі ролі де жоғары болды. Қазақ хандарының Сыр бойына иелік ету күресі стратегиялық тұрғыдан басқа жол жоқ болғандықтан, ұзақ та табанды түрде жүргізіліп келді. Осы күрестің барысы, қазақ хандарының ішкі, сыртқы саясаты, хандық аумағының кеңеюі, Қазақ хандығы тарихының т. б. қырлары қазақстандық ғалымдардың көптеген еңбектерінде тереңдетіле қарастырылған. Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысы бойындағы жерлер Орта және Кіші жүз қазақтарының қыстайтын мекендері болатын. Ол кезде Сарыарқа Орта Сырдариямен етене тығыз байланыста болды. Осы өлкені Орта жүз қазақтары қолайлы қыстық жайылым ретінде жоғары бағалайтын. Қазақ даласының жағрафиялық ерекшеліктеріне сай, Шығыс Дәшті-Қыпшақ территориясында ерте ортағасырлар кезеңнен-ақ бақташы қауымдар қыс уақытында оңтүстікке - Сырдария өңіріне, оның сағасына, Қаратау қойнауына келіп қыстайтын мал шаруашылығы қалыптасқан болатын. Дәл осы шаруашылық циклі Қазақ хандығы кезінде де қолданылып жатқан еді. Орталық Қазақстан мен Орта Сырдария Орта жүз қазақтары үшін ортақ территория болып саналды. Ал төменгі Сырдария жерлері мен Арал өңірі де Кіші жүз



қазақтары үшін дәл осындай мәнге ие еді. Астанасы Түркістан қаласы болған Қазақ хандығы тұсында Орталық Қазақстан мемлекеттің стратегиялық тұрғыдан аса маңызды өлкелерінің бірі болды. Керуен жолдары ішінде көне дәуірлерден жеткен екі бағыт ерекше орында тұрды. Сарысу жолы өңірдің батысымен өтті. Оңтүстікте, Жібек жолының негізгі торабынан бастау алған ол Түркістанның үстімен Ұлытауға жете тармақталып, әрі қарай — Орал мен Еділге кететін. Қазақтар үнемі маңызды кеңестер өткізіп отырған, көптеген рулардың таңбасы қашалған атақты Таңбалытас осы Сарысу бойында. Қарқаралы жолы шығыс тарапта қанат жайды. Оңтүстікке Хантау мен Шу арқылы түсетін бұл бағыт, теріскейге қарай қимақтардың жұрты болған Ертіс бойына және одан әрі Батыс Сібірге тартатын. Қарқаралы жолын Хан жолы деп те атады. Қазақ хандығы кезеңінің көптеген сәулеттік ескерткіштерінің арасында қазақтармен достық қарым-қатынаста болған ойрат ұлыс князьдары XVII ғасырда лама дінінің пұтханасы ретінде салдырған Қызылкеніш сарайы (Қыз Әулие сарайы) бар.

Қызылкеніш сарайы Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 260 км жерде, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының территориясындағы Кент тауында орналасқан. Сарай Қызылкеніш сайында, өзеннің оң жағалауында орын тепкен. Ертеден бері жергілікті қазақтар оны «Қыз Әулие» деп атағанымен, зерттеушілер өз жұмыстарында «Қызыл-Кенчский дворец», «Қызыл-Гянчский дворец», «Кзыл-Кенч», «Қызыл-Кенш», «Қызылкентский дворец», "Қызылкеніш сарайы" деп атап келді. Қызылкеніш сарайы өзінің архитектуралық стилі жағынан (2 қабат, балкон, колонналар), сондай-ақ археологиялық қазба барысында табылған заттарына қарағанда да кейінгі кезеңде салынған қазақ құрылысына ұқсамайды. Сарайға жүргізілген 3 жылдық зерттеулер көрсеткендей, ескерткіш ғұрыптық құрылыс болып табылады. Соған қарағанда ол ойраттардың 17-ғ. тұрғызған ламаистік ғибадатхана, яғни монастырь (храм) болса керек. Сарайды өткен ғасырдың 50-жылдарында Республикалық Археологиялық карта құрастыру барысында Қазақстан ҒА экспедициясы зерттеді. Қызылкеніш сарайына археологиялық қазба 1985 ж. басталды. Оны Қазақстан мәдениет Министрлігінің "Казпроектреставрация" Институтының археологиялық отряды жүргізді.

Ескерткіштің бұдан кейінгі зерттелуін 1986-1987 ж. Қарағанды Мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы жалғастырды (профессор А.К.Әбілов бастамасымен құрылған «Эврика» студенттік отряді). Зерттеу барысында негізгі сарай 3 жеке құрылысымен толық аршылып, ескерткіш маңында орналасқан қорымнан 10 жерлеу орны қазылды. Қазбаға дейін сарай қирандысы диаметрі 25 м-ге, биіктігі 2,7 м-ге дейін жететін тасты-топырақты төбе түрінде болып келген. Зерттеу барысында үстіне қалың шөп пен итмұрын бұталары өскен оның айналасынан үш жеке құрылыстың қирандысы мен қорым тіркелді. Сарайдың оңтүстік-шығыс жағында, яғни кіре берісінде тереңдігі 2 м-ге жететін сопақ пішінді екі шұңқыр бар.

Қазбадан кейін, тамбуры бар. 4 бөлмеден тұратын негізгі сарай жобада айқыш (крест) тәрізді құрылыс болып шықты. Сарайдың қабырғалары өңделмеген тақта тастардан қаланған. Тақталардың қалыңдығы 0,10 - 0,20 м. Құрылысты салу барысында оның бұрыштарына ұзындықтары 0,6 - 0,7 м, ендері 0,4 - 0,5 м болып келетін үлкен тақта тастар пайдаланылған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ескерткіш өте қысқа уақыт өмір сүрген. Адамдардың ұзақ уақыт өмір сүрген іздерінің жоқтығы. Тек шамалы ғана күл қабаты, жануарлар сүйектерінің аздығы мен табылған олжалардың мардымсыздығы ескерткіштің тұрақты мекен-жайға айналмағандығын меңзейді. Археологиялық қазба барысында табылған оймышты ағаш әшекейі Монғолияның ламаистік храмдарының әшекейлеріне (өрнектеріне) ұқсас. Оларда бұл өрнектер "фасадтар мен интерьерлерді әшекейлеуде" кеңінен қолданылған [Сонда]. Әсіресе, сарай қирандысының қыш заттары туралы мәліметтері қызықты. Ол жөнінде Н.Коншин өзінің "От Павлодара до Каркаралинска" деген мақаласында былай дейді: "в развалинах дворца находятся вещицы из белой глины в виде конуса с расширенным основанием и закругленной верхушкой. Внутри этих вещей постоянно оказываются зерна пшеницы". И. Чеканинский бойынша Қызылкеніш

сарайының қирандысынан табылған осы заттардың біреуі бұрын Семей музейінің археологиялық коллекциясында сақталған. И. Чеканинский оны "цаца" деп санап, оның суретін Қызылкеніш сарайына арнаған еңбегінде берген. И.Чеканинский бойынша оның өлшемдері мынадай: "Цацаның" биіктігі 43,0 мм, негізіндегі диаметрі 44,0 мм, беліндегі диаметрі 54,0 мм». «Мұндай "цацалар", -деп жазды И.Чеканинский, «ғұрыптық маңызға ие және олар монастырьлардағы құлпытастарға қойылады». Қазба барысында табылған мыс ақша манжур императоры Сюаиь-Е-нің (1662-1722 жж.) билік құрған кезеңіне жатады. Ескерткіште адамдар өте қысқа мерзім тұрған. Түрлі себептерге байланысты ол өзінің өмір сүруінің алғашқы кезеңінде-ақ қиратылып тасталуы мүмкін. Қорымның зерттелген жерлеу құрылыстарының көпшілігі бос. Бірақ, жерлеу құрылысының құрылымы көрсеткендей, олар мұсылмандық ғұрып бойынша салынған. Үстіндегі тас үйінділері, жерленгендердің батыс, солтүстік-батыс тұрақты бағыттары, жерлеу заттарының жоқтығы мұсылмандық жерлеу ғұрпы туралы айтады. Бұл жерде қазақтар өздерінің тумаларын жерлеген деп болжам жасауға негіз бар. Келтірілген ойларды сәл қорытар болсақ, Қызылкеніш сарайы ламаистік монастырь ретінде XVII ғ. салынған. Тек болжам бойынша, оны XVII ғ. 40-жылдарында хошоуттік Хундулен-Убаши немесе осы ғасырдың 70-жылдарының бірінші жартысында Очирту-Цецен-хан салдыруы мүмкін. Сонымен XVI ғасырда Орталық Қазақстан экономикалық жағынан біртұтас, этникалық құрамы біртектес Қазақ хандығының құрамына енді. XVII ғ. қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлік кезеңі, Орталық Қазақстан жерінде қазақтардың әскері екі ірі жеңіске жеткенімен қазақ-жоңғар соғысы әлі жүз жылға созылды (к. Аңырақай шайқасы, Бұланты шайқасы). Қалмақтар мен қазақтардың өзара жауластығы қалмақтардың бір одаққа (1400) бірігуінен басталып, оларды қытайлықтардың түгел жойып жіберген (1757 ж.) кезеңіне дейін ұласты. Абылайдың билігі кезеңінде Сарыарқа даласында Қазыбек би (1667-1763) және Бұқар жырау (1668-1781 ж.) үлкен рөл атқарды. Қазыбек би, Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар тұсында мемлекет басқаруға белсене араласты. Абылайды жоңғар тұтқынынан босатып алуда ерен еңбек сіңірген Қаз дауысты Қазыбек би Абылай хан билікке келген кезеңнен бастап мемлекет ісіне белсене қатысты. Ол ханның бас кеңесшісі және беделді би болды. Бұқар жырау есімі ұрпаққа ақылгөй жыршы ретінде белгілі. Өз шығармаларында Бұқар жырау үш жүздің бірігіп, мықты мемлекет болуын армандады.[2] Қазақ хандығы туралы бізге жеткен нақты жазба деректердің бірі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Жалпы бұл еңбек Моғолстан хандығы тарихына арналған. Алайда сол кездегі саяси жағдайға байланысты Қазақ хандығы туралы да көп мәлімет келтірілген. Абулғазы, Қадырғали Жалайыри өз еңбектерінде Қазақ хандығы, оның билеушілері туралы мәліметтер қалдырды. Сонымен қатар Қазақ хандығы кезеңіне байланысты шығыс деректерінің маңызы зор. Қазақ хандығы — шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орта Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ — қазақ халқының негізінде бірігуі арқылы ХҮ-ғасырдың орта шенінде құрылды. Қазақ хандығының құрылуына 1457-жылдан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас өңіріне қоныс аударуы мұрындық болды. Ол кезде Жетісуді билеген Моғолстан ханы Есенбұға (1434—1462-жылдары билік еткен) қоныс аударған қазақтарды Әбілхайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді. Осы оқиға жөнінде тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан, Жәнібек ханға көшіп кетті. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер - «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870

жылдары (1465—1466) билей бастады...». Алғашында Қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Ежелден осы алапты мекендеген тайпалар Дешті- Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетті. Әбілхайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан күйзелген қазақ тайпалары бұл араға келіп ес жинап, етек жауып, экономикалық тұрмысы түзеле бастады. Мұны көрген Дешті-Қыпшақ көшпенділері Әбілхайыр хан қол астынан шығып, бөгеуін бұзған судай ағылып, Қазақ хандығына келіп жатты. Алайда жаңадан құрылған Қазақ хандығының экономикалық негізі әлсіз еді және бірсыпыра қазақ тайпалары Әбілхайыр хандығының, Моғолстанның, Ноғай Ордасының және Батыс Сібір хандығының қол астында төрт хандыққа бөлшектеніп отырған болатын. Ал Әбілхайыр хан болса өзіне қарсы шығып, Жетісуға қоныс аударған қазақтардың өз алдына хандық құрып отырғандығына және оған көптеген тайпалардың ағылып барып жатқанына азуын басып, қылышын қайрап отырды. Жаңа құрылған Қазақ хандығы құрамына, яғни батыс Жетісу өңіріне он шақты жыл айналасында екі жүз мыңдай саны бар көшпелі тайпалардың жиналуы кең өріс-қонысты керек етті. Сонымен қатар көшпелі елдің отырықшы-егіншілігі көркейген аудандармен, әсіресе қолөнері мен саудасы дамыған экономикалық орталық - Сырдария жағалауындағы қалалармен сауда-саттық қарым-қатынасқа қолайлы жағдай жасау маңызды мәселеге айналды. Бұл қарым-қатынастың оңалуына тек көшпелі ел ғана емес отырықшы аймақтардағы халықтар да мүдделі болды. Осы жоғарыдағы жағдайлардың талабына сай, Қазақ хандығының алдында үлкен тарихи міндеттер тұрды. Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті-Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілхайыр хандығындағы аласапыран кезінде бұзылған еді). Шығыс пен батыс сауда керуен жолы үстіне орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Яса (Түркістан) т. б. қалаларды Қазақ хандығына қарату. Себебі Сырдария бойындағы бай қалалар бұдан бұрынғы мемлекеттік бірлестіктердің — Ақ Орданың, Әбілхайыр хандығының саяси-әкімшілік және сауда-экономикалық орталықтары еді. Сырдария бойындағы қалаларды өзінің экономикалық және әскери тірегіне айналдыру Дешті-Қыпшақ даласын билеудің басты шарты болып келген. Сондықтан бұл қалалардың саяси-экономикалық және соғыс-стратегиялық маңызы зор еді. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру. Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте Қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілхайыр хан болды. Қазақ хандығы Әбілхайырға қарсы күресу үшін ең алдымен Моғолстан мемлекетімен тату көршілік, одақтық байланыс орнатты. Бұл одақ жоңғар тайшысы Амасанжының Моғолстанға және Әбілхайыр ханның Қазақ хандығына қарсы шабуылдарынан біріге отырып қорғануға мүмкіндік берді. 1468-жылы қыста Әбілхайыр хан Қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанды, бірақ сапары сәтсіз болып, осы жорық кезінде қаза тапты. Әбілхайыр хан өлгеннен соң өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды, ішкі шиеленістер күшейді. Әбілхайырдың қаза болуы Қазақ хандығының нығаюына және оның көлемінің кеңеюіне үлкен жағдай тудырды. Өзбек ұлысының үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресте олардың ішкі-сыртқы қайшылықтарын толық пайдаланды. Әбілхайыр ханмен билікке таласып келген Жошы ұрпақтары - Ахмет хан мен Махмұд хан, батыс Сібірдің билеушісі Ибақ хан және Ноғай мырзалармен одақтаса отырып күрес жүргізді. Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар осы күресте қаза тапты. Әбілхайыр ханның мұрагерлерімен күресте Қазақ хандары Әбілхайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті - Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. ХҮ-ғасырдың 70-жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды. Сөйтіп қазақ хандығының территориясы әлдеқайда кеңейді, оған тұс-тұсынан қазақ тайпалары келіп қосылып жатты. Алайда Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханмен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Сонымен қатар бұл қалаларды Түркістан аймағын билеген Әмір Темір әулетінен шыққан Әмір Мұхаммед Мәзит Тархан мен Моғолстан ханы Жүніс

хан да қолдарына түсіруге дәмелі болды. Сыр бойы қалалары үшін Қазақ хандары өте қажырлы қайрат жұмсады. Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани Түркістан аймағына келіп, Мұхаммед Мәзит Тарханды паналады. Мұхаммед Мәзит Тархан Мұхаммед Шайбаниды қолдап, Қазақ хандығына қарсы аттандырмақ болды. Бірақ Мұхаммед Шайбани оның бұл үмітін ақтамады, керісінше оның қолынан Түркістан аймағын тартып алды. 1470 жылы қыста Қазақ ханы Керей қол бастап Түркістанға шабуыл жасады. Қазақ ханы Әз Жәнібектің үлкен баласы Махмұд сұлтан Созақ қаласын бағындырды, екінші баласы Еренжі Сауранды иемденді. Сауран түбінде қазақтардан соққы жеген Мұхаммед Шайбани Бұхараға қашты. Сөйтіп, Сырдария жағасындағы — Созақ және Сауран қалалары Қазақ хандығының құрамына кірді.

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) Нешінші жылы Әбілқайыр хан қалмақтардан жеңілген?
- 2) Нешінші жылы Әбілқайыр хан қалмақтарды қиратпақ болды?
- 3) Нешінші жылы Қазақ ханы Керей қол бастап Түркістанға шабуыл жасады.

### **18 тақырып**

#### **Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі**

##### **Сабактың оқу мақсаты:**

10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу;

10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "Қазақ АКСР", "Қазақ КСР", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдаланады;
2. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктерін атайды және қайшылықтарын сынайды.

- 1) Қазақ халқының отарлау саясаты.
- 2) Ұлттық – азаматтық қозғалысы.
- 3) Азаттық қозғалысы.

Көтерілістің шығу себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді. Яғни отарлық езгінің соғыс кезінде барынша күшеюі, жерді тартып алу, орыстандыру саясаты және т.б. Көтерілістің басталуына патшаның 1916 ж. 25 маусымда армияның қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43-жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы түрткі болды. Шілденің басында қазақ даласында көп кешікпей қарулы көтеріліске айналған стихиялық бас көтерулер басталды. Ол біртіндеп ұйымдасқан сипат алды: Торғай мен Жетісуда оның танылған жетекшілері А. Иманов, Ә. Жанкелдин, Т. Бокин, Б. Әшекеев, Ө. Саурықов басшылық еткен ірі ошақтары пайда болды. Қазақ қоғамында патша жарлығы мен көтеріліске деген көзқарас бір мәнді болған жоқ: бай-феодалдардың бір бөлігі, жергілікті әкімшіліктің кейбір шенеуніктері патша жарлығын қолдап, оны орындауға шақырды. Қазақ интеллигенциясының кейбірі (Бокин, Ниязбеков, Жүнісов) жарлыққа қарсы шығып, оны орындауға қарсыластық көрсетуге шақырса, «Қазақ» гәзеті төңірегіндегі зиялылар (Ө. Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, М. Дулатов және т.б.) күші басым үкіметке қарсы шығудың халықты қырғынға ұшыратарын ескертіп, сабыр сақтауға шақырды. Көтерілістің аса ірі ошақтары Жетісу, Торғай болды. Жетісу

облысында қарулы қарсыластық шілде-тамыз айларында жаппай қарқын алды. Шілденің 17 Жетісу мен Түркістан өлкесінде әскери жағдай жарияланды. Патша үкіметі мұнда ірі әскери күштерді жібере бастады. Қыркүйек, қазан айының басында жетісулық көтерілісшілер шегініп, Шығыс Түркістанға өтіп кетуге мәжбүр болды. Торғай көтерілісі (басшылары А. Иманов, Ә. Жанкелдин) 50 мыңдай адам қамтыған ірі қозғалыс болды. А. Иманов көтерілісшілерді ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөлді. Арнайы мергендер бөлімшесі құрылды. А. Иманов бас сардар болды. Оның жанында әскери кеңес жұмыс істеді.

Торғай облысындағы көтеріліс патша үкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтады. 1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында маңызды орын алды. Ол отарлауға және империалистік саясатқа қарсы өрбіді. Патшалық Ресейдің XX ғасырдың басында Орта Азияның шығыс аудандарын отарлауы өте күшті қарқынмен жүргізілді. Тек 1907 – 1912 жылдары империяның еуропалық бөліктерін бұл жаққа 2 млн 400 мың адам келіп қоныстанды. Әсіресе, Қазақстанда отарлау кең ауқымда жүргізілді. Қазақтардың жерлерінде патша өкіметі шаруаларды қоныстандыру үшін жер қорын жасап, 1916 жылға дейін олардың 45 млн десятина ең шұрайлы жерлерін тартып алды, сөйтіп жергілікті халықтар таулар мен шөл далаларға ығысуға мәжбүр болды. Бұл жерлерде не су, не мал жаятын жеткілікті шабындық болмады. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында бұрынғы Түркістан аймағында (Хиуа мен Бұқараны қоспағанда) 941 жаңадан қоныстанған поселкелер пайда болды. Бұл кезде Түркістанда орыс посекілерінің әрбір тұрғынына 3,17 десятина егін егетін жерден келсе, жергілікті тұрғындарға (қазақ, өзбек, қырғыз, және т.б.) 0,21 десятинадан ғана жер келді. Сөйтіп, ешқандай жері жоқ қазақ–қырғыз тақыр кедейлерінің үлкен тобы құрылды. Жетісу губерниясында көшіп келген орыс кулак шаруашылықтарының 90 проценттен астамы қазақ кедейлерінің жалдамалы еңбегін пайдалнады. Қазақ жерлерін күшпен тартып алу жергілікті халықтар мен орыс–украин қоныстанушыларының арасындағы қайшылықтарды шиеленістерді, жер мәселесі жөніндегі күштеу саясаты шеткі аймақтарда да кеңінен тарады. 1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бұл Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да асар ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша чиновниктері мен жергілікті әкімдерінің және байлардың зорлық–зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнелтілді. Жергілікті халықтан алынатын салық 3 – 4 есе көбейді, шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді. Осынның бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басынның азаюына әкеп соқтырды. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашылығының күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты. Қалалар мен ауылдардағы еңбекші бұқараның жағдайы күрт төмендеді. Соғыс жылдары тек Түркістаннан майдандағы әскерлердің қажеті үшін 40, 899, 044 пұт мақта, 38 мың шаршы метр киіз, 3 млн пұт мақта майы, 229 мың пұт сабын, 300 мың пұт ет, 473,928 пұт балық, 70 мың жылқы, 12797 түйе күштеп алынып, майдан аймақтарына жіберілді. Қазақ шаруаларын кәсіпорындарға, кулак шаруашылықтарына жалдап жұмыс істету күшейді. Дүниежүзілік империалистік соғыс елде өнеркәсіптің қирауына, ауыл шаруашылығының тоқырауына (дағдарысына), халық арасындағы аштыққа алып келді. Жергілікті жерлерде шенеуніктер мен әкімшіліктердің зорлап алымсалық жинауы өсті, халықтар арасындағы ұлттық бөлунішілік күшейді. Қазақ даласында жалпы ұлттық дағдарыспісіп жетілді. Соғыс ауртпалығы Қазақстанда жұмысшылар мен шаруалар қозғалысының өуіне түрткі болды. 1915 жылы маусым айында Екібастұз, Байқоңыр көмір кендерінде, Спасск мыс кен руднитінде, Орынбор –Ташкент темір жолында жұмысшылардың қозғалысы бой көтерді. Соғысқа қарсы, қымбатшылыққа және етек алып келе жатқан аштыққа қарсы қалалар мен деревняларда қала кедейлері мен майданға кеткен солдаттардың әйелдері ереуілге шықты. 1916 жылы қаңтар айында мұндай тоқулар Верный, Семей қалаларында болды. Орынбор облысы Ақ Бұлақ поселкесінің, Жетісу облысы Лепсі уезінің бірқатар селоларының кедейлері мен майданға кеткен әскерлердің әйелдері жергілікті саудагерлер мен

көпестердің дүкендерін талқандады. Сөйтіп, қоғамдағы қанаушы таптар арасындағы қарама-қарсылық, бір-біріне қарсы шығу жалпы бұқаралық сипат алды.

Кәсіпорын иелерінің, жергілікті буржуазия мен феодалдардың зорлық – зомбылығы 1916 жылы 25 мусымда патша өкіметінің «Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже» қабылдауына байланысты тіпті күшейе түсті. Жұмыстан немесе әкімшілік ережелері мен талаптарын орындаудан бас тартқан жұмысшыларды түрмеге отырғызуға, немесе үш ай мерзімге тұтқынға алуға, болмаса айып ретінде ақша өндіріп алуға кесетін болды. Азық – түлік екі – үш есе қымбаттауы да халықтың наразлығына өршіте түсті. Қазақ жастарын майданға тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісі мен орта ғасырлық қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан – 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді. Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоғын пайдаланып болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастарының асқандығына қарамастан кедей жігіттері майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге қосты», ал феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Мәселен, 60 жастағы кедей шалдары 30 жаста болып, 25 – 30 жастағы бай балаларды 50 жастағы болып болып жазылды. Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразлығына тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатігез байларды өлтіру, ірі феодалдардың иеліктеріне шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым–салық қағаздарын т.б. жойып жіберу секілді ашу–ыза әрекеттері кең орын алды. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен қаруланған ел адамдары байлардың ауылдарын өртеп, малдарын әкетеуі жиілей түсті.

Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарында ұлт–азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, империалистік соғысқа және жергілікті жерлерде патша өкіметінің сүйеніш болып отырған феодал – байларға қарсы бағытталды. Бұл қозғалыста еңбекші халықтың өкілдері басқарды. Торғай даласында қазақ жастарын Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда – Жалау Мыңбаев, Ақтөбе даласында - Әділбек Майкөтев, Жетісуда – Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұлов т.б. басқарды. Бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. Ол – 1916 жылы қазақ интеллигенциясының көсемдері, яғни ұлт–азаттық қозғалысты бастаушылар, халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені құр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне көрсете алмай, тағыда қырғыға ұшырайтынын сезді. Бірақ оларға тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны – халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады. «Қазақ» газетінің ашық көтерілу қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақырулары халықтың құлағына кіре қоймады. Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісінен ұлт–азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екендігін дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жыл 27 ақпанда бас–аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей кейінгі зерттеушілер тарапынан болашақ «Алаш» партиясының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты деген ұшқары жалған сөздер айтылды. Алашордалық көтеріліс кезіндегі тактикасын түсінбеді. Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас – көз болып, кейін аман–есен оларды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялылары (оқытушылар, заңгер т.б.) серіктерімен бірге майданға (реквизициаланғандармен) атанды. Бұны нағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігітерінің елге оралуыекі талай еді. 1916 жылғы шілде, тамыз айларында көтеріліс бүкіл қазақ даласын қамтыды. Оны басу үшін патша өкіметі жазалаушы отрядтар жіберді. Оның

құрамында жақсы қаруланған әскер бөлімдері, казак – орыс шоғырлары кірді. Көтерілісті басу үшін патша үкіметі өзінің ескі «бөліп ал да билей бер» деген тактикасында кеңінен қолданады. 1916 жылғы 23 тамызда Түркістан генерал–губернаторы Куропаткиннің жарлығымен майдан жұмыстарына шақырылуларудан қанаушы таптардың бірқатар өкілдері босатылды. Олар: Басқару органдарының (облыстық, ауылдық) қызметкерлері, жергілікті (бұратана) халықтың төменгі полицияда істеп жүргендері, имамдар, молдалар, медреседе істейтіндер, мекемелерде қаражат мәселесімен айналасатын бухгалтерлер мен есепшілер, мемлекеттік мекемелелерде қызмет істеп жүрген бұратана әкімшілігінің бұратана халықтың өкілдері, дворян және құрметті азаматтар әулетінен шыққан бұратана халықтық қозғалыстан бұратана әкімшілігінің, байлар мен мұсылман діні өкілдерінің аздаған тобын бөліп алуға мүмкіндік берді. 1916 жылғы ұлт–азаттық көтерілістің аса ірі орталығы Жетісу болды. Жағдайдың шиеленісуіне байланысты 1916 жылғы 20 шілдеде генерал Куропаткин Түркістан өлкесінің генерал–губернаторы болып тағайындалды. Ол кезде орасан зор аймақты түгелдей халық революциясының от–жалыны шарпыған еді. Мәселен, шілденің 12–сінде Верный уезі Қорам болысының 68 жігіті А. Абдурасуловты, ал шілденің 16–сында көтерілісшілер Құрам болысының болысын өлтірді. Тамыздың 3 – інде Асы өзенінің аңғарында көтерілісшілердің 2 мың адамнан тұратын отряды уезд бастығының көмекшісі Хлыновскийдың отрядына шабуыл жасады. Тамыздың 6 – сында самсы аңғарында Ботбай, Шығыс және Батыс Қастек, Тайторов, Ырғайты болыстарының 5 мың адамдық көтерілісші жігіттері жазалау отрядын қоршап алды. Сол күні Самсы станасасы көтерісшілердің қолында болды, тамыздың 8 – нде Ақсу жайлауында казак – қырғыз съезі өтті. Олар Қордай көтерілісшілерін қолдауға, нарындықтарға ұран тастауға, казак көтерілісшілері көмекке өздерінің қарулы жігіттерінің жартысын жіберуге шешім қабылдады. Қазак және қырғыз еңбекшілері қимылдары патша әкімшілігін мазасыздандырмай қоймайды. Генерал Куропаткин «Қандай амалды болса да қолданудан тайынбай, көтерілісшілерді бағындыруға», «Лаң салушыларға қарсы күресу үшін байырғы халықтың рулық немесе тайпалық араздығын» пайдалануға бұйрық берді. Өз кезеңінде Жетісу болысының генерал – губернаторы М.А. Фольбаум жергілікті казактардан жазалау отрядтарын ұйымдасытру үшін казак станциаларына асығыс түрде винтовкалар мен патрондар жіберді. Мұнымен шектелмей, генерал Куропаткиннің тамыздың 12 – сіндегі нұсқауы бойынша қоныстанушылар ауылдарындағы орыс кулактары қаруландырылды. Жазалау отрядтарының жанынан, облыстың уездік қалаларында әскери дала соттары құрылды.

Азғана уақыт ішінде көтеріліс Шу өзені мен Ыстықкөлге жаспарлас жатқан бүкіл аумақты қамтыды. Көтерілісшілер Қастек тауы өңіріне, Үлкен және кіші Кебен, Асы, Шілік, Сусамыр өзендерінің аңғарына, Талас өзенінің жоғарғы ағысына топталды. Олар телеграф желілерін қиратып, почта стансаларына, болыс ауылдарына шабуыл жасады.

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) Ұлыттық – азаттық күрес қашан басталды?
- 2) Қазақстанның далалық облыстары қанша?

### **19 тақырып**

#### **Қазак мемлекеттілігінің кеңестік түрі. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы**

#### **Сабактың оқу мақсаты:**

Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдай алады.

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "Қазақ АКСР", "Қазақ КСР", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдаланады;
2. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктерін атайды және қайшылықтарын сынайды.

- 1) 60-80 жылдардағы саяси өмір.
- 2) Экономикалық жағдайлар.

XX ғ. 60-80 жылдарындағы саяси өмір. Н.С.Хрущев Қазақстанды сынақ алаңы сияқты пайдаланып, көптеген тың тәжірибелерді, оның ішінде келешегі жоқ тәжірибелерді сынақтан өткізіп байқап көрді. Гидропоникалық әдіспен өсімдік өсіру, жүгері егу т.б. осы сияқты тәжірибелер Қазақстан шаруашылықтарында байқаудан өтті. Оның айтуымен республиканың оңтүстіктегі аудандары көршілес республикаларға берілді, өлкелер құрылды. Көптеген қосалардың аттары өзгертілді: Ақмола – Целиноград атанды, Батыс Қазақстан облысы – Орал облысы болды. Хрущевтің жолсыздықтары мен жөнсіз қылықтарын ашық айтпаса да халық оған наразы болды. Сөйтіп, елдің экономикасын жаңа сатыға көтеру, халық шаруашылығын басқару, өндірісті жоспарлау мен ынталандыру жүйесін тубегейлі жақсарту қажеттігі кесіп жетіліп келе жатты. Экономикалық мәселелерді шешуде субъективизмде, валюнтаризмді жою қажеттігі барған сайын айқындала түсті. Елде қалыптасқан жағдайы түзеу және жол берілген қателіктерді жою жөнінде кезек күттірмейтін шығұл шараларды 1964 жылы 14 қазанда болып өткен КОКП-ның пленумында қабылдады. Пленум Н.С.Хрущевті КОКП ОК-нің бірінші хатшысы және КСРО Министралер Советінің төрағасы міндеттерінен босатты. Оның орнына КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп Л.И.Брежневті сайлады, ал Кеңес Өкіметінің басшысы етіп КСРО Жоғарғы Кеңесі А.Н. Косыгинді тағайындады. Осының артынша партия, совет және басқа қоғам ұйымдарын 1962 жылы жүзеге асырылған өндірістік принцип бойынша бөлу ойластырылмаған іс деп бағаланып, олардың территориялық - өндірістік принцип бойынша құрылуын қалпына келтіру ісі қолға алынды. Сонымен бірге жоспарлау мен экономикалық ынталандыру әдістеріндегі қателер де түзетіле бастады. Осы жылдарда іске асырылған шаруашылық реформа дәйекті жүргізілмегеннің өзінде елдің экономикасын көтеруге елеулі ықпал жасады. 70 жылдардың басында бұрынғыдай социализмнен коммунизмге өту туралы территориялық идея басым болды. Бұл жайлы 1967 жылы қазан төңкерісінің 50 жылдығына арналған сөзінде Л.И.Брежнев мәлімдеді. 1977 жылы 7 қазанда КСРО Конституциясы қабылданды. Конституцияда қияли болжамдар көп болды. Коммунизмге өтер жол мәселесі, кемелденген социализм теориясы кең таралды. 1978 жылы 20 сәуірде Қазақ КСР-інің конституциясы қабылданды. Бұл Кеңестік жүйедегі Қазақстанның соңғы Конституциясы болды. Бұл Конституциясында да демократияны шектеу, адам құқығын елемеу т.с. қоғамға жат құбылыстар орын алды. Ұлтаралық қатынастарда да келеңсіз жағдайлар көбейді. Республикада орыс тілі «ұлы тіл» ретінде дәріптеліп, қазақ тіліне немқұрайды қарау кеңейді. 1979 жылы КОКП ОК-ы Қазақстан жерінде неміс автономиялық облысын құру туралы шешім қабылдады. Автономиялық облыстың құрамына Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Кокшетау облыстарының бірнеше аудандары кіруге тиіс болды. Жоспар бойынша автономиялық облыс орталығы Ерейментау қаласында орналасатын болды. Бұл жөнінде арнайы комиссия құрылып, оған КОКП ОК-ының хатшысы А.Коркин төрағалық етті. Партияның бұл шешімі қазақ халқының ұлттық мүддесін аяққа таптаудың көрінісі болды. 1979 жылы 16 маусымда Ақмола қаласындағы Ленин алаңына қазақ жерінде неміс автономиясын құруға наразы болған жастар жиналды. «Неміс автономиясына жол жоқ!» «Қазақстан бөлінбейді!» деген жазулары бар плакаттар ұстаған жастар партияның бұл шешімін қатты айыптады. Осы жылы 19 маусымда жастар алдына шыққан атқару комитетінің төрағасы Жұмахметов пен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозов Қазақстан жерінде ешқандай автономия құрымайтынына жастарды сендірді. 70 жылдар мен сексенінші жылдардың бірінші жартасында партияның жоғары орындарында сөз бен істің бірлігіне шақырылған үндеулер



барған сайын күштірек естіле бастады. Мұның өзі екі жүзділік үндеу еді. Ойткені, оны басшы органдарында отырғандардың өздерінің орындауы міндетті болмады, талап тек қана төменгі буындағыларға бағытталды. Ішкі партиялық жұмыстарды жақсарту мен жетілдіру жөніндегі көптеген қаулылар көзбояушылық сипат алды. Партия басшыларының қатып қалған жаттандылық және дүмшелік пен цифрлардан, алуан түрлі есеп құрастырудан басқа ешнәрсе талап етілмеді. Партия беделі барған сайын құлдырай бастады. Сонымен Қазақстан президенті Н.А.Назарбаев айтқандай, тоқырау өмірдің барлық салаларында: идеология да, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да, орын алды. Брежневтің жеке басына табыну етек алған жағдайда, әсіресе, жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың бас кезінде ол барған сайын күшейе түсті. Өнеркәсіптің дамуы. 1965 жылы қыркүйекте КОКП ОК-нің пленумы болып өтті. Пленум өнеркәсіпті дамытуға арналды. Пленумда қойылған міндеттер:

1. Өнеркәсіпті салалық принцип (ұстаным) бойынша басқару.
2. Өнеркәсіп салалары бойынша одақтық республикалық министрліктер құру.
3. Кәсіпорындар дербестігін арттыру.
4. Шаруашылық есепті дамыту.
5. Жұмыскерлерді экономикалық ынталандыру мен материалдық мадақтаулары көбейту.

КСРО жоғарғы Кеңесінің сессиясы 1965 жылғы өнеркәсіпті басқару жүйесін өзгерту және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі кейбір басқару органдары өзгеше құру туралы заң қабылдады. Көп ұзамай осындай қаулылар мен заңдарды Қазақстан Компартиясы ОК-нің XIV пленумы мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі де қабылдады. Қабылданған шешімдерге сәйкес 1965-1966 жылдары Қазақстанда халық шаруашылығы Кеңесі және экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кеңестері таратылып, салалық одақтық – республикалық министрліктер құрылып, өнеркәсіптік, құрылыс материалдары, орман, целлюлоза – қағаз және ағаш өңдеу, азық – түлік т.б. кәсіп орындары біріктірілді. 60 жылдардың басында өнеркәсіпті сапалық жағынан өзгерту, ғылыми негізде құру үрдісі басталды. Қазақстанда өнеркәсіпке жаңа техниканы енгізу жоспары жасалды. Ең алдымен өндірісті электрлендіру мәселесі қолға алынды. Қарағандыда іске кіріскен екінші МАЭС пен Бұқтырма су – электір станциясы техникалық – экономикалық көрсеткіштерінің жоғарылығымен ерекшеленді – 45 мың шақырымнан асатын қуатты электр тасымалдау жүйесін орнатты. Қарағанды көмір кеніндегі механикаландырылған жүйе еңбек өнімділігін 6%-ға дейін көтерді. Өндірістің автоматтандырылған жүйесі 27 мың адамның еңбегін атқарды. 1985 жылы жаңа технологиялық процесті өндіріске енгізгені үшін Ащысай полиметалл комбинатына Лениндік сыйлық берілді. Екібастуз көмір кесіндісіне озық технология қолданылып, қуатты экскаваторлар пайдаланылды. Ғылыми – техникалық жетістігі нәтижесінде Шымкенттегі М.И.Калинин атындағы заводта жұміс технологиясы жақсартылды. 1965 жылы Өзен кен орнында жаңа технология негізінде алғашқы мұнай өндірілді. 1965 жылғы шаруашылық реформасы нәтижесінде ғылыми – технологиялық процестерді өндіріске енгізу ісі өнеркәсіптегі жағдайды түбірімен өзгертті. Реформа еңбекпен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіруге оң жол ашты. Кәсіпорындар қызметін жоғарыдан реттеуге шамадан тыс әуестенушілік доғарылды, олардың шаруашылық дербестігі ұлғая түсті. Пайда, баға, ақшалай сыйлық, несие тәрізді экономикалық тұтқалар қозғалысқа келтірілді. Әрбір жұмыскердің, тұтастай алғандағы кәсіпорынның материалдық мүдделігіне баса назар аударылды. 1966 жылы Қазақстанның Өскемен қорғасын – мырыш комбинаты, Шымкент – цемент заводы бастаған II өнеркәсіп жұмыс жүргізудің жаңа тәртібіне көшті. 1970 жылы Қазақстан өнеркәсібінің 70% - ы жоспарлаудың жаңа жүйесіне жұмыс істеді.

1970 жылға қарай КСРО-ның халық шаруашылығында Қазақстанның көмір және темір кенін өндіру, болат балқыту, қара металдар прокаттау жөніндегі үлес салмағы өсті. Республикада бұрын болмаған өнеркәсіп салалары өркендеді: титан, магний, синтетикалық каучук, полиэтилен, көтергіш крандар өндірістері т.б.. Мұнай өндіру және химия өнеркәсібі де бұл уақытта жалпыодақтық маңызға ие болды. Женіл өнеркәсіптер қатары өсті:

Теміртау, Жамбыл қалаларында азық-түлік өнеркәсібі, Алматыда мақта-мата өнеркәсібі, Семейде трикотаж фабрикасы алғашқы өнімін бере бастады. Бес жылдың ішінде республикада жеңіл өнеркәсіптің 14 кәсіпорны салынды. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақстанда 170-ке жуық кәсіпорын іске қосылды. Қуатты Екібастұз отын энергетика кешенінің құрылысы 1970 жылға қарай басталды. 1975 жылға қарай еліміздегі кәсіпорындардың барлығы энергиямен қамтамасыз етілді. 80 жылдары одақ көлемінде өндіріске енгізілген ғылыми-техникалық жаңалықтардың 3% - ы Қазақстанға тиесілі болды. Тоқырау кезеңі дейтін 1971-1985 жылдар аралығында Қазақстан экономикасы бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр (экстенсивті) әдіспен жұмыс істеді. Соның өзінде халық шаруашылығының дамуында кейбір келелі көрсеткіштерге қол жеткізді. Мәселен, осы жылдарда өндіріс және ғылыми өндірістер құрылымдарының саны 28-162 дейін, оның ішінде кәсіпорындар 1971 жылы – 97, ал 1985 жылы – 610 дейін өсті.

Бірақ шаруашылық реформа нәтижесі күткендегідей болмады. Оның себептері:

- КСРО-да ГТП негізінде түбегейлі өзгерістер жүргізу қажеттігі сөз жүзінде мойындалғанымен, іс жүзінде бұрынғы басқару әдістерін қолдану жалғаса берді.

- Мемлекеттік – монополистік меншік ГТП – ты тежеп, экономиканың тиімді дамуына мүмкіндік бермеді.

- Өндірістік берлістіктер құру ісі ғылыми-техникалық саясатта монополиялық бетбағыттардың пайда болуына әкеп тіреді.

Өндіріс саласындағы кемшіліктер:

- Республикада бұрынғысынша шикізат өндірісіне біржақты бағдар ұсталды.

- Республика өндірісінде-көмірдің 50-60%-ы; мұнайдың 70%-ы, темірдің 11,5%-ы рәсуа етілген.

- Әр түрлі себептермен жұмысқа шықпай қалушылық салдарынан жұмыс уақыты босқа жоғалды.

- Кәсіпорындар құқы шектелді.

- Орталықтың өктемдігі күшейді және де басқа ұнамсыз құбылыстар көбейді.

- Жоспарларға түзетулер енгізу сақталды. 1981-1985 жылдары әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың жоспарлары 300 реттен астам түзетілді.

- Директивалық жоспарлау экономикаға орасан зор нұқсан келтірді.

Нәтижесінде Арал теңізі проблемасы пайда болды:

1. Арал теңізі атырабына өндіргіш күштерді орналастыруда жіберілген стратегиялық қателіктер.

2. Жер мен су қорын есепсіз пайдалану.

3. Мақта мен күріш дақылдарын өсіруге дара үстемдік беру. Нәтижесінде теңіз түбі 27 мың шаршы шақырымға құрғап қалды. Теңіз суының тұздылығы 3 есеге өсті. Балық өнеркәсібі жойылды. Теңіз түбінен тұз бен шаң көтеріліп, Арал аймағының климаты күрт нашарлады. Адам өлімі, әсіресе балалардың шетінуі көбейді. Аймақ тұрғындарының 80%-ы әр түрлі сырқаттарға шалдықты. Экологиялық апат қазақ ұлтының генетикалық өсіп-өнуі мүмкіндігін сақтап қалу проблемасын көтерді.

Осындай экономикалық дамудағы кемшіліктерге қарамастан 70-жылдары өнеркәсіп жетекші орын алды. 170-тен астам өнеркәсіп кәсіпорны мен цехтар бой көтерді:

1. Лисаков кен-байыту комбинаты,

2. Шерубай – Нұра шахтасы,

3. Талдықорған аккумулятор заводы,

4. Павлодар облысында Ертісте Шүлбі СЭС-і құрылысы басталды. 1970-1985 жылдары өнеркәсіпті өркендетуге 40,8 млрд. сом жұмсалды (32%). 1970-1985 жылдары өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі – 2 есе, машина жасау, химия өнеркәсібі – 3 есе өсті. 1965 жылдан бастап ауыл шаруашылығы саласына бөлінетін қаржының көлемі көбейді, 7,1 млрд. сом бұл салаға тек қана 8-бесжылдықта бөлінді. Республикада 1893 шаруашылық дәнді дақылдар өсіруге мамандандырылды, 1285 шаруашылық қой өсірумен айналысты. 1967 жылдан бастап ауыл шаруашылық кәсіпорындар шаруашылық есепке көшіріле бастады. Бұл кезде

ауыл шаруашылық саласына басқа республикалардан жұмысшылар келе бастады. 1968 жылы Қазақстанға армия қатарынан босатылғандар және басқа одақтас республикалардан 16 мыңға жуық комбайншы келді. 70-80 жылдары ауыл шаруашылығы жөнінде ауқымды шешімдер қабылданып, оларда сала өндірісінің материалдық базасын нығайту, оның осу қарқынын барынша ұлғайту, мамандыру мен шоғырландыру көзделді. 1971-1980 жылдар ішінде республиканың ауыл шаруашылығына 18 млрд. сомнан астам күрделі қаржы жұмсалды. Жерді суландыруға, химияландыруға да орасан зор көлемде қаражап бөлінді. Ауыл шаруашылығының мәселелерін тек күрделі қаржыны көбейту арқылы ғана шешуге тырысу күткендей нәтиже бермеді. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру төмендей бастады. 9-бесжылдықта - 13%, 2-бесжылдықта – 0,4%. 1964-1985 жылдары мал шаруашылығы құлдырады: 4,2 млн. – ірі қара; 55 млн.-қой-ешкі; 5,1 млн. – шошқа өлім – жітімге ұшырады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындар солақай саясаттың кесірінен көптеген шығынға батып отырды. 1986 жылы еліміздегі барлық ауылшаруашылық кәсіпорындар, шаруашылықтар өздерінің қаржысынан айырылып, несиemen ғана жұмыс ітей бастады. 70-жылдары республиканың бірқатар ауылшаруашылық қызметкелер шаруашылық жүргіздің қалыптасқан құрылымын өзгертуге әрекеттенді, И.М. Худенко сондай адамдардың бірі болатын. Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданындағы «Іле» және «Ақши» совхоздарының директоры И.М. Худенко шаруашылықты басқарудың құрылымын өзгертуге бағытталған бірқатар шаралар қолданып, еркін еңбек ету жүйесін енгізеді, фермерлер усадьбаларын дамытуға әрекеттенді. Бюрократиялық жүйенің кесірінен И.М. Худенко қуғындалып, ақырында бас бостандығынан айырылады. Түрмеге түсіп, сонда қайтыс болады. Колхоздардың дербестігін жоюға бағытталған қадамның бірі – ауыл шаруашылығын мамандыру, кооперациялау және агро-өнеркәсіптік интеграциялау туралы КОКП ОК-нің 1976 жылғы шешімі болды. Оның негізінде колхоздар мен совхоздарды механикаландырылған агро-өнеркәсіптік бірлестіктерді күштеп біріктіру жүргізілді. 1982 жылы мамыр айында КОКП ОК-нің пленумы болып өтті. Онда Азық-түлік программасы қабылданды және агро-өнеркәсіптік кешеннің тиімділігінің жеткіліксіз дәрежесі екендігін мойындауға мәжбүр болды. Пленум азық-түлік проблемасын шешудің бірден-бір мүмкін жолы интенсивтілігі басым өсу факторларына көшу деп тапты.

Алайда Азық-түлік бағдарламасы мен ауылшаруашылық өндірісінің құлдырауын тоқтатуға бағытталған өзге де әрекеттер айтарлықтай нәтиже бермеді. Өйткені бағдарлама басқарудың ескірген жүйесі аясында жасалды және шаруалардың түбегейлі мүдделерін, ауыл еңбеккерлерінің экономикалық мүдделерін қозғаусыз қалдырды. Колхоздар мен совхоздардың шаруашылық дербестігі бұрынғысынша жоғарыдан реттелді. Осының салдарынан ауыл шаруашылығындағы жағдайдың дағдарыстық сипаттары көбейе түсті. 80-жылдардың орта шенінде іс жүзінде барлық жерде тамақ өнімдерімен шектеулі қамтамасыз ету жүйесі енгізілді. Село тұрғындарының еңбегі бағаланбай, олар қалаларға, басқа жақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Жүздеген қаңырап қалған кішігірім ауылдар пайда болды. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда КСРО-да экологиялық жағдай күрделі проблемалардың біріне айналды. Бұл проблемадан Қазақстан да тыс қалған жоқ. Әлем тарихында «қырғи қабақ соғыс» («холодная война») соғыс аталған империалистік мемлекеттер мен социалистік мемлекеттер арасындағы жанталаса қарулану бәсекесі ХХ ғасырдың 2-ші жартасында дүниені шарпыды. Бұл бәсекеде басты орында АҚШ пен КСРО тұрды. Ең алдымен бұл екі мемлекет ядролық қарудың ошағына айналды.

Қазақстан КСРО қорғаныс кешенінің ең ірі ядролық полигоны болды. Қазақстан жеріне осы және тағы басқа әскери қару-жарақ кешендерін салу барасында ешкімнің мүддесі ескерілмеді. Қазақстанда ең ірі Семей полигоны болды. Семей, Павлодар, Қарағанды облыстары түйіскен жерде орналасқан бұл полигон 8372 км<sup>2</sup> жерді қамтыды. 1949 жылы 29 тамызда Семей полигонда алғаш рет ядролық қаруды сынады. Семей полигонда барлығы 500-ге жуық ядролық сынақ өткізілді. Ол кезде полигонның халыққа, қоршаған ортаға деген зияны туралы еш нәрсе айтылмады. Полигонда өткізілген әрбір сынақтың адам өміріне келтіретін зияны өте көп болды. Адамдар арасында түрлі аурулар көбейді. өмірге келетін

сәбилердің кемтар болып тууы жиіледі. Жер қыртыстары жарамсыз болып қалды. 1969 – 1970 жылдары Маңғыстау жерінде жер астында ядролық қару үш рет сыналды. Бұл сынақ халықтан жасырын түрде өткізілді. 70 жылдардан бастап Қазақстандағы тағы бір экологиялық апатты аймақ Арал теңізі болды. Ең алдымен өндіргіш күштерді орналастыруда жіберілген стратегиялық қателік басты себептердің бірі болды. Сырдария, Амудария өзендері суларын мақта, күріш дақылдарын өсіруге қисапсыз пайдалануы Арал теңізінің тартылуын тездетті. Қазіргі уақытта Балқаш көлінің де экологиялық жағдайы проблемаға айналып отыр.

4. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты (1985-1991 жж.).

Дағдарыс алдындағы қоғамның жағдайы . КСРО құрамындағы барлық одақтас республикаларда 1980 жылдан кейін аса күрделі жағдай басталды. Мұндай жағдай елдің әлеуметтік, экономикалық нышандарының жоқтығынан туып еді.

Дағдарыстың себебі өте көп болды.

Саяси саладағы белгілері:

1. Басшылықтың өзгерістерді жүзеге асыру қажеттігін түсінуге қабілетсіздегі және дәрменсіздігі.
2. Қоғамдық өмірдің, экономикалық қызметтің, азаматтардың жеке өмірінің бір орталықтан басқарылуы.
3. Партиялық және мемлекеттік функциялардың бірігуі мен төрешілденуі.
4. Зандылықтың бұзылуы.
5. Жариялылықтың болмауы.

Экономикалық салаларда-дағдарыстың белгілері:

- Шаруашылықтың жүргізудің шығындық тәсілі.
- Ғылыми-техникалық және технологиялық прогресте артта қалушылық.
- Бақылаусыз басқару аппараты.
- Инфляция.
- Товар зәрулігі.

Әлеуметтік саладағы оның негізгі белгілері:

- Халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлауы.
- Теңгермешілдік.
- Әлеуметтік әділеттіліктің жиі бұзылуы.
- Күнделікті тіршіліктің бұрмалануы.
- Ұлтаралық қатынастардағы шиеленістер.
- Маскүнемдік, нашақорлық, ұрлық, парақорлық, жезөкшелік және коррупция.

Сонымен, КСРО қоғам дамуының жаңа бетбағытына мұқтаж жағдайда тұрды.

Қайта құру бағыты.

1985 жылғы наурызда Н.У.Черненко қайтыс болғаннан кейін КОКП ОК-нің Бас хатшысы қызметіне М.С.Горбачев сайланды. 1985 жылы сәуірде КОКП ОК-тың пленумында әлеуметтік, экономикалық дамуды жеделдету мәселесіне сәйкес экономикалық құрылымды қайта құру бағыты жарияланды. М.С.Горбачев саясатының ұрандары: жариялылық жеделдету, қайта құру. Бұл қайта құру бағыты 1986 жылғы КОКП-ның XXVII съезінде мақұлданды. Сонымен партия елде жаңару бағытына бастауға міндет алды.

Қайта құру ешқандай бағдарламасыз, ғылыми айқындамасыз жүргізілді. Бұл бағыттың қияли болжамдары көп болды. Қайта құру бағыты алғышқы кезден бастап сәтсіздікке ұшырай бастады. Бұған Москвада В.В.Гришин, Ленинградта Г.В.Романов, Қазақстанда Д.А.Қонаев, Әзірбайджанда Г.Әлиев сияқты басшылар кінәлі деп шешілді. Қайта құру бағыты мемлекетті сол кезде алғышарты қалыптасқан аса ірі дағдарыстан құтқара алмады. Қоғамдағы жағдай күннен күнге қиындай берді.

Қайта құру бағытының қарама-қайшылығы . 1987 жылы қантар айында болып өткен КОКП ОК-нің Пленумында «Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы» мәселе талқыланды. Қаулының кемшіліктері:

1. Дағдарыстың нақты себептерін көрсете алмады.
2. Жаппай өзгерістердің символына

айналып, сөз жүзінде ғана салтанат құрды. 1987 жылғы маусым Пленумы басқару ісін түбірлі қайта құру мәселеріне арналды. Пленум әзірлеген құжаттар негізінде «Мемлекеттік кәсіпорын туралы заң» қабылданды. Бұл заңда товар-ақша қатынастарының ролі айқындалды. Мемлекеттік кәсіпорындар дербес товар өндірушілер ретінде қарастырылды. Шаруашылықты жүргізудің экономикалық әдістерін меңгеруге көшуге негіз жасалды. Ұзақ мерзімді жоспарлау орнына мемлекеттік тапсырыстар жүйесі енгізілді. Алайда, бұл шаралар іске асырылмады. Қоғамның саяси құрылымдарын жаңартпайынша, шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістері нәтиже бермейтіндігі айқын болды. Халық шаруашылығындағы жағдай ауырлай түсті. Дүкен сөрелерінен күнделікті тұтынатын товарлар жоғала бастады, азық-түлік түрлері нашарлады. 1988 жылғы маусым айында болған КОКП ХІХ Бүкілодақтық конференцияда қоғамның әлеуметтік экономикалық жүйесіне талдау жасалып мынандай шешімдер қобылдады:

1. Саяси жүйеге реформа жүргізбейінше әлеуметтік – экономикалық өзгерістер жасау мүмкін еместегін мойындау.
2. Демократияландыру мен жариялылық.
3. Төрешілдікке қарсы күрес.
4. Халықтық реформа жүргізу.
5. Әлеуметтік әділеттік ұстанымдарын жүзеге асыру.

Осыдан кейін қайта құруды жүргізу үшін ең алдымен саяси жүйеге реформа еңгізу керек болды. Қоғамның саяси және әлеуметтік өміріндегі қайшылықтар мен кемшіліктер. 80-жылдарға қарай халық шаруашылығын жоспарлауындағы және өндіргіш күштерді орналастырудағы әміршіл-әкімшіл жүйенің жіберген кемшіліктері мен қайшылықтарының нәтижесі тоқырау құбылыстарын тұғызды. Республика шикізат көзі ретінде қала берді. Рухани идеологиялық өмірде отарлау жүйесінің толық ықпалында болды. Ғылым мен ағарту саласын қаржыландырудың «қалдықты» ұстанымы сақталды. Ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер, тіл өте ауыр жағдайға тірелді. Тек қана 1954-1986 жылдар аралығында қазақ тілінде білім беретін 600-ге жуық мектеп жабылды. Қазақ тілінің қолдану аясы өте тарылды. Сол кезде билікте отырғандарды тіл тағдыры толғандырмады. Аса маңызды мәселелердің барлығы тек Москвада ғана шешіліп отырды. Республикалар егемендегі сөз жүзінде ғана болды.

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) 1988 ж. Маусым айында болған жағдайлар?
- 2) 1954-1986 жж. Қазақ халқы?
- 3) Қайта құру саясаты дегенімізді қалай түсінесін?

### **20 тақырып**

#### **ІV Бөлім. Мәдениеттің дамуы**

#### **Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері**

##### **Сабактың оқу мақсаты:**

10.4.1.1 - «Мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» түсініктерін қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттауда қолданады

10.4.1.2 - қазақ халқының материалдық мәдениетінің негізгі жетістіктерін анықтау – Қазақстан территориясындағы тарихи-этнографиялық үрдістердің үздіксіздігін талдайды

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін атайды;
2. Ұлттық бірегейлікті сақтауда қазақтардың мәдени мұрасының маңыздылығын түсінеді.

- 1) Көшпелілердің рухани мәдениеті.
- 2) Қазақ даласының даналары.
- 3) Феодалдық мемлекеттер.

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінетінін білесіңдер. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күн көрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды. Зиялы қауым арасында, тіпті оқымысты ғалымдар арасында мәдениет және өркениет ұғымдарын шатастырушылық әлі де кездеседі. Осы арада олар шаруашылық жүргізу мәдениетінің, саяси мәдениеттің, экономика мәдениетінің тағы сол сияқты мәдениеттердің болатындығын ескермеді. Осыдан барып, мәселен, көптеген адамдар мәдениетті тек қана өнер туындылары құрайды деп ойлайды да, оны өркениетпен тең қойып, жаңсақ түсініктерге жол береді. Мәдениет тарихында күні кешеге дейін еуропалықтар Батыс дүниесінің ғана мәдениетін мойындап келді. Оларда мәдениет жасаушы тек еуропалықтар делінген кеудемсоқтық теория белең алды. Бірақ Шығыс өркениетін жасаған мәдени мұралардың ғажайып үлгілері оларды өздерінің менменсіген қисындарынан бас тартуға мәжбүр етті. "Мәдениет" деген ұғымның аясы өте кең. Сондықтан да болар, "мәдениет" ұғымының көптеген анықтамасы бар. Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Мәдениетті кейде шартты түрде материалдық және рухани деп екіге бөледі. Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын дүниелерді материалдық мәдениет үлгілері дейміз. Ал қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек санамен, түйсікпен қабылданатын мәдениет жетістіктерін біз рухани мәдениет дейміз. Рухани және материалдық мәдениет үлгілерінің арасында тұйық шек жоқ. Кейде материалдық мәдениет үлгілері руханияттың үлгісі болып табылады. Мысалы, сәулет өнері ескерткіші, былай қарағанда, материалдық мәдениет, ал сол сәулет өнерінен халықтың немесе сәулетшінің дүниетанымы, мәдени дәстүрі көрінеді. Оның үстіне, сәулет өнері ескерткішінен көрермен рухани ләззат алады. Бұл жағынан қарағанда сәулет өнері ескерткіші рухани мәдениет үлгісіне де жатады. Кітапты да солай түсінуге болады: әрі материалдық дүние әрі рухани құндылық. Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Кейбір батыстық зерттеушілер: "Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға қабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды. Ал отырықшы халықтардың мәдениеті оларға өгей мәдениет болып қала береді", – дейді. Бұл – мүлде қате пікір. Көшпелілер өз тұрмыс-қарекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз. Киіз үй тек баспана емес. Ол халықтың өмірлік салт-дәстүрінің таңбасы қызметін атқарады. Шексіз даланы көк теңізге теңейтін пікірдің жаны бар: көкжиекте, көк аспанның астындағы шексіздікте ақшағала дөңгелек киіз үйлер аралдар тәрізді, олардың арасын дала кемелері — түйелер мен ұшқыр қайық — аттар қосып тұр. Қатал үскірік аяздан, шілденің аптап ыстығынан қорғайтын, тез жинап, тұрғыза қоятын баспанаға киіз үй өте сай келеді. Дөңгеленген сыртқы пішіні қатты желге орнықты болса, туырлықтар жауыннан кейін тез кебеді. Шаңырақ — шеңбер тәрізді шабағынан және күлдіреуіштен тұрады. Оның төбесін түндіктің жартылай ашық тұруы, бір жағынан, тұрмыс қажеттерінен туса (жарық түсетін терезе, түтін шығатын мұржа, таза ауа), екінші жағынан, шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол іспеттес. Егер киіз үйге жоғарыдан төмен қарасақ, онда шаңырақ күнге, ал уық, керегелері оның сәулелеріне ұқсас. Халық санасындағы фәни өмірден нұр жауып тұрған аспанға ұмтылу идеясы киіз үй құрылысынан өз көрінісін табады. Тұрғын үй адамның өмір салтымен, оның дүниетанымымен, әлемдегі алатын орнымен тікелей қатысты. Мысалы, орманды мекен

ететіндер ағаштардың арасынан аспанды төртбұрышты бітімінде көреді, олардың үйлері де төрт қабырғалы, Кавказдың биік тауларындағы үй көшпелі шаруашылық типінде де әрекет етеді. Жазық дала тек көкжиекпен шеңбер тәрізді шектелген. Сондықтан көшпелілердің тұрағы да дөңгелек. Орталық Азиядағы күмбездік архитектураның бір бастауы — көшпелілердің киіз үйі. Бұл тағы да оазистік және көшпелі шаруашылық-мәдени типтердің түрік өркениетіндегі синхрондығын көрсетеді. Натуралдық шаруашылық жағдайында қазақ халқы қолөнер шеберлерін жоғары бағалаған. «Ағаштан түйін түйген», «Он саусағынан өнер тамған» сияқты шебер ұсталар, тоқымашылар т.б. іскер адамдар халықтың материалдық мәдениетінің тамаша үлгілерін жасаған. Халық өнері әсіресе киіз үй жиһаздары мен ұлттық киімнен айқын көрініс тапты. Қазақ жерінде XIX ғасырда айдауда болған поляк Бронислав Залесский былай суреттейді: «Бұл бір ғажайып көрініс: олар көш кезінде, мерекедегідей жасана киінеді, ең әдемі киімдерді, әсіресе байлардың алтын зер төгіп тіккен шапандарын осы кезде көруге болады. Ауыл ақсақалы көш бастаса, ертоқымына қызыл шұғамен тысталған көпшік немесе кілемше жапқан атқа мінген зайыбы оның соңынан ереді... Атты, атқа салт мініп жүруді жақсы көретін бұл халық ең алдымен көлігінің әбзеліне көбірек көңіл бөледі. Ертұрман олар үшін барлықтың, байлықтың белгісіндей болып безендірілуге тиіс. Ердің алдыңғы қасын көбіне күміс қапталып өрнектейді, тіпті қолы жеткендерінің асыл тас орнататындары да болады. Жүген, өмілдірік, құйысқан — бәрі де шебер өріліп, Шығыс үлгісіндегі өрнектермен безендіріледі». Көшпелілердің рухани мәдениеті тіптен бай. Мал шаруашылығы — егіншілікке карағанда бұқара халықтың барлығы қамтылмайтын, қамтығанның өзінде көшпелі қауымның бос уақыты көбірек болатын шаруашылық түрі. Сонымен қатар көшпелілер отырықшыларға карағанда табиғатқа жақынырақ, онымен етене өмір сүрген. Көшпелілерде табиғатқа негізделген дүниетаным, ақынжандылық, қиялшылдық, түптеп келгенде, шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды. Бұдан "Отырықшы халықтарда бұл қасиет болмады, не аз көрініс тапты" деген ой тұмауы керек. Тек бұл қасиеттердің қалыптасуына, көрініс тауып, іске асуына көшпелі өмір объективті түрде көбірек жағдай туғызды. Көшпелілерде де, отырықшы елдер сияқты, жазу ерте пайда болды. Біз сақ жазуларының (б.з.д. 1-мыңжылдықтың ортасы), түрік жазуларының (б. з. VII—VIII ғасырлар) болғандығын, одан бергі ортағасырлық түркі тайпаларында жазудың болғандығын білеміз. Бірақ тағы да объективтік себептермен көшпелілерде отырықшыларға карағанда жазу-сызу кеңінен дами алмады. Олардың рухани мәдениеті — шежіре тарихы, фольклоры, діни ұстаным-қағидалары жадында сақталды. Көшпелілер мәдениетінің тағы бір ерекшелігі — олардың мәдениетінің көбінесе синкретті (біртекті ғана емес, көпқырлы) болып келуінде. Көне заманда қазақ жерінде өмір сүрген тайпалар (сақ, ғұн, үйсін, сармат т.б.), одан кейін орта ғасырлардағы түркілер бүкіл Еуразиялық көне және ортағасырлық өркениеттер мен әр түрлі себептер арқылы (миграция, жаулап алу, бейбіт көршілік жағдайында) араласты. Сол арқылы көшпелілер өздеріне түрлі халықтардың жақсы мәдени жетістіктерін қабылдады, өздерінің мәдени үлгілерін басқа халықтарға жұғыстырды. Көшпелілер түрлі мәдениеттердің бір-бірімен араласуына, жақындасуына қозғаушы күш болған, дәнекер қызметін атқарған. Қазақ мәдениеті жөнінде мәселе қозғағанда, біз мынаны естен шығармауымыз керек. Рас, қазақ мәдениеті өзінің негізгі тіні, өзегі, тұрпаты жағынан көшпелі мәдениеттің үлгісінде жасалған өркениет. Қазақ мәдениетінде отырықшы өркениеттің үлгілері аз болған жоқ. Отырықшы өркениет үлгілері әсіресе орта ғасырларда, Оңтүстік өңірлер мен Жетісуда отырықшы қала мәдениеті дәуірлеген кезде көбейе түсті. Арабтар жаулап алар тұста көне түркілер мекендеген Тұран жерінде диқаншылықпен, мал өсірумен қатар алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік мәдениеті болған.

#### **Бақылау жұмыстары:**

- 1) «Мәдениет» деген сөздің мағынасы?
- 2) Ердің алдыңғы қасын көбінесе немен өркендейді?
- 3) Көне заманда қазақ жерінде өркендеген жер?

## 21 тақырып Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы

### Сабақтың оқу мақсаты:

10.4.1.3-қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін «әдет-ғұрып», «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдарын пайдалану.

### Бағалау өлшемдері:

1. Ұлттық бірегейлікті сақтауда қазақтардың мәдени мұрасының маңыздылығын түсінеді.
2. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін атайды, сипаттайды және рухани-адамгершілік құндылықтармен байланыстырады.

Көптеген ғасырлардың барысында қазақтардың өзіндік бірегей *әдет-ғұрыптары* мен *салт-дәстүрлері* қалыптасты. XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде оның бірқатарын *Ресей әкімшілігінің* өкілдері, орыс және шетел *ғалымдары, саяхатшылар айқын* байқап, жазып қалдырды. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі *отбасылық* және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара *қарым-қатынастарды* қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Қазақтарға дәстүрлі қонақжайлылық қасиет ежелден тән. Олардың бұл қасиеті көптеген ғасырлар барысында қалыптасқан. Бұл жөнінде XIX ғасырдың аяқ кезінде Ресей зерттеушісі **Виктор фон Герн** былай деп жазған болатын: «Жалпы алғанда, қазақтар осы *уақытқа* дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың *сүйегіне* ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет».

Үйге келген қонақ оларда әрқашан үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болады. XIX ғасырда Қазақстанда болып, оны зерттеген неміс зерттеушілерінің бірі **Ф. фон Хелльвальд** та былай деп жазды: «Қырғыз-қайсақтар барынша қонақжай мейірімді болып келеді. Олардың *киіз үйіне* кіріп жайғасқан кез келген жатжерлік адамның өзінді біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз уйықтай беруіне әбден болады».

Қазақтарда үйіне келген кез келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ежелден орын алды. Егер үй иесі қонаққа ондай құрмет көрсетудің дәстүрлі әдет-ғұрпынан бас тартса, әлгі бейтаныс жолаушы үй иесінің үстінен биге барып, шағым айтуға құқықты болған. Ал би қонақжайлылық әдет-ғұрыпты бұзған үй иесіне ат-тон айып салатын. Әдетте мұндай келеңсіз оқиға қазақ арасында өте сирек ұшырасқан.

Қазақтарда ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың бірі - дәм ауыз тию. Үйге бас сұққан кез келген адамды дәмнен ауыз тигізбейінше жібермейтін — «Қуыс үйден құр шығармайтын». Қазақтардың және бір жақсы әдет-ғұрпы - *ерулік* беру. Басқа жақтан жаңадан көшіп келгендерді оның туған-туыстары немесе көршілері арнайы дастарқанға шақырып, ерулік тамақ беретін болған. Бұл арқылы көшіп келген туыстарына немесе көршілеріне деген ыстық ықыласы мен ізгі ниетін білдірген. Ал көшіп келгендер жаңа қонысқа тез үйреніп, ондағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға ықыласты болатын. Далалық көшпелілердегі кеңінен таралған әдет-ғұрыптардың бірі - қалау. Үйге келген қонақтың сол үйдегі өзіне ұнаған заттың кез келгенін қаладым деп айтуына болады, ал үй иесі ол затты міндетті түрде беруі тиіс. Мұның өзі де адамдар арасындағы достық қарым-қатынастың негізін қалайтын. Анасы аман-есен босанып, дүниеге жас нәресте келген соң тап осы әдет-ғұрып бойынша кіндік шешенің де өз қалауын айтып, ұнаған нәрсесін алуына болатын.

Қымызмұрындық - қымыз ашыту маусымының басталуына байланысты әдет-ғұрып. Ауыл адамдары бірін-бірі шақырысып, қымыз ішер алдында



арнайы дастарқаннан тамақ жеседі. Қымызмұрындыққа шақырған үй иелеріне ауыл ақсақалдары ақ батасын береді. Қазақтарда жылу жинау әдет-ғұрпы да бар болатын. Оның мәні кездейсоқ жағдайда үйі өртеніп кеткен немесе дұшпанның шабуылынан, қатал қыстың ауыртпалығынан, су тасқынынан, аштықтан зардап шеккен отбасыларына ауылдас немесе туысқан адамдардың көмек; көрсетуі болып табылады. Олар зардап шеккен жандардың алдына қолдарынан келгенінше мал салып береді, киім-кешек, көрпе-төсек, ыдыс-аяқ жағынан көмек көрсетеді, бастарына шаңырақ көтеруіне жәрдемдеседі. Мұның өзі зардап шегіп, қиналған ағайынға жаны ашынғандықтың, қамқорлық жасағандықтың көрінісі еді. Мүмкіндігі бола тұрып, ондай көмек көрсетуден бас тартқан ағайын-туыс ру ішінен қуылып, аластатылатын. Ал мұндай жазаға кесілгендер өз руының тарапынан жанашырлық жақсылық дәмете алмайды. Өйткені ондай құқықтан айырылған болып саналады. Оларды кез келген қарақшы аяусыз тонап кете алатын.

Қазақ даласында *жұртшылық* деген әдет-ғұрып та кеңінен тараған. Оның мәні белгілі бір себеппен бөлшесінен қарызға батып, оны төлеуге жағдайы жоқ туысқан адамға рулас ағайын-туғандарының көмек көрсетіп, қарызынан құтылуына көмектесуі болып табылады. Мұндай көмек ауыл ақсақалдары кеңесінің шешімі бойынша көрсетіледі. Қазақтардың ауызбірлігінің, өз жақындары мен туыстарына жанашырлықпен жәрдем жасауының бір көрінісі міне осындай.

Дала тұрғындарының дәстүрлі әдет-ғұрыптарының бірі — *асар*. Онда ауыл тұрғындары ешқандай ақы алмастан бірлесе жұмылып, біреудің белгілі бір жұмысын бітіріп береді. Мәселен, олар біреудің қысқы баспанасын немесе мал қорасын салып беруге, сондай-ақ құдығын қазып беруге жұмыла көмектеседі. Асар ауылдас отырған рулас адамдардың туысқандығы мен ынтымақ бірлігінің жарқын көрінісі болып табылады. Асарға шақырылғанда оған бармай қалу әдепсіздік саналатын. Қазақтар XX ғасырдың бас кезінде осы әдет-ғұрыпты пайдаланып көптеген жерлерде зайырлы мектептер және мешіттер салып алды.

Әрбір қазақ суға кетіп бара жатқан адамға жәрдем қолын созуға, қиналған адамның өтінішін орындауға, шөлдеген адамға сусын беруге міндетті. Рулас адамдар жоғалған немесе ұрланған малды бірлесе іздеген. Дала тұрғыны өте-мөте мұқтаж, кейінге қалдыруға болмайтын шұғыл міндетті орындау қажеттігі туған жағдайда кез келген қазақтың жылқы қосынан ат ұстап мініп кете беруге құқықты болған. Бұл үшін ат иесінен рұқсат сұрау міндетті емес-ті. Ондай кезде көлік беруден бас тартқан адамға ат-тон айып салынған және ол туралы жағымсыз қоғамдық пікір қалыптасқан.

Екі қазақ кездесе қалғанда жасы кішісі жасы үлкеніне «Ассаламағалейкүм!» деп бірінші болып сәлем береді. Жасы үлкен кісі оған «Уағалайқұмассалам!» деп жауап қатады. Тек содан кейін ғана егжей-тегжейлі аман-саулық сұрасады. Бұлай сәлемдесу бірін-бірі тіпті танымайтын адамдар үшін де міндетті болып саналады.

Дала тұрғындарына тән әдептілік пен сыпайылық, кішіпейілділіктің бір көрінісі — үлкен кісінің есіміне *әке* (*еке*) сияқты жұрнақ сөз қосып айту. Мәселен, Қазбек — Қазеке, Діқан — Дәке, Бауыржан — Бауке сияқты айтылады. Мұны XX ғасырдың бас кезінде белгілі орыс ғалымдарының бірі **Л. Баллюзек** те байқаған: «Қырғыздардың сыпайылығы, кішіпейілділігі мен әдептілігінің бір көрінісі — жасы үлкен кісілердің есіміне *еке* (*әке*) сөзін қосып айтуы».

Жас келіндер ер азаматты ерекше құрметтеудің белгісі ретінде күйеуінің жақын туысының атын атамаған. Күйеуінің әкесі мен шешесін ата, ене деп атаған. Күйеуінің іні-қарындастарын шырақ, жарқын, айнаш, гүлім, бауырым деп еркелете ат қоятын. Өзге туысқандарына да жаңа әрі жарасымды ат ойлап табатын.

Қазақтар екіқабат әйел мен жасы үлкен адамның алдын кесіп өтуді әдепсіздік санаған. Келіндер атасының, қайын ағаларының көзіне түспеуге тырысқан.

Отағасы үйде жоқ кезде ересек ер адамның үйге түсуіне рұқсат етілмеген. Қазақ даласының мызғымас заңы, міне, осындай еді. Қазақтар үйге бас сұғар алдында қару-жарағын әрқашан тыста қалдыратын. Ал ханның алдына қамшы ұстап кіруге де болмайтын.

Алыс сапардан немесе жәрмеңкеден қайтып оралған адам өзінің жақын туыстары мен көршілеріне әр түрлі сыйлықтар - базарлық ала келетін. Ауыл ақсақалдары тамақ үстінде үлкен табақтан жасы кішілерге асату жасайтын. Егер кімде-кім әлдебір жаңа киім кие қалса, бағалы затқа ие болса, оған жақын туыстарының, дос-жарандарының байғазы беру әдет-ғұрпы болған.

Әйелдер үйде қалған балалары мен жақындарына мереке-тойларда болған жерлерінен *сарқыт* ала келетін. Мұның өзі, бір жағыман, тағамға деген құрметті білдірсе, екінші жағынан, болып өткен мереке тойлардан үйде қалғандардың да дәм татып, қатысты болғанын сезінуге тәрбиелейді. Қазақтарда көптен бері көрмеген жақын-туыстарына қымбат бағалы заттардан, әдемі естелік бұйымдардан, қазы-қарта, мүшелі жіліктерден, сүр еттерден *сәлемдеме* беріп жіберу әдет-ғұрпы да болған.

Сәлемдемені алған жақ шын ниетімен разы болып, ізгі батасын беретін. Базарлықтар мен сыйлықтарды туған-туыстар, дос-жарандар мен көрші-қоландар өзара бөлісетін.

Дала тұрғындары бір-біріне қуанышты хабар жеткізгенде сүйінші сұрайтын әдет-ғұрып та болған. Қуанышты хабар жеткізген адамға жақсы сыйлық жасалатын. Саят құру кезінде жас аңшы бағалы олжасын өзімен бірге аңға шыққан адамдардың жасы үлкен ақсақалына байлайтын. Ол мұны дәстүр бойынша өз еркімен жасаған.

Қазақта ежелден бар тұрмыстық әдет-ғұрыптың бірі - *ажырасу көже*. Оның мәні ауылдың бір тұрғыны басқа бір алыс жаққа көшіп кетерде ағайын-туғандарымен, көрші-қоландарымен қоштасу ретінде ажырасу аяқ деп аталатын тамақ беруінде болатын. Ауылдастарына айтпай, үн-түнсіз көшіп кету көргенсіздік, тәрбиесіздік саналатын. Ал көшіп бара жатқан жақ өздерінің туған-туыстарына, құрметті ауылдастарына көзіміздей көріп жүріндер деп, естелік сыйлықтар қалдыратын. Ал ауылдастары өз кезегінде ризашылығын білдіріп, көш көлікті, барған жердегі қоныстарың құтты болсын айтысып, ақсақалдар ақ баталарын берісетін.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімі ежелден бар болатын. Ондай құрмет жасы үлкен кісінің қай рудан, қай жүзден, қай ұлттан екендігіне қарамай көрсетілетін. XIX ғасырдың аяқ кезінде неміс ғалымдарының бірі Ф. фон Шварц былай деп жазған болатын: «Қырғыз-қайсақтарда сұлтан, батырлармен қатар барлық жасы үлкен, қартайған ер азаматтардың бәрі де кім екеніне, қандай тектен шыққанына қарамай, ерекше сый-құрметке бөленеді». Олар барлық мерекелерде, жиын-тойларда құрметті орындарға, төрге шығарылады. Жиналыстарда олар елеулі рөл атқарады. Жастар олардың айтқан сөзін жерге тастамай, мүлтіксіз орындайтын. Жас жігіт үшін үлкен табақтан ақсақалдың өз қолынан ет асау ең жоғары марапаттың белгісі саналатын. Кіші іні үлкен ағаның рұқсатынсыз дастарқан басына өз бетінше ешқашан отырмайтын.

Жас адамның үлкен кісінің алдын кесіп өтуі көргенсіздік деп есептелінетін. Бұл ереже әйел адамның ер азаматтың алдын кесіп өтпеуіне де қатысты болатын. Жасы кішілердің жасы үлкендерге дауыс көтеруіне барып тұрған әдепсіздік ретінде үзілді-кесілді тыйым салынатын. Әңгіме үстінде жасы үлкен кісінің сөзін бөлуге ешқашан рұқсат етілмейтін.

Жастар алыс жолға аттанарда не үй болып, шаңырақ көтерерде жасы үлкен ақсақалдардың алдынан өтіп, ақ батасын алатын. Қазақтар жасы үлкен әрі құрметті адамдардан мұндай батаны жауға аттанарда да тілейтін.

Тапсырма: кестемен жұмыс

## 22 тақырып

### Тарихи және мәдени ескерткіштер. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы

**Сабақтың оқу мақсаты:** 10.4.1.3-қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін «әдет-ғұрып», «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдарын пайдалану.

#### Бағалау өлшемдері:

1. Ұлттық бірегейлікті сақтауда қазақтардың мәдени мұрасының маңыздылығын түсінеді.  
2. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін атайды, сипаттайды және рухани-адамгершілік құндылықтармен байланыстырады.

- 1) Эпика.
- 2) Аңыздар.
- 3) Музыка өнері.

Эпикалық дәстүр — түркі тайпаларының мәдениетінен байқалатын көне құбылыс. Оның туу, қалыптасу кезеңдері тереңге тартады. Осы дәстүр аясында көптеген жанрлар қалыптасқан. Олар әдетте 7-8 буынды өлшемге негізделіп, халық поэзиясының негізгі қабатын құрайды. Сонымен бірге эпикалық дәстүрдің музыка өнеріне де қатысы бар. Мазмұны мен мақамдық ерекшеліктеріне байланысты эпикалық жанр бірнеше салаға жіктеледі. Эпикалық дәстүрдің бел ортасында тұратын жанр — эпос. Ол тарихта болған, бір кезеңдердегі қаһармандық немесе романдық оқиғалардың желісіне құрылған көлемді туынды. Эпостың музыкалық мақамы, поэзиялық құрылымына тән көркемдік ерекшеліктері болады. Бүгінде эпос көне, қаһармандық, романдық, дастандық және тарихи болып жіктеліп жүр. Мұндай бөлініс эпостық жырлардың даму кезеңдерін, қайсысы бұрын, қайсысы соң туғандығын, яғни стадиялық қатарын анықтайды. Жанрлық ерекшелігінен бөлек эпостық жырлардың поэтикасы — көркемдік, композициясы — музыкалық-мақамдық ерекшеліктері болады. Мұның бірі әдеби, екіншісі — музыкалық мәселе. Бұдан бөлек Қазақ эпосында коммуникативтік — хабарлы, ақпаратты мазмұны болады. Яғни, эпос поэзия мен музыканың бірлігі арқылы көне дәуір оқиғаларын бізге жеткізеді. «Қарасай-Қази». Ноғайлы дәуірінде қазақтар мен қалмақтардың арасы жақсы болмағаны белгілі. Бірде қалмақтың Қондыкер дейтін батыры хат жолдап, батыр болса Қарасай мен Қазм біздің елімізді шапсын, қорықса өз үйінің қуысын тапсын деп мазақ етіпті. Бұл кезде Қази жеті, Қарасай сегіз жаста екен. Екеуінің әлі буыны қатып, бұғанасы бекімеген кезі. Қалмақтың әлгі сөзін намыс көрген Әділхан сұлтан шағын қолмен қалмақтың еліне аттанады. Ел шегіне жеткенде оларды Қондыкер қарсы алып, үлкен соғыс басталады. Ұрыс қызған кезде Әділхан сұлтанның астындағы аты сүрініп құлап, өзі қалың қалмақтың ортасында қалады. Олар сұлтанның қол-аяғына кісен салып, терең зынданға тастайды. Әділхан сұлтан зынданда ұзақ жатады. Бір күні зындан ішіне қарлығаш ұшып кіреді. Мұны көрген сұлтан өзінің зынданда жатқанын еліне хабарлап, баяғы Қарасай мен Қази тірі болса мені құтқарсын деген ойды қызына жеткізеді. Хатты қарлығаштың қанатына қыстырып, қоя береді. Сұлтанның Ханзия атты сұлу қызы бар еді. Бірде есік алдында отырса, тізесіне қарлығаш келіп қонады. Құсты арқасынан сипаған кезде, қанатының астынан хат шығады. Оны оқып мән-жайды білген қыз әкесінің жағдайын анасына жеткізіп, Қарасай мен Қазиды іздеуге шығады. Эпикалық дәстүр тудырған жанрлардың бірі — толғау. Оның мазмұны ойлы, мақамы сазды келеді. Толғау деп өмір, тіршілік туралы терең ой мен толғанысқа құрылған шығарманы айтамыз. Қазақтың от ауызды, орақ тісті келееі бір жырауы Бұқар болса, ол Абылай тұсында өмір сүрген. Оның жырларына қарап Бұқар Абылайдың сыншысы, ақылшысы болғанын көреміз. Ел туралы толғанғанда ол Абылай ханның жеке басына да мін таға береді.

«Ал, тілімді алмасаң», Қазақ халқының бірлігін ойлап, үш жүзді бір тудың астына жинауды көздеген Абылай ханның қиғаш кеткен жерлері аз емес көрінеді. Сондай тұстардың бірінде Бұқар жырау Абылайға ақыл салады. Онда биліктің қызығына түсіп, еліңе қиянат жасама. Күні кеше сен кім едің? Түркістан жеріндегі Әбілмәмбет ханның қызметшісі, Төле бидің түйесін баққан құлы емес пе едің. Есейе келе қолыңа қылыш алып, жауынды жеңдің. Қолың билікке жетті. Басыңа бақ қонды. Бірақ сол бақты көтере алмай жүргендейсің. Өзге батырлардан сенің қай жерің артық? Қабанбайдан бұрын қай жауды жусатып едің? Шыққан тегің кімнен артық? Атаң арқар ұранды жат, анаң түрікменнен туған күң еді деген сын айтады. Эпикалық дәстүр аясында туған дидактикалық жанрдың келесі бір тармағы — терме. Толғаумен салыстырғанда мұның жырлайтын тақырыбы да, әуен-сазы да өзгеше. Егер толғау ойлы, қоғамдық маңызы бар күрделі тақырыптарға құрылса, терме өмірдің жеке бір көріністерін жырлауға бейім. Осыған орай оның музыкалық мақамы да жеңіл, ойнақы, сазды келеді. Ол көбіне термелеп айтылады. Эпикалық дәстүр тудырған кенже жанрлардың бірі — желдірме. Бұл атауы көрсетіп тұрғандай, жылдам, желдіртіп айтылатын туынды. Егер толғау мен терме көбіне Қазақ халқының эпикалық дәстүрімен байланысты болса, желдірме бүгінгі күн тақырыбын да жырлай береді. Оған дәлел ретінде белгілі ақын әрі сазгер Иса Байзақовтың желдірмелерін айтуға болады. Желдірменің әуені жеңіл, сазды әрі ойнақы келеді. Оны ең алғаш Е. Брусиловский жазып алып, нотаға түсірген. Сол кезден бастап Исаның «Желдірмесі» көптеген музыкалық шығармаларға арқау болып келеді. Қазақ фольклорының дара бір саласы — айтыс. Айтыс кебіне түркі тектес халықтар мәдениетіне тән құбылыс. Оны Еуропа халықтарының әдеби-музыкалық дәстүрінен табу қиын. Эпос бір адамның орындауында жеткізілетін ірі жанр болса (монолог), айтыс екі адамның (диалог) тартысына құрылған шығарма. Оның да келтеген түрлері болған. Мысалы, ертеде ру-тайпа арасындағы айтыстар болса, кейін айтыс әлеуметтік тақырыптарға негізделетін болған. Оның келесі бір түрі — қыз бен жігіт айтысы. Айтыс — музыкалық-эпикалық дәстүрдің бір арнасы. Оның негізгі ерекшелігі импровизацияға негізделіп, сезбен жеткізілетін ой тартысына құрылуы. Айтыстың қайым, бәдік, сүре, түре т.б. түрлері бар. Ал музыкалық әуеніне келгенде олардың бір-бірінен пәлендей айырмасы жоқ. Айтыстың жоғарыда аталған кез келген түрі белгілі бір музыкалық мақаммен орындала береді. Сонымен бірге, әрбір айтыскер өз ойын ел арасына тараған әуен-саздарды қолдану арқылы да жеткізетін болған. Бүгінде айтыс өнері қайта жанданып отырса, оның музыкалық табиғатын зерттей түскен жөн. Эпикалық жанр дәстүр шеңберінде ғана өмір сүреді. Оның небір көркем үлгілерін біздің заманымызға жеткізуші эпос айтушылары — ұзан, жырау, жыршы, термешілер. Эпос айтушыларының кене дәстүрі шамандық наным шеңберіндегі бақсылықтан бастау алады. Ертеде шамандар ел басқарған, әскербасы болған, сиқыршы, емші, түс жорушы, жауырыншы және жын-пері, әруактармен тілдесетін, екі дүниенің арасын жалғап тұрған адамның қызметін атқарған құралы -асатаяқ, кепшік, даңғыра, қобыз, поэзиялық елшемі -жыр, дүние-танымы — шамандық (тәңірлік). Ертеде шамандар ел ақылгейі болған. Орхон жазбаларындағы Тоныкөк осы бақсылар типінің көрінісі. Бақсылардың атасы болып есептелетін Қорқыт- қобыз аспабында күй тартып, жыр жырлаған. Сондықтан оларды жырау, ал кейінгі айтушыларды жыршы деп атаған. Жырау — белгілі бір сюжетті жырға қосатын, суырыпсалма тұлға, жыршы — сол жырларды орындаушы, көпшілікке жеткізуші, эпикалық дәстүрді жалғастырушы. Бірақ бұл ұғым-түсініктің шарттылығы да жоқ емес. Сонымен, музыкалық эпос дегеніміз — көне тайпаларға тән көркем ойлау жүйесінің белгілі бір сатысында көбіне отбасы, ру, тайпа тәуелсіздігі, ел бүтіндігі секілді этникалық сана аясында туатын күрделі музыкалық-поэтикалық шығарма.

Эпостану ғылымында түрлі танымдық көзқарастар, ағымдар мен бағыттардың болғаны белгілі XIX ғасырдағы фольклортану ғылымында мифологиялық бағыт, тарихи мектеп бой көрсетіп, оның өкілдері эпос мифтік сюжеттерден және тарихи оқиғалардан туады деген пікірді жақтады. Миграция бағыты болса эпос мәдениеті дамыған бір елде туып, өзге елдерге тарайды деген пікірді ұсынды. Бұл жүйе бойынша эпосты тудыруға бір ғана ел

қабілетті де, өзгелері қабілетсіз болып шығады. Кеңес дәуірінде тарихи мектептің табыстары жалғасын тапты. Бірақ, 40-50-жылдары «Едіге», «Кітаби-Қорқыт» т.б. эпостық жырларға байланысты туған сафси дау олардың басым көпшілігінен бас тартуға әкеліп соқтырды. Қырғыздар — «Манас», түрікмендер — «Деде Қорқыт», өзбектер — «Алпамыс», казактар — «Қамбар батырдан» басқа барлық эпосынан бас тартты. 1953 жылдың бас кезінде эпосқа байланысты басқосулардың бірінде М.Ғабдуллин Қазақ эпосын феодализм дәуірінің мұрасы ретінде бағалады. Сөйтіп Алпамыс, Қобыланды — «халық жаулары» болып шыға келді. Бұл эпостану ғылымының методологиялық тығырыққа тірелген тұсы болатын. Осындай кезеңде жаңа ғылыми тезис ұсынған ғалым — В.Я.Пропп. Өзінің «Русский героический эпос» (Москва, 1955) деген еңбегінде ол эпос тарихи оқиға ізімен емес, халықтың ой-арманы, қиялы негізінде туады деген қисын ұсынды. Одан бергі жерде эпостану ғылымы текстологиялық, стадиялық, типологиялық зерттеу тәсілдерімен бірге эпостың тарихылығы деген мәселеге де ден қоя бастады. И.И.Земцрвский баста-ған Ленинград фольклортанушылары музыкалық эпосты тарихи дереккез ретінде бағалады. Бұл бағыт әлі күнге жалғасын тауып келеді.

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) Эпикалық дегеніміз не?
- 2) Адам эмоциясы дегенді қалай түсінесіз?
- 3) Музыка деген не?

### **23 тақырып**

#### **Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар**

##### **Сабақтың оқу мақсаты:**

10.4.2.1 -Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтау;

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Ұлттық бірегейлікті сақтауда қазақтардың мәдени мұрасының маңыздылығын түсінеді.
2. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін атайды, сипаттайды және рухани-адамгершілік құндылықтармен байланыстырады.

Казан төңкерісінен кейін Қазақстанның мәдени дамуында кейбір ілгерілеушіліктің болғанын айту керек. Оны тұтастай бір мәдени төңкеріс деп атайық. Бұл төңкеріс қилы-қилы жағдайлардың барысында мүмкін болды. 1921 жылды маусымда Қазақстан партия ұйымының бірінші конференциясы қазақтан шыққан сауатты қызметкерлердің көбі мүмкіндігінше саяси – ағарту жұмысына жіберілсін өйткені қазақ тілін білетін адамдар болмаса, бұл жұмыс бәрі бір істелмей тұра береді деп көрсетті. Сөйтіп, жергілікті ұлттардың өкілдерінен жергілікті халықтың тілін психологиясын білетін адамдардан мәдени – ағарту қызметкерлерін, басшы кадрларды даярлау ісіне маңыз берді. Ғасырлар бойы отарлық езгі мен кіріптарлықта болып кеген ұлттық мемлекеттігінен айырылған қазақ еліне, оны аяқ асты болған ұлттық мүддесін қорғайтын, яғни жоғын жоқтап қиюы қашқан шаруашылығымен қамқоршысы жоқ мәдениетіне сүйеніш, қорған бола алатын мүлдем жаңа сападағы мемлекет құру үшін әрине, маңызды еді.

Мәдени-ағарту жұмысының ошақтары- кітапханалар, мұражайлар, театрлар, жұмысшы клубтары, халық университеттері, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы қызыл отаулар, қызыл керуендерден тұрды. 1922 жыл көктемінде республикада 77 орталық және 90 аудандық клуб, 33 аудандық халы үйі, 221 оқу үйі жұмыс істеді.

Мәдени ошақтар жалпы жұртшылыққа қызмет етумен бірге қазақ әйелдерінің еңбек

және тұрмыс жағдайын жақсартуға, олардың арасында ағарту жұмысын жүргізуге, сауаттарын ашуғаназар аударды. Бұқараның көркемдік творчествосын өрістетіп, көркем өнер паздықты дамытуға ат салысты. Еңбекшілерді саяси және мәдени жағынан ағарту ісінде кітапханалардың маңызы зор болды. Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда жалпы қоры 98000 кітабы бар 139 кітапхана болса, 1925 жылы олардың саны 300-ге жетті. 1929 жылы республикада 494 оқу үйі, 74 қызыл отау, 11 театр, 9 мұражай болды. Ал бірінші бесжылдықтың соңына қарай республикада 3569 кітапхана жұмыс істесе, 1937 жылы олардың саны 2073-ке жетіп, қорында 2,5 миллион кітап болды. Ауылдық жерде 1747 кітапхана жұмыс істеді. Бірақ бұл кітапханалармен оқу үйлері жөнді басқалқасы жоқ, қарабайыр жағдайда өмір сүрді. Олардың жұмысын жүргізуші адамдардың сауаттары да, кәсіптік дәрежесі де төмен болды. Тіпті қалалардың өздерінде мәдени ошақтарда істейтін адамдардың білім деңгейі көбінесе төмен болатын. Бірақ білімге, мәдениетке деген халықтың құштарлығы, ынта – тілегі мәдени ошақтарының қарапайым формада болса да көбейе түсуіне жол ашты.

Республикада мерзімді баспасөз және кітап шығару ісі дамып келе жатты. Степная правда (қазіргі Қазақстанская правда) және Еңбекші қазақ, Қазақстан журналы шыға бастады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында газеттер мен журналдар көбінесе мемлекеттік, кәсіподақтың, кооперативтік қордың есебінен жаздырылып алынды және мәдени – ағарту мекемелеріне желісіне, кеңестік және кооперативтік ұйымдарға келіп тұрды. Газеттер көп жұрт жиналатын жерлерге ілінді, оларды дауыстап оқып беруісі ұйымдастырылды. Қазақстанның белгілі көптеген мәдениет қайраткерлері өздерінің шығармашылық жолын осы газеттерде жалғастырды.

1920 жылы жергілікті Халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды, олар сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог кадрларды даярлаумен, курстар мен мектептерді ұйымдастырумен, көмекші оқу құралдарын басып шығарумен шұғылданды. Кейінірек бұл жұмысты Бүкілодақтық «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының жергілікті бөлімшелері жүргізді. Жер-жердің бәрінде лекциялар оқылып, бір күндіктер, үш күндіктер айлықтар өткізілді.

Өткен уақыттың бұл ауыр зардабын жоюда жастар неғұрлым күшті белсенділік көрсетті. Олардың инициативасымен 1928 ж. «Мәдени шеру» өткізілді. Кейінірек бұл сауатсыздықпен күрестің түріне айналды.

Сауатсыздықты жою қиын жағдайда жүргізілді: қаржы жетпеді, мұғалімдер, оқулықтар, көмекші құралдар, жазу құрал-жабдықтары жетпеді. Ойланылмай жасалған алфавиттік реформалардың жүргізілуі де істі қиындата түсті. 20-жж. аяғында қазақ жазуы араб әріпінен көшірілді. Сөйтіп бір адамның үш рет қайта сауат ашу үшін оқуына тура келді.

30-жылдардың екінші жартысында жаппай сауатты аудандар, колхоздар мен совхоздар пайда болды. 1939 жылы Қазақстан халқының сауаттылық дәрежесі 83,6 пайызға жетті. Әріп танымайтын сауатсыздықты толық жоюға Ұлы Отан соғысы кедергі жасады.

1920-1930жж. Ж. Аймауытовтың, С. Торайғыровтың, М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, И. Жансүгіровтің, Ш. Құдабердиевтің, С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің шығармалары кеңінен танылды. Әдебиет қозғалысты М. О. Әуезовтың, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың, Т. Жароковтың, Ғ. Ормановтың есімдері байытта түсті.

20-ж. екінші жартысында кәсіби театр өнері және қазақтың ұлттық бейнелеу өнері пайда болды. Әнші Ә. Қашаубаев Париж бен Майндегі Франкфурттың концерт залдарында табыспен ән шырқады. Ұлы Отан соғысының қарсаңында Қазақстанда қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры, республикалық орыс драма театры, қазақтың мемлекеттік опера, қазақтың мемлекеттік опера және балет театры, ұлт аспаптар оркестрі, симфониялық оркестр, Республикалық қуыршақ театры, Қазақстан суретшілер және жазушылар одағы жұмыс істеді. Өнер саласындағы алты оқу орнында 600-ден астам адам оқыды.

М. Әуезовтың «Абай» роман – эпопеясының бірінші кітабы соғыс жылдарындағы қазақ

әдебиетінде ірі құбылыс болды.Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» повестін жариялады. 1931 -1940 жылдарда республикада мектептердің саны мейлінше зор қарқынмен дамыды. 1930 жылы 14 тамызда Жаппай міндетті бастауыш білім беру,1931 жылы 5 қыркүйекте Бастауыш және орта мектептердің оқу бағдарламасы мен тәртібі туралы сондай-ақ, 1934 жылы мамырда Бастауыш және орта мектептердің оқу бағдарламасымен құрылысы туралы қаулы-қарарлар қабылданып, олар халық ағарту ісінің және мектептердің барынша тез дамуына оң ықпалын тигізді.Мектеп жүйесін тәртіптеу жөнінде шаралар жүзеге асыру нәтижесінде бұрын болып келген 2 және 3 жылдық оқу орындары 4 жылдық бастауыш мектеп болып қайта құрылды.

1930 жылы бастауыш мектеп жасындағы баланың 22 пайызы мектепке тартылса, 1937 жылы олардың 36 пайызы оқыды. Мектеп жасындағы балаларды оқуға тартуға, әсіресе қыз балаларды оқытуға айрықша қамқорлық жасалды. Мектептің тез қарқынмен дамуы мұғалім, ұстаз кадрларды көптеп даярлауды қажет етті. 1940 жылы мұғалімдерді Қазақтың Мемлекеттік Университетімен 13 педагогикалық институттарында, 23 педагогикалық училищелерінде даярлайтын болды. Қазақстанда ғылым мен өнердің дамуына кеңес өкіметі құрылғаннан бастап айрықша көңіл бөлінді.1920-1940 жылдар аралығындағы мамандар даярлау ісіндегі жетістіктер Қазақстанның мәдени бейнесін мүлде өзгертті.

Қазақстанда ғылымның дамуы, қазақ мәдениетінің өркендеуі.

Қазақстанда ғылымның дамуы халық өнерінің театр, музыкалық мәдениеттің өркендеуімен тағдырлас болды. Олардың қай- қайсысы да Кеңес өкіметі жылдарында кең өріс алып, халықтың ақыл – санасынан орын теуіп, бұрын көбінесе Еуропа мен Азияның халқы мол қалыптасқан қалаларында ғана болып келген бұл өнерқазақ жеріне де кеңінен жайыла бастады. 30-жылдары Қазақстанның әдебиеті мен өнерінде біраз өзгерістер, елеулі оқиғалар болды.1934 жылғы 12-18 маусымда Қазақстан жазушыларының 1 съезі болып, онда халықтың рухани қазынасынан нәр алған қазақ әдебиетінің М.Жұмабаев,С.Сейфуллин,І.Жансүгіров,Б.Майлин,,М.Әуезов,Ж.Аймауытов сияқты саңлақтармен бірге қазақ әдебиетінің қаулап өсіп келе жатқан мол жеткіншектер тобының бар екені көрінді. Келесі жылы халық поэзиясының алыбы Жамбылдың туғанына 90 жыл толуын бүкіл Кеңес елінің халықтары атап өтті.1936 жылы республика еңбекшілері С.Сейфуллиннің әдеби қызметінің 20жылдығын мерекеледі.

**Тапсырма.** Кеңестік білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіп, қорытынды шығарыңдар.

## **24 тақырып** **Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы**

### **Сабақтың оқу мақсаты:**

- 10.4.3.1 -Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау;
- 10.4.3.2 -халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру;
- 10.4.3.3 - ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау;
- 10.4.3.4 – халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде «Туған жер» ұғымын қолдану

### **Бағалау өлшемдері:**

1. Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін талдайды;
2. Қазақстанның мәдени даму бағытындағы жетістіктер мен қайшылықтарды атайды.

Бүгінгі әлемдегі мәселелердің ішінде Қазақстанға да қатысы бар мына бір көкейкесті проблема бой көрсетіп тұр. Мәселе адамзатты тұщы сумен қамтамасыз ету туралы. Халықаралық сарапшылардың соңы болжамдары бойынша, ХХІ ғасырдың аяғына қарай әлемде ауыз су энергетикалық және шикізат ресурстары сияқты ең құнды ресурсқа айналады. Өйткені, Жер шарындағы су қорларының 97,5 пайызы ащы су да, тек 2,5 пайызы ғана тұщы су, ал оның өзі іс жүзінде мұзарттар мен жер асты қойнауларында шоғырланған. Ал адамзатқа қолжетімді өзендерде, көлдерде, су қоймаларындағы сулар жер үстіндегі судың 0,007 пайызын ғана құрайды. Мамандардың пікірі бойынша, 2015 жылға қарай Орта және Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия және Солтүстік Қытай үшін ауыз суды бөлу негізгі мәселеге айналады. Сарапшылардың пікіріне қарағанда, болжамалы болашақта бұл мәселе шетін сипат алып, әртүрлі шиеленістердің көзі болып, таяу арада адамзат үшін аса өзекті мәселеге айналады.

Бүгінде жаңа әлемнің қоғамдық-саяси өмірінің саяси, әскери, экономикалық, мәдени және экологиялық салаларында өзіндік ерекше ахуал қалыптасты. Және олар бір-бірімен өзара тығыз қатынастар жүйесінде. Міне, дәл осы фактор қазіргі әлем келбетінің ерекшелігін бейнелейді әрі оның дамуын ынталандырады. Сондықтан, қазіргі жаңарған әлемді капитализм дамуының экспансионистік логикасымен, америкалық бұқаралық мәдениеттің әлемге жаппай таралуымен немесе әскери экспансиямен түсіндіру біржақты, жеңіл әрі тар өрісті болып табылады. Қазіргі кезеңдегі әлем дамуының жаңа кезеңін тану және білу үшін осы заманғы жаһандық, әлемдік құбылыстардың жай-күйі, олардың өзара қимыл бірлігі мен байланыстарының динамикасын тереңнен пайымдау қажет.

ХХ ғасырдың аяқталуымен саяси басқару мен дүниежүзілік саяси ұйымның негізгі нысаны болған империялардың орнына халықаралық реттеу мен басқарудың көпсалалы, тарам-тарам аймақтық және әлемдік жүйелерімен бірге олармен көп салалы байланыстағы ұлттық мемлекеттердің де қалыптасқан жүйесі келді. Егер бұдан бұрынғы тарихи дәуірлерде дүниеде барлық, немесе көпшілік батыс елдерінің гегемониясы орын алса, бүгінгі дәуірде дара әлеуетті гегемон қалды. Ол – АҚШ. Бүкіл адамзат қауіпсіздігі үшін қолайсыздау, біржақты, бір полярлық құбылыс болса да, бұл ахуалмен халықаралық қауымдастық тұтастай алғанда санасуға мәжбүр болып отыр. Атағы әлемге мәшһүр З.Бжезинский өзінің бірнеше еңбегінде бұл идеяны нақты дәлелдеп, бүкіл әлемді иландырып-ақ келеді. Ол өзінің кейінгі “Таңдау. Жаһандық үстемдік немесе әлемдік жетекшілік” (2005 ж.) атты жаңа зерттеуінде қазіргі әлемде бұрынғы ұлы державалар – Ұлыбритания, Германия, Франция әлсіз, Ресей ендігі жерде империялық мемлекет емес, ол үшін уақыттың басты талабы – әлеуметтік-экономикалық оңалу деп есептейді. Ғалым Жапонияның экономикалық дамуы бәсеңдеді, халқы қартаюда, ал Қытай бүгінгі жоғары экономикалық даму қарқынын сақтаған күнде де әрі кеткенде аймақтық держава дәрежесіне ғана жетеді деп түйеді. Сондықтан да ол алдағы жиырма жылдықта америкалық күш-қуат жаһандық тұрақтылықтың мызғымас тірегі болып табылады деген қорытынды жасайды. Оған қарсы, осы объективті жағдайды мойындамайтын кейбір елдердің ура-патриоттары және Иран, Венесуэла, Куба, Солтүстік Корея тәрізді бірер елдердің басшылары ғана.

Қазіргі әлемдегі жағдайдың тағы бір қыры – қоғамдық қатынастардың барлық салаларындағы үдерістердің қатаң бәсеке жағдайында өтуі. Өйткені, әлемдік саясаттың инфрақұрылымдары мен институттары қызмет пен іс-қимылдардың жаңа тетіктерін қалыптастырып, ол өз кезегінде халықаралық байланыстар жүйесінде Еуропалық Комиссия дәліздеріндегі күңкіл сөздерден, Бүкіләлемдік сауда ұйымы сарапшыларының пікірталасынан бастап “үлкен сегіздіктің” саммиттеріне балама, үкіметтік емес ұйымдар мен Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) жыл сайынғы жиналыстарына дейінгі аралықта әлемдік тартыстар мен текетірестер де орын алуда.

Дүние жүзі ғалымдарының қазіргі әлем туралы пікірталастарының бел ортасында осы заманғы мемлекеттік биліктің орны мен рөлі, болашақ тағдыры, даму үрдістері туралы мәселе тұр. Бұл мәселе төңірегіндегі пікірлердің бір парасы көптеген дамыған елдерде мемлекет пен оның билік институттарының қайта өрлеуімен сипатталады десе, енді бір



тобы қазіргі кездегі мелекеттік билік төңірегіндегі оның “өрісінің тарылуы”, “әлсіреуі”, “жоғалуы” немесе “көмескіленуі” деген бағамдарды қолданады.

Жаһандану жағдайында әлемде осы уақытқа дейін мойындалған, танылған, көптеген жас мемлекеттер әлі де ұмтылып отырған мемлекеттік-ұлттық егемендік мәселесінің өзі терең дағдарысқа түсіп, оған үлкен қатер төніп отырғанына әлем оқымыстылары, саясаткерлер, дипломаттар алаңдаушылық білдіруде. Олар жаһандану үдерісін тек әлемдік игілік, жатымды үдеріс деп біржақты бағалаудан бас тарта бастады.

“Әсіре жаһаншылар” деп аталатын ғалымдар тобының көзқарасы бойынша дәстүрлі ұлттық мемлекеттер табиғи бола алмайды да, олар тіпті дүниежүзілік экономиканың коммерциялық бірлігі де болып жарытып кірікпейді. Экономикалық жаһандану, сайып келгенде, өндірістің, сауданың, қаржы саласының трансұлттық желілерін құру арқылы экономиканың “ұлтсыздануына” әкеледі деп дәлелдемек болады. Бұл “шекарасыз” экономикада ұлттық үкіметтерге әлемдік капиталға қызмет ететін “жалғастырушы белдік” немесе басқарудың жергілікті, аумақтық және халықаралық тетіктері арасындағы байланыстарды қамтамасыз ететін делдалдық институттың орнына ғана ие болады деп дәлелдеуге күш салуда. Олардың пайымдауынша, ұлттық экономика әлемдік экономиканың тармақтары ғана болып отырғандықтан, ұлттық мемлекеттердің өкілеттігі мен легитимдігінің өзі күмәнді болып табылады. Ұлттық мемлекеттер өз шекарасының ішінде болып жатқан үдерістерді бақылауға және азаматтардың қажеттерін өз беттерімен қанағаттандыруға қабілетсіз. Осы факторлардың нәтижесінде ұлттық мемлекеттер күн өткен сайын экономикалық үдерістерді басқарудың өтпелі ұйымының бір түрі болып қана қалады деген тұжырымға келеді. Кейбір батыстық оқымыстылар ұлттық мемлекеттер қазіргі заманның сындарына төтеп беруде әлсіздігін таныта түсіп, өзінің мәртебелік құқықтарынан кейбір әлеуетті халықаралық ұйымдардың пайдасына бас тартады дегенді айтады. Қысқасы, мұның барлығы, түптеп келгенде, ұлттық мемлекеттер эволюцияға түсіп, жаһандану жағдайындағы саяси тәртіпке сай келетін саяси ұйым болады, олардың “мемлекет-ұлт” деген табиғаты, сапалық белгісі көмескіленіп, жойыла бастайды деген болжамды негіздеме болып табылады. Формальді түрде халықаралық қатынастардың базалық бірлігі болып табылатын ұлт-мемлекет институты нақты трансформацияға түсіп, мемлекеттердің ішкі істеріне араласуға болмайтындығы, оның ұлттық егемендік қағидатын бұзатындығы туралы дәстүрлі көзқарас уақыт өткен сайын көмескіленіп, іс жүзінде ыдырауға түсуде. Мұндай көзқарастың институттық факторы болып әмбебап халықаралық ұйымдар, мемлекеттен үстем юрисдикциялар, әртүрлі халықаралық режимдер, әлемдік гуманитарлық құқықтар, адам құқықтарының мемлекеттің тәуелсіздігі қағидаттарынан басымдығы болып табылады.

Жаһандану үдерісінің басты дем берушілерінің бірі – АҚШ-тың Гарвард университетінің профессоры К.Омэ ұлттық мемлекеттің күні өткендігі, олардың саяси тарихының ақыры таянғандығы туралы пікірді ашық айта бастады.

Мұның бәрі Қазақстан мемлекетінің, қазақ халқының ұлттық мүдделеріне де қайшы келетін ұстанымдар. Бұл болжаулар мен көзқарастар өз тәуелсіздігіне енді ғана қол жеткізген ТМД елдерінің де терең ұлттық мүдделеріне қайшы.

**Қазіргі** заманғы мемлекеттік биліктің мәні мен қызмет ету, көріну тетіктерінің әлсіреуі туралы көптеген пікірлер тым қарабайыр болып табылады. Өйткені, қазіргі заман нарық пен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарының бүкіл жүйесін қайта құруды қажет ететіндіктен де дамыған капиталистік мемлекеттер мен олардың әр түрлі институттары бұл үдерістерге терең тартылған, солардың қайнаған ортасында тұр. Қазіргі заманғы жаһандық экономикалық үдерістер әсте мемлекеттік биліктің әлсірегендігін білдірмейді. Ол, керісінше, бұл биліктің іс-қимылының өрісін кеңейтті және қызмет жасау шарттары мен жағдайын өзгертті.

Көші-қон, экология, мәдениет және білім салаларында дамыған капиталистік елдер, олардың бүкіл мемлекеттік басқару мәшинесі белсенді рөл атқарып, саясат саласында аймақтық және әлемдік басқаруды айрықша күшейтуде жетекші орын алуға жанталасуда

деуге әбден болады. Бұл үрдістер мемлекеттің әлсірегендігінің немесе жойылуының көрінісі болмаса керек. Мұның барлығы қазіргі әлем елдеріндегі терең жаңару, құрылымдық қайта құру мен өзгерулердің нақты нышандары.

Халықаралық беделді сарапшылардың талдауы бойынша, қазіргі өзгерген және жаңарған әлемде ұлттық мемлекеттердің рөлі төмендейді немесе олар екінші кезекке кетеді деген пікір негізсіз.

Оның үстіне мәселенің өткірлігі мен ауқымдылығының тағы бір қыры мынада жатыр: қазіргі жаһандану, жаңару және өзгеру үрдісіндегі әлем және саясат жағдайында әр ұлттық мемлекеттің алдындағы ең күрделі міндет – өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін, тұтастығын, экономикалық дербестігін, ұлттық тақылетестігін сақтап қалу. Әлемдік алпауыт трансұлттық компаниялардың, халықаралық экономикалық ұйымдар мен одақтардың саясаты мен мақсаты көп ретте ұлттық мүдделерге қайшы келетіні, олардың өз мүдде-міндеттерін жеке мемлекеттер мен ұлттардың мүддесінен жоғары қоятыны әлімсақтан белгілі саясат.

Ол ең алдымен жаһандану, экономикалық интернационализация үдерістерінің ұлттық мемлекеттердің билік институттары қызметіне түсірер салмағының күрделеніп, ауқымының арта түсуі және ұлттық қауіпсіздік, ұлттық терең мүдделер тұрғысынан бұрын-соңды болмаған жаңа міндеттерді қоюына байланысты.

Сондықтан жаһандану жағдайында мемлекеттік билік институттары ұлттық мемлекеттерге төнген осындай қатерлерді дер кезінде танып, табиғатын, ауқымын, келер зиянын бағамдап, болжай біліп, өз әрекетінде, іс-қимылында тиісті басымдықтарды батыл және түбегейлі қамтамасыз етуге ұмтылуға тиіс деп есептейміз.

Қазақ мемлекеттігін нығайтуда келешекте билік тармақтарының ішінде президент және парламент институттарының жауапкершілігі ерекше ауқымды және күрделі. Қазақстан Конституциясына енгізілген өзгерістер Парламент пен оның депутаттары жауапкершілігін еселеп арттырады. Бұл жауапкершіліктің салмағы мен мәнін саралау, пайымдау және соған сәйкес ұлт мүддесіне сай қызмет жасау, әрине, уақытты және ізденіс пен біліктілікті талап етері ақиқат.

Президент институтының алдында тұрған жаңа міндеттер бұрынғыдан күрделі, ауқымды және, ең бастысы, әлеуметтік жағынан құнды және әлеуметке етене һәм түсінікті. Ол түп нәтижесінде Қазақ елінің әлеуметтік бірлігіне, әлеуметтік тұтастығына, әлеуметтік жаңаруы мен кемелденуіне, әр адам мен азаматқа қызмет ететін гуманистік кең ауқымды іс-қарекет. Өйткені, еліміздегі президенттік институттың құқықтық өрісі кең және жеткілікті. Ал кімге құқық пен билік көп берілсе – оның тарих пен ұрпақтар алдындағы жауапкершілігінің де еселеп артатыны белгілі. Бұл жауапкершілік миссиясынан да осынау мүмкіндігі мен құқы мол билік институты алда да абыроймен шығарына халқымыз сенімді.

Тапсырма: Қазақ мәдениетінің қайраткерлері туралы мәлімет жиану

## 25 тақырып

### V Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері

#### Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы.

##### Сабақтың оқу мақсаты:

11.1.1.3- картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу

##### Бағалау өлшемдері:

1. Көшпелі мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының даму ерекшеліктерінің мемлекеттің экономикалық дамуына ықпалын дәлелдейді.
2. Қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттайды.

1. Көшпелі малшаруашылығының қалыптасуы. Қазақстан аумағының табиғи және климаттық ерекшеліктері, яғни экожүйесі жергілікті тұрғындардың шаруашылық түрінің қалыптасуына ежелден-ақ тікелей әсер еткен. Ежелгі тұрғындар тіршілік ортасының өзгеруіне қарай біртіндеп егіншіліктен малшаруашылығына көше бастады. Шамамен б.з.б. II мыңжылдықтың соңындағы қуаңшылық жағдайында егіншілікпен айналысу тиімсіз болды. Қазақстан аумағының басым бөлігін шөлейт жерлер алып жатыр. Күн радиациясы өте жоғары, қуаңшылық жиі орын алып отырады. Су көзі мен жайылымдық жерлердің тапшылығы, аумақтағы өсімдіктердің жеткіліксіздігі табиғи мал азығы қорының тарылуына әкелді. Жер құнарлығы төмендеп, эрозияға ұшырау қаупі артты. Біртіндеп мал басының саны көбейді. Мұның бәрі адамның өмір сүру ортасына икемделіп, әлеуметтік-мәдени бейімделудің ерекше түрін таңдауына мәжбүр етті. Ол көшпелі малшаруашылығының орнығуына жеткізді. Жайылымдық алқаптарды егіншілік мақсатында пайдалану өнімділікті арттырмады. Ұлы далада егіншілікке аса тиімді балама ретінде көшпелі малшаруашылығы дамыды.

Көшпелілер өмірі табиғи заңдылықтарға бейімделіп, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі, қоршаған ортаны игеру тәжірибе сінен қалыптасты. Ежелгі Қазақстанның қуаңдаласын мекендеген тұрғындардың өмір сүруді қамтамасыз етудегі негізгі кәсібі – көшпелі тірлікке негізделген мал өсіру болды. Көшпелі малшаруашылығына көшу себептерінің бірі – жылқыны қолға үйрету еді. Жылқы малы ең алдымен Солтүстік Қазақстанда қолға үйретілді. Бұл жерде ежелгі адамның алғаш рет жылқыны қолға үйрету орталығының бірі, әлемге әйгілі Ботай мәдениеті табылған. Ботай қонысы 15 гектардан астам жерді алып жатты. Жылқыны қолға үйретіп, кейін оны мініс көлігіне айналдырудың барысында адам орасан зор кеңістікті игерді.

Көшпелі өмір салты малды жау шапқыншылығынан және табиғат апаттарынан аман сақтап қалып отырды. Сонымен қатар жайылымдардың тозуы да табиғи талаптарға байланысты мал өрістерін ауыстырып отыру қажеттілігін тудырды.

Көшпеліліктің пайда болуы ғасырлар бойы малшылардың қоршаған ортаның табиғи-климаттық жағдайына икемделуіне байланысты еді. Бұл тұжырымды XIX ғасырдағы Қазақстанды зерттеуші ғалымдар да қолдайды. Орыс ғалымдарының басым көпшілігі көшпелі малшаруашылығы қалыптасуын табиғи жағдайға тәуелділіктен туындағанын негізге алады (И.Ф. Бла-рамберг, А.Н. Макшеев, Л.Л. Мейер, Г.Н. Потанин, И.И. Завалишин, А.И. Добросмыслов және т.б.).

Ата-бабаларымыз жайылымдардың табиғи тепе-теңдігін сақтау мақсатында кішігірім рулық бірлестіктерге бөлініп, белгілі жер көлемі шеңберінде көшіп-қонды. Жыл мезгілдерінің ерекшелігіне қарай маусымды қоныстану жүйесі қалыптасты. Қазақ халқы малды қыстан және жұттан аман сақтау үшін қоршаған ортаға (экожүйеге) бейімделу заңдылықтарын шебер меңгерген. Жыл маусымдары мен жайылымдарды пайдалану тәсілдеріне орай көштің ұзақтығы кейде жүздеген шақырымға дейін созылды. Маусымдық жайылымдар рулар арасында бөліске түскенімен, ежелгі дәстүр бойынша қыстаулардан басқа жерлерді елдің бәрі бірдей пайдаланған. Көшпелілер ерте заманнан қоршаған ортаны, табиғатты игеруіне байланысты қалыптасқан экологиялық тәжірибесі арқасында білгір ботаник, астролог, әрі географ болған деп айта аламыз. Дала аймағының ажырамас бөлігі іспеттес көшпелілер малшаруашылығын тіршілік қамы жүйесі ретінде қалыптастырды. Оған тікелей табиғи-географиялық жағдай әсер етті. Көшпелі малшаруашылығы Ұлы даланың энергетикалық және биологиялық ресурстарын тиімді пайдалануды көздеді. Көшпелілер тіршілік көзі болған мал өнімдерін пайдалануды үйренді. азақ халқының дәстүрлі шаруашылығы көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшылық түрғыда дамыды. Көшпелілік түрінде мал жыл бойы жайылымда тебіндеп жайылды. Малшылар көшпелі өмірге қолайлы жасалған киіз үйде тұрды.

Жартылай көшпелілік салтында қазақ халқы мал басы са- нын аман сақтап қалу үшін жыл мезгілдері мен жайылымдық жерлердің ерекшеліктеріне қарай көшіп-қонды. Қысқы

көшінде жылы тұрақтары – қыстауларға қоныстанған. Мал төлдетіп, жүн қырку үшін көктеуге (көктемгі көш), кейін жас төлдер өсіп, жер көгерген кезде жайлауға көшкен. Қыстауларының жа- нында мал азығы үшін шөп дайындаған, егіншілік кәсібімен де айналысқан. Отырықшылық дәстүрде мал белгілі бір аумақта бағылып, қорада ұсталған. Іле, Талас, Арыс, Шу, Сыр өзендері бойында және Жетісу өңірінде егіншілік кеңінен дамыған. Дәстүрлі малшаруашылығы XIX ғасырдың соңына дейін сақталынды.

XX ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдарының басында қазақтарды күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру салдарынан орын алған ашаршылықта республика халқының жартысына жуығы қазаға ұшырады. Жергілікті халық санының күрт кемуіне әкеліп соқты. 1950 жылдардағы ескерілмей жүргізілген тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты нәтижесінде құнарлы жерлердің 10 млн гектары эрозияға ұшырады. Сондай-ақ малшаруашылығын жүргізудегі кеңестік әдістер еліміздегі тағы 55 млн гектар жердің тозуына әкелді.

2. Дәстүрлі малшаруашылығы – тіршіліктің негізі. Көшпелілікті зерттеумен айналысқан еуроцентристік тұжырымдамадағы кейбір зерттеушілер шаруашылықтың бұл түрін өркениеттен артта қалу мен жабайылық көрінісі ретінде біржақты түсіндіріп келді. Ұзақ жылдар бойы көшпелілерді белгілі өз атамекені мен шегарасы жоқ, баспанасыз, мән-мағынасыз көшіп-қонып, құқық пен әділетті білмейтіндер деп қабылдап келді. Бірақ бұл түсінік тіпті дұрыс емес. Ұлы дала көшпелілерінің нақты бекітілген өз жерлері болды.

Л.Н. Гумилев және басқа ғалымдар көшпелілердің киіз үй, арба, ер-тұрман, қайқы қылыш т.б. жетістіктер ойлап тауып, әлемдік өркениетке қосқан үлесін дәлелдеді.

Тапсырма: Тақырыпқа байланысты эссе жазу

## 26 тақырып Қолөнер мен кәсіптер

### Сабақтың оқу мақсаты:

- этнографиялық материалдардан қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау.

### Бағалау өлшемдері:

1. Көшпелі мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының даму ерекшеліктерінің мемлекеттің экономикалық дамуына ықпалын дәлелдейді.
2. Қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттайды.

1. Қазақ қолөнері мен кәсібінің бастаулары. Қазақтар көне дәуірден Қазақстан жерін мекендеген ежелгі тайпалар (сақтар, ғұндар, ортағасырлық түркілер, қыпшақтар т.б.) рухани материалдық мәдениетінің тікелей мұрагері. Антрополог, академик О. Смағұлов дәлелдегендей, Қазақстан жеріндегі тұрғындардың негізгі бөлігі төрт мың жыл бойы *автохтонды* түрде өлкені тұрақты мекендеп келді. Олардың ежелгі мәдениеті қазақ халқының материалдық және рухани мұрасымен тікелей байланысты және сабақтас келеді. Мысалы, сақтардың киізден жасалған бұйымдары қазіргі кездегі үлгілермен үндеседі. Киіз және теріден тігілген шалбар мен етік үлгілері XX ғасырдың бірінші жартысындағы дала тұрғындарында кездеседі. 1969 жылы белгілі археолог К. Ақышев ашқан Есік қорғанындағы қару-жарақтар мен күміс тостаған, ағаш ыдыстар және қыш құмыраларды кейінгі кезеңдегі тұрғындардың күнделікті өмірінен байқай аламыз. Сонау сақ заманынан бері қазақ халқы киіз үй жасауды білді.

Ежелгі заманда мыс, қола, темір балқыту ісі кеңінен дамыды. Академик Ә. Марғұлан тапқан Жезқазған маңындағы кен орындары бұл аумақтың көне металлургия орталықтарының бірі болғанын айғақтайды. Қазақтардың темір ұсталары мен қолөнершілері металл өңдеудің тәсілдерін ежелгі заманнан берік сақтап, дамытып келеді.

2. Жаңа замандағы үй кәсібі мен қолөнердің жағдайы. XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақтардың үй кәсіпшілігі мен қолөнерінде қалыптасқан дәстүр сақталып, үнемі жетілдірілумен болды. Қазақ қоғамында, негізінен, малшаруашылығы шикізаттарын өңдеп, тұрмысқа қажетті бұйымдар, киім, сәндік әшекейлер жасады. Малшаруашылығы көшпелілер өмірін толық қамтамасыз етіп тұрды. Көшпелілер тұрмысындағы малдың маңызын Ш. Уәлиханов дәл сипаттайды: *«Көшпеліні ішін-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін малының аман болғаны қымбат. Қазақтардың амандасуы «мал-жан аман ба?» деуден басталады».*

Мал өсіру күнкөрістің негізгі көзі болғандықтан, малшаруашылығы барынша қалдықсыз өндіріске айналып, экологиялық және эстетикалық мәдениеттің жарқын үлгісі саналды. Мал өнімі ысырап етілмей, барынша қажетке жаратылып, «обал», «күнә» деген ұғымға теңелді. Малдың етін азық етсе, терісінен киім, аяқкиім, әшекейлер, ыдыс-аяқ жасады. Сүйек пен мүйізден халық шеберлері түрлі қобдишалар, музыкалық аспаптар мен үй жиһаздарын көмкерді.

Мал жүнінен және киізден киімнің сан алуан түрін, аяқкиімдер мен тұрмыстық заттарды әзірледі. Үй және жабайы жануарлардың мүйізінен тарақтар жасап, жылқы жалынан мықты берік арқандар ескен. Қойдың тезегін отынға, жылқы тезегін үйдің сыртын сылауға пайдаланды. Төрт түлік сүйектерінен жоғары сапалы қара сабын қайнатылды. Жақсы сұрыпты жүннен кілем мен киіз (сырмақ, текемет, аяққап, тұскиіз, алаша т.б.) дайындалды. Жаңа заман зерттеушілері қазақ қолөнер кәсібінің «әйелдер қолөнері» мен «ерлер қолөнері» деп бөлінгені туралы жазады. Ерлер темір бұйымдар, киіз үйдің ағаш сүйектерін, ыдыстар жасады. Әйелдер жүн өңдеп, киіз басты, киім тігіп, тоқыма, кесте, өрнек салу, тері илеу мен тон пішумен шұғылданды.

3. Ерлер кәсібі мен қолөнері. Ерлер кәсібі ұсталық, зергерлік, ағаш, сүйек, тас өңдеу шеберлігін қамтыды. Қазақ ауылдарында ерте замандағы шеберлердің дәстүрлерін жалғастырған зергер- ұсталар алтын және күмістен түрлі бұйымдар жасаумен айналысты.

Зергерлер сырға, білезік, түйреуіштер, шашбау, шолпы т.б. әшекей бұйымдарын жасады. Ұста өзінің немесе тапсырыс берушінің үйінде жеке-дара жұмыс істеген. IX ғасырдың соңында ел арасында темір ұсталары үлкен абыройға ие болды. Олар темірден таға, үзеңгі, пышақ, самаурын кернейі, қайшы, орақ, кетпен сияқты құрал-саймандар соқты. Зерттеуші И.Я. Словцов: *«Темір ұсталары балта, үзеңгі, ер-тұрман, пышақ жасады... Бұл заттардың сапасы біздегі Ресей бұйымдарынан кем түспейді»*, – деп қазақ ұсталарының жасаған бұйымдарына жоғары баға берген. Сүйек ұқсататын шеберлерді халық ерекше құрметтеді. Олар тұрмыстық бұйымдарды әсемдеуге мал сүйектерін ( жауырын, қабырға) пайдаланған. Үй жануары мен жабайы аңдар мүйізінен қанжар, камшы, пышақтың сабы жасалды. Насыбай сақтайтын шақшаға қой мүйізі, ожаудың сабы, тарақ сияқты заттарға ірі қараның сүйегі қолданылған. Төсағаш, асадал, адалбақан, сандық, кебеже сияқты үй жиһаздары түрлі ою-өрнекпен безендірілді. Тері және былғарыдан жасалған бұйымдар қазақ өмірінде ежелден маңызды орын алды. Теріден киім, аяқкиім, ыдыстар, ат әбзелдері т.б. заттар дайындалды. Бұл кәсіппен, негізінен, ерлер айналысты. Әйелдер мал терісімен қатар, аң терілерінен де түрлі киімдер мен баскиімдерді оюлап, кесте тікті. Жабайы аң терісінен тон (ішік) пішілді. Үй малы терісінен жасалған саба, торсық, мес сияқты ыдыстар күнделікті өмірде кеңінен қолданылды.

Тас қашаушылардың шеберлігі қабір үстінде құлпытастар тұрғызуда көрініс тапты. Бұл өнердің кең таралған аймағы – Батыс Қазақстан өңірі. Аталған аймақта оңай өңделетін тау жыныстарының молынан кездесуі тас өңдеу кәсібінің дамуына әсер етті.

Ағаш өңдеуді кәсіп еткен ұсталар аса жоғары бағаланды. Ағаш ұсталары ер-тоқым, жерағаш, келі-келсап тағы басқа да малшаруашылығы, егіншілікпен айналысқан қазақ

қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаш бұйымдар түрлерін жа- сай білді. Олар ағаштан дөңгелек, арба, шана, шығыр, ыдыстардың түрлерін (күбі, астау, шара, тегене, тостаған, ожау т.б.) және үй жиһаздарын жасауға маманданды. Ағаштан жасалған бұйымдарға ұсталар сүйек пен күмістен өрнектеп ою салды. Қайың, қараағаш, үйеңкі ағашынан *айыр, тырма, күрек* сияқты құрал-саймандар дайындалды.

Қазақтың ыдыс-аяғы көші-қон салтына ыңғайлы, жеңіл, сынбайтын етіп тері және ағаштан әзірленетінін білеміз. Теріден бие саууға арналған ыдыс *көнек* жасалды. Ағаштан шабылған *тегене, шара, ожау, астау* сияқты ыдыс түрлері кең тарады.

4. Әйелдер қолөнері. Жаңа заманда әйелдер кәсібі мен қолөнері кеңінен дамыды. Қазақтар қыздарына жастайынан киім, аяккиім тігуді, кілем және алаша, кесте тоқуды үйретті. Әрбір қазақ әйелі үй кәсіптерінің барлық түрін толық меңгерген. Бұл туралы Құсмұрын округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов: *«Жейде, шапан, тон аң терісінен тігіледі. Малақай, шалбар, бешпент, қамзол, тақия – осының барлығын әйелдер өздері дайындайды, сатып алмайды»*, – деп жазған.

**Тапсырма:** Тақырыпқа байланысты эссе жазу

## 27 тақырып

### Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі

#### Сабактың оқу мақсаты:

Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастарды нығайтудағы орнын анықтау; Ұлы Жібек жолының мәдениет дамуындағы алатын орнына баға беру.

#### Бағалау өлшемдері:

1. Пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін анықтайды
2. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтайды.

1. Ұлы Жібек жолы және Қазақстан. Ұлы Жібек жолы – елдер мен алықтардың қатынасын нығайтқан, түрлі мәдениеттерді бір-бірімен жақындатқан, Қазақстан жеріндегі қала мәдениетіне ықпалын тигізген байланыс жолы болды. Шығыс пен Батыс елдерін байланыстыратын сауда жолының бағыты ретінде бекіту үшін «Жібек жолы» атауын 1877 жылы неміс ғалымы, географ Ф. Рихтгофен ұсынған болатын. Оның «Қытай» атты еңбегінде алғаш аталған бұл тарихи термин ғылыми әдебиеттерде қалыптасып кетті. Жолдың маңыздылығы мен мыңдаған шақырымды құрайтын қашықтығына байланысты «ұлы» сөзі қосылды.

Бұл түрлі бағыттағы керуен жолы еді. Б.з.б. II ғасырда Қытай жерінен басталып, Жерорта теңізіне қарай шыққан. Ұлы Жібек жолының негізгі торабы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өткен. Жетісу өңірі – Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын, ал Оңтүстік Қазақстан аймағы – Батысқа шығатын қақпаларының бірі болған. Бұл тақырыпта келтірілген картада айқын көрінеді. Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл жолда Қазақстан мемлекеттерді өзара байланыстырушы буынға айналды. Бүкіл Еуразияға осы бағытпен білім мен технологиялар, мәдениет пен дін, тауар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат тарады. Басты тауарлары жібек, араб арғымақтары, нефрит т.б. асыл тастар мен фарфор еді. Сауда дамыған сайын өнім өндіру тәсілдері артып, елдер ара- сында өтімді тауарлар: шарап, жоңышқа, кептірілген жеміс, кілем, тұрмыстық бұйымдар ағыла бастады. Мысалы, үйсін жері арқылы асыл тастар мен жібек, фарфор артылған қытайлықтардың ірі керуені өткен.

Жібек сауданың басты тауары саналды. Ғалымдардың пайымдауынша, жібек өндіру технологиясы осыдан 6000 жыл бұрын ашылған. Жібек маталарды адамдар ерте замандарда-ақ жоғары бағалаған. Жібек – жұқа, жеңіл, жұмсақ мата. Таза және табиғи болғандықтан, зарарсыздандыру қасиеті де бар. Жібек өндіруші елдер мен оны тұтынушылар жібектен тігілген киімге жәндіктердің жоламайтынын байқаған. Жібек киімдер әдемі және ыңғайлы, сәнді еді. Сондықтан жібек жасаудың құпиясы ғасырлар бойы қатаң сақталды. Қытайдан шығарылған маталар Ұлы Жібек жолы арқылы дүниежүзінің басқа аймақтарына таралып, қазынаға мол табыс әкелген. Қытайдан кейін жібек құрты Шығыс Түркістан, Орта Азия, Үндістан, Иран, Византия елдерінде өндіріле басталды.

Түркі ақсүйектері тек жібек матадан тігілген киімдер киді. Мысалы, Тон Жабғу қағанның (VII ғ.) жасыл жібек шапан кигені белгілі. Араб географы әл-Идриси мәліметтері бойынша, дәулетті қимақтар түрлі түсті жібек киімдер киген. XVIII ғасырдағы ғалым, этнограф И. Георги далалықтардың жібек матадан тігілген киімдер кигені туралы жазады. Алтынмен бірге жібек халықаралық валютаға айналды, айырбас өлшемі ретінде бекітілді. Жібек сыйға тартылды, жалдамалы әскерлерге және қызметкерлерге ақы ретінде төленді. Ортағасырлық түркілердің аттарын жібекке айырбастап отырғаны белгілі.

Жібек жолының бойымен Еуропадан Қазақстан жеріне әйнек және теңгелер, айна, шыны ыдыстар, түймелер мен қапсырмалар жеткізілді. Қазақстан жерінен тері мен жүн, жылқы, қой тасылған.

Ежелгі заманнан бері Ұлы Жібек жолында тауарды түйе және есектермен тасымалдады. Әсіресе түйені шөл даланың кемесі ретінде жоғары бағалады. Олар су көздерін өздігінен таба алады. Бір өркешті түйеден гөрі қосөркешті түйе көбірек пайдаланылды.

Соғыс уақытында жол тораптарында сауда бәсеңдеп, бейбіт күндері қайта жанданып отырған. Ежелгі Қытай деректерінде б.з.б. I ғасырда жібек артылған керуендердің Батыс елдеріне жеткені айтылады. VI ғасырда қуатты Түрік қағанаты құрылған кезде Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жері арқылы өтетін Жібек жолы тармағы барынша өркендеді.

VI–XIII ғасырларда Ұлы Жібек жолының негізгі бағыты Сирия – Иран жері – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас, Шу алқабы – Ыстықкөл, Шығыс Түркістан арқылы өткен.

Келесі бір тармағы Византиядан Дербент арқылы Каспий маңы даласы – Маңғыстау – Арал бойы – Оңтүстік Қазақстан жерін байланыстырған. Тағы бір бағыты Орталық Қазақстан аумағынан Шығыс Қазақстан мен Батыс Сібірге жеткен.

Ұлы Жібек жолының негізгі бағыты Арал теңізін жағалай Сырдария, Шу өзендері арқылы Жетісудан Жоңғар қақпасына жеткен. Соныменен Батыс пен Шығыс елдерін байланыстыратын жол Қазақстан жері арқылы өтіп, сауда қарым-қатынас аясы кеңейе түскен. Түрік қағандары Жетісу аумағын басып өтетін сауда керуендерін қол астына қаратып, толық бақылауына алды. Түрік билеушілері мен ауқатты түркілер ағылып келіп жатқан тауарлардың ірі тұтынушысы еді. XIII ғасырда Ұлы Жібек жолын Моңғол империясы тиімді пайдаланып, өз бақылауына алады.

Бұл кезеңде керуен жолы біршама гүлденіп, халықаралық сауда мен мәдени байланыстарға өз үлесін қосып тұрды. Моңғолдар сауданың дамуын қолдап, дінге қысым көрсетпеді. Моңғол билеушілерінің ордалары ірі сауда қалаларында орналасты. Ұлы Жібек жолының кедендері мен транзиттік бекеттерінде жолаушылар азық-түлік қорын толықтырып, болдырған аттарын алмастырды, қажет жағдайда жолсерік қызметі де көрсетілді. Жол бойында жаңа қалалар мен керуен-сарайлар бой көтерді. Керуеншілерге қызмет түрін ұсынып отырған керуен-сарайлардың жолаушылар үшін маңызы зор еді. Көпестер үшін керуен-сарайлар тауар өткізетін және тауар сатып алатын маңызды сауда орталығы саналды. Керуен-сарайлар ауыр және алыс жолдағы керуеншілердің рухани мұқтажын өтейтін мәдени орталықтарға айнала бастады.

Жібек жолын бақылауға алған империялар сауданың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

мақсатымен керуендерге және діни миссияларға арнайы өкілеттік құқық *пайзалар* табыс еткен. Олардың тоналуына жол бермеген. Жолды қорғау үшін қарулы күзет қойылып, байланысшылар хабарды дер кезінде жеткізіп отырған.

Әмір Темір мемлекетінің тарих сахнасына шығуымен XIV ғасырдың соңында Ұлы Жібек жолындағы сауда қатынастары біршама құлдырады. Әмір Темірдің әскери ұрыс қимылдары мен шапқыншылық жорықтары нәтижесінде қалалар қирады, жерлер тоналды, көрші елдердің экономикасы талқандалды, транзиттік сауда желісі үзілді.

Теңіз жолдарының ашылуы да Ұлы Жібек жолының құлдырауына әсер етті.

Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы кезінде Ұлы Жібек жолының Ұлы даламен өтетін тармағындағы сауда жандана түсті.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық бағытындағы сауданың дамуы ақша жүйесінің қалыптасуына әкелді. Жол бойында әр елдердің теңгелерін айырбастау орындары болды. Отырар, Испиджаб, Тараз, Жент, Қойлық қалаларында теңге сарайлары жұмыс істеді. Теңгелер (пұл), мыс пен күміс ақшалар, дирхем, алтын динар соғылды.

Жошы ұлысында теңгелер Сарайшық, Сығанақ және т.б. қалаларда шығарылды. Қолөнершілер шаруашылыққа қажетті құрал-саймандар, сәндік бұйымдар жасаумен айналысты. Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батыс елдері арасындағы экономикалық, мәдени, дипломатиялық байланыстарды дамытуда маңызды рөл атқарды.

2. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар. Ұлы Жібек жолы тармақтарының Қазақстан жерін басып өтуі ірі және шағын қалалардың құрылуы мен дамуына игі әсер етті. 2000 жылдан астам тарихы бар Тараз – ең ірі қалалардың бірі. 568 жылы түрік қағаны Дизабул Византия императоры II Юстиниан жіберген дипломатиялық елшілікті қабылдаған. Тараз – түргештер, кейін қарлұқтар мен қарахандықтар үшін маңызды әкімшілік орталығы саналған.

**Тапсырма:** Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың пайда болуы мен дамуына PEST талдау жасаңдар.

P – political (саяси)

E – economical (экономикалық)

S – social (әлеуметтік)

T – technical (техникалық)

## 28 тақырып

### XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы

#### Сабақтың оқу мақсаты:

- Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану;
- XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау.

#### Бағалау өлшемдері:

1. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтайды.
2. Қазіргі кезеңдегі экономиканың даму ерекшеліктерімен сабақтастыра байланыстырады және түсіндіреді



1. XX ғасырдың басындағы қазақ халқы дәстүрлі шаруашылығының күйреуі. XX ғасырдың басында қазақ даласында өмір сүру жағдайы айтарлықтай күрделене түсті. Қазақстан Ресей экономикасы үшін шикізат базасы мен өнімін өткізу нарығы және отаршылдық саясат жүргізу аймағына айналды.

Өлкенің экономикасы бастапқыда Ресей империясының, кейіннен оның заңды мұрагері болып табылатын кеңестік биліктің мүддесіне сай құрылды. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсынұлы сол кезеңдегі өлкенің шаруашылық отарлануының салдары мен қазақ ауылдары қасіретінің ауқымын сипаттай келе, *«Қазақ ұлты өмір сүруінің өзі проблемаға айналды»*, – деп жазды.

1907 жылы Ресей империясының II Мемлекеттік Думасында қазақ депутаттары жер мәселесінің түбегейлі және әділетті шешімі үшін белсенді түрде әрекет етті. Орал облысының депутаты Б. Қаратаев: *«Қырғыздарды (қазақтарды) өздері мекендеген жақсы жерлерінен ғана емес, тұрғын үйлерінен, жылы ұяларынан қуып жатыр»*, – дегенді айтып, араша түсті. Ол кезеңде Қазақстан Ресей империясының негізгі малшаруашылық аймағының бірі болды. Отаршылдық биліктің жүгенсіздігі салдарынан жергілікті тұрғындардың шұрайлы жерлері тартып алынып, туған жерлерінен қуылды. Олардың қыстақтары мен шаруашылық құрылыстарын да иемденді. Жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі қатты сезілді. 1917 жылы далалықтар 45 млн десятина шұрайлы жерлерінен айырылды. 1920–1921 жылдары жұттың орын алуына байланысты шаруалардың мал басын аман сақтап қалу мақсатында көктеу мен жайлауға көшу мүмкіндігі де шектелді. Мал басының саны күрт азайды, жергілікті тұрғындардың өмір сүру жағдайы ауыр деңгейге жетті.

Оңтүстік облыс аймағының суармалы және шұрайлы жер телімдерінің айтарлықтай бөлігі казактар мен қоныстанушы шаруалардың иелігінде болды. Қоныстанушы шаруалардың қазақ жайылымдарын еркін иемденуі дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп қана қоймай, жергілікті тұрғындардың басым бөлігінің кедейленуіне әкелді. Тартып алынған жерлерді қайтадан қарапайым қазақтарға жалға беріп, оған қоса жергілікті тұрғындардан түрлі алым-салықтар жинау дағдыға айналды. Ауқатты орыс шаруалары қарапайым халықты ашық тонап, мал айдайтын өткелдер мен жолдарды пайдаланғаны үшін де қосымша ақы төлеуді талап етті.

1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезінде өңірдің барлық облыстарынан жиналған өкілдер қазақ ауылының экономикалық жағдайына қатысты жинақталған мәселелерді шешуге тырысты. Мысалы, осы съездің қаулысында *«Қазақ халқы өзіне қарасты жерге орналасып болғанша олардың жері ешкімге берілмесін»* деген талап көрсетілген. Бұрын қазақтардың пайдасынан алынып қойған жерлерді, яғни дворяндық, монастырлық, гарнизондық, демалыс орындары т.б. кері қайтару талап етілді.

1917 жылдың қараша айында «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында дала тұрғындарын шұғыл жерге орналастыру мәселесі көтерілді: *«Жер үлесі алдымен жергілікті халыққа бөлінетін болады; қырғыздар (қазақтар) тұрғылықты орнынан жер үлесін алып, жайғаспайынша, қоныс аударушы шаруалар көшіп келмеуі тиіс»*. Жерді сатып алу – сату шарасының жүргізілуі барысында қазақтардың өз жерінен айырылыпқалу қаупі туындағандықтан, «Алаш» партиясының бағдарламасында жердің сатылуына қатаң түрде тыйым салу мәселесі көтерілді.

2. Өлкедегі өнеркәсіп пен сауданың жағдайы. XX ғасырда Қазақстан Ресей империясының құрамдас бөлігіне айналды. Өлке экономикасы жалпыресейлік шаруашылық жүйесіне тартылып, түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Қазақстанның пайдалы қазбаларының бай кен орындарына отаршыл патшалық биліктің ие болуы өлке экономикасының шикізаттық бағытта дамуын белгіледі. Қазақстан өлкесі Ресей өнеркәсібінің шикізат базасына айналды. Қазақстан аумағынан табиғи байлықтарды көптеп тасып әкету үшін барлық жағдай жасалды.

XIX ғасырдың соңында-ақ орыс кәсіпкерлері Қазақстан жеріндегі тау-кен

орындарын арзан бағамен сатып ала бастады. Бірақ, орыс кәсіпкерлерінің тау-кен ісін игеру тәжірибесі де, техникалық құралдары және өндірілген өнімді әлемдік нарыққа шығару мүмкіндіктері жеткіліксіз еді. Осыған орай, ХХ ғасырдың бас кезінде патша үкіметі шетелдік капиталды тарта бастады, шахталар мен кен орындарының басым бөлігі шетелдік кәсіпкерлердің қолына өтті. 1904 жылы Лондонда құрылған «Спасск мыс кен орындары» акционерлік қоғамы кен орындарын сатып алуға белсенді кірісті. Спасск-Воскресенск, Успенск мыс кеніштері, Спасск мыс қорыту зауыты, Саран және Қарағанды көмір шахталары сатылды. Жезқазған мыс кеніштерін, Байқоңыр әк қарьерлері мен темір кен орындарын «Атбасар мыс кен орындары» акционерлік қоғамы иеленді. 1904 жылы Риддер мен Зырян түсті металл кен орындарын австриялықтар сатып алды.

Мұнай өндіру шетелдік кәсіпкерлердің, ең алдымен ағылшындардың қолына өтті. 1911 жылы Доссор кәсіпшілігінде мұнай өндіру басталды. Шетелдік акционерлік компаниялардың табыс көзі өсіп, жылдам байыды. Шикізаттық ресурстарымыз сыртқа есепсіз тасылып, жергілікті халыққа ешқандай табыс әкелмеді.

Қазақстанның солтүстік-батыс және батыс аудандарында тұз өндіру маңызды салаға айналды. Тұз Басқұншақ, Елтон, Елек және Коряков кәсіпшілігінде өндірілді. 1909 жылы Коряков кәсіпшілігінің өзінде ғана 4 миллион пұт тұз өндірілді. Бұл жерде 10 мыңнан астам жұмысшы болды. Өндірілген тұз Батыс және Шығыс Сібірге, Обь өзені бойындағы балық кәсіпшілеріне жөнелтілді.

Балық кәсіпшілігі едәуір дамыды. Қазақстанда балық аулаудың дәстүрлі орталықтары Арал және Каспий теңіздері, Зайсан және Балқаш көлдері, Орал, Ембі, Ертіс, Іле, Шу, Сырдария өзендері еді. Балық аулаудың қарқынды дамуына Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы елеулі ықпал етті.

Ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін шағын кәсіпорындар бой көтерді. Қазақстанда тері өңдейтін, сабын қайнататын, май қорытатын, спирт-арақ, сыра ашытатын, жүн түтетін зауыттар жұмыс істеді. Зауыттар мен фабрикалардағы жергілікті жұмысшылар қатары азшылықты құрады, техникалық жабдықталу деңгейі тым төмен еді. Қазақтар ең ауыр жұмыстарға жегіліп, оларға жалақының ең төменгі мөлшері белгіленді.

Қазақстанда химия өнеркәсібінің алғашқы кәсіпорны – Шымкент дермене (сантонин) зауыты болды. Бүкіл Ресей империясындағы жалғыз бұл сантонин зауытының өнімі Англия, Америка, Германия, Үндістан, Жапония елдеріне шығарылды. Мақта тазалайтын зауыттар Шымкент және Түркістан қалаларында орналасты. Верный қаласында темекі фабрикасы жұмыс істеді.

Қазақ жеріне капиталистік қатынастардың терең енуі сауданың дамуына да айтарлықтай өзгерістер әкелді. Ресей сауда капиталы өлкенің шалғай аудандарына дейін жетіп, қазақ ауыл-дарын Ресей, Орта Азия, Батыс Еуропаның сыртқы нарықтарымен байланыстырды.

**Тапсырма:** SWOT талдау әдісі арқылы ХХ ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуын талдаңдар.

S – мықты жақтары

W – әлсіз тұстары

O – мүмкіндіктер

T – қауіп-қатерлер

## 29 тақырып XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы

### **Сабақтың оқу мақсаты:**

Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану;  
- XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау.

### **Бағалау өлшемдері:**

1. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтайды.
2. Қазіргі кезеңдегі экономиканың даму ерекшеліктерімен сабақтастыра байланыстырады және түсіндіреді

XX ғасырдың басында сауда капиталының Қазақстанға енуі өлке экономикасының дамуына әсер етті. Қазақ халқы шаруашылығының тауар-ақша сипатына көшуі аймақтар арасындағы байланысты біршама кеңейтті. Ауыл нарыққа тартыла бастады. Мал сауданың негізгі тауары болып қала берді. Жаңа нарықтық қатынастар көшпелі қазақтарды отырықшылыққа кеңінен тартты. Сондықтан сауда кәсіпкерлігінің мал және мал өнімдерінен басқа тағы бір тауары астық болатын. Астық саудасының айналымдары қарқынды өсті. Ірі орталықтары Орал, Орынбор, Семей болды. Қостанай, Ақтөбе, Торғай уездерінен астық тасымалданды.

1913 жылы өлкедегі жұмысшылардың саны жалпы тұрғындардың 0,6%-ын құрады. Ресейдің өндірісі дамыған еуропалық бөлігіндегі орыс жұмысшыларының саны жалпы халықтың 6%-ына жеткен еді.

Жәрмеңкелік сауда жалпыресейлік маңызға ие болды. Ең ірі жәрмеңкелер Қарқаралы уезіндегі Қоянды-Ботов, Петропавл уезіндегі Тайыншакөл, Ақмола уезіндегі Константинов, Атбасар уезіндегі Петров, Верный уезіндегі Қарқара жәрмеңкелері болды. Олардағы сауда айналымы жылына 2–3 миллионға дейін жеткен. Қоянды-Ботов жәрмеңкесі 1924 жылға дейін өткізілді.

Қазақстан аймағы Ресей отары ретінде өнім өткізетін шикізат қоры болып қала берді. Қазақ жерінің байлығына патшалық Ресей монополиялық иелігін орнатып, капиталистік қатынастардың ұлттық аймақтарда кеңейіп дамуына әсер етті. Көптеген бай кен орындары мен жұмыс күшінің арзандығы орыс және шетел капиталын өзіне тартты.

Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы, шикізатты белсенді тасымалдау теміржол желілерінің құрылысы есебінен мүмкін болды. Патша үкіметі Қазақстандағы теміржолдарды әскери-стратегиялық мақсаттарға бағындырды. 1906 жылы Орынбор-Ташкент теміржолы іске қосылды.

Бай табиғи қорының болуына қарамастан Қазақстан өнеркәсібі әлсіз болып қала берді. Оның негізгі себептері өлкенің жалпы экономикалық артта қалуы мен Ресейдің отаршылдық саясаты еді.

3. Кеңес өкіметі орнауының бастапқы кезеңіндегі Қазақстанда экономиканың дамуы. 1917 жылы Қазақстан екі революцияны бастан кешті. Ақпан буржуазиялық революциясы патша өкіметін құлатып, қосөкімет орнатты – Уақытша үкімет пен жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңестері. Алайда екі қарсылас үкімет органдары билікті қатар бөлісіп отырмады. Саяси дағдарыс экономиканың шиеленісуімен жалғасты. Ақыры осы құлдыраудың соңы елде орын алған келесі үлкен төңкеріс – қазан революциясы нәтижесінде Уақытша үкімет құлатылды да, билік дербес Кеңес өкіметінің қолына өтті. Қазақ даласының дәстүрлі малшаруашылығы социалистік құрылысқа көше бастады. Ресей

империясының құрамындағы Қазақстан ендігі өмірін Кеңес өкіметінің құрамында жалғастыратын болды. Капитализмнен бас тартып социализм жолының таңдалуы ең алдымен кәсіпорындарды мемлекеттің меншігіне өткізу шараларынан басталды. Экономикалық жүйенің басты қағидасы – жоспарлы экономика болып бекітілді. Материалдық қорлар, барлық кәсіпорындар мемлекеттік меншік ретінде есептеліп, мемлекеттік билік тарапынан жоспарлау, басқару және бақылау назарға алынды. Қазақстан кәсіпорындары шикізаттық өнім ғана өндіру сипатында қала берді. Мұнай, газ, металл өңдеу, машина, станок, құрал жасау салалары бойынша кәсіпорындар мүлдем болған жоқ. Қазақстан жоғары дамыған өнеркәсіптік аудандарға шикізат қоры міндетін атқарып келді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс және одан кейін жалғасқан Азамат соғысы халықшаруашылығын ауыр күйзеліске ұшыратты. XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан Қазақстан экономикасының біржақты шикізаттық бағыттылығы кеңес заманында да жалғасын тауып, тәуелсіз еліміздің дамуында салдары сезілді.

Мемлекет меншігіне өткен өндіріс орындары жұмыс істемеді. Экономикалық қиындықтарды шешу үшін 1919 жылы Кеңес өкіметі әскери коммунизм саясатын қабылдады. Оның негізгі мақсаты «азық-түлік салғыртын» енгізу еді. Мемлекет пайдасына және соғыс қажеттілігіне ауылшаруашылығының «артық» өнімдері алынатын болып белгіленді. Кеңес үкіметі бұл саясатты төтенше жағдайда өткір тұрған азық-түлік мәселесін шешу керектігінен деп түсіндіріп келді. Артық азық-түлікті тартып алу, әрине, шаруалар наразылығын тудырып, еңбек нәтижесіне деген ынтасын түсірді. Азамат соғысы аяқталған соң, Кеңес үкіметі саяси-экономикалық дағдарысқа қарсы жаңа бағдарлама қабылдау қажеттілігін сезінді.

1921 жылы большевиктер партиясының X съезінде жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) қабылданды. Әскери коммунизм саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу бағдарламасы бойынша өндіріс орындарын мемлекеттік меншікпен қатар, жекеменшік иелігіне беру мүмкіндіктері ашылды. Меншіктің түрлеріне, жекеменшікке де рұқсат берілгенімен, іс жүзінде Кеңес үкіметі экономикаға өзінің бақылауын жүргізуді тоқтатпады.

Жаңа экономикалық саясат азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастырды. Оның басты айырмашылығы – мемлекетке тапсыратын азық-түлік салық мөлшері нақты белгіленіп, өнімнің артығын өз еркімен пайдалануға, сатуға рұқсат етілді. Осыған байланысты енді шаруалар еңбек өнімділігін арттыруға ынталы болды. Азамат соғысының аяқталуымен еңбек міндеткерлігі жойылды. Ақысыз еңбек орнына ақшалай жалақы төлеу енгізілді. Жаңа экономикалық саясат бойынша жеке саудаға, жалдамалы еңбекті пайдалануға және кооперативтерге рұқсат берілді. Өнеркәсіпті жаппай мемлекет меншігіне өткізу декреті күшін жойып, шағын кәсіпорындар жеке тұлғаларға жалға берілетін болды. Шетелдік капиталды тарту арқылы аралас акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар құруға мүмкіндіктер берілді. Көлік, байланыс жүйесі мен коммуналды қызметті пайдалану үшін төлемақы алынды. Жаңа экономикалық саясат мемлекет бақылауымен халықшаруашылығында біршама капиталистік қатынастарға уақытша жол беруді қарастырды.

Өнім өндіру деңгейі соғысқа дейінгі көрсеткіштердің 2/3 бөлігін құрады. Өнеркәсіп орындарының 60%-ы қайта іске қосылды, көлік қызметі қалпына келтірілді. Егістік алқаптар 3 млн га жерді құрады, астық өнімі артты. Мақта өндіру қарқынды дамыды. Мал саны 1922 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп 26 млн-нан асты.

Жәрмеңке саудасы қайта жанданды. Ойыл, Темір, Қоянды сияқты 130-ға жуық жәрмеңке саудасының айналымы 20 млн-нан астам сомды құрады.

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикалық қатынасқа біртіндеп өту 20-жылдардың ортасында үдемелі даму бағытын айқындады. 1925 жылға қарай халықшаруашылығы қайта қалпына келтірілді. Бұл тәжірибе экономиканы мемлекет тарапынан жоспарлы түрде дамыту және әкімшілік басқарумен салыстырғанда нарықтық қатынастардың артықшылығы мен тиімділігін дәлелдеді. Дегенмен Кеңес өкіметінің

әкімшіл-әміршіл жүйесі жоспарлы экономиканың қағидаларына сүйеніп, ЖЭС жетістіктерін біртіндеп жоя бастады.

1925 жылы большевиктер партиясының XIV съезінде елде индустрияландыруды бастау шешімі қабылданды. Съезде, ең алдымен, ауыр өнеркәсіпті дамыту, КСРО-ны машина жасайтын және оны сыртқа шығаратын елге айналдыру міндеттері белгіленді. Өнеркәсіп экономиканың жетекші саласына айналды. Қазақстан қорғасын өндіруден бірінші орын, түсті металдар өндіруден екінші орын, көмір және мұнай өндіруден үшінші орынды иеленді.

Жаңа өнеркәсіп орындары іске қосылды: Балқаш мыс балқыту, Шымкент қорғасын, Мерке, Жамбыл қант зауыттары, Алматы еткомбинаты т.б. Олар тек жергілікті аймақтарды ғана өз өнімімен қамтамасыз етті. Зырянов, Риддер полиметалл, Балқаш комбинаттары салынды.

Дегенмен кәсіпорындардың барлығы шикізат өнімін шығаратын сипаттағы өндіріс орындары болып қала берді. Қазақстандағы индустрияландыруды жүзеге асыру Кеңес өкіметі үстемдігі саясатының жалғасы болып табылды.

Қазақстаннан тек арзан шикізатты өндірістік аймақтарға тасымалдап, ол жақтан қымбат дайын өнімді елімізге қайта алып келуін көздеген орталықтың саясатына ұлт зиялылары С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев және т.б. қарсы шықты. Олар өнеркәсіп орындарын шикізат көзіне жақын орналастыру қажет деген ұсыныстарын алға тартты. Қазақстанға қатысты орталық ұсынған индустрияландыру саясатының даму бағытына келіспей, ашық пікірлерін білдірген зиялылар тобы «ұлтшыл», «шовинистер» деп айыпталды. Социалистік индустрияландыру бағытын желеу етіп, Кеңес үкіметінің шет аймақтарды орталыққа бағындыру, тәуелді ету саясаты жалғасын тапты. Индустрияландыру саясаты КСРО құрамындағы одақтас республикалардың ауыр өнеркәсібін дамытуға бағытталмаған да еді. Олар Ресейдің шикізат базасы болып қала берді.

Индустрияландыру барысындағы ең ірі жоба – Түркістан–Сібір теміржол торабын салу болды. Теміржол 1927–1930 жылдары салынып, Сібір, Орта Азия және Оңтүстік Қазақстан аймақтарын байланыстырды. Бұл жол Қазақстан жерінің біраз өңірін кесіп өтті. Түркісіб құрылысы жалпыодақтық маңызға ие болды. 1927 жылы Петропавл–Көкшетау теміржолы салынып, 1931 жылы Ақмолаға дейін жалғасты. 1939 жылы Қазақстаннан шикізат тасымалдау үшін Ақмола–Қарағанды, Елек–Орал, Рубцовск–Риддер, ал 1940 жылы Қарағанды–Жезқазған теміржолы іске қосылды. КСРО бойынша теміржолдардың 30%-ы Қазақстанға тиесілі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында елімізде 700-ге жуық кәсіпорын салынып, пайдалануға берілді. Аграрлық республика енді аграрлы-индустриялды елге айналды.

Қазақстан түсті металлургия, көмір, мұнай, отын-энергетикалық ресурсы, химия өнімдерінің бай қоры ретінде КСРО-ның ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Индустрияландыру кезінде қаланған өнеркәсіптік кешен Ұлы Отан соғысында кеңес халқының жеңісіне қомақты үлес қосты. Қалалар мен қала тұрғындарының саны артты. Большевиктердің индустрияландыру саясаты Қазақстанның экономикалық даму бағытын толық өзгертті.

4. Қазақстандағы ұжымдастыру. Индустрияландыруға қажетті қыруар қаражат ауылшаруашылығы есебінен алынды. Большевиктердің келесі бағдарламасы – ауылшаруашылығын ұжымдастыру болды. Бұл экономикалық жобаны іске асыру нәтижесінде малшаруашылығы дағдарысқа ұшырап, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жүйе қиратылды.

1928 жылы әкімшіл-әміршіл үкімет ірі бай шаруашылығын тәркілеу туралы Декрет қабылдады. Заң жобасы бойынша 700 бай қожалық тәркіленуге тиіс болды, алайда қазақ өлкесінде бұл уақытта ірі байлар осыншама көп емес еді. Сондықтан жүктелген міндетті орындау үшін жергілікті органдар орта шаруаларды да тәркілеуге кірісті.

Тапсырма: КСРО-да тауар тапшылығы туралы мәлімет жазу

## 30 тақырып Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы

### Сабақтың оқу мақсаты:

11.1.4.4 Мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік – экономикалық даму болашағын болжау

### Бағалау өлшемдері:

1. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтайды.
2. Қазіргі кезеңдегі экономиканың даму ерекшеліктерімен сабақтастыра байланыстырады және түсіндіреді

1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстан экономикасы. Тәуелсіздік қарсаңындағы аса ауыр жағдайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Одаққа бағынышты мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды ҚазКСР-і үкіметінің басқаруына көшіру жөнінде» Жарлық шығарды. Қазақстан дербес сыртқы экономикалық қызметін қамтамасыз етті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жоспарлы экономикадан нарықтық жүйеге көшу оңай тимеді. Бұрынғы КСРО-ның одақтас республикалары арасында экономикалық байланыстар үзіліп, бір-бірінен алшақтай бастады. Республикалардың әрқайсысы шиеліністерден шығу жолында тек өз күші мен қабілетіне сүйенді. Баға босатылды. Негізгі тұтыну тауарларының жетіспеушілігі байқалды. Республика азаматтарының тұрмыс жағдайы одан әрі нашарлап, халық қарапайым тіршілік үшін күресті. Бұқара халықтың жалақысы азық-түлік алудан артылмады. Бірқатар ұлт өкілдерінің өз еліне қоныс аударуы жиілеп, республика халқы едәуір азайды. Көптеген зауыт-фабрикалар жұмысы тоқтап қалды. Осының салдарынан жұмыссыздар қатары өсті. Отбасы қатынастарының бұзылуы, ажырасулар мен әлеуметтік мәселелер көбейді. 1993–1994 жылдары өнеркәсіптік өндіріс көлемі екі есе, ауылшаруашылықта – үш есе, транспорттық жүк тасымалдау үштен екіге қысқарды. Халықтың кірісі күрт төмендеді. Инфляция деңгейі шарықтады. Нарықтық экономиканы қалыптастыру механизмдері тиімді жүргізілмей, бірқатар қателіктер жіберілді. Аталған жағдайлар экономикалық терең дағдарысқа ұшыраудың басты себептерінің біріне айналды. Осындай жағдайда шешуші әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қажет болды. Сондықтан егемендіктің алғашқы күндерінен бастап мемлекет басшылығы *«алдымен – экономика, содан соң – саясат»* деген жолды таңдады.

2. Экономикалық даму кезеңдері. Қазақстан экономикасының дамуын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:

*Бірінші кезең* (1991–1994) Қазақстанда жоспарлы социалистік экономикадан нарықтық экономиканы құруға бағытталды. Бұл кезең экономикалық жағдай шиелінісіп, құлдырауымен сипатталады. Жұмыссыздық өршіді. 1992 жылдың қаңтарында баға босатылды, елімізде азық-түлік пен тұрмысқа қажетті тауарлар түрлерінің бағасы шарықтап кетті. Мемлекетке қарасты өндірістік объектілерді жекешелендіру үрдісі басталды. Кәсіпкерлікті өрістету үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, жағдай жасалды.

*Екінші кезеңде* (1995–1999) Қазақстанның экономикалық даму стратегиялық жоспары және жаңа Конституция қабылданды. Ұлттық экономика тұрақталды. Колхоздар мен совхоздар мемлекеттік емес нысандарға айналдырылды. Еліміздің алдындағы басты міндеттердің бірі – шетелдік инвестициялар тарту арқылы нарықтық экономиканы қалыптастыру еді.

1997 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және

эл-ауқатының артуы» атты стратегиялық бағдарламасын ұсынды. Онда еліміздің қарқынды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді міндеттер белгіленді.

*Үшінші кезеңде* (2000 жылдан бастап – бүгінгі күнге дейін) – Қазақстан экономикалық өрлеу жолына түсті. 2003 жылдан индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Соңғы 20 жыл ішінде елімізде мыңнан аса жаңа кәсіпорын іске қосылды.

3. Ұлттық валютаны енгізу. Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап республика басшылығы ұлттық валюта енгізу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізді. 1992 жылы Қазақстанда аса құпия жағдайда ұлттық валюта дайындалып жатқанда, Ресеймен келісімдер жүргізуді жалғастырды. Ресей ақша-валюта жүйесіндегі мәселелерді біздің республикамен келісіп шешетіні туралы уәдесін берді. ТМД басшылары өз елдерінде ұлттық валюталарын енгізер алдында бұрынғы одақтас республикаларды 3 ай бұрын хабардар ету міндеті туралы келісімге келді. 1993 жылы шілде айында Ресей өз валютасын енгізді. Ресей 1993 жылғы жаңа рубль негізінде ортақ, бірегей рубльдік аймақты құруды ұсынды. Гиперинфляция жағдайында баға шарықтай түсті. Қазақстанға ескі үлгідегі кеңес ақшаларының ағыны қаптап келді. Дүкен сөрелерінде азық-түлік және тұрмысқа қажетті тауарлар азайды. Қазақстанға едәуір экономикалық шығын әкелді. Елдегі экономикалық дағдарыс өрши түсті. Ескі рубльдің құнсыздануы басталды. Сондықтан Қазақстан ұлттық валюта енгізуге кірісті. Дер кезінде қамданып үлгерген Қазақстан өзінің экономикалық, саяси тәуелсіздігін сақтап қала алды.

Алғашқы ұлттық ақша Ұлыбританияда басылды. Ақша номиналдарында Ш. Уәлиханов, А. Құнанбайұлы, әл-Фараби, Абылай хан т.б. тарихи тұлғалардың суреттері бейнеленді.

1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта – теңге енгізілді. Елдегі инфляция өрісін ырықтандыруға «ҚР Ұлттық банк туралы» Заң ықпал етті. Соған сәйкес Ұлттық банк Президентке ғана есеп береді және өзіне белгіленген өкілеттік шегінде тәуелсіз қызмет етеді. Қазақстан бұрынғы КСРО орталық құқықтарын иемденуші көрші Ресей мемлекетінен ақша-қаржы саясатында толық тәуелсіздікке қол жеткізді. Ұлттық валюта енгізудің зор тарихи маңызы бар. Ол Қазақстан Республикасы экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болып табылады. Шынайы егемендікке қол жеткізген қазақстандықтардың патриоттық рухы өсті. Ұлттық валютаның енгізілуі терең әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізуге жол ашты. Халықаралық валюталық операциялар жүргізуге мүмкіндіктер кеңейді. Елімізде 200-ге жуық жаңа банктер құрылды. Жаңа жағдайда мемлекет басшылығы зейнеткерлер, студенттер, мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен қолдау іс-шараларын жүргізуге белсенді түрде кірісті.

4. 1995 жылғы Қазақстан Конституциясы және жаңа нарықтық экономика. 1993 жылы қабылданған Қазақстанның Конституциясы уақытша еді. Елге қажетті заңдарды қабылдау үдерісі баяулады, бұл нарықтық реформалардың қарқынын бәсеңдетті. Үкімет пен Жоғарғы Кеңес арасында келіспеушілік орын алды. Осы жағдайда жергілікті, сондай-ақ Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі тарату үдерісі басталды. Президент мемлекет басшысы ретінде заңнамалық тұрғыда өзіндік шешімдер қабылдау құқығын алды.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституция қабылданды. Қазақстан президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет ретінде жарияланды. Парламент екі палатадан: Мәжіліс пен Сенаттан құрылды. Жаңа Конституцияның еліміздің тәуелсіздігін нығайту және әлеуметтік-саяси реформаларды жүргізу үшін тарихи маңызы зор болды. Қазақстан нарықтық экономика жолымен дамуға бет алған тәуелсіз ел ретінде белгіленді. Республикада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламасы қабылданды. Шетелдік инвестицияларды тарту, шағын және орта бизнесті дамыту тетіктерінің құқықтық негіздері бекітілді. Банк және қаржы жүйесі реформалары жүзеге асырылды. Аграрлық салада колхоздар мен совхоздар фермерлік шаруашылықтарға айналдырылып, мемлекет монополиясы жойылды.

5. 2015 жылы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі. Дүниежүзілік сауда

ұйымына мүше болуға ресми өтінішті Қазақстан 1996 жылдың қаңтарында жіберіп, 2015 жылдың маусымында келісімдер аяқталды. Қазақстан ДСҰ-ға кіру үшін 20 жылдай үлкен дайындық жүргізді. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі – отандық дипломатияның және Елбасының жетістігі. Мемлекет басшысы құттықтау сөзінде: «*ДСҰ-ға кіру Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануына, әлемдегі дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруіне және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындауға ықпал етеді*», – деп атап көрсетті. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының 162-ші мүшесі болып енді. Сыртқы сауда көлемі 120 млрд долларды құрады. Әлемнің 185 елімен сауда қарым-қатынас жүргізе бастады.

ДСҰ-ға кіру Қазақстанға қандай артықшылықтар берді? *Біріншіден*, болашақта бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен кәсіпорындар ашуға жол ашылды. *Екіншіден*, елге қосымша шетелдік инвестициялар тартылды. *Үшіншіден*, қарапайым азаматтар сапалы тауарларға ие бола алды. *Төртіншіден*, қазақстандықтар ірі сыртқы нарыққа шығуға қол жеткізді. *Бесіншіден*, ел экономикасында ауқымды реформалар жүргізуге мүмкіндік алды. Қазақстан әлемдік сауданы реттейтін заңдар дайындау арқылы ұлттық мүддені қорғады. Еліміздің ауылшаруашылығын дамытуға ЖІӨ-нің (жалпы ішкі өнім) 8,5% көлемінде субсидиялар бөлінген болса, Ресей, Украина, Қырғызстан, Молдова және Грузия сияқты елдерде бұл 5%-дан аспайды. Мемлекетіміз ауылшаруашылық кәсіпорындарына ірі тауар нарығына енуге көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2015 жылғы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарына еліміздің алдағы өсіп өркендеуінің бағыттарын белгілеп берді.

6. «ЭКСПО–2017». 2011 жылы Қазақстан көрме өткізуге өтініш берді. Бізбен бірге бельгиялық Льеж, канадалық Эдмонтон және франциялық Лилль қаласы да өз кандидатурасын ұсынды. Соңғы екі қала кейін бас тартты да, бельгиялықтармен бәсекеге түстік. Бельгиялықтардың көптеген артықшылықтары болды. Олардың кең таралған дипломатиясы, түрлі көрмелер мен форум, симпозиумдар өткізуде тәжірибесі де мол еді. Бельгия – көптеген еуропалық мемлекеттермен ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды орнатқан ел. 2012 жылғы ЭКСПО халықаралық симпозиумында Қазақстан өз жетістіктерін көрсете білді. Экономикасы дамыған және өзін бейбіт мемлекет ретінде танытты. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі еліміздің әлемдегі абыройы мен орнын жоғарылатты. 2012 жылы 22 қараша күні Парижде ЭКСПО штаб-пәтерінде жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Қазақстанды 103 мүше ел қолдады. 2017 жылы жазда Астанада ЭКСПО– 2017 көрмесінде барлық қатысушы мемлекеттер инновациялық, технологиялық, ғылыми және мәдени жетістіктерін көрсетті. Қазақстан ТМД кеңістігінде ЭКСПО көрмесін өткізген ең алғашқы мемлекет болды. Бұл кездейсоқ таңдау емес. Қазақстан және оның елордасы Астананы (Нұр-Сұлтан) бүкіл әлем мойындады.

Еліміз адамзаттың «Болашақ энергиясы» өзекті мәселелерінің біріне шешімдер ұсына алды. ЭКСПО–2017 көрмесін 3 айдың ішінде 4 млн адам келіп тамашалаған. Қазақстан энергетика саласында жаңа технологияларға қол жеткізді. Елімізге жаңа инвестициялар, бүкіл әлемнің шағын және орта бизнесі тартылды. ЭКСПО–2017 келешекте іс-шаралар өткізуге мүмкіндігі бар қуатты алаңға айналды. Көрменің өткізілуі дағдарысқа қарсы ірі жоба ретінде де жұмыс атқарды. ЭКСПО–2017 елімізге отандық кәсіпорындарды қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу, мемлекеттік бюджетке қосымша кірістер әкелуге мүмкіндіктер берді.

**Тапсырма:** Қазақстан экономикасы туралы жазу



**31 тақырып**  
**VI Бөлім. Саяси-құқықтық процестер**  
**Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX**  
**ғасырдың басы)**

**Сабақтың оқу мақсаты:**

- Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау;
- мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау.

**Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін анықтайды.
2. Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін түсіндіреді.

1. Өлке тұрғындары моноэтникалық құрамының өзгере бастауы. XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін Қазақстан халқының түгелдей дерлік құрамы қазақтар болды. XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстан халқының ұлттық құрамы өзгеріске ұшырай бастады. XVIII ғасырдан бастап казактар және әскери тұрғындар көбінесе бекіністер мен шептерде және станицаларда орналасты. 1824 жылдан округтік приказдар құрылуымен әскери казактар, кейіннен шаруалар Солтүстік-Шығыс Қазақстанды мекендей бастады. XVIII ғасырдан бастап казактар және әскери тұрғындар көбінесе бекіністер мен шептерде және станицаларда орналасты. 1824 жылдан округтік приказдар құрылуымен әскери казактар, кейіннен шаруалар Солтүстік-Шығыс Қазақстанды мекендей бастады. Осы кезде жаңа қалалар пайда болды. Қазақстанға Ресейден орыс шаруалары 1861 жылғы басыбайлылық құқықты жойғаннан және XIX ғасырдың екінші жартысындағы өлкеде жүргізілген әкімшілік реформалардан кейін кеңінен қоныс аударыла бастады.

1897 жылы Қазақстан аумағында 4 млн-нан астам адам өмір сүрді, олардың 81,7%-ын казактар құрады. Тұрғындардың қалған бөлігі казактар және қоныс аударушы шаруалар, ұйғыр, дүнген, татар, өзбек т.б. ұлт өкілдерінен тұрды. Қоныс аударушылардың едәуір бөлігі Қазақстанға XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында келді.

2. Орыстар. Қазақстанға алғаш қоныс аударғандар казактар мен әскери шенді орыстар еді. Олар шегара шебіндегі әскери бекіністер мен станицаларда тұрды. Кейін Қазақстанды отарлау әрекеті күшейген кезде казак әлеуметтік тобына қоныс аударып келген шаруалар мен мешандар, солдаттар да қабылдана берді.

Қазақстанға қоныс аударған орыс шаруалары шегарадағы әскерлерді, сондай-ақ Колыванов-Воскресенск зауыттарында, тау-кен өндірістерінде істейтін жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау міндетін шешуге тиіс еді. Шаруаларды қазақ өлкесіне кеңінен тарту үшін патша үкіметі еркін отарлау әдісін де, күш қолдана отырып, еріксіз жер аудару тәсілін де қолданды. Кейде орыс шаруаларының қатары орталықтан айыпты болып қашқандардың есебінен де толықтырылды. Мысалы, Бұқтырма өзенінің аңғарына, Алтай тауының адам аяғы жете бермейтін биік қойнауына зауыт жұмысшылары, солдаттар мен діни секта жікшілдері қашып кете беретін. Сібір әкімшілігі қашқындардың кенттерін жою және Бұқтырма аңғарына қашудың жолын кесу үшін қанша күш-жігер жұмсағанымен нәтиже шығара алмады. 1897 жылы Алтайда 90 мыңға жуық орыс шаруалары болды.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі аграрлық саясат жылдары Ресейдің еуропалық бөлігіндегі шаруалар Қазақстанға жаппай көшіріле бастаған еді. 1897 жылы Қазақстанның алты облысындағы орыстардың саны 544 мың адамға жетті. Орыс халқының өлкедегі негізгі бөлігін қоныс аударып келген шаруалар (40%), содан кейін казактар (33%),

мещандар (19%), дворяндар (5%) және басқалары құрады. Қазақтар мен орыс тұрғындары арасында өзара шаруашылық-мәдени алмасулар орын алды.

3. Украиндықтар. Украиндықтардың алғашқы тобы Қазақстан аумағында XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Олар, негізінен, ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысқандар еді. Украиндықтардың елеулі бөлігі қазақтың кең-байтақ даласына XIX–XX ғасырдың тоғысында, Ресейдің еуропалық бөлігінен шаруалардың жаппай қоныс аударуы кезінде келді. Қоныс аударушы украиндықтар, негізінен, Полтава, Харьков, Таврия, Херсон, Екатеринослав және Киев облыстарының шаруалары еді.

Украиндықтардың басты шаруашылық кәсібі егіншілік болды. Қазақ даласындағы белгілі украиндық диқандардың бірі Ақмола облысының Атбасар ауданы Қима болысына қарасты Запорожское селосының шаруасы Василий Марченко еді. Ол егістік топырағының құнарлылығын арттыру мақсатымен тұқым себудің жетілдірілген әдісін енгізді. «Сельский вестник», «Хлебороб» журналдарын үзбей оқып тұрды. Сол кездегі ең жаңа ауылшаруашылық техникаларын пайдаланды. Үй жануарларының тұқымын асылдандырумен де айналысты.

Патша үкіметі шаруалардың қоныс аударуына қаншалықты отарландырушы сипат беруге тырысқанына қарамастан, украиндықтар мен жергілікті қазақтардың арасында достық тіпті туыстық қарым-қатынастар қалыптаса түсті. Мәселен, 1905 жылы Киевтегі шеруге қатысқаны үшін Ақмола облысының Ақмола уезіне жер аударылған Яков Латутаны Жоламан деген қазақ өкіл бала етіп асырап алып, оған Жақып Жоламанов деген есім берген. Жақып қазақ тілін меңгеріп алды және өз бетінше ізденіп, исламның негізін үйреніп, мұсылман дінін қабылдады. 1916 жылы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі кезінде ол Қорғалжындағы көтерілісшілердің танымал басшыларының бірі болды. 1897 жылғы халық санағының деректері бойынша Қазақстанда 87 мыңдай украиндық тұрды. Украиндықтардың қазақөлкесіндегі бүкіл халықтың арасында алған өзіндік үлесі 2%-ға жуық еді. Украиндықтардың негізгі құрамы (51%) Ақмола облысында шоғырланды. Олардың басым көпшілігі (87%) шаруалар еді, бірқатары (7%) мещан тобына жатты. Украиндықтардың 5%-ға жуығы Ресей казактары қатарында әскери қызмет етті. Қазақ даласында украинның ұлы ақыны Тарас Шевченко орыс патшасының бұйрығымен жер аударылып, он жыл өмірін өткізді.

4. Татарлар. Қазақстанға татарлардың келуі патша үкіметінің қазақ өлкесін отарлауға кіріскен кезінен басталды. Алғашында патша үкіметі қазақ даласында ислам дінінің таралуына қарсылық көрсете қойған жоқ. Бұл ретте қазақтардың арасына молда болуға татарлардың дін қызметкерлері қатарынан ғана жіберілді. Мұның өзі қазақтарды Орта Азиядағы діни орталықтардың ықпалынан оқшауландыру мақсатымен жасалды.

Қазақ хандары мен сұлтандарының басым көпшілігі өздерінің жеке хатшылары етіп Орынборға таяу жердегі Сейітов слободасынан шыққан сауатты татарларды ұстады. Татар көпестер Ресей мен қазақ даласы арасындағы сауда-саттықтың дамуына байланысты белсенділігін күшейте түсті. Қазақтардың тілін, әдет-ғұрып және салт-санасын жақсы білгендіктен, татарлар сауда-саттық саласында делдалдық рөл атқарды. Татар көпестерінің қазақ даласындағы ықпалы мен беделі бірте-бірте күшейе түсті. Татарлар өлкенің ірі Петропавл, Семей, Орал, Көкшетау, Верный, Ақмола, Павлодар, Зайсан және Өскемен қалаларында тұрды. Олардың неғұрлым жиі орналасқан жерлерінде татар елді мекендері құрылды. Бұл халықтың өкілдері қазақ даласында жаңа әдіспен оқытатын жәдидтік мектептер ашудың бастамашылары болды. Қазақтар татар зиялылары шығарып тұрған газеттер мен журналдарды зор ықыласпен оқыды. Қазақтың алғашқы газеттері мен журналдарын көбінесе татар көпестері қаржыландырып тұрды. Кейінірек патша үкіметі қазақ даласында исламның күшейіп бара жатқанынан қауіптеніп, сауатты және іскер татарлардың қызметінен бас тарта бастады. 1897 жылы Қазақстанда тұратын татарлардың жалпы саны 56 мыңға дейін жетті. Мұның өзі Қазақстандағы бүкіл халықтың 1,3%-ы еді.

5. Немістер. Немістер Қазақстанда алғаш рет XVIII ғасырда әскери құрамалар қатарында келді. Олардың едәуір бөлігі Балтық бойы губернияларынан еді. Сібір шегара

шебінің басшысы қызметін атқарғандардың көпшілігі немістен шыққан генералдар болатын. Олар Х.Т. Киндерман, И. Крафт, И. Шпрингер, Г.И. Глазенап және басқалар еді. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман да, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек те, Дала өлкесінің генерал-губернаторы М.А. фон Таубе де неміс ұлтынан еді.

Немістер жергілікті халықтың тарихы мен географиясын және этнографиясын зерттеудің бастамашылары бола білді. Дәрігерлер, мұғалімдер, тау-кен инженерлерінің арасында да неміс ұлтының өкілдері аз болған жоқ. Олар негізінен Омбы, Петропавл, Семей, Өскемен, Жәмішев сияқты тағы басқа да шегара шебіндегі әскери бекіністерде тұрды.

Тапсырма: Кез келген экономикалық стратегияны алып GROW әдісі арқылы талдау жасаңдар:

Goal – мақсаты

Reality – іске асырылуы

Options – мүмкіндіктері

Way forward – алға қарай әрекет ету

## 32 тақырып

### Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы)

#### Сабақтың оқу мақсаты:

- Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау;
- мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау.

#### Бағалау өлшемдері:

1. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін анықтайды.
2. Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін түсіндіреді.

Қазақ жеріндегі немістер санының арта түсуі XIX–XX ғасырлар тоғысына сәйкес келді. Қоныс аударып келген немістер, негізінен егіншілікпен айналысты және өңдеуші өнеркәсіп салаларында жұмыс істеді. Сонымен қатар олар мұнай кен орындарын игеруде, алтын, мыс өндіруде, кен өнімдерін өңдеуде белсенділік танытты.

Жаңа мекендерінде немістер дәстүрлі өмір салтын сақтап келді. Олардың арасында өзін-өзі басқару дәстүрі мықты сақталған еді. Немістер қоныстанған елді мекендерде халық әлдеқайда ауқатты тұрды. Олар жинақылығы, еңбексүйгіштігі және адалдығымен ерекше көзге түсті. Өздерінің ұлттық тілін, дінін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын, дәстүрлерін берік сақтауға тырысты. Көші-қон қиыншылықтарына қарамастан немістердің жеке ғибадатханалары және мектептері болды. Немістер қауым болып жинақы қоныстанды. Олардың көпшілігі (55%) сауатты еді. Әлеуметтік құрамы тұрғысынан алғанда 1897 жылы немістердің 85%-ын шаруалар құрады.

1897 жылы Қазақстандағы және онымен шегаралас қалалардағы немістердің жалпы саны 7 мың адамға жуықтады. Олардың көпшілігі Ақмола облысын мекен етті. Бір тобы Сырдария облысында қоныстанды. Столыпіннің аграрлық реформасы кезінде немістердің

Еділ бойынан, Қара теңіз жағалауынан ағылып келуі күшейе түсті. Сондай-ақ немістер қазақ даласына сонау Германия мен Австрияның тікелей өзінен де қоныс аударып келді. 6. Поляктар. Поляктар Қазақстан аумағына алғаш рет XIX ғасырдың басында келе бастады. Олар патша үкіметі қазақ өлкесіне жер аударған поляк көтерілісшілері болды. Жергілікті өкімет билігі поляктарды өз еріктерінен тыс Жайық және Сібір казактарының қатарына зорлықпен тіркеп жіберген болатын.

Жер аударылып келген поляктар Польшадағы 1830–1831 және 1863–1864 жылдардағы Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық көтерілістерге қатысушылар еді. Поляктардың қатарында ақын-жазушылар, суретшілер мен дәрігерлер, инженерлер және заңгерлер көп болды. Мәселен, **Адольф Янушкевич** қазақ халқының тарихын қызыға зерттеді. Суретші Бронислав Залесский «Қырғыз (қазақ) даласының тыныс-тіршілігі» деген ғажайып сурет салды. Ақын *Густав Зелинский* қазақтар өмірінен «Қырғыз» («Қазақ») және «Дала» деген поэмалар жазды. Владимир Недзвецкий Жетісу мұражайының негізін қалады. Ал Семейге жер аударылған Северин Гросс «Қырғыздардың тұрмысын заң тұрғысынан зерттеуге арналған материалдар» деген тамаша кітап жазды.

Патша үкіметі поляктарды әскери-әкімшілік қызметке де тартты. Поляктардың көпшілігі қалаларда тұрды. 1897 жылғы халық санағының деректері бойынша Қазақстанда мыңға жуық поляк тұрған. Олар, негізінен, Орал, Семей, Ақмола және Сырдария облыстарында қоныстанған еді. Олардың басым көпшілігін жер аударылғандар мен олардың отбасы мүшелері құрады.

7. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы. XIX ғасырдың 70–80-жылдары патша үкіметі ұйғырлар мен дүнгендерді Жетісу жеріне қоныс аударта бастады. Бұған дейін олар Қытайдың Іле өлкесінің аумағында тұрып келген еді. Ұйғырлар мен дүнгендер XVIII және XIX ғасырдың бірінші жартысында Қытай үкіметіне қарсы бірнеше рет көтеріліс жасады. Өздерінің ұлттық тәуелсіздігі жолында күресті. Алайда Қытай әскерлері көтерілістерді аяусыз басып жаныштады. Ұйғырлар мен дүнгендердің күресі барысында Іле өлкесінде Іле сұлтандығы құрылған болатын. Бұл мемлекеттік бірлестіктің құрылуы ондағы ішкі қарама-қайшылықтарды асқындырып жіберді. 1871 жылы Ресей әскерлері ол аймақты жаулап алды. Патша үкіметі өлке тұрғындарының отбасылық істеріне және өзара қарым-қатынастарына араласпау саясатын ұстанды. Жергілікті билік органдары құрылды. Бірақ оны патша әкімшілігі өз бақылауында ұстады. Жалпы жағдай едәуір тұрақтандырылғандай еді. Алайда дүниежүзі жұртшылығының қысым жасауымен, ол өлкені Қытайға қайтару жөнінде келіссөздер жүргізіле бастады. Міне, осы кезде жаппай қырғынға ұшыраудың алдында тұрған ұйғырлар мен дүнгендердің болашақ тағдыры туралы мәселе көтерілді. 1881 жылы екі империя арасында Петербург бейбіт келісімшарты жасалды. Ұйғырлар мен дүнгендер бір жылдың ішінде Жетісу облысының аумағына қоныс аударды. 100 мыңға жуық ұйғыр мен дүнген жан сақтау үшін Қазақстан аумағына өтуге тілек білдірді. Дүнгендердің Қазақстан аумағына алғаш қоныс аударуы 1877 жылы басталды. Сол жылы Қытай жазалаушыларынан құтылу үшін қашқан дүнгендер Жетісу жеріне жетті. Екінші толқын 1884 жылы өтті. Ал ұйғырлардың Жетісу жеріне қоныс аударуы 1881 жылы күзде басталып, 1884 жылға дейін жалғасты.

Ұйғырлар мен дүнгендерді Қазақстан мен Орта Азияға қоныстандыру арқылы Ресей екі түрлі мақсат көздеді: *біріншіден*, Қытайдың Құлжа өңіріндегі экономикалық базасын әлсірету; *екіншіден*, саяси жағдай шиеленісіп кете қалған жағдайда оларды Қытайға қарсы әскери күш ретінде пайдалану болды.

Патша үкіметі бұл жөнінде жергілікті қазақ халқының пікірімен санаспады. Бұл кезде Жетісу жері мемлекеттік меншік деп жарияланып қойған болатын. Ұйғырлар мен дүнгендер белгілі бір аумақта өз алдарына жеке қоныстануды қалады. Қоныс аударушылар, негізінен, Жетісу жеріндегі Верный және Жаркент уездеріне орналастырылды.

Ұйғырлар мен дүнгендер егіншілік, түрлі колөнер кәсіптері, саудамен айналысты. Ұйғыр көпесі У.А. Юлдашев Англиядан алдырған пароходын Іле өзеніне алғашқылардың бірі болып жүргізді. Қазақстан аумағындағы ұйғырлар мен дүнгендердің саны бірте-бірте

арта түсті. 1897 жылы Қазақстанда 56 мың ұйғыр, 14 мың дүнген болды. 8. Қазақстанға басқа халықтардың жер аударылуы. Қазақстан аумағына XIX ғасырдың аяқ кезіне қарай жоғарыда көрсетілген этностық топтардан басқа да халықтар ағылып келе бастады. Ресейдің еуропалық бөлігінен келген неғұрлым елеулі диаспора мордвалықтар болды. 1897 жылы Қазақстанда олардың саны 12 мыңға жуықтады. Олар, негізінен, Ақмола облысының Көкшетау және Петропавл уездерінде, Торғай облысының Қостанай уезінде тұрды. Уақыт өте келе бірқатар шағын ұлыстар орыс халқымен араласып, *ассимиляцияланып* кетті.

Қазақстанның барлық қалаларында еврей ұлтының өкілдері де тұрды. Олар Ақмола және Сырдария облыстарында жинақы қоныстанды. Ресейдің еуропалық бөлігіндегі еврейлердің кәсіп түрлерін таңдауына шек қойылуы және еврейлерді қырып-жою оқиғалары XX ғасырға дейін олардың Қазақстан қалаларындағы санының едәуір арта түсуіне жеткізді.

Қорыта айтқанда, Ресей империясының отаршылдық саясатынан басталған өзге халықтардың Қазақстан жеріне қоныс аудару үрдісі XX ғасырдың басында өлкенің ұлттық құрамын үлкен өзгеріске жеткізді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Орыс, украин және т.б. диаспоралар өкілдерінен шыққан қандай көрнекті тұлғаларды білесіңдер?
2. 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағының деректері бойынша Қазақстанда тағы қандай этностардың өкілдері тұрды?
3. Қосымша деректерді пайдаланып, өздерің тұратын облыс, аудан, ауылдағы ірі диаспораларды, олардың саны мен орналасқан аймақтарын көрсетіңдер.
4. Қазақстандағы барлық диаспора өкілдері арасындағы бейбітшілік, өзара келісім жайлы мақал-мәтелдер келтіріңдер.
5. Республикадағы түрлі ұлт өкілдерінің тату тұрып жатқаны қазақ халқының парасаттылығы арқасында екенін дәлелдендер.

### **33 тақырып**

#### **Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы**

##### **Сабактың оқу мақсаты:**

- Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдалану;
- Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу;
- кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру.

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін айқындайды.
2. Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының себептерін, негізгі бағыттары мен басымдықтарын көрсетеді.

1. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстан халқы. 1917 жылы халық санағы жүргізілді. Санақ бойынша өлке халқының саны 6 млн адамнан асты. 1897 жылғы санақпен салыстырғанда халықтың саны біршама өскендігі байқалды. Республикада жыл өткен

сайын этностық топ өкілдерінің құрамы да өсе түсті. Славян текті этнос өкілдері, негізінен, солтүстік, солтүстік-шығыс облыстарда өмір сүрді. Осы жылдардағы демографиялық ахуал көрсеткіші бойынша елімізде жергілікті қазақ ұлтының құрамы басым еді. Дегенмен олардың жалпы халық құрамындағы үлес салмағы айтарлықтай азайған. Оның себебі, ең алдымен, балалар өлімінің өсуі мен халықтың табиғи өсімінің төмендігі және соғыс салдарынан орын алған ауыр зардаптардың әсері болды.

1920 жылы тамызда Қазақ (Қырғыз – авт.) АКСР-і құрылды. Жаңа автономияның астанасы ретінде Орынбор қаласы бекітілді. Қазақ АКСР-і құрамына Семей, Ақмола, Торғай және Орал губерниялары, Маңғышлақ уезі, Красноводск уезінің, Каспий сырты облысының және Астрахан губерниясының, соның ішінде Бөкей Ордасының бір бөліктері енді. 1920 жылы қыркүйекте қазақ автономиясына Орынбор губерниясының бір бөлігі қосылды.

Азамат соғысы аяқталысымен алғашқы кеңестік санақ жүргізілді. Аталған шараның нәтижесі бойынша ол кезде автономия аумағында 3 млн-ға жуық адам өмір сүрген, олардың 91%-ы ауылдық жерде мекендеді, қалғаны – қалалар мен қалалық елді мекендерде тұрақтаған. «Ақтар» мен «қызылдар» қарсыластығы елде әлі де кейбір ошақтарда басылмағандықтан, бұл санақ Қазақстанның барлық аймағын қамтымады. Басқа ұлт өкілдері санының көбеюіне байланысты халық құрамы елеулі өзгерістерге ұшырады. **Ұлттық саясатта** интернационализм ұғымы орнықты.

Азамат соғысынан кейін азық-түлік салғыртының нәтижесі, шаруашылық күйзеліс, аштық салдары 1917–1920 жылдар аралығында халық санының кемуіне әкелді.

1918 жылғы кеңестердің Бүкілтүркістандық V съезінде «Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы» туралы ереже бекітілді. Қазақтардың басым бөлігі ТАКСР-інің Сырдария және Жетісу облыстарында шоғырланды.

1924 жылы Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеуге байланысты ТАКСР-і таратылды. Сол жылдың қазан айында Түркістан АКСР-інің құрамындағы қазақтар мекендеген жерлердің (Сырдария мен Жетісу) Қазақ АКСР-іне қосылғандығы туралы қаулы бекітілді.

2. Қазақ АКСР-і полиэтникалық қоғамының өзгеріске ұшырауы.

Оңтүстік облыстарды қосу нәтижесінде Қазақстан аумағы ұлғайды. Қазақ АКСР-і одақтас республикалар арасында көлемі жағынан екінші орын алды (РКФСР-дан кейін – авт.). Қазақ халқының аумақтық бірігуі мемлекеттілікті нығайтып, республиканың экономикалық және мәдени дамуы үшін маңызы зор болды. Қазақстанның халық саны ұлғайып, аумағы кеңейді, күш-қуаты артты.

1925 жылы сәуірде Орынбор губерниясы Қазақ автономиясы құрамынан шығарылды. Республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру және Ақмешітке Қызылорда атауын беру туралы қаулы қабылданды.

Билікке большевиктер келгенімен, Ресейдің еуропалық бөлігінен орыс шаруалардың қоныстануы жалғасып жатты. 1926 жылы Бүкілодақтық халық санағы өткізілді. Қазақстанның демографиялық көрсеткіші халық санағының қорытынды мәліметі бойынша 6,2 млн адамды құрады. Полиэтникалық республикамызда 86 ұлт пен ұлттық топтар өмір сүрді. Қазақтардың халық құрамындағы үлесі – 58,5%, орыстар – 20,6%, украин – 13,9% құрады. Қазақтар негізінде Сырдария, Орал, Ақтөбе және Жетісу губернияларында тұрды. Орыстар Ақмола және Семей губернияларында шоғырланды. Қостанай округі мен Ақмола губернияларында украиндардың үлкен топтары орналасты.

3. 1937 және 1939 жылғы халық санақтары бойынша Қазақстан халқының саны мен ұлттық құрамы. 1928 жылы байларды тәркілеу, саяси қуғын-сүргін, 30-жылдардағы жаппай етек алған ашаршылық жалпы халық санының әсіресе қазақтардың кемуіне жеткізді. Тек ашаршылық кезінде республика 2 миллионға жуық жергілікті тұрғындарынан айырылды. 1937 жылғы халық санағы бойынша 5,1 млн адам тіркелді. Оның ішінде қазақтар – 42,6%, орыстар – 37,4%, украиндар – 10,7% адамды құрады. 1937 жылы қаңтарда өткізілген бір күндік санақ қорытындысы дұрыс емес деп танылып, мәліметтері құпия сақталып,

жойылды. Халық санының азаюын көшіп кеткен ұлт өкілдері санымен түсіндірген. Санақ жүргізгендердің біразы қуғын-сүргінге ұшырап, көпшілігі атылды. Бұл санақ материалдары жарияланбай, ұзақ уақыт бойы КСРО мұрағаттарында сақталып қалды.

1939 жылғы санақ бойынша республикадағы қазақтар саны 2,3 млн адам болды. Қазақстанда этностардың жаңа көрсеткіші қалыптасты. Ұлттық құрамындағы қазақтардың үлесі 37,8%-ға азайды. Ал, жалпы халықтың үлес салмағының 40%-ын орыстар құрады.

4. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықтар депортациясы. XX ғасырдың 30–40-жылдары КСРО басшылығы жеке халықтарды республика аймағына депортациялау, күштеп жер аударуды жүзеге асырды. 1936 жылы «арнайы қоныс аударылғандар» деп аталғандардың саны 360 мың адамға жетті. 1936 жылы Қазақстанға Украинаның батыс аудандарынан 15 мың поляк және неміс отбасылары жер аударылды.

Қуғын-сүргінге ұшыраған халық өкілдері қазақ жерінде екінші отанын тапты. Солардың бірі белгілі жазушы Герольд Бельгер Солтүстік Қазақстандағы Есіл өзені жағасында орналасқан шағын ауылға көшірілген неміс отбасында өсті.

1937 жылы Қиыр Шығыстан корей халқы да жаппай күштеп қоныс аударылды. Түркия мен Иран шегараларына жақын орналасқан аз ұлттарға сенімсіздік күшейе түсті. 1937–1938 жылдары Кавказдан шегара аймақтарында тұратын күрд, ирандықтар мен түріктер «сенімсіз халықтар» деген желеумен көшірілді. 1937 жылдың соңында Әзірбайжан, Армения КСР-і елдерінен мыңнан астам күрд, түрік отбасылары Қазақстанға әкелінді. Оларды, негізінен, Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облысының ауылдарына орналастырды. 1938 жылдың қазан-қараша айларында Әзірбайжаннан осы облыстарға ирандық 2000 отбасы қоныстандырылды.

КСРО ХКК қаулысымен 1940 жылы Қазақстанға Украинаның батыс аудандарынан – 6478, Батыс Белоруссиядан – 203 қоныс аударушы-поляк отбасы және Бессарабиядан 8 мың адам көшірілді.

5. Соғыс жылдарындағы кеңес өкіметінің депортациялық саясаты. Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанның этнодемографиялық жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қазақстанға жүздеген мың адам еріксіз көшіріліп әкелінді. Жалпы соғыс жылдары алпыстан астам ұлт өкілдері күштеп қоныс аударылды.

КСРО-ға шабуыл жасаған «фашистік Германия әскеріне көмектесуі мүмкін» деген сылтаумен 1941 жылы қыркүйек айында депортацияның алғашқы легі кеңестік немістерді көшіру науқанынан басталды. 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 92 мың неміс ұлтының өкілдері тіркелсе, соғыс жылдары 462 мың неміс күштеп көшіруге жоспарланды.

1941 жылдың аяғына дейін Қазақстанға 420 мың неміс жер аударылды. Оның ішінде 30 мың неміс ұлты – Алматы облысына, 60 мың – Ақмола облысына, 30 мың – Қарағанды облысына, 40 мың – Қостанай облысына, 50 мың адам – Солтүстік Қазақстанға қоныстандырылды.

Арнайы қоныс аударылғандар көбінесе тек елді мекендерге орналастырылды. Үй-жай, мал-мүлігін тастап, көшу кезінде оларға өзімен бірге тек қажетті заттарды ғана алып кетуге рұқсат берілді. Ұлты неміс әскери басшылар мен әскер қатарындағылар армиядан аластатылды. Неміс халқы республиканың облыс орталықтарынан көшіріліп, соғыс кезінде өндіріс орындарындағы ауыр жұмыстарға жаппай жұмылдырылды, МТС, совхоздар мен колхоздарға жіберілді.

Көшірілген халықтардың арасында адам өлімі көп болды. Ауру мен аштық жиі орын алды. Адамдар бір ауылдан екінші ауылға қатынаса алмады. Жеке құжаттары болған жоқ. Бәрі де арнайы комендатураның қатаң бақылауында еді. Барлық құқықтарына тыйым салынды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді, олардың қатарында қазақтардың саны 200 мыңға жетті. Мәселен, 1942 жылы қыста Магнитогорск металл балқыту пештерінде 10 мың қазақ жұмысшы істеген. Еңбек армиясындағы адамдардың өмірі өте ауыр еді. Шақырылғандардың негізгі бөлігі ауыл тұрғындары болды, оларды қара жұмысқа пайдаланды.

1943 жылы қазанда Қарашай автономиялық облысы таратылып, қарашайлар күштеп

көшіріле бастады. Облыстан 14 774 отбасы, жалпы 70 мыңдай адам депортацияланды. Сол жылы Еділ қалмақтары елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылды. Жалпы 100 мыңға жуық адам көшіріліп, оның 648 отбасы немесе 2 268 адамы Қызылорда облысына қоныстандырылды.

1944 жылы қаңтарда Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысымен Қазақ КСР-і және Қырғыз КСР-і жеріне шешен және ингуш халықтарын көшіру туралы шешім қабылданды. Аталған халықтарды көшіру 1944 жылы ақпанда басталды. Шешен-Ингуш АКСР-і таратылды. Архив құжаттары бойынша 1945 жылы қазан айында республикаға 400 мыңнан астам адам, жалпы 90 мыңдай отбасы көшірілді. 1946 жылы Кеңес одағы бойынша қоныс аударылғандардың жалпы саны 2 463 940 адам, оның жартысы (1 миллион 200 мың адам) Қазақстанға көшірілді.

Депортацияланған ұлт өкілдеріне өздерімен бірге 200 кг жүктен артық алмау ескертілді. Өз жерінде қалған үй-жайын, мал-мүлкін жергілікті билік органдарына өткізіп, жаңа жерде сол үшін өтемақы алуға тиісті еді. Бірақ іс жүзінде тиісті көмек көрсетілмеді. Көшірілген халықтардың материалдық-тұрмыстық жағдайы өте ауыр болды, қаржы жетіспеді. Олардың материалдық мұқтажына байланысты мәселелер толық шешімін тапқан жоқ. Жергілікті өкімет билік органдары жер аударылғандарға қаражат пен азық-түлікті дұрыс бөлмеді. Суықтан, аштықтан, аурудан көптеген адам қырылды. 1944–1948 жылдар аралығында 101036 шешен, ингуш, балқар ұлт өкілдері қаза тапты. Келген 462 мың неміс ұлт өкілдерінен соғыс аяқталған кезде 330 мың адам қалды.

Кеңес өкіметінің ұлтаралық озбырлық саясатына қарсы наразылық өрши түсті.

6. Бүкілодақтық санақ қорытындылары бойынша халықтың ұлттық құрамындағы өзгерістер. Саяси қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс республиканың 600 мыңға жуық адамының өмірін жалмады. Дегенмен соғыстан кейінгі жылдары республика халқының саны қалпына келе бастады. Тұрғындардың табиғи өсімі еселенді. Әсіресе 50-жылдардың ортасында КСРО-ның одақтас республикаларынан ағылған жүздеген мың тың игерушілер есебінен көбейді.

Кеңес халқының миллиондаған адамға кемуіне байланысты санақ тек 1959 жылы өткізілді. 1959 жылғы санақ бойынша республика аумағындағы халық саны 9,3 млн адамды құраған.

1959–1970 жылдары Қазақстанға сырттан келушілердің көші-қоны азайып, ұлттық құрамында қазақтардың үлесі ұлғайғаны байқалады.

1950 жылдардың соңы – 1960 жылдардың басында республикадағы бала туу көрсеткіші жалпы одақтық көрсеткіштен 2 есе жоғары тұрды. Сонымен бірге халықтың өлім-жітімі, сәбилер өлімі біртіндеп төмендеді. Медициналық қызмет көрсету жақсарды. Қазақстан халқын 13 млн адам құрады. 1970–1989 жылдары Қазақстандағы қазақтардың негізгі этнодемографиялық сипаттамасы: халық аштықтың және 30-жылдардың қуғын-сүргін салдарынан қалпына келе бастауы еді. Қазақстанның барлық облыстарында қазақтар саны көбейді. Ұзақ жылдар бойы солтүстік және шығыс аймақтарда азшылықты құраған қазақтардың үлесі артқаны байқалды.

Қазақстандағы қазақтардан кейінгі көпшілікті орыс ұлты құрады. 1970 жылы – 42,4%, 1979 жылы – 40,8%, 1989 жылы – 37,8% болды. Саны бойынша көрсеткіш жоғарылағанымен, республикадағы жалпы халық санының құрамында пайыздық үлесі төмендегенін байқаймыз. Украин халқының саны 1959 жылдан бері азая бастады. 1970 жылғы санақ бойынша 933 мың украин (7,2%) тіркелсе, 1979 жылғы санақ дерегінде – 898 мың адамды (6,1%), 1989 жылы бұл көрсеткіш одан әрі азайып 5,5%-ды құрады. 1970–1989 жылдар аралығында украиндер саны Қазақстаннан кері кету есебінен азайды.

XX ғасырдың 30–40-жылдары кеңестік биліктің қысымымен Қазақстанға қоныс аударылғандар мен жергілікті тұрғындар арасында мәдени тұрғыда қарым-қатынас орнықты. Қоныс аударғандар қазақ тілін меңгерді, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысып, ұлттық тағам мен киім кию салтын да қабылдай бастады. Өз кезегінде жергілікті қазақтар жаңадан көшіп келгендердің музыкасы, тағам мәзірі, бау-бақша өсіру тәсілдерін



менгерді.

### 34 тақырып

#### Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты

##### Сабактың оқу мақсаты:

- мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлттаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау.

##### Бағалау өлшемдері:

1. Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының себептерін, негізгі бағыттары мен басымдықтарын көрсетеді.
2. Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау.

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық қарым-қатынас үндесуіндегі рөлі.
2. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңның қабылдануы – бейбітшілік және ынтымақтастықты нығайтуда Ассамблеяның рөлін тану.

##### 1. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық қарым-қатынас үндесуіндегі рөлі.

Бүгінгі күні Ассамблея мультиэтникалық әрі көпконфессиялы мемлекетке мәдениетаралық үнқатысуды дамытуға және қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге жәрдемдесетін маңызды демократиялық институт болып табылады.

ҚР президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) еліміздегі этносаралық келісім мен азаматтық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі бірегей құрал болып табылады. Ол этносаралық саланы ғана емес, сонымен бірге конфессияаралық, саяси және экономикалық қатынастарды қамтитын толеранттылықтың қазақстандық үлгісін қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Бүгінгі күні Ассамблея мультиэтникалық әрі көпконфессиялы мемлекетте мәдениетаралық үнқатысуды дамытуға және қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге жәрдемдесетін маңызды демократиялық институт болып табылады.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

##### *Ассамблеяның*

##### *негізгі*

##### *міндеттері:*

этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау; халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту; қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу; азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

2. Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы шешім 1992 жылғы желтоқсанда өткен

Қазақстан халықтары құрылтайында қабылданды. 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы Қазақстан Республикасы Президенттің Жарлығы шықты. Ал 1995 жылғы 24 наурызда Ассамблеяның бірінші сессиясы өтті. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Ассамблеяның құрамына 33 ұлттық өкілдері саналатын 320 адам енді. Ассамблеяның бастауымен Қазақстанда 40-тан аса ұлттық-мәдени ұйымдар, оның ішінде республикалық «Қазақ тілі», Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, «Русская община», «Русская союз» ұйымдары, «Истоки» мәдени-ағарту, республикалық татар мәдени орталығы, Қазақстан немістерінің кеңесі, өзбек, қырғыз, украин, армян, грек, поляк, чех, венгр, ассири, күрд, қытай ұлттық мәдени орталықтары жұмыс істеуде. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі этносаралық келісім мен азаматтық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі бірегей құрал болып табылады.

## **2. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңның қабылдануы – бейбітшілік және ынтымақтастықты нығайтуда Ассамблеяның саяси рөлі.**

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Заңға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы ол – заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме.

Қазіргі таңда әр түрлі қауіптердің белең ала бастауынан көптеген елдердің этносаралық татулықтың маңызын түсіне бастады. Сондықтан медиация Қазақстан үшін ғана емес, әлем үшін да маңызды болып табылады. Осы ретте Қазақстан тарапынан «Медиация туралы» Заң 2011 жылдың қаңтарында қабылданғанын айта кету керек. Этносаралық дауларды ешқашан саяси мәселеге айналдыруға болмайды. ҚХА бүгінгі таңда азаматтық қоғам мен билік арасын байланыстырушы медиаторға айналып отыр. Қазақстан әлемге үлгілі, өркениеттер арасын жалғаған медиаторға айналып отыр.

Осы ұстанған ұлттық саясатты насихаттау мақсатында Қазақстан халықтары Ассамблеясы шетелдік ұйымдармен қарым-қатынасты нығайта түсуде. Осы мақсатпен өткен жылы Германия, Бельгия, Нидерланды, АҚШ, Украина, Ресейге арнайы сапарлар ұйымдастырылды. Аталған елдерде делегация мүшелері Бундестаг, Еуропарламент депутаттары, Тең мүмкіндіктер орталығы, БҰҰ, америкалық сыртқы саясат ұлттық комитеті басшылары және саяси қайраткерлермен кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізді.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет

этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді - соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

**Тапсырма:** Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуда тағы қандай бағдарламалар мен құжаттар қабылданғанын анықтаңдар.

### **35 тақырып**

#### **Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты**

##### **Сабақтың оқу мақсаты:**

- мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау.

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының себептерін, негізгі бағыттары мен басымдықтарын көрсетеді.
2. Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының ролін сипаттау.

- 1) Бірегейлік ұлт бірлігінің және тұтастығының біріңғай этникалық және саяси негізі
- 2) Ел бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың мақсаты, міндеттері мен принциптері
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлендірудің тұжырымдамасы (1996)

#### **1. Бірегейлік ұлт бірлігінің және тұтастығының біріңғай этникалық және саяси негізі**

Қазіргі таңда бүкіл әлемде өтіп жатқан әлеуметтік - саяси өзгерістерді Түсіндіру мен әлемнің болашақта даму жолдарын анықтау мақсатында ғалымдар бірегейлік мәселесіне жүгініп отыр. Аталған мәселеге назардың ауысуы бекер емес. Бірегей ұйымы бірігей бірінші кезекте, мемлекеттіңегеменділігін сақтап қалу мұратын халықты ортақ игілікке қол жеткізу үшін жұмылдыру ниетін көздесе, екінші қырынан, жаһандану жағдайында әлемдік сахнада «өркениеттер қақтығысын» болдырмау ниетінде ортақ және бірегейлік қағдарысын, оның алдары ретінде құндылықтарды бөлісе алмаған азаматтар немесе басқа да әлеуметтік институттар арасындағы жанжалды алдын алу мақсаты түрткі болды. Осы тұста байқалатын бір жайт, бірегейлік ұғымының әлеуметтік, гуманитарлы ғылымдардағы қолдану аясының, кеңістігінің кеңеюі. Өйткені соңғы он жылдықта бірегейлік тек қана психология, әлеуметтану мен әлеуметтік антропология ғылымдарының жеке меншігінде еді. Аталған мәселе бастапқыда ХХ ғасырдың басында Батыс мемлекеттерінде пайда болып, өзінің өзектілігінің жоғарғы деңгейін көрсетсе, қазіргі таңда бұл мәселені көтеріп отырмаған ел жоқ деп айтуға болады. Осыған дәлел ретінде тек интернет жүйесінде «бірегейлік» ұғымының орыс тіліндегі нұсқасы «идентичность» терминінің 2 540 000 нәтижелері барын көрсетсе, ал «бірегейліктің» ағылшын тіліндегі

«identity» ұғымы интернетте 599 000 000 жуық ақпаратты шығ арып береді. Бұл мәселе ағылшын тілді халықтар үшін өзекті екендігін аңғартады. Сонымен қатар қ азақ тілінде «бірегейлік» ұғымының интернет жүйесінде 10 000 жуық ақпараты көрініс тапқан . Әрине, қазіргі Қ азақстандағы «бірегейлік» ұғымының сөздіктерде, ғылымның салаларында ортақ аудармасының жоқтығы да ескерілуі қажет. Кейбір ғылыми еңбектерде «бірдейлік», «сәйкестік», «ұқсастық» сияқты сөздермен аударылып келеді. Бұл «бірегейлік» мәселесін қ азақ ғылымда зерттелуіне кедергі болып отырғанын көрсетеді. Өйткені ортақ терминологиялық анықтамасының болмауы әр ғылымд а мәселені талқылауды, шешуді қиынд атады. Дегенмен, «бірегейлік» ұғымы тек қана қазақ тілінде толық анықтауды қажеттілік білдіріп отырған жоқ.

Мемлекет басшысы Назарбаев Университетінде өткізген интерактивті дәрісінде халқымыздың игілігі болып табылатын қазақстандық табыстың үш кілтін еске салды. “Бірінші. 140 этностың басын құрайтын барлық қазақстандықтардың бірлігі – бұл ғаламат құндылық. Біздің міндетіміз – оны қорғау, сақтау және байыту”. Ол үшін этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясаттың артықшылығы туралы өзінің мазмұны бойынша бірегей идеологиялық құжат – Ұлттық бірлік доктринасы қабылданып, жүзеге асырылып жатыр. “Екінші. Біздің барлығымызға және әрқайсымызға тән тағаттылық. Этностық және діни айырмашылықты байыппен түсіну және құрметпен қабылдау” қоғамдық адамгершілік императивінің бөлінбес бөлшегі болып табылады. “Осының арқасында біздің әр алуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта біріктіреді”. Бұл – қоғам мен мемлекеттің стратегиялық қоры. Үшінші. Бұл тарихи тағдырымыздың ортақтығы. Ол оның қандай дінге жататындығына қарамастан, әркім үшін құндылықтар мен болашақтың жалпы жүйесін қалыптастыратын Ұлттық бірлік доктринасының “Бір ел – бір тағдыр” атты алғашқы ұстанымы. Біздің үлгіміздің полиэтникалық қазақстандық қоғам қалыптастырудың процестері, өңірдің этникалық құрамының ерекшелігі, стратегиялық қор сияқты іргелі және методологиялық негіздері бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында 130-дан астам этникалық топ өкілдері тұрады, оның ішінде: қазақтар – 198,3 мың (33,3%), орыстар – 295,9 мың (50,2%), украиндер – 28,5 мың (4,8%), немістер – 20,8 мың (3,5%), поляктар – 13,5 мың (2,3%), татарлар мен башқұрттар – 12,9 мың (2,2%), басқа ұлт тар – 19,4 мың (3,3%). Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы құрамында 23 ұлттың мүддесін қорғайтын 22 қоғамдық этно-мәдени бірлестік бар. Олардың барлығы мемлекеттік тіркеуден өткен. 1995 жылы 1 наурызда консультациялық-кеңесші орган ретінде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының басты міндеті мемлекет пен азаматтық қоғамның серіктестігі ретінде этностар мүддесінің топтасуын қамтамасыз ету, этносаралық іс-қимылды тиімді жүргізу және бірыңғай саяси, құқықтық және мәдени орта қалыптастыру болды.

Қазақстандағы этносаясаттың қалыптасуы мен дамуын 5 кезеңге бөліп қарастыруға болады. 1) 1991-1995 жылдар – ұлттық саясаттың қалыптасу кезеңі; 2) 1995-2002 жылдар – қазақстандық бірдейлікті айқындау кезеңі; 3) 2002-2007 жылдар – қазақстандық үлгіні әрі қарай нығайту кезеңі; 4) 2007-2010 жылдар – қазақстандық қоғамның біртұтас халық болып шоғырлану кезеңі; 5) 2010 жылдан бастап – этносаясатты жаңғырту кезеңі. Этносаясатты жаңғыртуды Қазақстан халқының бірлігі, қазақтардың топтастырушылық рөлі, толеранттылық пен жауапкершілік, Қазақстан этностарының тілі мен мәдениетін дамыту үшін барлық жағдайды жасау, этникалық, конфессиялық, мәдени және тілдік жан-жақтылық деп 5 негізгі ұстанымға бөлуге болады. Нұрсұлтан Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімінің қазақстандық үлгісінің ерекшелігі мен мәні неде? Біріншіден, ел басшысының саяси ерік-жігері түбегейлі болып саналады, соның нәтижесінде этникалық және қай дінге жататындығына қарамастан, азаматтық теңдікті жүзеге асырудың пәрменді тетігі құрылды және жетілдірілуде. Ассамблея төрағасы Конституция кепілі – Президенттің өзі, Ассамблеяның жоғары мәртебесі осымен айқындалады.

Екіншіден, қазақстандық үлгі елдің барлық қоғамдық-саяси жүйесі жұмылдырылған

азаматтық бастама, азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің сындарлы диалогы негізінде “төменнен” құрылған. Бұл рөлді қоғам мен мемлекеттің сұхбат алаңы болған Қазақстан халқы Ассамблеясы атқарады. Үшіншіден, азаматтық-құқықтық және қоғамдық қатынас тұрғысынан этникалық топтардың бірыңғай, төтенше жоғары мәртебесі Қазақстанның бірегей ерекшелігі болып отыр. Кез келген этнос құрмет пен сенімге ие. Төртіншіден, қоғамдық келісім – маңызды саяси-идеологиялық құндылық. Бесіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясына сайланатын Парламент Мәжілісінің 9 депутаты барлық этностардың кепілді парламенттік өкілдігін қамтамасыз етеді. Алтыншыдан, этникалық тілдер мен мәдениетті қолдау жөніндегі мемлекеттің бұлжымас саясаты мәдени сантүрлілікті сақтау мен көбейтуге жағдай жасап отыр. Жетіншіден, Қазақстандағы этносаралық қатынас түбегейлі саясатсыздандырылған, ол заңнамада бекітілген. Сегізіншіден, үлгіде орталық орынға Қазақстан халқы Ассамблеясы ие. Оған Қазақстанда тұратын барлық этнотоптардың 394 өкілі кіреді. ҚХА-ның XIX сессиясында Мемлекет басшысы – Ассамблея Төрағасы Н.Ә.Назарбаев этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімді нығайтуға, оның әртүрлі бағыттары бойынша қоғамды әрі қарай дамытуға нақты тапсырмалар берді және стратегиялық міндеттер жүктеді. Қазақстандық жолдың үш бірлігі – тұрақтылық, бірлік, жаңғыру. Бұл – этносаралық қатыныстар саласы әрқашан басымдық болып қала беретін мемлекеттік ұлттық саясаттың негізге алынатын және бір-бірімен байланысты бағыты. Келісім мен тұрақтылықтың экономикалық негізі – тиімді экономика. Келісім мен тұрақтылықтың әлеуметтік негізі әмбебап – ол бәрінен бұрын орта тап. Қоғамдық-саяси негіз – тиімді азаматтық қоғам және оның барлық мүшелерінің жауапкершілігі.

## **2. Ел бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың мақсаты, міндеттері мен принциптері**

Осы Доктринаның мақсаты қоғамдағы азаматтық сәйкестілік, патриотизм, рухани-мәдени қауымдастық, тұрақтылықты сақтау, этносаралық және конфессияаралық келісім негізінде Қазақстандағы ел бірлігін қамтамасыз етудің басымдықтары мен тетіктерін айқындау болып табылады.

Ел бірлігі деп этностық қоғамдастықтардың біртұтас мемлекет құрамында өмір сүру бүтіндігі, ел азаматтарының өзін Қазақстан Республикасымен, қалыптасқан құндылықтар және мұраттар жүйесімен сәйкестендіруінің жоғарғы деңгейі түсініледі. Қазақстандық қоғамның ел бірлігінің негізі қазақстандықтардың басым көпшілігінің жанына жақын және қоғамды бірегей тұтастыққа ұйыстырушы құндылықтар ортақтығы болып табылады.

**Біздің ортақ тарихымыз** қазақстандықтардың барлық ұрпағын біріктіруші бастау алар көзі және лайықты мақтаныш нысанасы болып табылады.

Тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі кезеңде өз тағдырына еркін тандау жасау, жаңа мемлекет құруға қатысты екенінді сезіну, елдің және оның азаматтарының болашақ ұрпағының тағдырына бірлесе жауап беру Қазақстан халқының ортақ құндылықтарына айналды.

Қазақстандықтарға барлық этнос, конфессиялар, әлеуметтік топтар өкілдерінің өмір сүру салтына, дәстүріне, сезімдеріне, пікірлеріне, идеялары мен сенім-нанымына **төзімділіктің жоғары деңгейі** тән.

Сонымен қатар, елдегі этностық мәдениеттердің саналуандылығы мен үндестігі барша қазақстандықтардың тұрақты кемелденуі мен дамуының қайнар көзі болып табылады.

Қазақстандық қоғамда адамгершілік құндылықтар, үлкенді сыйлау, отбасы институтын құрметтеу, қонақжайлылық қасиеттері берік қалыптасқан.

Осының бәрі әртүрлі этностық және діни ерекшелікке ие азаматтардың өзара түсіністігі мен достығын нығайтуға септігін тигізеді.

Доктринада қойылған мақсаттарға жету үшін мемлекет пен қоғамның күш-жігерін мынадай негізгі міндеттерді шешуге бағыттау қажет:

жалпықазақстандық сәйкестілікті нығайту, қазақстандық қоғамның негізін құрайтын құндылықтар бойынша келісімді қолдау;

этносаралық, конфессияаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының тиімді жүйесін қалыптастыру;

Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде мемлекеттік тілді дамыту;

қазақстандық этностардың этномәдени, тілдік өзіндік ерекшелігін сақтау мен дамытуға жәрдемдесу;

экстремизм және радикализм көріністеріне қарсы іс-әрекет ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға жол бермеу.

Этносаралық саладағы мемлекет саясатының базалық нұсқауларының, қағидаттары мен бағдарларының жиынтығын білдіретін және ел бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған осы Доктринаны жүзеге асыру мынадай **принциптер** негізінде құрылады:

нәсілдік, этностық ерекшелігіне, дінге, әлеуметтік топтар және қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;

әлеуметтік, нәсілдік, этностық, тілдік немесе діни ерекшелігіне қарамастан азаматтардың құқықтарын шектеудің кез-келген нысанына тыйым салу;

әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни алауыздықтар тудыруға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұсқан келтіруге бағытталған іс-әрекеттің жолын кесу;

мемлекеттік тілге және оның қоғамдағы рөліне құрмет;

ұлттық дәстүрлерді құрметтеу, этностық мәдениеттер мен тілдерді дамытуға жәрдемдесу;

әрбір азаматтың өзінің ұлттық, діни ерекшелігін айқындау және көрсету немесе көрсетпеу құқығы;

қайшылықтар мен әлеуметтік дау-жанжалдарды уақытында және бейбіт жолмен шешу;

Қазақстан Республикасы аумағының біртұтастығы және бөлінбестігі;

Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін оның аумағынан тыс жерлерде қорғау, шетелде тұратын отандастарға ана тілі, мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтауда және дамытуда, олардың тарихи Отанымен байланысын нығайтуда қолдау көрсету.

### **3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлендірудің тұжырымдамасы (1996ж)**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлендірудің тұжырымдамасы ұсынған біздің идеологиямыз – **ұлттық бірлік**, мұның астарында Қазақстанда өмір сүретін этностық, діни, әлеуметтік-мәдени топтардың қауымдастығы жатыр.

Қазақстанда этносаралық татулық пен келісімді, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттің бүкіл ішкі саясатының өзегі болды. Сонымен қатар ұлттық-мәдени әралуандық пен бірлікті жаңғырту әрі дамытудың мемлекеттік саясаты жүзеге асырылды.

Ел бірлігі доктринасы да қоғамды әрі қарай ұйыстыруға, Қазақстан халқын біріктіруге, оларға ортақ құндылықтар жасауға қолайлы шарттарды қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстанда этностық емес, азаматтық қауымдастық құру, этностық ерекшеліктеріне қарамастан, мемлекеттің барлық азаматтарына бірдей құқықтар беру, жауапкершілік арту, мүдделерін тоғыстыру. Бұл әлемдік тәжірибеге және Қазақстан жағдайына сараптама жасасақ біз үшін ең тиімді жол. Қалыптасқан халықаралық тәжірибе бойынша ұлттық мемлекетте бір ғана ұлт, яғни саяси ұлт өмір сүреді, ал мемлекеттің азаматтары түрлі этнос өкілдері. Оларды біріктіретін ортақ тіл, ортақ құндылықтар, ортақ мүдде мақсаттар болуы шарт. Бұл тұрғыда барлық этностардың ұйысуы, топтасуы қазақ ұлты негізінде ғана амалға аспақ.

Президент Н. Назарбаев атап өткендей: «Қазақ халқы Қазақстанда мемлекеттің негізгі құраушы этносы болып табылады, сондықтан ол басқа этностардың алдында жауапкершілікті өз мойнына алуы қажет, ал басқа этностар оған түсіністікпен қарауы керек».

Елбасы Н.Ә.Назарбаев саяси тұрақтылық орын алу үшін міндетті түрде елімізде өмір кешіп отырған ұлттар мен этностардың теңдігі, өзара жарасымды түсіністікпен өмір сүруі, ал ол ұлттарды ұйыстырушы, ортақ келісімге келуіне негіз болар қазақ ұлты екендігін, яғни басқа этностардың алдында жауапкершілікті өз мойнына алып, қоғамда доминанттылық таныту қажеттілігін: «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету», — деп атап өтті.

Қазақстан Республикасының даму стратегиясында елімізді әлемге танытатын жалпы құндылықтар мен ұлттық бағдарлар қамтылған. Президент Н.Назарбаев айтқандай: «Қазақстанның этномәдени алуан түрлілігі – біздің басты ерекшелігіміз әрі даму әлеуетіміз».

**Тапсырма:** Қазақстандағы ұлт өкілдері туралы қосымша мәлімет

### 36 тақырып

#### Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі

##### Сабақтың оқу мақсаты:

- мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау.

##### Бағалау өлшемдері:

1. Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының себептерін, негізгі бағыттары мен басымдықтарын көрсетеді.
2. Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау.

1. Қазақстанның этносаралық саясаты. Қазақстан Республикасы – жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүретін полиэтникалық мемлекет. Бүгінде халқының саны 19 миллионға жуық адамды құрайды, оның ішінде мемлекет құраушы қазақтардың үлесі 70%-ға жетті.

Тәуелсіздік тұғырын биік ұстаған Қазақстан түрлі этникалық топтардың арасындағы келісім мен татулықты сақтап қалды. Республикада посткеңестік кеңістікте ХХ ғасырдың 80–90-жылдар тоғысында орын ала бастаған ұлтаралық жанжалдардың қаупін дер кезінде бағалай алдық. Мұны терең түсінген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұзақ мерзімді ұлтаралық саясат жүргізуді назарға алып, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың тиімді жолдарын үйлестірді.

Қоғамда тұрақтылықты сақтау мемлекетіміздің ішкі саясаты бағытының негізгі іргетасына айналды. Ұзақ уақыт бойы халықтар арасындағы өзара қатынастардың ерекше дәстүрі қалыптасып, кеңінен насихатталып келеді. Бүкіл әлемде «қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісімнің үлгісі» туралы айтыла бастады. Оның негізі ретінде тағдырдың еркімен ортақ Отанымызға келген барлық этникалық диаспораларға қазақтардың толеранттық қатынасын атап өту орынды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында *«тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды»* деп жазылған.

Конституцияда ұлтаралық келісімге іріткі салатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылған. *Сепаратистер*, террористер мен ұлтшылдардың

лаңкестік әрекеттеріне орталық билік тарапынан қатаң түрде тыйым салынған. Елде үйлестірілген тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттің терең ойластырылған кадрлық саясаты барысында биліктің жергілікті және орталық органдарында еліміздің түрлі ұлт өкілдері қызмет атқаруда. Ең алдымен адамның іскерлік қасиеттеріне назар аударылады. Ұлтаралық қатынастар байыптылық пен жауапкершілікті және сақтықты қажет етеді. Ұлтаралық саясатты жүзеге асыруда Президент қазақ халқының діліне, оның басқа ұлттарға деген дәстүрлі төзімділігіне сүйенеді.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен ішкі саяси тұрақтылығын сақтауда – еліміздегі әртүрлі конфессиялардағы халықтардың бейбіт қатар өмір сүруі басты мәселе саналады. Елімізде 820-ға жуық этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Олар Бейбітшілік және келісім сарайы мен облыстық Достық үйлерінде орналасқан. 2. Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасы – маңызды стратегиялық құжат. Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде саяси этносаралық қақтығыстар мен қарама-қайшылықтар орын алған тұста Қазақстан ішкі саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, оны нығайта алды. Оның ішінде ұлтаралық қатынастар саласы да қамтылып, басым маңызға ие болды.

Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасын қабылдауы халқымыздың бірігуі үшін маңызды рөл атқарды. Әлемде осы сияқты қоғам мен биліктің арасындағы келісім көрініс тапқан және ұлттың болашағын белгілейтін мемлекеттік деңгейдегі көптеген құжаттар бар. Солардың қатарында Конфуций мен *Монро* доктриналарын атап өтуге болады.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында өте маңызды, күрделі мемлекеттік тұрғыдағы ұлтаралық мәселенің болашағын белгілейтін құжат қабылданды. Ел бірлігі доктринасында басты міндетіміз – қолымызда тұрған ең бағалы құндылық – тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздегі азаматтық бейбітшілік, саясаттұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді болашақ ұрпаққа тапсыру.

Қазақстан халқы үшін доктринаның тарихи маңызы аса зор. Ұлт бірлігі доктринасының қабылдануы Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа ішкі және сыртқы саясатының ашықтығын дәлелдеді.

Ұлт бірлігі доктринасы үш маңызды бөлімнен тұрады. «Бір ел – бір тағдыр» атты бірінші бөлімінде елдің барша азаматын біріктіретін ең басты құндылық – тарихи тағдырымыздың ортақ екендігі басшылыққа алынады. *«Ұлт бірлігін негіздейтін бірінші қағидат – әрбір азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының – Қазақстан Республикасының – ортақ екенін ұғыну. Біздің ұлттық бірлігіміз этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген»*. «Тегі басқа – теңдігі бір» деп аталған екінші бөлімде ұлттық бірлігімізге негізделген басты қағидат – этностық, басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына, әлеуметтік жағдайына қарамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер беріледі деп көрсетілген. *«Әрбір Қазақстан азаматы өзінің жеке артықшылығы мен шығу тегіне қарамай, қабілетіне қарай барлық мүмкіндігін жүзеге асырып, жетістіктерге жете алады» және «оган ешқандай кедергі болмайды»,* – деп белгіленді. Қазақстанның барша азаматына тең мүмкіндіктер мен лайықты өмір сүру жағдайын туғызуға ұмтылу сынды қағидаттар негізге алынды. «Ұлт рухының дамуы» атты үшінші бөлімінде *«рухани бастау – ұлтты біртұтастыққа біріктіретін күш. Халықтың рухы күшті болған сайын, оның мемлекеттілігінің де болашағы зор болмақ. Біздің ұлттық рухымызды көтеру үшін негізгі басымдықтар мыналар: дәстүр мен отансүйгіштік рухы, жаңару рухы, жарыс пен жеңіс рухы»* деп көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық бірлік доктринасының қабылдануы тарихи маңызды шара болды. Аталған құжат этнос-аралық қатынастар саласында тиімді шарттарды қалыптастыруға бағытталған заңнамалық және өзге де нормативтік актілерді әзірлеуге негіз қалады.

3. Еліміздің тіл саясаты. Ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі – тіл саясаты. 1970–1980 жылдары қазақ тілінің республикамызда қолданыс аясы тарылып, мемлекеттік тіл ретінде беделі төмендеді. Әрбір облыс орталығында бір-бірден ғана қазақ тілінде



оқытатын мектеп жұмыс істеді. Қазақ тілінде шығатын газеттер әсіресе солтүстік, солтүстік-шығыс аймақтарда жабылды.

1989 жылы қыркүйекте «Қазақ КСР-інің тілдері туралы» заң қабылданды. «Қазақ тілі республикада мемлекеттік тіл болып табылады» деп атап көрсетілді. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде бекітілді. Сонымен қатар елімізде басқа диаспоралардың тілдерін дамыту үшін жағдай жасалып, мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы нақтылады. 1996 жылы «Қазақстан Республикасы Тіл саясатының тұжырымдамасы» қабылданып, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамытуға нақты міндеттер белгіленді. 1998 жылы ҚР Үкіметі «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулы қабылдады. Осы жылы ҚР Үкіметінің жанында Мемлекеттік терминология комиссиясын құру туралы шешім бекітілді.

1999 жылы республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы ашылды. 2011 жылы Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Мемлекеттің тікелей қолдауымен елімізде 88-ден аса ұлттық мектеп, 170 жексенбілік мектеп жұмыс істейді, онда ұлттық тілдер оқытылады. Ұлттық жаңғырту мектептерінде ана тілін оқыту бойынша бөлімдер ашылды. Оларға үкіметтен және жергілікті бюджеттен қаржылық көмек көрсетіледі. Республикада 14 орыс, өзбек және ұйғыр, кәріс, неміс театрлары жұмыс істейді.

Бүгінгі күні елімізде ақпараттық алаңда 15 ұлттық тілде этномәдени орталықтардың 35 газеті мен 26 сайты бар. 2018 жылы мемлекеттің тапсырмасы бойынша тарихшы ғалымдар, географтар және ақпараттық технологиялар мамандары бірлесіп «Қазақстан халқы» интерактивті ғылыми тарихи картасын дайындады. Электронды картада ежелгі заманнан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қазақ жерінде қоныстанған этникалық үдерістер тарихы көрсетіліп, елуден астам этностар туралы қысқаша деректер мен мағлұматтар берілді.

4. Қазақстандағы этносаралық тұрақтылықтың негізгі факторлары. Бүгінгі күні Қазақстан – бейбітшілік пен келісім сақталған, этностар өзара ынтымақта өмір сүріп жатқан бірегей мемлекет. Этносаралық келісім мен бейбітшілік аясында әлемде баламасы жоқ қазақстандық үлгі қалыптасып, қарқынды дамуда. Этносаяси мәселелер мемлекеттік ұлттық саясаттың өзегіне айналды. Ол мемлекетті қалыптастырушы қазақ ұлтына этносаралық келісім мен ынтымақтастықты сақтауға, өзге этностар құқықтарының шектелмеуіне деген жауапкершілігін жүктейді.

Қазақ халқымен еліміздегі барлық этникалық диаспоралар бейбітшілік пен келісім негізінде полимәдени қоғам болып құрылды. Халқымыз ынтымақ, бірлік пен діни тұрақтылықты қорғауға бар күш-жігерін салады.

Елімізде дәстүрлі *сүнниттік* исламның ханафи мәзһабы қабылданған. Ханафи мәзһабы – сүнниттік бағыттағы құқықтық ілім, жергілікті наным-сенімдер мен ғұрыптарға, дәстүрлі ұлттық мәдениетке төзімділігімен ерекшеленеді. Қазақстан өзінің ұлтаралық және дінаралық ынтымақтастығы тәжірибесімен исламның дау-жанжалға себепші емес екендігін дәлелдеуде.

Олардың бәрі де қазақтың даласында ұлтымызбен бірге жасап келеді. Осыған орай, 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Елбасы барлық ұлттың бір-біріне және әсіресе қазақтарға алғыс айту күнін бекітуді ұсынған еді. 5. Конфессияаралық қатынастар саласындағы саясат. Қазақстан көне заманнан бері сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Еліміздің тарихында дінаралық қақтығыстар мен жанжалдар орын алған емес. Бұл аймақ әртүрлі діндердің тоғысқан жері. Ежелден бері көптеген мешіттермен қатар, иудей синагогалары, христиан шіркеулері және будда храмдары қатар өмір сүрді. Олардың көпшілігі еліміздің аумағы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының бойындағы қалаларда орналасқан еді.

Патша және Кеңес үкіметі дала тұрғындарына тән емес, өзгеше дін саясатын

жүргізді. Ресей империясы отаршылдық саясатымен қоса православие дініне көшіруге үлкен көңіл бөлді. Христиан дінін кеңінен таратуға кедергі болған ислам дінін әлсірету саясатын да ұстанды. Дала қазақтарын шоқындыру мақсатында 1881 жылы Қырғыз миссиясы құрылған еді. Ол Семей облысының кеңбайтақ аймағындағы қазақтарды шоқындыруға кірісті. Көшпелі қазақ қауымы Қырғыз миссиясына қатты қарсылық көрсетті.

Кеңес өкіметі әсіресе алғашқы онжылдықтарында, дінге тыйым салып, молдаларды қуғындаудың түрлі тәсілдерін пайдаланды, жер аудару шараларына дейін қолданды. Дінге қарсы саясат *«атеизм»* енгізілді.

Қазіргі таңда Қазақстан – зайырлы мемлекет. Мемлекеттің дінге қатысты саясаты конфессияаралық татулық пен төзімділікті нығайтуға бағытталған. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: *«Жалпы екі нәрседен – діни фанатизм мен діни көрсоқырлықтан бірдей сақтанған жөн»*, – деп ескертеді.

Тәуелсіздік алысымен елімізде 1992 жылы *«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»* заң қабылданды. Заң қоғамдық тәртіпке нақты қатер төндіретін секталар мен ағымдарға қатысты либерализммен ерекшеленді. Заңда Қазақстан Республикасы әрбір азаматының наным-сенім бостандығы құрметтеліп, діни бірлестіктердің өзара сыйластық қарым-қатынасына негіз қаланды.

1992 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен І Бүкіләлемдік рухани келісім конгресі өтті. 2011 жылы *«Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы»* қабылданған жаңа заң бойынша еліміздің аумағында қызмет ететін барлық діни бірлестіктерді қайта тіркеуден өткізу рәсімдері мен олардың қызметтерін реттеу қарастырылды. Қазақстанда дінтанушылар конгресі белсенді қызмет атқарады. 2014 жылы Дін істері агенттігі мен ҚМДБ, елдегі православие шіркеуі қоғамда үйлесім мен төзімділікті сақтау, ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік береді. Конституция конфессионалдық, этникалық және өзге де белгілердегі кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады. Біздің мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпайды, діни сенімдерге құрметпен қарайды.

Қазақстан адам құқықтары аясындағы маңызды халықаралық келісімдер мен шарттарға қосылды. Республиканың конфессионалдық саясатында діни төзімділік пен бейбітшілік басты ұстанымдар болып табылады.

6. Қазақстан – дінаралық диалог орталығы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізу жауапкершілігін алды. Елбасының игі бастамасын Кофи Аннан, Джордж Буш, Маргарет Тэтчер секілді беделді саясаткерлер қолдады. Дінаралық форумдардың қатысушылары – әлемнің ірі конфессиялары басшылары, белгілі саясаткерлер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу Қазақстанның ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қолдау механизмдерінің бірі ретінде өркениет және мәдениетаралық диалогтің ғаламдық үдерісіне қосқан елеулі үлесі болып табылады.

2006 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының конгресін өткізу мақсатында елордамызда арнайы Бейбітшілік және келісім сарайы (Пирамида) салынды. Сарай түрлі діндердің, этностардың және мәдениеттердің әлемдік орталығына айналды. Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы осы Бейбітшілік пен келісім сарайында орналасқан.

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы шетел мемлекеттерімен байланыстарды кеңейтіп, серіктестік орнатып келеді.

Қазақстандық бірегей тәжірибе жаһандық деңгейде қолдау тапты, сондықтан елордамыз дін көшбасшыларының кездесетін орнына және диалог алаңына айналды. Қазіргі күні Қазақстан жаһандық деңгейдегі діндер мен өркениеттер диалогі ұстанымын бекіту туралы мәселені көтере отырып, Шығыс пен Батыс арасындағы көпірге айналып отыр.

*Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі 2003 жылы 23–24 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында өтті.* Форумның жұмысына Еуропа, Азия, Таяу Шығыс және Африканың 13 елінен ислам, христиан, буддизм, иудаизм, синтоизм, даосизм және басқа конфессиялардың, 17 діни ұйымдардың өкілдері қатысты.

Съезде түрлі дін өкілдері әлем халықтарының бейбіт және лайықты өмір сүруі жолындағы ынтымақтастық пен бірлік идеяларының өзектілігін, оны іске асырудың қажеттілігін талқылады. Съезд шешімдері Декларацияда көрініс тапты, атап айтқанда, әділдік, ақиқат, имандылық, төзімділік сияқты рухани құндылықтарды уағыздау әрбір діннің мақсаты болуға тиіс деп атап көрсетілді. Діннің атын жамылып жасалатын экстремизм, лаңкестік және күш көрсету мен қаскүнемдіктің басқа да түрлерінің шынайы дінге еш қатысы жоқ екені айтылды.

Съездің үлкен жетістігі – Қазақстанның бүкіл әлем алдында шынайы қоғамдық және дінаралық келісім мен бірлікке қол жеткен ел ретінде танылуы еді. I съезд барысында қатысушылар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін ұдайы түрде өткізу және оның жұмыс органы – Хатшылықты құру туралы шешім қабылдады.

Съездердің жұмысы барысында адамзаттың өзекті мәселелері: «Діни және саяси басшылардың адамзат алдындағы жауапкершілігі»; «Діннің жастарға әсер ықпалы»; «Дін және саясаттың өзара әсерінің жаңа үдерістері мен перспективалары»; «Бейбітшілік, қауіпсіздік пен үйлесімділік үшін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасында өзара құрмет пен түсіністікке негізделген үнқатысу» деген тақырыптар төңірегінде жан-жақты пікір алмасылды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің тарихи маңызы зор. Қазақстан Еуразияның географиялық қана емес, жаһандық рухани-конфессионалды орталығына айналды. 2008 жылы АҚШ конгресмені Дана Рорабахер: «Қазақстан қазіргі таңда тек Азия орталығы емес, әлем орталығына айналды», – деп жоғары баға берді.

**Тапсырма:** Қазақстандағы ұлт өкілдері туралы қосымша мәлімет

### 37 тақырып

#### **VII Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы**

#### **Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы**

##### **Сабақтың оқу мақсаты:**

- ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау;
- Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларын атайды, олардың қоғамдық-саяси идеяларын талдайды.
2. Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зарзаман" өкілдерін атайды және олардың идеяларын түсіндіреді.

1. Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы кезіндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшелігі. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы сонау сақ, ғұн дәуірінен басталады. Ары қарай тарихи сабақтастық түркі дәуірінде, кейін Алтын Орда кезінде де жалғаса берді. Қазақ жерінің батысында XV ғасырдың орта кезінде Ноғай Ордасы, Жетісу өңірінде Моғол хандығы, Орталық Қазақстан мен Сыр бойында Әбілқайыр

хандығы өмір сүрді. Олардың арасындағы араздық елде бей-берекетсіздікті туғызды. Мұндай саяси бытыраңқылық ұлттық біртұтас, қуатты мемлекеттің құрылуын қажет етті. Қазақ хандығы осы үрдісті қорытындылаған тарихи оқиға болып табылады. Қазақ хандығының тарихи аренаға шығу мерзімі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде 1465–1466 жылдар болып белгіленген.

Қазақ хандығының құрылуы Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан мемлекетінің тарихында орын алған саяси шиеленіспен байланысты. Қазақ хандығының орнығуы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу және Түркістанның (Оңтүстік Қазақстан) кең-байтақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық, этно-саяси үрдісінің заңды қорытындысы саналады.

Көшпелі малшаруашылығы мен отырықшы егіншілік, қала мәдениеті дамыған өңірлердің өзара тығыз байланысы XIV–XV ғасырларда бүкіл қазақ жерінің бір саяси құрылымға бірігуіне қолайлы жағдай қалыптастырды. Көшпелі және отырықшы тұрғындардың экономикалық, мәдени, қоғамдық-саяси қарым-қатынастарының нығаюы қазақ рулары мен тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне, халықтың ұзаққа созылған қалыптасу үдерісінің іс жүзінде аяқталуына себепші болды.

Ортағасырлық Қазақстан аймағында қазақ мемлекеттілігінің құрылып, дамуы халықтың тұтастығын сақтап қалуда маңызды рөл атқарды.

XIV–XV ғасырларда қазақ жеріндегі ру-тайпалар күрделі әскери-саяси оқиғаларды басынан кешіріп, мемлекет нығаюының барлық заңдылықтары мен кезеңдерінен өтті.

1465 жылы әлемнің тарихи картасында жаңа мемлекет – Қазақ хандығы пайда болды. Хандықтың негізін салушы – Керей мен Жәнібек хандар Алтын Орда мемлекетінің мұрагері ретінде қол астындағы рулар мен тайпалардың бірлігі мен қауіпсіздігін сақтап қалды. Қазақ хандығы құрылғанға дейін әлеуметтік мағынаға ие болған «қазақ» атауы саяси мазмұн алды. Бұдан былай «қазақ» ұғымы мемлекеттің атауы ретінде бекітілді.

2. Қасым хан және оның қоғамдық-саяси көзқарасы. XVI ғасырдың басындағы ірі саяси тұлғаның бірі ретінде танылған, «қазақ жерлерін біріктіруші» Қасым хан болды. Оның билік құрған кезінде Қазақ хандығы қуатты, іргелі елге айналды. Қасым хан ел басқарған жылдары Еділ мен Жайыққа дейінгі аймақ біржола хандық құрамына енді. Кең-байтақ аумақта қоныстанған далалықтардың билеушісі ретінде ол қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу үдерісін жүзеге асырды.

Хан қарамағында 160 мыңға жуық жауынгері болды. Ал жасақ жинаған жағдайда қазақ әскерінің саны 300 мыңға дейін жетті.

Авторы белгісіз «Алам-ара-йи шах Исмаил» шығармасында Қасым хан туралы таңғажайып дерек кездеседі: «Іліп сәлем берген соң, Жәнібек сұлтанның көзі бір сәт Қасым ханға түседі. Қараса, патша өзінің тағында аруақтанып отыр екен! Тағы таза саф алтыннан жасалыпты. Тақтың төрт бұрышы арыстанның, жолбарыстың, қабыланның, аждаһаның бастарымен және құстардың суреттерімен өрнектеліпті. Басына әшекей тастармен көмкерілген «шыңғысхандық» үлгідегі баскиім киіпті... 1200 әміршісі жанында отыр». Мұхаммед Хайдар Дулатидың: «Қасым хан өз билігін Дешті Қыпшаққа таратты. Бұл жұртта Жошы ханнан кейін одан күдіретті хан болған емес» деп дәріптеуі Қасым ханның өз заманында ерекше беделді болғанын аңғартады. Оның саяси ұстанымы мен халқына деген қамқорлығын ұлы Мамашқа айтқан мына сөзінен айқын білуге болады: «Менің бар арманым – қазақ жерін тәуелсіз елге айналдыру болды және мен оған қол жеткіздім. Енді өзге мемлекеттер секілді дамып, гүлденіп, жетілуі тиіс. Халқымыздың атын биік ұста, оның мәдениетін, салт-дәстүрін әрқашан құрметте! Бөлінгенді бөрі жейтінін ешқашан ұмытпа. Әрқашан бірлікте бол. Егер сен халықтың бірлігін сақтап қалғың келсе, елде бүліншілікке жол берме!»

Қасым хан қоғамдық және мемлекеттік өмір қалыптарын сақтап қалу үшін әдет құқығын жаңғыртты. Кейбір ескі заңдарды жойып, сол тарихи дәуірдегі қазақ қоғамының өмірлік жағдайларына бейімделген жаңа құқықтық заңдар жинағын жасады. Бұл халық жадында «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен сақталып қалды. Қасым хан көрші елдермен тату болуға тырысты.

Әлихан Бөкейхан: «Қасым хан қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күшке ие болды. Қарауындағылардың бақытына орай, ол өзінің бейбітшілік саясатымен халықтың ыстық ықыласына бөленді, есімі ерекше әйгілі болды», – деп сипаттап кетеді.

3. Хақназар мен Есім хан. Қазақ хандығының айтулы саяси қайраткерлерінің бірі Хақназар хан. Ол қазақ халқын біріктірген, мемлекеттің жерін аймақтық жағынан ұлғайтып, халықаралық жағдайын нығайтқан тұлға ретінде тарихта қалды. Ішкі және сыртқы саясатта әкесі Қасым ханның жолын жалғастырды. Хақназар бұрынғы Алтын Орда мен Шағатай ұлысы аумағындағы елдер алдында хандықтың ықпалын қалпына келтіруге күш салды. Түркі тілдес көрші мемлекеттер билеушілері онымен санасуға мәжбүр болды. Хақназар төңірегіндегі елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, Қазақ хандығының қуатын арттырды.

Халық жадында өшпестей із қалдырған қазақ хандарының бірі Есім хан. Ол мемлекеттің аумағын одан әрі кеңейтіп, Орта Азия елдерінің біраз жерін Қазақ хандығына қаратты. Есім қалыптасқан күрделі саяси жағдайлардан дұрыс жол таба білген ақылды және кемеңгер басшы ретінде танылды. Ішкі саяси тұтастықты қалыптастырып, Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етуді көздеген Есім хан өзіне дейін көп өзгеріске ұшырай қоймаған Қасым ханның заңдарын іс жүзінде қолдануды енгізді. «Қасым ханның қасқа жолы» аталып кеткен заңды Есім сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірді.

аң ережелері жер, мал, қылмыстық іс (ұрлық, кісі өлтіру), әскери міндеттілік т.б. мәселелерді қарады. Бұл заң жиынтығы Есім ханның құрметіне «Есім ханның ескі жолы» аталды. Есім ханның елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға арналған заңдары оның ірі мемлекет қайраткері екенін көрсетті. 4. Тәуке хан заманындағы қоғамдық-саяси жағдай. Тәуке хан елдегі тәртіпті әскери күш есебімен ғана емес, неғұрлым ақылмен, тіл табысумен, дипломатиялық шеберлігі және ел басқарудағы біліктілігімен қамтамасыз етті. Елдің бірлігін және оның мемлекеттік шегараларының қауіпсіздігін қорғау мақсатымен Тәуке хан көрші жатқан елдермен тиімді көпвекторлы сыртқы саясат жүргізді. Хан Алатау қырғыздарымен және Арал қарақалпақтарымен әскери одақ құруға қол жеткізді. Қазақ хандығының жеріне жоңғарлардың шабуыл жасауынан төнген қатер тоқтатылды. Қазақ-қырғыз-қарақалпақ бірлескен әскері жау шабуылына тойтарыс беріп отырды.

Тәуке ханның бүкіл қызметі көрші халықтармен достық қарым-қатынас орнатуға және ел аумағын сыртқы жаулардан қорғауға бағытталды. Оның осы мақсатпен Ресейге және Орта Азия хандықтарына бірнеше рет елшілер жібергені мәлім. Оларға жүктелген міндет сыртқы жауларға қарсы күресу үшін әскери одақ құру еді. Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген уақыты саналды. Жеке бас бостандығы, құлдықтың жоқтығы, кең-байтақ дала мен жайылымдар, жауынгер рухты адамдарды құрметтеу дәстүрі Ұлы далада ерекше маңызға ие болды. Тәуке хан билік кезеңі қазақ халқының «алтын ғасыры» аталады.

Қазақ қоғамының тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында Тәуке хан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен «Қасым ханның қасқа жолы» және «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіріп, жаңа заң жүйесін жасады. Үш жүздің атақты билерін жинап, Күлтөбенің басында Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталған заңдар жинағын қабылдады. «Жеті жарғыға» сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының барлық өмірлік мәселелерін кеңінен қамтыды.

Тәуке хан мемлекеттік мәселелерді талқылайтын хан кеңесін құрды. Кеңеске барлық қазақ руларының билері мен әскербасылары енгізілді. Кеңеске қатысушы үш жүздің таңдаулы да беделді өкілдері жыл сайын күзде бас қосып, халықтың тыныс-тіршілігіне қатысты ойларын ортаға салатын құрылтай өткізіп отырған. Бұл туралы өз кезінде Я.П. Гавердовский былай жазып кеткен: «Тәуке ханның ақылымен ақсақалдар қазақ жүздерін басқаруды реттеу ниетімен үш атақты биді (Ұлы жүзде Төле би, Орта жүзде Қазыбек би, Кіші жүзде Әйтеке би) сайлады, оларға әр ауыл билерінің немесе төрелік етушілерінің, сот

істерін қалай жүргізіп жатқанын қадағалау міндетін жүктеді. Шабындық жерлері жөнінде даулардың алдын алу үшін Тәуке ел-жұрттың келісімімен әр рудың көшуіне қыстау және жайлау қоныстарын белгілеп берді, рулар ішінде ауылбасыларды бекітіп қойды, өзінің қысқа да нұсқа жарғыларына халық жадында қалған кейбір ежелгі жол-жораларды қосып, рубасылардың дара билігін шектеді және сол заңдарын балаларға үйретіп жаттауға міндеттеді».

Ресей зерттеушісі М.И. Красовский Тәукені: «Қазақ мемлекеттілігі, халқының тұтастығы мен бірлігін сақтау үшін күрес жүргізуші әрі әділетті билеуші хан. Оған дейін де, одан кейін де далада дәл сондай билік болған емес», – деп жоғары бағалайды.

Тәуке Қазақ хандығының ыдырауына жол бермей, мемлекеттің абыройы мен күш-қуатын арттырды. Тарихқа «Жеті жарғы» деген атпен енген Тәуке ханның заңдарын зерттеушілер қазақтардың бұған дейін қолданылып келген құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп қабылдайды. «Жеті жарғы» хандық биліктің заң негізінде нығаюына зор үлес қосты.

**Тапсырма:** Әл-Фараби туралы баяндама жасау

### 38 тақырып

#### **"Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары.**

##### **Сабактың оқу мақсаты:**

- Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы «Зар заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіру;
- Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларын атайды, олардың қоғамдық-саяси идеяларын талдайды.
2. Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зарзаман" өкілдерін атайды және олардың идеяларын түсіндіреді.

1. «Зар заман» поэзиялық ағымы қалыптасуының алғышарттары. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы тәуелсіздік үшін күресі «Ерлік дәуірі» аталды. Сол кезеңдегі жыраулар жас ұрпақты жаудан қаймықпай қарсы тұруға, табандылық пен ерлікке шақырды. Эпикалық жанрда жыр толғаған Ақтамберді:

Күлдір де күлдір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екеміз,

...

Жалаулы найза жанға алып,  
Жау қашырап ма екеміз! –

деп халықты қаһармандық рухқа үндеді.

XIX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде бұрынғы әншілік-жыршылық дәстүр біртіндеп ығыстырылып, оның орнын жеке поэтикалық шығармашылық ала бастады. Егер бұрын батырлардың ерлік істерін дәріптеу басым болып келсе, XIX ғасырдан бастап күнделікті өмірдің әртүрлі салаларын, қарапайым адамды, оның ішкі дүниесі мен мінез-құлықтарын жыр етуде жаңа бастама қалыптасты. Бұл отаршылдық саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалысты, халықтың қасіретін жырлаған ағым еді.

XIX ғасырда қазақ-жоңғар соғыстары аяқталып, Еділ қалмақтары мен Алатау қырғыздарына жорықтар тоқтатылған болатын. 1755 жылғы қазақ-башқұрт шиеленісінен кейін екі туыс, бауырлас халықтар арасында біршама жылымық орнатылғанымен, ол оқиға әлі ұмытылмаған еді.

Сонымен қатар қазақ даласында әскери бекіністер мен округтік орталықтарының құрылысы жүріп жатты. Кіші және Орта жүз қазақтары ежелден бері көшіп-қонып жүрген бірқатар жерлерінен қуып шығарылды. Мұның өзі бұрыннан қалыптасқан көші-қон жүйесін бұзды. Патша үкіметінің жерді баса-көктеп тартып алуы салдарынан көптеген қазақ рулары дәстүрлі мал жайылымдарынан айырылды. Бір кездегі дамыған көшпелі малшаруашылығы тұйыққа тіреліп, күрт құлдырай бастады.

1822–1824 жылдары хандық билік жойылды. Соның салдарынан Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары өздерінің дәстүрлі мемлекеттілігінен айырылып қалды. Қазақстан бірте-бірте Ресей империясының отарына айналды. Бөкей Ордасында хан билігі 1845 жылға дейін сақталғанымен, патша империясына толық тәуелді болып, әскери бекіністер қоршауында қалды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан аумағындағы отаршылдық іс-әрекеттер күшейе түсті. 1810 жылы патша үкіметі Кіші жүз жерінің бір бөлігін тартып алып, Жаңаелек шебін құрды. Қазақтар 600 мың десятинаға жуық ең шұрайлы жайылымдарынан айырылды. Жергілікті тұрғындар ол жерлерден күшпен ығыстырылды.

1835 жылы осы этноаумақтық бірлестікте патша үкіметі Новолинейный (Жаңа шеп) аймағын құрып, 3 млн 400 мың жерді тағы да тартып алды. Жергілікті халық өз жерлерін өздері жалға алып, ақы төлеп тұратын болды. Осы оқиғалардың барлығы И. Тайманұлы және М. Өтемісұлы, К. Қасымұлы, Ж. Нұрмұхамедұлы, Е. Көтібарұлы бастаған бірқатар көтерілістердің басталуына себеп болды. Бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, отаршылдық биліктің орнауы XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармашылығында басты тақырыпқа айналды.

2. «Зар заман» дәуірі поэзиясының мазмұны мен идеологиялық құндылықтары. Жазушы М. Әуезов атап кеткендей, «Зар заман» дәуірінің ақындары XIX ғасырдың ортасына дейін елдің өткен еркін өмірін аңсап, ұлтты рухани құндылықтарынан ажырамауға шақырды, халықтың тағдырын мұн-зармен жырлады. Олар патшалық Ресейдің отаршылдық өктемдігіне, халықтың өз жерінде ауыр жағдайға түскеніне көнбеді. «Зар заман» ақындары елінің ертеңі үшін алаңдады, өткенді сағынышпен, аңсаумен еске алды. Болыс басшыларының паракорлығы, кейбір қазақ билерінің әділетсіздігі, қоғамда белең алған жала жабу, өсек айту т.б. сынға алынды. Бұл тығырықтан шығу жолын кейбір ақындар о дүниемен ғана салыстыруға барды. Ел басына түскен қасіретті ақырзаманмен теңеді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында патша үкіметінің отарлау озбырлығы күшейді. Ұлт-азаттық көтерілістер басып-жаншылғаннан кейін халық ертеңгі күніне сенімсіздікпен қарады.

«Зар заман» ақындары шығармаларындағы негізгі ортақ идея – ел бірлігі мен мемлекет тұтастығы: «Біз бірлік-берекеден айырылып барамыз, бүйте берсек құримыз», – деп қайғы-мұңға берілу сарыны да байқалды. Олар отаршылдықты айыптап, қазақтарды ұлттық санасынан, халықтық болмыс-бітімнен ажырамауға, салт-дәстүрді бұзылмаған қалпында сақтауға үндеді.

«Зар заман» дәуірі ақындары шығармаларының негізгі идеологиялық құндылығы – өткен және бақытты кезенді мұқият түсіну арқылы қиындықты жеңіп, келешекке ұмтылу, халық рухын көтеру болды. Бұл дәуірдің ақындары өлеңдерінде патша үкіметінің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, шаруашылық отаршылдығына ашық түрде қарсылық білдірді. Қазақ халқының азаттық жолындағы күресі ерекше шабытпен жырланды.

«Зар заман» дәуірі ақындарының көз алдында дала тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы күрт нашарлады. Олар заман куәгерлері ретінде патша үкіметі қазақтардың жерлерін тартып алуы салдарынан мал жайылымдарының тарылуы, отаршыл

биліктің озбырлығы, әртүрлі дәрежедегі шенеуніктердің паракорлығы сияқты келеңсіз құбылыстарды жырға қосты. Бұл ағымның ақындары халық үшін хандық дәуірдегі жауға қарсы аттанған хандардай билеушілерді армандады. Олардың шығармаларында өткен заманды аңсау, келер күннен үмітінің жоқтығы, отаршылдардың озбырлығы мен сұрқия саясаты жан-жақты суреттеледі.

XIX ғасырдың 40–60-жылдарындағы поэзияның жарқын өкілдері қатарына Дулат Бабатайұлын, Шортанбай Қанайұлын, Мұрат Мөңкеұлын қосуға болады. Олар «Зар заман» дәуірінің ақындары аталды.

3. Дулат Бабатайұлы. Ол Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданында дүниеге келген. Отарлық озбырлықтың күшейгенін, 1822–1824 жылдары хандық биліктің жойылуын, округтік орталықтар құрылуын, 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформаларды, ұлт-азаттық көтерілістерді көзімен көріп, жанымен сезінген Дулат Бабатайұлы өз өлеңдерінде халқының басына түскен ауыртпалықтарды жырлайды. «О, Сарыарқа, Сарыарқа» атты өлеңінде қазақтың ауыр жағдайын суреттейді. «Кеңесбайға», «Баракқа» деген өлеңдерінде әкімдердің жағымсыз образын сипаттап ашық айтады. Өз халқын жаудай талаған, сатылған әкімдерді отарлаушылардың қолшоқпарына айналды деп айыптайды. Ақын ұлы Абылай заманындағы Қазақ хандығы қалпына келтірілген күндерді армандайды. Ол өзінің шығармаларында халықтың еркіндігі үшін күрескендерді мадақтап өтеді.

Ақын «Өсиетнама» өлеңінде халықтың өткен өмірін жырлады. Ол кезеңде далалықтардың өмірін реттеп отыратын салт-дәстүрлер, әдеп-ғұрыптардың заңнамалық маңызы зор еді. Жаңа дәуірде дәстүрлі қазақ қоғамы дағдарысқа ұшырап бара жатқанын ақын күйінішпен жеткізеді. Дулат Бабатайұлы біртұтас Қазақ хандығының жерін Ресей империясына беріп қойған хандар мен сұлтандардың іс-әрекетін, патшалық үкіметке қызмет еткен жергілікті шенеуніктерді сынады. 4. Шортанбай Қанайұлы. Зар заман кезеңінің белгілі ақыны Қазақстанның оңтүстік өңірінде дүниеге келген.

Ол өз дәуірінің көрнекті ақындарының бірі. Өзінің жырларында ақын қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеріске ұшыраған сырын ашып, кедей және байға жіктелудің күшейгені туралы айтады. Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан халық саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшырады. Осы кезеңнің ауыртпалықтары туралы Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» атты өлеңінде мұңды жыр толғайды. Ел ішінде кең таралған осы өлеңнен бастап, олар «Зар заман» ақындары ретінде таныла бастады.

Ақын өлеңдерінде елдігінен, мемлекеттік жүйесінен айырылған, отарлық жағдайға түскен халқының ащы зары мен өшпес өкінішін жырлайды. «Зар заман» өлеңінде қазақтардың Ресей бодандығына қабылдануы үрдісіне қарсылығын білдіріп, патша үкіметі отарлау саясатының теріс салдары: шоқындыру, шаруалардың жаппай қоныс аударуы, әскери шептер мен бекіністер салынуын батыл айыптады. Шортанбай қазақтың егіншілікке көшуімен дәстүрлі малшаруашылығына нұқсан келеді деп түсінді. Ақын жаңа өмір салты халықтың қалыптасқан сана-сезіміне қайшылық әкелгенін, елдің психологиясы мен тұрмыс-тіршілігіне жағымсыз өзгерістер туғызғанын сынға алды.

5. Мұрат Мөңкеұлы. Дәуірдің айтулы өкілдерінің бірі Мұрат Мөңкеұлы болды. Ақын «Қазтуған», «Үш қиян» жырларында елде жаппай қоныстанушылар пайда болып, қазақтардың жерінен айырылғанына қатты күйінді. Бұдан құтылудың бірден-бір жолы – жайсыз мекеннен құтты мекенге көшу, қолайлы қоныс іздеу. Ақын елдің бірлігін, жерін сақтаған бұрынғы дара билеушілер саясатының арқасында отарлауға жол берілмеген өткен күнді еске түсіреді. «Сарыарқа» өлеңінде Мұрат Мөңке ұлы отаршылдық саясатының салдарынан туған халқының ежелгі қонысынан айырылғанын ашық түрде айыптайды. Сонымен бірге ақын күнделікті өмірдегі исламның алар орнына зор мән береді. Ол мұсылмандықты күшейтуді рухани қорған ретінде көреді. 6. Әбубәкір Кердері. Аса дарынды ақындардың бірі Әбубәкір Кердері қазіргі Батыс Қазақстан облысында дүниеге келді. Ол өз заманының оқыған, білімді азаматы ретінде Орал, Ақтөбе, Ор қалалары маңындағы қазақ ауылдарында ұстаздық етіп, бала оқытты. Оның өлеңдер жинағы 1905 жылы Қазан қаласында басылып шықты.



Ақын өз поэзиясында бұрынғы ел бірлігін, қазақтың ешқандай алауыздыққа бой алдырмаған кезін аңсайды. Ел үшін жан аямай күресуге шақырады: «Жаман қалып, жақсының еті қызар, Алаштап қырға шық та, ұран шақыр!»

Қын өзінің шығармаларында ислам іліміне көп назар аударып, қазақ даласында дінді нығайтуды қолдады. Ол мықты хан билігі кезеңін аңсады. Ақын өлең-жырларында отандастарын оқу мен білім, ғылым мен өнерді меңгеруге шақырды. Қоғам өміріндегі білімнің орны мен маңызы туралы: «Бай білімсіз болса кедейшілікке ұшырайды», – деп ескертеді.

«Зар заман» ақындары елдің жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды, ұлттық әдебиет тарихында лайықты орын алды. Олар өлеңдері арқылы патша үкіметінің әскери-отаршыл әрекеттерінен бұрынғы емін-еркін өмірінен айырылған қазақ халқының қайғылы тағдырын кейінгі ұрпаққа жеткізді.

Тапсырма: Ж.Баласағұн, М.Қашқари туралы баяндама жасау

### 39 тақырып

#### ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары

##### Сабактың оқу мақсаты:

11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

##### Бағалау өлшемдері:

1. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларын атайды, олардың қоғамдық-саяси идеяларын талдайды.
2. Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зарзаман" өкілдерін атайды және олардың идеяларын түсіндіреді.

**1. Шоқан Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарасы.** Қазақ халқының аса көрнекті ағартушыларының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Ол жастайынан қазақ ақындарының өлең-жырлары мен шешендердің даналық сөздерін, данагөй билердің әңгімелерін тыңдап өсті. Болашақ ғалымның дүниеге көзқарасының қалыптасуына жиі қонаққа келіп тұрған декабристер де ықпал етті. Олар бәрін білуге құмар жас баланың бойындағы ғылымға, әдебиет пен өнерге, батыс демократиялық құндылықтарына деген құштарлықты күшейте түсті. Шоқан жастайынан халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне ерекше ден қойды. Ол Омбы кадет корпусындағы алғашқы жылдан бастап шығыс тілдері саласындағы білімін елеулі түрде тереңдете түсті, қосымша ғылыми және көркем әдебиеттерді көп оқыды.

Шоқан кадет корпусында белгілі ғалым, саяси-қоғам қайраткері Г.Н. Потанинмен бірге оқып, достасып кетті. Аса көрнекті орыс және шетел ақындары мен жазушылары А. Пушкиннің, М. Лермонтовтың, Н. Гогольдің, Ч. Диккенстің және басқалардың шығармаларын зор сүйіспеншілікпен қызыға оқыды. Омбыда болған жылдары ол орыс зиялы қауымының прогрессивті өкілдерімен танысып, жақын араласты.

1862 жылы өз халқына пайдасын тигізуді ойлап, Атбасар округі бойынша аға сұлтан болып сайлануға кандидатурасын ұсынды. Патша үкіметінің жергілікті өкілдері оның аға сұлтан болуына кедергі жасап, түрлі сылтаумен бекітпей қояды. Осы туралы Шоқан Уәлиханов 1862 жылы қазанда досы, белгілі орыс жазушысы Ф.М. Достоевскийге хат жазады: «Халқыма пайдамды тигізу үшін аға сұлтан болғым келді. Оларды шенеуніктер мен қазақ

байларынан қорғамақ болдым. Сондағы ең алдымен көздегенім – өз басымның мысалы арқылы жерлестеріме оқыған аға сұлтанның пайдалы екенін көрсету еді. Болысты төңіректеген ұлықсымақ мырзалар мен приказнойлар маған түгелімен қарсы болды. Неге өйткенін білесің бе? Мен аға сұлтан болсам, болыс әкімдері аға сұлтандардан алатын мыңдаған ақшасынан айырылар еді, приказнойлар аяғын аңдап басып, ел аралап тентіреп кеткен болар еді. Байқайсың ба, бұл шенеуніктер үшін «болу не болмау» сияқты нәрсе. Шенеуніктер байлар мен баққұмар қырғыздарды (қазақтарды) маған өшіктіріп, «Уәлиханов аға сұлтан болса, сендерге сор болады, ол теңдік деген ұғымды ұстаған адам... Құдайға сенбейді. Мұхаммед пайғамбарға өш», – деп өсек таратты».

1822 жылы Орта жүзде хандық билік жойылып, қазақтардың мал жайылымдары тарыла бастаған кезде, Шоқан Уәлиханов округтік басқарудың енгізілуіне қатысты өзінің қарсы көзқарасын білдірді: «Біздің жерімізді округтер бойынша бөліп, жазғы және қысқы жайылымдарды атақты рулар мен адамдарға беру – малшаруашылығына кесірін тигізетін басты себептердің бірі ретінде есептелуі тиіс. Мұндай реформалар кедергі келтіретін зиянды, әрі халық үшін қасірет әкеледі».

Сондай-ақ ол Кіші жүздегі сайлау жүйесінің болмауын елеулі кемшілік ретінде көріп, жаңа басқару тәртібіне де қарсы шықты: «Орынбор дала басқармасының негізгі кемшілігі, ол орда шенеуніктерін халықтың сайлауымен емес, шегара бастықтарының қалауымен тағайындауында». Ол реформаның прогрестік заңдылыққа сүйеніп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталуын қолдады. Мысалы, «Сот реформасы туралы жазбалар» мақаласында: «Реформа оңтайлы, яғни қоғамдық организм жан-жақты дами алатын мызғымас прогресс заңына негізделіп жасалғанда ғана ұтымды болады», – деп жазады. Сонымен қатар патша өкіметі жүргізіп отырған сот реформасының халыққа жат сипатын ашық айтты: «Қисынсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне зорлықпен, ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келді». Ғалым дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, зияткерлік әлеуеті туралы айтып, халықтың жарқын болашағына кәміл сенді: «Ресей империясының құрамына еніп отырған барлық бұратаналардың ішінде халқы санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше, алдағы өркендеу де бізге – қазақтардың үлесіне тиеді».

Ғалым патша өкіметінің қазақ даласындағы сот ісіндегі кемшіліктерін сынға алып, билер сотының артықшылығы туралы былай деп жазады: «Орыс талапкері немесе жауапкері көптеген жағдайда орыстың тергеу орнынан гөрі, бидің сотын артық көреді... Билер сотының артықшылығы, ол істі некен-саяқ болмаса, жалғыз шешпейді; оған қатысатын адамға шек қойылмайды, ал тіпті кейде олар ақтаушы да болып көрінеді және бидің шешіміне шағым жасауға да құқы бар». Демократиялық билер соты Ресейдің отаршыл сотынан әділдігімен ерекшеленді.

**2. Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық көзқарасы.** Қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде аса көрнекті педагог, жазушы, фольклоршы, этнограф әрі қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин зор рөл атқарды.

Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып-үйренуге бейімдігін байқатты. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы-ғалым В.В. Григорьевпен жақын танысып алды. 1857 жылы Орынбор шегара комиссиясы жанындағы мектепті алтын медальмен бітірді. Ыбырай орыс, татар және басқа тілдерде еркін сөйлей білді. Кейінірек халық ағартушысы ретінде білімін өзінше оқып, арттыра түсуді белсенді түрде жалғастыра берді. Ы. Алтынсарин көрнекті орыс демократтары Н.Г. Чернышевскийдің, Н.А. Добролюбовтың, А.И. Герценнің және басқалардың шығармаларымен де таныс болды.

Мектеп бітіріп шыққан Ы. Алтынсарин үш жылдай атасының қол астында кеңсе қызметкері болып істеді. Осы жылдар ішінде ол халқының сауатын ашып, білімін көтерудің аса қажет екенін жете түсінді.

Ағартушы-ұстаздың:  
Оқысаңыз балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар... –

деген жыр жолдары жас ұрпақты ғылым-білімді меңгеруге шақырады.

Оның білім беру жолындағы қызметі оңай болған жоқ. Алдынан түрлі кедергілер кездесті, тіпті оған «шоқынған» деген айып та тағылды.

1869 жылы Ы. Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке орналасты. Уезд бастығының аға көмекшісі және уақытша уездік сот міндеттерін қатар атқарды. Қызмет бабымен қазақ ауылдарында жиі болып тұрды. Өз халқының мүддесі мен қажетін жақсы білді. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының сайлауына қатысып жүрді. Сайлау кезінде дауысты сатып алудың, парақорлық пен қиянат жасаушылықтың орын алуына жол бермеуге тырысты. Оның әрекетін жақтырмаған байлар үстінен облыстық басқармаға, әскери губернаторға және одан әрі Ішкі істер министрлігіне шағым жасады. Ол өзінің парасатты мінез-құлқы және барынша адалдығы, халық алдындағы атағы мен беделінің арқасында ақталып шықты.

Ы. Алтынсарин патша үкіметінің жергілікті халыққа қысым жасайтын жүгенсіз саясатын айыптап отырды. Ол отаршыл билікті сынға алып, халық ағарту ісіндегі Ресейдің өркениеттік саясатының шынайы мақсатын жете түсінді. Далалықтардың материалдық жағдайын жақсартуды көздеген Ыбырай алғашқылардың бірі болып, өз халқының тілдік және мәдени-рухани мұраларын қорғайтын озық идеяларын ұсынды. Ыбырай тұтас халықтың тұрмысын, олардың өмір сүру болмысын табиғи жағдайлармен санаспай, мәжбүрлі түрде өзгерту «ең қабілетті деген ұлттың өзін тоқырауға ұшыратуы мүмкін» деп, патша өкіметінің өзге халықтарға зиянын көре білді.

Қазақ даласы негізгі аймағының егіншілікпен айналысуға тиімсіздігін ескере отырып, халық ағартушысы малшаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай бар екенін көрсетеді. Ол отырықшылыққа күштеп көшуге үзілді-кесілді қарсы шығып, эволюциялық жолды таңдады. Жергілікті халыққа тонаушылық пен апат әкелген отаршылдық қоныстандыру саясатын әшкерледі. Ы. Алтынсарин қазақ соты ісіндегі адалдық және әділеттілікті жоғалтып бара жатқан билерді қатты сынға алды.

Ыбырай ұлттық дәстүрлердің сақталуын қолдады. Ол туған халқының патриоты болды. Жергілікті билеушілер және отаршылдық әкімшілікпен орын алған шиеліністеріне қарамастан, ол өз ғұмырының соңғы кезінде былай деп жазды: «Мен түбегейлі терең сеніммен туған халқыма шамамның келгенінше пайдамды тигізсем деген ниетімнен ешқашан бас тартпаймын». Бұл сөздер оның өз халқына шынайы сүйіспеншілігін тағы да айғақтайды.

**3. Абай Құнанбайұлының қоғамдық көзқарасы.** Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының аса көрнекті ойшылы, ағартушысы, ұлы ақыны және қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері.

Ақынның жастық шағы патша үкіметінің Қазақстанның оңтүстігіне қарай әскери күшпен ентелеп ене бастаған кезімен тұспа-тұс келді. Ол патша үкіметінің округтік приказдардағы жағдайының барған сайын нығая түскенін, XIX ғасырдың 60–90-жылдарында әкімшілік реформаларының енгізілгенін өз көзімен көрді. Аз уақыт болыс болған кезінде кез келген істі әділ және адал шешуге талпынды. Сол үшін қатардағы қарапайым халықтың үлкен сый-құрметіне бөленді. Бірақ қоғамның күрделі проблемаларын мұндай тәсілмен шешуге болмайтынына бірте-бірте көз жеткізе бастайды. Сондықтан да ол қазақтарды білім мен ғылымды меңгеруге шақырды.

Ақын көзқарасының қалыптасуына оның озық ойлы орыс зиялы қауымы өкілдерімен араласуы зор ықпал етті. Ол кезде өз Отанының тәуелсіздігі жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстарға белсене қатысушылар Қазақстан аумағына жер аударылып жатқан еді. Олар, атап айтқанда, Украина мен Польшадағы зиялы қауымның неғұрлым білімді өкілдері болатын. Жер аударылып келгендердің арасында патша үкіметінің саясатына қарсы шыққан орыс зиялы қауымның өкілдері де аз емес еді. Олар Абайдың саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Е. Михаэлис, С. Гросс, Н. Коншин, Н. Долгополовтармен

араласуы барысында Абай А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов және басқалардың шығармаларымен жете танысты.

Ақынды қатты алаңдатқан жағдайлар қазақтардың жаппай кедейлене бастауы, патша үкіметі шенеуніктерінің шектен шыққан озбырлығы, жергілікті болыстардың парақорлығы мен қанағатсыз пайдакүнемдігі еді. Ол өлеңдерінде жақын туыстарына көмек қолын созбайтын сараң байларды сынады. Парақор билеушілерді, кейбір әділетсіз билерді әшкерелеп отырды.

Абай қазақ қоғамын ерінбей еңбек етуге шақырды. Өзінің кейбір замандастарының бойындағы жаман мінездерді – жалқаулықты, білімсіздікті, көрсеқызарлықты, надандықты әшкереледі. Кедейшіліктен құтылудың бір тәсілі егіншілікпен айналысу, қолөнер кәсібін және сауда-саттықты үйренуде екенін айтты. Ол былай деп жазады: «Бай болғың келсе – өнер үйрен. Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды».

Оның басқаша ойлауы мүмкін де емес еді. Қазақ даласында жиі болып тұратын жұт қарапайым халықты ауыр қайғы-қасіретке душар ететін. Ондай кезде жылдар бойы жинаған малдан бір-ақ күнде айырылып қалатын еді.

Абай халыққа жаны ашымайтындарды жек көрді, байлардың қарапайым халыққа менсінбей қарауы оның ашу-ызасын келтірді. Қоғамды прогрессивті түрде дамыту жолдарын үнемі іздестіріп отырды. Абай ел басқаруға халық үшін қызмет ететін, адал адамдар сайлануы тиіс деп есептеді. Ол болыс басқарушыларды, сайлау жүйесін қатты сынға алды: «Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды?»

Ұлы ақын өз шығармаларында халықты адал, ақылды, әділ болуға үндеді. Әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды: «Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды».

Замандастары Абайды елдің қамын ойлаған, әділ би деп білді. Оны Қарқаралы, Өскемен, Зайсан т.б. алыс уездерден іздеп келетін. Би-болыстардың ардан, ұяттан безіп, елін сатып, халықты екі жақтап тонап жатқанын әшкерелейді: «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған биліктің ешбір қасиеті жоқ». Ол қазақ қоғамына үлкен зиян келтірген жала жабуды, өтірік айтуды айыптады: «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі қылмыстық іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание – тергеу шығарады. Бағанағы жақсы адамның сайлауға жарамауы үшін, өтірік айтып, көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған».

Одан ақыл-кеңес сұраған дала тұрғындары ағылып келіп жатты. Атап айтқанда, оған Баянауыл өлкесіндегі белгілі шежіреші әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келіп тұрды. Абаймен Семейге жер аударылып келгендер де санасатын. Міне, мұның бәрі патша үкіметі шенеуніктері мен олардың жергілікті кейбір итаршыларының тарапынан қызғаныш пен көреалмаушылық, тіпті саяси күдік туғызды. Ақынның үстінен өсек айту мен жала жабу әрекеттерін күшейтті.

Абайға қарсы қастандық жасалады. Үстінен айыптау арыздар жолданып, тіпті жала да жабылды. Патша әкімшілігі Абайдың ізіне түсіп, Семей полицмейстері ақынның үйінде тінту жасайды. Ұлы ақынды «ақ патшаның жауы», «бүлікшіл», «ата-бабалардың әдет-ғұрпын, салт-жоралғысын бұзушы» деп кінәлады.

Абайдың белсенді ұстанымы отандастарының өмірін жақсартуда маңызды рөл атқарды. Ол елінің амандығы, қуаты мен гүлденуін ойлады. 2020 жылы елімізде ұлы Абайдың 175 жылдық мерей-тойы аталып өтті.

XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына қазақтың әйгілі ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы және т.б. зор үлес қосты. Олар халықты бірлікке, Ресей империясының отаршылдық саясатына байланысты қалыптасқан жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімделуге шақырды.

Тапсырма: Зар заман ақындары туралы баяндама жасау

#### 40 тақырып

### "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері

#### Сабактың оқу мақсаты:

- «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау.

#### Бағалау өлшемдері:

1. "Алаш" ұлттық идеясының мәнін ашады және тарихи фактілермен негіздейді.
2. Қазақ мемлекеттілігі туралы қоғамдық-саяси көзқарас білдірген ұлттық зиялыларды атайды, олардың саяси көзқарастарын талдайды.
3. Қазақ мемлекеттілігі туралы қоғамдық-саяси көзқарас білдірген ұлттық зиялыларды атайды, олардың саяси көзқарастарын талдайды.

**1. Алаш қозғалысының тарихи негіздері.** XIX ғасырдың аяқ кезі – XX ғасырдың басында халықтың жағдайы күрт нашарлап, кедейшілік кең етек жая бастады. Отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар бой көтерді. Салықтар мен міндеткерліктердің көбеюі, шұрайлы жерлерінің тартып алынуы қазақ ауылында ішкі шиеліністердің өршуіне жеткізді. Патшаның 1905 жылғы жарлығы бойынша бұрынғы Сібір шегара шебіндегі ені он шақырымдық бейтарап алқап казак әскерлерінің «мәңгілік» пайдалануына берілді. Патша үкіметінің осы және басқа да озбырлық әрекеттері салдарынан дала тұрғындары жаппай жерсіз қала бастады. Мәселен, бір ғана Семей облысының өзінде 100 мыңнан астам казак жерсіз қалып, Томск, Тобыл губернияларындағы орыс шаруаларынан, Сібір казактарының жерлерін жалға алып, пайдалануға мәжбүр болды.

1905–1907 жылдары елде социал-демократтар ұйымдары құрыла бастады. Қоғамда петициялық қозғалыс етек алды. Отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемді әрі мазмұнды петициялардың бірі Қарқаралы жәрмеңкесінде жазылған петиция болды. Ұлттық күресте қалыптасып келе жатқан ұлт зиялылары қазақ халқының көшбасшыларына айналды. Жалпыұлттық демократиялық қозғалыстың басында Ә. Бөкейхан тұрды. Қазақ депутаттары Ресейдің Мемлекеттік Думасында қазақ қоғамындағы ең маңызды проблемаларды батыл көтере білді.

Қазақ халқының қоғамдық сана-сезімін арттыруға 1916 жылғы қаһарлы оқиғалар орасан зор ықпал етті. Соғыс жылдары жергілікті патша әкімшілігінің автохтонды халыққа қатысты ұлттық қанаушылығы мен озбырлығы күшейе түсті.

1917 жылға қарай жергілікті халықтың пайдалануындағы ең шұрайлы 45 миллион десятина жердің тартып алынғанын білеміз. Бұл кезде Қазақстанға Ресейден қоныс аударған шаруалардың жалпы саны 1,5 миллионға жуықтап қалған болатын. Қазақ халқы осындай ауыр қиыншылықта азып-тозып кетпеді, керісінше ұлтты азат етуді мақсат тұтып, арпалысқа толы жолды таңдады. Тәуелсіздік, елдің болашағы үшін күресте ерлік пен батыллықтың үлгісін көрсете білді.

XX ғасырдың басында қазақ халқының сана-сезімі биік деңгейде көрініс тапты. Ұлт азаттығы жолындағы күресте қазақтың оқыған, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін

аямайтын азаматтар алға шықты. XX ғасырдағы ұлы реформаторлар Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ұлтты азаттыққа бастады. Олар қазақ халқының тарих сахнасынан біржолата жойылып кетпеуі үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасады.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында Әлихан Бөкейхан бастаған топтың ерен еңбегі еш уақытта ұмытылмайды. Алаш идеясы Қазақстан азаматтарының бірігуі, болашаққа жылжудың айқын бағыты, бірлігімізді бекемдей түсетін ұлы жол деп білуіміз керек.

**2. Петициялар – Алаш зиялыларының ұстанымдары мен озық идеяларының көрінісі.** XX ғасырдың бас кезінде қазақтар арасында петициялық қозғалыс етек алды. Қазақ зиялылары өз халқының өмірлік маңызды мәселелерін петициялар жолдау арқылы шешуге тырысып көрді. Петицияларда жер, дін, құқық, тіл және халыққа білім беру саласындағы алуан түрлі талаптар қойылды. Петициялар жоғары билік орындарына жолдана бастаған еді. Алғашқы петициялар жолдаудың бастамашылары дін қызметкерлері (Ш. Қосшығұлұлы, Науан Хазірет т.б.) болды. Олар қазақ халқын христиан дініне енгізуді тоқтату, мұсылман оқу орындарын құруға қажетті жағдайлар жасау, молдалардың қызметіне кең жол ашу жөнінде нақты талаптар қойды. Уақыт өте келе жағдай өзгере бастады. Бірінші орыс революциясы жылдарында петиция жазуды қазақ қоғамының сауатты, зиялы өкілдері өз қолдарына алды.

Петициялар уезд бастықтарына, әскери губернаторларға, генерал-губернаторларға, Ішкі істер министріне, тіпті Ресей императоры ІІ Николайдың атына да жолданды. Отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемді әрі мазмұнды петициялардың бірі Қарқаралы петициясы еді. 1905 жылдың шілдесінде Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрменкесінде қазақ халқының атынан император ІІ Николайға арналған петиция ұйымдастырылды. Оған Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында кеңінен танымал беделді 42 қазақ қол қойды. Кейінірек Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтар қосылды. Петицияны жазуға белгілі саяси қайраткерлер Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақбаев, Т. Нұрекенов т.б. белсене атсалысты.

Петициядағы маңызды мәселелердің бірі Ресей империясының заң шығарушы ең жоғары органы Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын қатыстыру талаптары болды: «Малшаруашылығымен айналысу қырғыздарды (қазақтарды) сайлауға қатысу құқығынан неге айыруы тиіс? Сауда-саттық, егіншілік, балық аулау сияқты басқа да әртүрлі кәсіп түрлерімен айналысатындар ондай құқығынан айырылып отырған жоқ қой!..» Мемлекеттік шенеуніктер жоғары билік органдарына талап-тілектер айтып, петиция жолдаушыларды барынша жек көрді. Мұны Семей облысы әскери губернаторы Галкиннің Дала генерал-губернаторының атына 1905 жылы маусымда жазған хатынан көруге болады: «Қырғыздардың (қазақтардың) петиция жолдап, талап қоюларына жол беруге болмайды».

Петицияның бір нұсқасын Темірғали Нұрекенов орыс тіліне аударып, Ішкі істер министрінің атына жіберді. Петицияның бұл нұсқасы барынша толық еді. Ол 47 тармақтан тұратын. Петиция қазақ қоғамының XX ғасырдың бас кезіндегі өмірлік маңызы бар күрделі мәселелерін: сайлауды ұйымдастыру, жер, дін, сот ісін жүргізу, білім т.б. толық қамтыды.

Жоғары билік органдарына жолданған петицияларда болыстарды, ауыл старшындарын және олардың хатшыларын тек сауатты қазақтардан ғана тағайындау ұсынылды. Бұл қызметке кірісер алдында олар ант қабылдап, ешқашан қызмет бабын пайдаланып, халыққа қиянат жасамауға тиісті болды. Шаруа бастықтарының орнына бітістіруші судьялар қызметін енгізу талап етілді. Петиция авторларының пікірі бойынша, бұл қызметке жеткілікті дәрежеде сауаты мен білімі бар қазақтар тағайындалуы тиіс.

Қазақтар петицияда өздерінің діни істеріне басшылық етуді 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформалар барысында енгізілген Орынбор діни басқармасының қарамағына беруді талап етті. Сондай-ақ мешіттер мен медреселер салуға еркіндік берілуін, газеттер пен кітаптар, діни әдебиеттер басып шығару үшін баспаханалар ашылуын ұсынды. Меккеге қажылыққа емін-еркін барып келуді, қазақ ауылдарына христиан дінін таратушы

миссионерлердің баруына тыйым салуды талап етті. Жасы кәмелетке жетпеген қазақ жастарының басқа дінді қабылдауына тыйым салу талабы да қойылды.

Петицияда медреселерде араб, парсы, түркі тілдерін оқыту қажеттілігі айтылды. Сондай-ақ ескі мешіттерді жөндеуден өткізуге және жаңа мешіттер мен медреселер салуға қаржы бөлуді ұсынды. Әр болыста діни алым-салықтарды жинайтын арнаулы адамдардың болуы, түскен мал мен қаржыны кедей отбасынан шыққан шәкірттердің оқуына жұмсау көзделді.

Петицияларда мектеп қабырғасында ислам діні негіздерінің міндетті түрде оқытылуы, «орысша сауат ашуды» содан кейін қолға алу талабы қойылды. Мектептерде христиан дінін оқытуға үзілді-кесілді қарсылық білдірілді. Қазақ халқына «бастық болғысы келгендердің қырғыз (қазақ – авт.) тілін білуі тиіс» екендегі атап көрсетілді. Петицияға қазақ өлкесінде ісқағаздарды қазақ тілінде жүргізу талабы да енді.

Тергеулер мен сот ісін аудармашыларсыз қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту талаптары қойылды. Барлық хатшылар мен күзетшілер жергілікті өңірден тағайындалуы тиіс. Петицияны құрастырушылар бастауыш сыныптарда қазақ балаларын ана тілінде оқытуды талап етті.

Петиция авторлары дала тұрғындарын сот, тергеусіз әкімшілік жолмен жер аудару ісіне наразылық білдірді. Дала генерал-губернаторы қазақтарды кез келген болмашы мәселе бойынша жер аударып жіберуге құқықты еді. Неке және отбасы мәселелерін әскери губернатор мен уезд бастықтарының қарауынан алып, бітістіруші сот құзырына беру талап етілді. Кісі өлімі болған жағдайда айыпты адамның жазаға тартылуымен қатар, қазақтардың дәстүрлі құқық заңы бойынша құн төлетуге өтініш білдірілді. Округтік соттың жанында міндетті түрде ақылдастар алқасы құрылуы тиіс деп атап көрсетілді. Сондай-ақ айыпталушының қорғаушысы болуы, билер сотының жергілікті отаршылдық билік орындарына емес, Әділет министрлігінің қарамағына өтуі талап етілді.

XX ғасырдың бас кезінде жер мәселесі одан әрі шиеленісе түсті. Сондықтан да петицияларда бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Шегара шебіндегі ені 10 шақырымдық алқаптың және соңғы 20 жыл ішінде тартып алынған жерлердің бұрынғы заңды иелеріне қайтарып берілуі талап етілді. Қыстаулар мен жазғы жайлаулар өздерінің бұрынғы иелерінің қарауында қала беруі тиіс деп көрсетілді.

Петицияларда қазақтардың орман байлығын еркін пайдалану құқығына байланысты талаптар да қойылды. Сондай-ақ қазақтарға олардың көші-қон аймағындағы тұзды және балық аулайтын көлдерді қайтарып беру жөніндегі өтініштер де айтылды. Жергілікті халықтың атынан өзен-көлдерді жалға беру мүмкіндіктері ұсынылды. Түскен қаржы халыққа азық-түлік қорын жинақтауға тиіс деп көрсетілді.

Сонымен, петицияларда XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси өміріндегі аса маңызды неғұрлым өткір мәселелері нақты да қысқаша тұжырымдалған түрде баяндалды.

Патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Петициялардың мәтінін жазғандар батылдық пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Бірақ патша үкіметі петицияларда қойылған талаптарды орындауға құлық таныта қойған жоқ. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатына сай келмейтін еді. Солай болғанымен, петициялық қозғалыс жағымды рөл атқарды – қазақтар Ресейдің I және II Мемлекеттік Думаларына депутат болып сайланды.

Халық бұқарасына басшылық етуде, отаршыл билік орындарына ұйымдасқан түрде петициялар жолдауда қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері Ә. Бөкейхан жетекшілігімен ерекше белсенділік көрсетті.

Қарқаралы петициясының негізгі тармақтары Алаш партиясының бағдарламасына енгізілді және Алашорда үкіметінің қызметінен көрініс тапты.

**3. «Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері.** Алаш идеясының негізгі өзегі болып табылатын мемлекеттілік дәстүрін жаңғырту, ұлт тарихын, тілін, мәдениетін сақтау мәселелері қазақ зиялыларының ұранына айналды. Сондай-ақ батыс мәдениетіне назар аударып, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибесіндегі ең

үздік әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктерін қабылдауды жақтады. Алаш зиялылары қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді мақсат етті.

Алаш идеясының негізгі ұстанымдары: біріншіден, Алаш зиялылары «жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмесін. «Жерсіз Отан жоқ» деді. Екіншіден, елдегі барлық игілік халыққа қызмет етуі керек. Үшіншіден, Қазақстан Ресей империясының құрамына енуінен бастап қалыптасқан экономиканың шикізаттық сипатынан бас тартып, «қазақ елі толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиістігі» айтылды. Төртіншіден, қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, діл, дін үстемдігі болуы керек. Бесіншіден, ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық демократиялық мемлекет құру еді. Алтыншыдан, қазақ жеріне түрлі жағдайларда келген барлық ұлт өкілдері үшін ортақ Отаны Қазақстанда тұруға барлық кепілдіктер мен құқықтары сақталынады. Мемлекет ғылымға негізделіп дамыған елдердің жетістіктерін үлгі тұтуы қажет. Дін істері мемлекеттен бөлінген, зайырлы біртұтас демократиялық мемлекет құру қажеттігі айтылды.

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекет құру еді. Алаш идеясының негізгі тұжырымдамаларының өзекті тұстарын Қарқаралы петициясынан, «Алаш» партиясы бағдарламасынан және ұлттық-демократиялық қозғалыс ірі өкілдерінің еңбектерінен көре аламыз. Олардың ішінде Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси тұрғыдағы ой-пікірінің маңызы зор.

**4. Алаш қозғалысының идеялары Әлихан Бөкейхан еңбектерінде.** Алаш қозғалысының көшбасшысы, Алаш партиясы және Алашорда үкіметінің жетекшісі – Әлихан Бөкейхан болды. Ол туған жерінің тарихын терең зерделеп, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы маңызды тарихи оқиғалардың барлығына белсенді қатысты. Алаш идеясының тұжырымдамалары Ә. Бөкейханның ұлт-азаттық қозғалыс, отарлық езгідегі қазақ қоғамының жағдайы туралы зерттеулері мен терең талдауларында жасалған. Ә. Бөкейхан ел болашағын болжауда өткен тарихты танып-білу қажеттігі туралы былай жазады: «Тарих – түзетуші және үйретуші. Келешек күннің болашағын білуде тарих анық құрал болады». Болашағы зор ел боламыз десек, әрбір азаматтың ұлттың тарихы мен оның сабақтарын білу қажеттігін Алаш көсемі былай деп ескертеді: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешектің қандай боларына көзі жетпейді».

Әлихан Бөкейхан жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырушыларының бірі ретінде Алаш идеяларын алға тартып, ұлттық тарихты оқып-үйренудің маңызын атап өтті.

Қазақ көшбасшысы Қазақ хандығының Ресей империясы бодандығына түсу себептерін анықтау үшін ұлт тарихын терең зерделеді. Ол қазақтардың тәуелсіздігінен айырылуының басты себебі – бұрынғы ел билеушілерінің қол астындағы ру-тайпалар мен жүздерді біріктіріп, сыртқы отаршылдық қауіпке қарсы жұмылдыра алмауында деген тұжырымға келді. 1913 жылы былай деп жазды: «Бұрынғы ел билеушілердің басым көпшілігі уақыты мен күшін өзара қастандыққа, күш көрсету мен зорлық-зомбылық, алауыздыққа жұмсады». Ол хандық билікті қалпына келтірудің нәтижесіздігін түсінді. Ұлт тәуелсіздігіне тек белсенді саяси күрес арқылы ғана жетуге болатынын айтты. Осы мақсатпен кадет партиясына мүшелікке өтті. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамытудың эволюциялық жолымен қазақ мемлекеттілігін жаңғырта аламыз деген пікір ұстанды. Ә. Бөкейхан Қарқаралы петициясын дайындауға қатысып, петицияны жоғары билікке тапсыруда да алдыңғы қатарда болды.

Ә. Бөкейхан өз заманындағы сот ісін жүргізуден гөрі ежелгі қазақ даласындағы билер сотының әділдігін жоғары бағалай отырып, патша үкіметінің тұсындағы жағдай туралы былай деп жазды: «Қазақ орысқа қараған соң би жоғалды. Кім орысқа жағымпаз болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы шешен билерден келе жатқан әділ билік жорасы парақор билермен аяқасты болды. Пара беріп, ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды».

1905 жылы Ә. Бөкейхан Мәскеуде өткен Ресей земствосы жиналысының мінберінен



туған халқының жоғын жоқтап, сөз сөйледі: «Омбыда генерал Сухотиннің басшылығымен әртүрлі ведомстволардың шенеуніктері бас қосқан Кеңесте қырғыздарды (қазақтарды – авт.) земство жиналысына (Мемлекеттік Думаға – авт.) жібермеу туралы ... пікір айтылды. Дала тұрғындарын саяси құқығынан айырудың оларды қаншалықты қатты қапаландырып, ашу-ызасын тудырғанын ескермеуге болмайды... Ең қарапайым әділеттілік пен ақиқат шындыққа қасақана қиянат жасаудың, алты миллион қырғызды (қазақты) құқықсыз тобырға айналдырудың қандай парасатты негізі болмақ деген сұрақ туады. Сонда қырғыздардың (қазақтардың) мүддесін кім қорғамақ? Егер біздің халқымыздың қазіргі өздері сайлаған өкілдері земство жиналысына қатыспайтын болса, онда ол халықтың мұң-мұқтажын және ол мәселелерді дұрыс шешудің жолдарын өз өкілдерінен өзге кім айтып, кім түсіндіріп бере алмақ?...»

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының ежелгі ата-баба қонысынан айырылуына үзілді-кесілді қарсы шықты. Патша үкіметінің отаршылдық қоныс аудару саясатын әшкереледі. Жергілікті тұрғындарды христиан дініне көшіру әрекетін айыптады. Қазақ халқын біріктіру мақсатында ұлт етіп ұйыстыратын Алаш идеясын ту етіп алды. Өз халқының жарқын болашағын алдын ала болжады: «Қазақ табиғатынан ақылды және қабілетті. Қазақ халқы болашақта батыс өркениеті жолында іргелі жетістіктерге жетеді», – деген пікір білдірді. Ол еуропалық даму бағытын қолдайтын алғашқы қазақ демократтарының бірі болды. Оның идеялық-саяси көзқарасының қалыптасуына Ұлы француз революциясы зор әсер етті.

Қазақ-орыс қатынастарының тарихын жетік білген Ә. Бөкейхан өзінің ғылыми еңбектерінде жергілікті қазақтар мен қоныс аударушы орыстар арасындағы шиеліністерді патша үкіметінің әділетсіз жер саясатының салдарынан екенін жазады: «Жер үшін қоныстанушылар мен қырғыздар (қазақтар) арасында күрес күшейе түсті. Кейде тұрпайы түрде көрініс берген бұл күрес онсыз да заңсыздық негізінде орын алып отырған ұлттық қарама-қайшылықты тереңдете және шиеленістіре түсті».

Қазақ даласында партия құрудың ерекшеліктері туралы терең түсінігі бар Алаш қайраткері Ә. Бөкейхан: «Таяу болашақта, қырғыз (қазақ) арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Олардың бірі ұлттық-діни атанып, мақсаты – қазақтарды басқа мұсылмандармен біріктіру болмақ. Екіншісі – батыстық бағытта», – деп айтып кетті.

Ол сауатты, өте білімді, парасатты, өз заманының озық ойлы азаматы болды. Дала тұрғындарының ғана емес, өзге ұлттардың да құрметіне бөленді. Өз ұлтының ата тарихын жетік меңгеріп, мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне құрмет көрсетудің, туған халқына адал қызмет етудің үлгісін көрсетті. Ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру үшін үздіксіз күрес жүргізді.

Әлихан Бөкейхан халықтың көшбасшысы қандай тұлға болу керектігін өз үлгісімен айқындап берді. Ол миллиондаған халықты «Алаш» қозғалысы идеясы төңірегіне топтастырды. Қазақтың зиялы азаматтарын өз Отаны мен халқына адал қызмет етуге шақырды. Өзінің: «өмірімнің соңына дейін қазақ халқына қызмет етемін», – деген ұстанымына адал болып өтті.

«Алаш» қозғалысы көшбасшысы Әлихан Бөкейханның есімі еш уақытта да ұмытылмайды. Қазақстанның барлық дерлік қалаларында оның есімімен көшелер аталған. Бүгінде Қазақстан Республикасында ер балаларға Әлихан есімін қою үрдісі кең таралған. «Алаш» мәдени және даму институтының көптомдық еңбектерін жарыққа шығарды. Оның құрметіне республикалық және халықаралық конференциялар өткізіліп тұрады. 2016 жылы елімізде Ә. Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы аталып өтті.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөлі қандай?
2. Ұлттық мүдделерді қорғауда қандай іс-әрекеттер жасалды?
3. Мерзімді басылымдардың қоғамдық-саяси ойды жаңғыртудағы рөлі неде?
4. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұралары қоғамдық санаға қалай әсер

етті?

5. Ұлт мүддесін қорғауда Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметі қалай көрініс тапты

#### 41 тақырып

### "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары

#### Сабақтың оқу мақсаты:

- Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру;
- Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

#### Бағалау өлшемдері:

1. "Алаш" ұлттық идеясының мәнін ашады және тарихи фактілермен негіздейді.
2. Қазақ мемлекеттілігі туралы қоғамдық-саяси көзқарас білдірген ұлттық зиялыларды атайды, олардың саяси көзқарастарын талдайды.
3. Қазақ мемлекеттілігі туралы қоғамдық-саяси көзқарас білдірген ұлттық зиялыларды атайды, олардың саяси көзқарастарын талдайды.

**1. Алаш қозғалысы.** Алаш қозғалысының қалыптасуы халықтың мыңдаған жылдық мемлекеттілігінің дәстүрін жаңғырту үшін күрес жолындағы ең маңызды кезең еді. Қазақ қоғамының көзі ашық, көкірегі ояу ұлтжанды азаматтары ұлттық идея төңірегінде топтасты. Алайда тарих тәлкегімен ХХ ғасырдың 30-жылдарынан 80-жылдардың аяғына дейін Алаш қозғалысы ғылыми тұрғыдан зерттелмей ұмыт қала берді, жарық көрген жарияланымдарда «ұлтшыл-буржуазияшыл» ретінде бағаланды.

Алаш зиялылары Ресей империясының алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алған парасатты азаматтар еді. Бұл жағдай Алаш жетекшілерінің идеологиялық және жеке тұрғыдан тұлға ретінде қалыптасуында зор рөл атқарды. Ресей губернияларында оқып және жұмыс істеп жүрген кезде олар саяси күресте тәжірибе жинақтап, алғашында бірқатар партиялар (эсер, кадет т.б.) қатарына қосылды. Алаш зиялылары қазақ дәстүрі негізінде Батыс Еуропа демократиясы тәжірибесін пайдаланып, болашақта ұлттық мемлекет құру идеясын ту етіп көтерді.

Алаш зиялылары партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы кезінде ойластырды. 1905–1907 жылдардағы оқиғалар, Бірінші дүниежүзілік соғыс, Ақпан және Қазан революциялары сияқты ірі тарихи бетбұрыстар қазақ халқының қоғамдық-саяси санасының оянуына ерекше серпін, қуат берді. Қазақстанның барлық өңірлерінде, Омбы, Орынбор, Орал, Семей, Ташкент, Петропавлда социал-демократтық ұйымдар пайда болды. Бұл ұйымдар жергілікті халықтың саяси өмірге тартылуын тездетті. Революциялық қозғалысқа қатысқандарды полиция аяусыз жазалап, жер аударды, абақтыға жапты. Олардың арасында қазақ халқының көрнекті өкілдері болды. Мысалы, Ә. Бөкейханның қызметі Ресей империясы полициясының бақылауына сонау 1897 жылдан бастап алынған еді.

Дала генерал-губернаторының арнайы қаулысы бойынша революция кезеңінде жарық көрген демократиялық бағыттағы мерзімді басылымдар мен әдебиеттерді таратуға қатаң тыйым салынды. Алайда шапшаң қозғалатын икемді, дала тұрғындары жаңа уақыт ағымы туралы хабарды тез таратты. Бұл туралы Ә. Бөкейхан былай деп жазды: «Қазақтардың шапшаң қозғалатындығының арқасында манифест қысқа мерзім ішінде күллі далаға тарап үлгерді. Барлық жерде қазақтар үлкенді-кішілі съездерге жиналды, манифесті оқыды. Мемлекеттік думаға болашақта сайлау жүргізу мәселелерін талқылады. Ең алыс

болыстардан қазақтар қыр қалаларына топ-тобымен аттанды, онда өтіп жатқан қала митингілеріне қатысты».

1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында бес облыстан келген қазақ делегаттарының съезі өтті. Ондағы мақсат кадеттер үлгісімен қазақтың саяси партиясын құру еді. Партия 1905 жылы қазандағы II Николай жариялаған Манифест бойынша қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғауға тиіс болатын.

1906 жылы ақпан айында Семей қаласында қазақтардың кезекті II съезі шақырылды. Осы жылы мамыр айында кадет партиясының қырғыз (қазақ) бюросын құруға шешім қабылданды. Онда қабылданған негізгі бағдарламаға маңызды толықтырулар енгізіліп, қоныс аудару саясатын тоқтату, Дала өлкесіне жергілікті халықтың меншігі құқықтық мәртебесін беру, қазақ балалары үшін ұлттық мектептер ашу т.б. талаптары қойылды.

Ресейде Мемлекеттік Думаға сайлаудың басталуы, бірінші орыс революциясының жеңілуі кадеттік үлгідегі жалпыұлттық қазақ партиясын құруға кедергі келтірді. Партияның сенімді әлеуметтік тірегі мен қазақ тілінде шығарылатын баспасөз органы да болмады. Далалықтардың саяси мәдениетінің демократиялану негізі әлі де әлсіз еді.

Халық жадында өшпестей із қалдырған қазақ хандарының бірі Есім хан. Ол мемлекеттің аумағын одан әрі кеңейтіп, Орта Азия елдерінің біраз жерін Қазақ хандығына қаратты. Есім қалыптасқан күрделі саяси жағдайлардан дұрыс жол таба білген ақылды және кеменгер басшы ретінде танылды. Ішкі саяси тұтастықты қалыптастырып, Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етуді көздеген Есім хан өзіне дейін көп өзгеріске ұшырай қоймаған Қасым ханның заңдарын іс жүзінде қолдануды енгізді. «Қасым ханның қасқа жолы» аталып кеткен заңды Есім сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірді.

Партияның мақсаттары мен міндеттері кеңінен насихатталмауы себебінен өлке халқы үшін түсініксіз болып қала берді. Жергілікті халық өкілдері Ресейдің Мемлекеттік Думасына қатыстыруды батыл талап етті. Өлкенің бүкіл аймағын түгел қамтып өткен демократиялық үдерістер толқыны қазақтардың петициялық қозғалысын елеулі түрде күшейтті. Патша үкіметі халықтың талабына құлақ асуға мәжбүр болды.

1906–1907 жылдары Алаш зиялыларының саяси белсенділігі арқасында қазақтар Ресей Мемлекеттік Думасына қатысатын болып шықты. Депутаттыққа сайланған өлке азаматтары өз қызметтерін адал атқарып, халқының көзін ашып, саяси санасын ояту жолында зор игілікті істер атқарды. Газет шығаруға әрекеттер жасалды. Орыс либерал-демократиялық баспасөз беттерінде қазақ зиялыларының мақалалары жиі жарияланып тұрды. I және II Мемлекеттік Думада Дала өлкесінің депутаттары халықтың мүддесін қорғап белсенді жұмыс жасады. Мемлекеттік Дума мінберінде сөз сөйлеп, патша өкіметінің өлкедегі отаршылдық саясатын өткір сынады, жер мәселесін батыл көтеріп, аграрлық реформаларға қатысты өз жобаларын ұсынды.

1907 жылғы реакцияшыл сайлау заңы бойынша қазақтар сайлау құқығынан айырылды. Мемлекеттік Думаға өз өкілдерін сайлауға рұқсат етілмеді. Сондықтан бұл жағдайда Ә. Бөкейхан бастамасымен Алаш басшылары мұсылман, кадет фракцияларымен келісімдер жасауға кірісті.

Алаш көсемдері билік тарапынан қуғынға ұшырап, түрмеге жабылды, каторгаларға жіберілді. 1913 жылы «Қазақ» газетінде Алаш қозғалысының белсенді идеологі М. Дулатұлы: «1905 жылдан бастап біздің халық басқа халықтар сияқты дербестігін, ұлттық тұтастығын ойлай бастады. Бостандыққа ұмтылған сол жылдары Семей облысындағы қозғалыс жетекшілері мен елді даму жолына бастаушы ұлт зиялылары қудаланды, олардың біразы қамауға алынып, түрмеге жабылды, басқалары Сібірге айдалды. Қалғаны сенімсіз ретінде танылды», – деп жазды.

Бұл дағдарыс қабілетсіз өкіметке қарсы наразылық туғызып, 1917 жылы Ақпан революциясына ұласты. Петроград жұмысшылары мен солдаттарының қарулы көтерілісі жеңіспен аяқталды. Патша үкіметі құлатылғаннан кейін Уақытша үкімет Ресейдегі бүкіл

заң шығарушы мен атқарушы билікті қолына алды. Ақпан революциясының жеңісін ұлттық демократия өкілдері отаршылдық езгіден құтылатын сәт туды деп қуанышпен қарсы алды.

Алайда жаңа үкіметтің басқару әдістері мен саяси бағыты революцияға дейінгі патша үкіметінің саясатын жалғастырды. Уақытша үкімет жергілікті халықтың жағдайын жақсартпады. Дегенмен біраз оң шараларды жүзеге асырды: тыл жұмысына алғандарды елге қайтару, қазақтардан облыстық комиссарларды тағайындау; Қазақстанға жіберілген жазалау отрядтарын кері қайтару т.б. Ұлт зиялылары саяси белсенділігінің арта түсуіне облыстық съездер үлкен әсер етті. 1917 жылы сәуірде Орынборда қазақ съезі шақырылды. Онда Бүкілқазақ съезін ұйымдастыруға шешім қабылданды. Съездің жер, дін, мәдени, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа да мәселелерді шешу жолдарын анықтауда маңызы зор болды. Алаш қозғалысының жетекшілері Қазақстан аумағына келген басқа ұлт өкілдері теңдігін қорғады. Алаш зиялылары жалпыұлттық бірлік пен келісімді сақтау және нығайтуда елді біріктіруші күшке айналды.

Алаш идеясы халықтың жаршысына айналған «Қазақ» газетін өмірге әкелді. Газет 1913–1918 жылдары шығып тұрды. Ұлттық зиялы қауым «Қазақ» газеті шығуымен біртұтас саяси күшке айналды. «Қазақ» газеті ұлттық мемлекеттікті қалпына келтіру идеясын барлық өңірлерге таратып, халықтың ұлттық сана-сезімінің оянуына түрткі болды. Газет өз Отанына адал берілген ұлтжанды азаматтарды тәрбиеледі.

1911 жылы Санкт-Петербургте Алаш қозғалысы көрнекті қайраткерлерінің бірі Барлыбек Сыртанұлы болашақ мемлекет Конституциясы «Қазақ елінің жарғысы» деп аталатын жобасын әзірледі. 1918 жылғы қаңтарда қоғам қайраткері, жазушы Ж. Аймауытов «Абай» журналының беттерінде Алаштың әнұранын жариялады.

Қазақ халқының мүддесін қорғауда Алаш көшбасшылары белсенді саяси күрес арқылы бейбіт жолды таңдады. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы және т.б. азаматтар қолға қару алып көтеріліс жасау халық үшін тек зиян келтіреді деген оймен жүйелі реформалар арқылы мақсатқа жетуді жоспарлады.

**2. А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси көзқарасы.** Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі және ХХ ғасыр басындағы көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер болып табылады. Бірінші орыс революциясы (1905–1907) кезінде ол ерекше белсенділігімен көзге түсті. Мысалы, Қарқаралы петициясының құрастырылуына және оны билікке жеткізуге тікелей қатысты. 1907 және 1909 жылдары өзінің саяси белсенділігі үшін қуғынға ұшырады.

1913–1918 жылдар аралығында ол өзінің серіктестерімен бірге Орынбор қаласында жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құруға қатысқан ұйымдастырушылардың бірі саналады.

Көптеген Алаш қайраткерлері сияқты, әбден шиеленіскен жер мәселесін шешуге басымдық берді. Оның пікірінше, қазақ ата-бабаларынан қалған жерін әрқашан құрметтеуі тиіс. Ол жерлестерін жерді мемлекет меншігіне өткізудің белгілі бір пайдасы бар екендігіне сендірді. Себебі ол жағдайда жерді ешкім сата да, жалға да бере алмайды.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілі мен ұлттық әдебиетін белсенді түрде насихаттады және болашақта қалпына келтірілетін қазақ мемлекетінде лайықты орын алуы тиіс деп бағалады: «Өз тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана дербес өмір сүруге ұмтылуға қақылы екенін еш уақытта ұмытпау керек».

Мемлекеттік құрылыс мәселелерінде ол білім беру мен тәрбие ісіне көп көңіл бөлді. Осы орайда былай деп жазды: «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді».

Ол ана тілінің тазалығына ерекше мән берді. Бастауыш сыныптарда оқушыларды тек ана тілінде оқытуға шақырды: «Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізде, сонан соң басқа тілде оқытуға тиіспіз».

Алдағы уақытта жаңа ұлттық мемлекет құратын жастарды білім алуға, қажетті мамандықты игеруге және бірлікке ұмтылуға үндеді: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осыларға жету үшін көп жұмыс істеу керек».

**3. Міржақып Дулатұлының қоғамдық-саяси көзқарасы.** Мыржақып Дулатұлы ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді қатысушыларының бірі болды. 1904 жылы Омбы қаласында Ә. Бөкейхан және А. Байтұрсынұлымен кездесіп, қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласты.

1907 жылы Санкт-Петербургте «Ульфат» татар газетіне қосымша ретінде «Серке» газетін шығарды. 1907 жылы қазақтарды Мемлекеттік Думаға қатысу құқығынан айыратын патша жарлығына қарсы шықты. Ол «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушылардың бірі болып, 1917 жылы жалпы қазақ съездерін шақыруға қатысты. 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарк» баспасынан оның әйгілі «Оян, қазақ!» өлең жинағы жарық көрді.

Замандастары бұл кітапты «ұлттық манифест» деп атады. Автор поэтикалық түрде халықтың ауыр ахуалын көрсетіп, сонымен қатар осы қиын жағдайдан шығу жолдарын ұсынады. Ақын барлық жерде мешіттер мен медреселер салуды, жастарды исламды, халықтық салт-дәстүрлерді құрметтеу рухында тәрбиелеуді маңызды деп санады. Ол жергілікті тұрғындардан жер тартып алушы патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шықты. Қазақ тұрғындары тұратын жерлерге миссионерлерді жібермеуге шақырды.

Осы кітапшаның жарық көруі жөнінде Семей округтік сотының прокуроры былай деп жазды: «Оян, қазақ» кітапшасы мазмұны бойынша мемлекеттегі қалыптасқан қоғамдық құрылысты құлатуға шақыратын, қырғыз (қазақ) жастарына үндеу болып табылады».

Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» кітапшасы қазақ халқының арасында өте танымал болды. Бұл туралы патша агенттері 1911 жылғы наурызда Верный қаласындағы іздестіру пунктінің меңгерушісіне былай деп жазады: «Өткен 1910 жылы съезд барысында Пішпек уездік басқармасының аудармашысы қырғыз (қазақ) ... Тынымбай Серікбаев ... Пішпек уезінің барлық болыстық басқарушыларына көшпелі тұрғындарға тарату үшін Дулатов деген кісінің «Оян, қазақ» деп аталатын шығармаларын берді». Міржақып қамауға алынып, тергеу басталды. Ақын кітапшасын жариялауға Петербург цензурасы рұқсат бергенін айтып, кінәсін мойындамады. Тергеу оның бір жарым жылға абақтыға отырғызылуымен аяқталды. Өлеңнің отаршылдыққа қарсы мазмұны, сонымен қатар автордың халық арасында танымалдығы үшін кітаптың барлық таралымы тәркіленді. Басылым М.Дулатұлы Торғайға оралғаннан кейін 1911 жылы қайта басылып шықты. Кітапша ұлттық сананың қалыптасуында үлкен рөл атқарды және кейінгі қоғамдық-саяси үрдістердің барысына әсер етті.

**4. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің 1916 жылы қазақтарды тыл жұмыстарына алуға көзқарасы.** 1916 жылы жазда қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы басталды. Далалық облыстардың барлығында дерлік бас көтерулер көрініс тапты. Көтерілісшілер тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасаған болыс басқарушыларына наразылықтарын білдірді. Патша үкіметі көтерілісшілерге қарсы жазалаушы әскер шығарды. Алаш басшылары қарулы көтеріліске қарсы шығып, босқа қантөгіске ұшырамау үшін сабырлыққа шақырды.

Ресей империясының жоғары органдарымен келіссөздер жасасып, халықтың аман қалуын ойлаған Алаш жетекшілері тыл жұмыстарына алуды (шөп шабу мезгілі, күзгі егінді жинап алу т.б. үшін) кейінге қалдыра тұрып, тиісті әзірлік жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтты.

Халықтың қарулы көтерілісі Алаш қозғалысы жетекшілерінің идеясына және ұстанымдарына сәйкес келмеді. Қазақ зиялылары эволюциялық жолды таңдап, бейбіт жолмен ұлттық автономияға қол жеткізуді қолдады.

Алаш зиялылары жағдайды талдай келе, тыл жұмыстарына баруға келісуді ұсынды. Олай болмағанда ел ішіне патшаның жазалау әскері шығып, халықты қырып-жоятындығын білді. Уақыт көрсеткендей, көтеріліс барысында қарусыз халық өкіметтің жазалау шараларының құрбаны болды, мыңдаған жазықсыз адам қаза тапты, мал-мүлкінен айырылды.

Алаш қайраткерлері халықты әскерге баруға, тыл жұмысына қатысуға үгіттеді.

1916 жылы желтоқсанда Алаш элитасы (студент, дәрігер, мұғалім, фельдшер, аудармашылар) штабы Минск қаласында орналасқан Батыс майданның тыл жұмысындағы жігіттермен кездесті. Олар тыл жұмыстарына шақырылғандардың құқығын қорғап, азық-түлік, дәрі-дәрмектерін жеткізіп, қолдан келген көмектерін жасады.

1917 жылы ақпан айында Ә. Бөкейхан Минскідегі Батыс майданның земство және қала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімін басқарды. Тыл жұмысындағылардың жағдайы туралы Ә. Бөкейхан былай деп жазады: «Ол жақта қазақ тілін білетін дәрігердің де, фельдшердің де көмегі өте маңызды». Батыс майданның және империяның басқа аудандарында жалпы 200 мыңдай қазақ еңбек етті.

**5. «Алаш» партиясының құрылуы.** Саяси партия құрылуының алғышарты 1917 жылы ақпан революциясынан кейін қалыптасты. Ақпан революциясын қазақтар түсіністікпен қарсы алды. Революция қазақтарға қантөгіссіз патша үкіметі қанауынан азаттық әкелді, өзін-өзі басқару үмітін оятты. Осындай жағдайда ұлттық элита саяси партия құру туралы шешімін қабылдады.

Кадет партиясы қазақ автономиясын құруға қарсы болғандықтан, халықтың үміті ақталмады. Бұл 1917 жылы Ә. Бөкейханның кадет партиясынан шығуына алып келді. Алаш зиялылары ұлттық партия құруға кірісті. Орынборда 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші жалпықазақ съезінде «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Толық емес деректер бойынша «Алаш» партиясының құрамына 5 мыңға жуық адам тіркелген. Қазақ зиялыларының демократиялық идеялары өз уақытынан озық еді.

«Алаш» партиясы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған бағдарлама әзірлеген тұңғыш саяси ұйым болды. Бұл тарихи съезде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы қабылданып, 1917 жылы қараша айында «Қазақ» газетінде жарияланды. «Алаш» партиясы, ең алдымен, ұлттың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін алға тартып, туған жерін сақтап қалуды мақсат етіп қойды. Қырғыз жерінде (Пішпекте) «Алаш» партиясының бөлімшесі құрылды. Оның жұмысына Ы. Жайнақов, А. Садықов, И. Арабаев, Н. Айдарбеков, В. Сооромбаев т.б. белсене қатысты. «Алаш» партиясынан басқа өлкеде Түркістанның діни бағыттағы елеулі «Шура-ислами» және «Шура-улема» саяси ұйымдары құрылды. Діни ұйымдардың ықпалы республиканың оңтүстік өңіріне таралды. Қазақстанның ірі қалаларында эсерлер мен кадет және социал-демократиялық топтар әрекет етті.

1917 жылдың соңында қазақтың ұлттық, демократиялық бағыттағы саяси ұйымы «Үш жүз» партиясы құрылды. Партия мүшелері өз ұйымын «Қазақтың социалистік партиясы» деп атады. Партияның орталық комитетінің орналасатын жері Омбы қаласы болып белгіленді. М. Әйтпенев – партияның төрағасы, орынбасары – К. Төгісов, мүшелері Ш. Әлжанов, Ә. Досов, Ы. Көбеков және т.б. болды. Кейіннен партияның төрағалығына К. Төгісов сайланды. Баспасөз органы «Үш жүз» газеті 1917–1918 жылдары Петропавл қаласында шығып тұрды. Партия құрамына зиялы топ өкілдерімен қатар қазақ кедейлері де енді. «Үш жүз» партиясының бағдарламасында қазақ халқын отырықшылыққа көшіру, оларға шаруашылықпен айналысу үшін жеткілікті жер бөліп беру, кедейлер мен жарлыларға көмектесу, өлкеде оқу-білім тарату және т.б. мәселелер атап көрсетілді.

Қазақтың демократиялық-радикалды топтарының мүдделерін қорғай отырып, олар «Алаш» партиясына қарсы идеялық-саяси күрес жүргізді. «Үш жүз» партиясы большевиктерді қолдап, оларға өлкеде кеңестік билікті орнатуға көмектесті. Қазақ халқының ұлттық мүдделерін басшылыққа алғанмен «Үш жүздіктер» әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерде большевиктердің ықпалында болды. 1918 жылы партия таратылды.

Большевиктердің ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандық беру жөніндегі уәдесі ұлттық аймақтардағы халықтарға Кеңес өкіметі жағына өтуге септігін тигізді.

**6. «Алаш» партиясының негізгі бағдарламалық ұстанымдары.** Алаш қозғалысының жетекшілері ұлттық және мемлекеттік құрылыстың негізгі

тұжырымдамаларын әзірледі. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын Ө. Бөкейхан бастаған Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері дайындады.

Бағдарлама жобасы 10 тараудан тұрды: мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі.

«Алаш» партиясы бағдарламасында социал-демократтық идеялар нақты көрініс тапты. Бағдарламада тегін білім беру және медициналық қызмет көрсету; демократиялық сайлау, соның ішінде әйелдердің тең құқықтығы жарияланып, халықтық милиция және әкімшілік мекемелер құру мәселелері қарастырылды. Алаш қайраткерлері әзірлеген партия бағдарламасы мемлекеттің құқықтық негізгі құжаты ретінде халықтың қолдауына ие болды. «Алаш» идеяларының маңыздылығы мен өміршендігін 1995 жылғы Тәуелсіз Қазақстан Конституциясы растады.

**7. Алашорда автономиясы.** Ө. Бөкейхан және оның серіктестері қазақ автономиясын құруда Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін көздеді. Алайда уақытша одақтастарымен немесе қарсыластарымен жүргізген пікірталастарында ол туралы ашық айтпады. Алаш көшбасшылары қалыптасқан жағдайда тәуелсіз ел болу үшін қажетті шарттар әлі толық пісіп-жетілмегендігін, сондықтан алдымен федеративті Ресей құрамындағы автономия құруға қол жеткізу керек екенін жақсы түсінді.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін Ресей мемлекетінің бүліншілікке ұшырап, халықтың күннен-күнге күйзеле түсуінен қауіптенген Алаш жетекшілері қазақ халқының мемлекеттілігін қалпына келтіруді ойластырды. Алашорда автономиясын жариялау мәселесі «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұран», «Жас азамат» газеттерінде кеңінен насихатталды. Алаш көсемдер ұлттық мемлекеттілікті құру принципіне ұлттық бірлікті, ұлттың біртұтастығын негіз етіп алды.

Ө. Бөкейхан ұлттық мемлекеттілікті құру болашақта жүзеге асатынына нық сенім білдірді: «Тірі болсақ, алдымызда үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар». Алаш қайраткерлерінің түпкі мақсаты, ең алдымен, ұлттық автономияға қол жеткізу, одан кейін – толық тәуелсіз мемлекет құру еді. Қазақстан 1920 жылы – автономиялық республика, 1936 жылы – одақтас республика, 1991 жылы – тәуелсіз мемлекетке айналды. Алаш идеяларының көрегендігін тарихтың өзі дәлелдеп берді.

«Алаш» партиясы қоғамның әртүрлі өкілдерін біртұтас Алаш идеясы, Алашорда автономиясын құру мәселесінде топтастырды.

Қазақ ұлттық интеллигенциясы 1917 жылы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Екінші жалпықазақ съезінде қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қарастырды. Съездің күн тәртібінде өзекті – Ресей құрамында ұлттық автономия, ұлттық үкімет құру міндеті тұрды.

Алашорда басшылары ұлттық автономия құруда негізгі ұстанымы ретінде басқа ұлт өкілдерінің мүддесімен санасатын ұлттық бірігуді көздеді. Съезд «Алаш» атауымен қазақ автономиялы үкіметінің құрылғаны жөнінде мәлімдеді. **Алашорда (Алаш автономиясының үкіметі)** деген атпен Уақытша халықтық кеңес – үкімет құрылғаны айтылды. Уақытша халықтық кеңес 25 адамнан тұрса, оның 10-ы өлкедегі басқа халық өкілдері еді. Бұл Алашорда үкіметінің демократиялық сипатын айқын танытты.

### **8. Кеңес өкіметінің Алаш қайраткерлеріне саяси рақымшылығы.**

Азамат соғысы кезінде Алаш қайраткерлері ақтармен бірге болды. Кейіннен Алашорданың большевиктермен қарым-қатынастары ымырашылдық сипат алды. 1919 жылы большевиктер алашордалықтарды өздерінің жағына тарту мақсатында РКСФР БОАК-і Алашордаға рақымшылық жасау туралы шешім қабылдады. А. Байтұрсынұлы жетекшілігімен алашордалықтардың Торғай бөлімшесі большевиктердің жағына өтті. Біртіндеп қазақтардың басқа топтары да осы жаққа өте бастады.

Кеңес өкіметі кейін Алашорданы таратты. Большевиктер Қырғыз (Қазақ) АКСР-ін 1920 жылы таптық тұрғыда және пролетариат диктатурасы негізінде құрды.

**Тапсырма:** GREAT формуласы бойынша Алаш ұлттық автономиясының жариялануының тарихи маңызын талдаңдар.

G (Groundbreaking) – елеулі/бетбұрысты

R (Remembered) – барлығының есінде сақталған

E (Events) – кең таралған оқиға

A (Affected) – болашаққа әсер еткен

T (Terrifying) – қорқынышты

## 42 тақырып

### "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары

#### Сабактың оқу мақсаты:

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау.

#### Бағалау өлшемдері:

1. "Алаш" ұлттық идеясының мәнін ашады және тарихи фактілермен негіздейді.
2. Қазақ мемлекеттілігі туралы қоғамдық-саяси көзқарас білдірген ұлттық зиялыларды атайды, олардың саяси көзқарастарын талдайды.
3. Қазақ мемлекеттілігі туралы қоғамдық-саяси көзқарас білдірген ұлттық зиялыларды атайды, олардың саяси көзқарастарын талдайды.

1. Ұлттық идеяның маңызы. Отандық және халықаралық тәжірибе көрсеткеніндей, өзінің тарихи даму жолының әрбір кезеңінде елді біріктіруде ұлттық идея маңызды рөл атқарады. Мысалы, ХХ ғасырдың басында «Алаш» идеясы өзекті еді.

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін елімізде жаңа қоғамды орнатудың маңызды бөлігі болуға тиіс жаңа ұлттық идея қағидаларын қалыптастыруға әрекеттер жасалды. Коммунистердің кеңінен жариялаған «жарқын коммунистік болашақ құру» идеясы социалистік лагерьдің және тоталитарлық жүйенің құлдырауымен келмеске кетті. Коммунистік кезеңнен кейін енді елімізде жаңа мемлекеттік идеологияны анықтау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Кез келген қоғамның жалпыұлттық идеологияға мұқтаж екені анық. Қоғамды біріктіруші идеяның жоқтығы әлеуметтік, экономикалық, саяси, конфессиялық және мәдени қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Халыққа біртұтас идея, алға өрлейтін бағыт керек.

Қазіргі кезеңде әлемде кең етек алып отырған экстремизм материалдық қана емес, рухани мешеуліктің салдарынан да таралады. Жастарға түрлі секталық ағымдар үлкен қауіп төндіруде. Жалған діни бірлестіктер үгіт-насихат жасап, жастардың санасын уландырып, көптеген отбасының бұзылуына әкеп соқтырады. Кейбір діни секталар мемлекеттің тұтастығы мен тұрақтылығына нұқсан келтіреді.

Жаһандану жағдайында еліміз халықаралық қатынастар жүйесінде қандай орын алады? Біз көршілерімізбен қарым-қатынасты қалай орнатамыз? Мұның бәрі жалпыұлттық идеяға және оның мазмұнына байланысты. Ұлттық идея этникалық, діни, тілдік тегіне, саяси көзқарасына қарамастан ұлттық құндылықтар арқылы елде барша халықты ортақ мүддеге топтастыра алады.

2. Ұлттық идея төңірегіндегі пікірталас. Жалпыұлттық ауқымдағы идея мәселесі тәуелсіз Қазақстанда ХХ ғасырдың 90-жылдары әсіресе ХХІ ғасырдың басында көтеріліп, бірнеше үлгілер ұсынылды. Ұлттық идея төңірегінде қызу пікірталастарға көрнекті ғалымдар, қоғам және мемлекет қайраткерлері: Ә. Кекілбаев, М. Жолдасбеков, А. Сейдімбек, С. Қасқабасов, М. Әшімбаев, Ә. Нысанбаев т.б. қатысты. Ұлттық идеяны



анықтауда әртүрлі нұсқаулар мен көзқарастар ұсынылды.

Ұлттық идея елді және бүкіл қоғамды топтастырушы фактор болуы тиіс. Ол Қазақстанның жаһандық дүниеге лайықты кірігіп, әлемдік күрделі үрдістерге оңтайлы қатысуына жағдай жасауы керек. Жаһандану жағдайында ұлттық идеяны іске асыру барысында бүкіл қоғам мен әрбір қазақстандықтың игілігі тұрғысынан еліміздің одан әрі өркениетті дамуын қамтамасыз ету қажет. Ұлттық идея адамзаттың жиынтық болмысынан дараланып тұратын ерекше ұлттық мазмұнға ие бола отырып, әлемдік қауымдастыққа оның толыққанды мүшесі ретінде енуді көздейді.

Көрнекті жазушы Ә. Кекілбаев ұлттық идеяның өзегі ретінде тұтас қазақ болмысын зерделеуге және ұлттық сананы жандандыруға айрықша көңіл бөлді. Оның тұжырымы бойынша, ең алдымен, отаршылдық ой-пікірден арылып, халық санын көбейту үшін елімізде бала туу көрсеткіштерін жоғарылату қажет. Сондай-ақ ұлттық мемлекет құру, халықтың санасын жаңғырту, шетелдердегі қазақтарды елге оралту, батыс демократиялық құндылықтары мен либерализм т.б. мәселелерді көтеріп, қазақ халқының тарихи-рухани келбетін ашып көрсетуге ұмтылды.

ҚР ҰҒА академигі С. Қасқабасов ұлы ақын, ойшыл А. Құнанбайұлының поэзиясы мен философиясына сүйеніп, «ұлттық идея» ұғымын «мемлекеттік идея» мағынасында қабылдауды ұсынды. «Мемлекеттік идеяны» жүзеге асыру – тәуелсіздікті сақтау; ұлттың сана-сезімін жетілдіру; салиқалы сыртқы және ішкі саясат; қазақ халқының ауызбірлігі мен ұлттық менталитеті; елімізде тұратын басқа этникалық ұлттар өкілдерінің қазақтармен және өзара бір-бірімен тату тұруы болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсыныстары. Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтып, елімізде мекендейтін әртүрлі ұлт пен дін өкілдерін ұйыстыратын ұлттық идеяны қалыптастыруда ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбегін айрықша атап өту керек. 2001 жылы ұлттық идеяның бес қағидаты ұсынылды: 1. Полиэтникалық Қазақстан халқының теңдігі; 2. Қазақ халқы – ұлт пен мемлекет құраушы этнос; 3. Діни төзімділік; 4. Заңға бағынатын азаматтарды тәрбиелеу; 5. Орта және кіші бизнесті дамыту.

2005 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұлттық идея ретінде тәуелсіздік және азаматтардың әл-ауқатын арттыру сияқты негізгі ұғымдарды ұсынды. Одан кейін ұлттық идея негізінде еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы белгіленген болатын. Елбасы өз ұсыныстарында заман талабы мен халықтың мақсат-мүддесін толық ескерді. Ұлттық идеяны талқылауда елдің белгілі азаматтарына да өз пікірін білдіруге мүмкіндік берілді.

2014 жылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жаңа нұсқасы ұсынылды. Елбасы оны ұлттық идея деп атай отырып, барша қазақстандықтарды «Қазақстан–2050» Стратегиясын жүзеге асыру жұмыстарына белсене атсалысуға шақырды.

#### **Қазақстан–2050 «МӘНГІЛІК ЕЛ»**

«Мәңгілік Ел» халық арасында түсіністік пен қолдау тапты. Оны кеңінен талқылап, көпшілікке ұсыну үшін ЕҰҰ-нің базасында бірнеше жылдардан бері үштілді көптаралымды «Мәңгілік Ел» журналы шығарылып, бірқатар елдерге таратылады.

4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылы «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында жаңа біріктіруші «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын ұсынды: «Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің «Мәңгілік Ел», лайықты әрі ұлы Қазақстан!

«Мәңгілік Ел» – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды».

Шындығында, біздің ежелгі жерімізде қазақ халқының көп ғасырлық мемлекеттігінің тарихи тәжірибесі қалыптасқаны анық. Тәуелсіздігін алған Қазақстан ұлттық мемлекеттілігін нығайту жолына шықты. Бұл туралы Қазақстан Республикасының

Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан «Мәңгілік Ел» деген идеяны ұсындым. «Мәңгілік Ел» болу үшін бәрін жасап жатырмыз. Қазақстанның ең үлкен патриоты да, елді алға сүйрейтін де солар болады деп сенемін», – деді. Бұл идеяның бастауы тым тереңде жатыр. Орта ғасырда Моңғолияның Өтікен жерінде арғы бабаларымыз – түркілердің тарихы тасқа мәңгілікке қашалып, жазылып қалған. Тарихи «Мәңгілік Ел» ұғымы Қазақстанның тәуелсіздік рухымен үндес келеді. Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, ұрпаққа қалдыруымыз керек.

Ұлттық құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік. Бұл идея – қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты, тәуелсіздік жылдарында уақыт сынынан өткен Қазақстандық тарихи даму тәжірибесі.

5. Ұлттық идея қабылдаудың тарихи маңызы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қабылдаудың тарихи маңызы зор. Елбасы барлық азаматтарға түрлі этникалық және дін өкілдеріне бірегей ұлттық идеяны ұсынды. Ол қоғам алдында тұрған стратегиялық міндеттерді орындау әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін халықты біріктірудің маңызды құралы мен қуатты тетігі ретінде қабылданды.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының айтуынша: «Ұлттық идея қоғамның өзінде пісіп-жетіледі. Онда сырттан таңылған сипат болмайды».

Жер көлемі жағынан республикамыз әлем елдерінің ішінде 9-орын алады. Мыңдаған жылдардан астам уақыт бойы Қазақ мемлекеттілігі сақ, ғұн, түркі, қыпшақ-қазақ негізінде қалыптасқанын білеміз. Әртүрлі тарихи дәуірлердегі мемлекеттік құрылымдар әрқелкі аталып келді. Жергілікті тұрғындардың тілі, антропологиялық келбеті, ділі, діни сенімі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, шаруашылық-мәдени жүйесі өзіндік дәстүрлі ерекшеліктерін сақтап қалды.

Қазіргі таңда бүкіл Батыс Еуропа немесе бес Францияны қамтитындай орасан зор аумақты қорғап қалу тек рухы мықты, жауынгерлік қасиетке ие тұрғындар, берік идеологиясы бар қуатты мемлекеттің ғана қолынан келеді.

**«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізіндегі маңызды жалпыұлттық 7 құндылық:**

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Біз мыңдаған жылдарды артқа тастап, тағдыр соқпағынан сүрінбей өтіп, мемлекеттігіміз, тіліміз, мәдениетіміз бен жазуымызды сақтай отырып аман қалдық. Келешекте осы құндылықтарымызды ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы жоғалтпай, «Мәңгілік Ел» идеясын болашақтың бағдаршамы ретінде ұстанатын боламыз.

Ұлттық идея қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталып, ұлтпен бірге өмір сүреді. Келешекте еліміздің ұлттық идеясы заман талабына орай өзгерістермен толықтырылуы мүмкін, ал қазіргі уақытта ол халық арасында кеңінен қолдау тауып отыр.

**Тапсырма:** «Қазақстан – Мәңгілік Ел!» тақырыбында 80–100 сөзден тұратын эссе жазыңдар. Тірек сөздер: Тәуелсіздік, ұлттық идея, автономия, «Мәңгілік Ел», татулық, болашақ.

**43 тақырып**  
**VIII Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы**  
**Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы**

**Сабактың оқу мақсаты:**

- тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау;
- Қазақстанда ғылымның дамуына ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу.

**Бағалау өлшемдері:**

1. XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулершілер мен олардың еңбектерін атайды.
2. XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми жаңалықтардың маңызын саралайды.

**1. Ежелгі түркі жазуының қалыптасуы.** Ерте орта ғасыр кезеңінен Қазақстан жерінде күрделі тарихи оқиғалар орын алып, саяси жағдай өзгере бастады. Осы кезде түркітілдес халықтар этникалық және саяси үстемдікке ие болды. VI ғасырдың ортасында «түркі» аталатын тайпа одақтарының мемлекеті – Түрік қағанаты құрылды.

Алып далалық империя VII ғасырда Батыс Түрік және Шығыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінді. Батыс түркілердің мемлекеті Орта Азияны, Жоңғарияны және Шығыс Түркістанның біраз бөлігін қамтыды. Сарыарқа Батыс Түрік қағанатының аумағына енді. Түркі қағанаттарының қарамағына отырықшы, көшпелі де халықтар енді. Орта ғасырларда Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері құрылғанын білеміз.

Күшті мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы, әкімшілік және елшілік қызметтер, мемлекеттік басқару ісіне қажетті жазудың шығуына әкелді. Бұл көне түркі өркениеті ұлы жетістіктерінің бірі еді. Орта ғасырларда Түркі қағанаттарының құрамына кірген Орталық Азия мен Қазақстанның және төменгі Еділ бойы, Дон өлкесі, Солтүстік Кавказда Хазар мемлекетін құрған түркі тайпалары өздеріне тән жазуларын пайдаланды. Елшілер арнайы грамоталармен қамтамасыз етілді. 568 жылы Константинопольге, император Юстиниан сарайына келген түркі елшісі қаған атынан жазылған хат әкелген.

Ежелгі түркілердің ділі мен тілі, даналығы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан. Йолығ-тегін мен «Тоныкөк» жазбалары ауыз әдебиеттің алғашқы үлгілері саналады. Бұл жазба ескерткіштер ежелгі түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен дүниетанымын көрсетеді.

VII ғасырдың бірінші жартысында пайда болған түркі әліпбиі ағаш пен тасқа ойып жазуға қолайлылығымен ерекшеленді. Көне түркі жазуын алғаш рет XVIII ғасырдың 20-жылдарында неміс ғалымы Д. Мессершмидт пен шведтің тұтқын офицері И. Страленберг Енисей аңғарынан тапты. Скандинавияның руналық жазуымен ұқсастығына байланысты түркі жазуын «руналық» деп атады. Ғылымда осы атау орнығып қалды. Осыдан кейін басқа да жаңалықтар ашылып, руна жазуларын оқудың кілтін дат ғалымы В. Томсен тапты.

Түркілердің руналық жазулары Енисей аңғарынан басқа Моңғолия, Жетісу, Шығыс Қазақстан, төменгі Еділ бойы, Дон өлкесі, Солтүстік Кавказ жерлерінен де табылған. Олардың ең әйгілілері – Білге қаған мен оның інісі, қолбасшы Күлтегіннің және Тоныкөк құрметіне тұрғызылған ескерткіштер. Ертедегі түркілердің руна жазуы XI–XII ғасырлардан кейін қолданыстан шығып қалды. Кейін бұл жазуды ислам дінінің ықпалымен араб әліпбиі ығыстырып шығарды.

**2. Қимақтар мен қыпшақтардың жазба деректері.** Қазақстанның далалы аймақтарында Сырдария мен Балқаштан солтүстікке қарай VIII ғасырдан орталығы Ертісте болған қимақтар күшейе түседі. Қимақ билеушісі түркілердің ең жоғары «қаған» атағын қабылдайды. X ғасырда ғалым әл-Хорезми былай дейді: «Хақан – түркілердің патшасы.

Хақан – көсемнің көсемі, парсылардың шахиншах, яғни хандардың ханы деген сөз». Жанақ ибн Хақан әл-Қимақи кітап жазып, оны XII ғасырда араб географы әл-Идриси қимақ елін сипаттаған еңбегінде пайдаланған. Араб ғалымы өз еңбегінде қимақтардың қалаларда тұратын билеушілерінің болғанын жазады. Қимақтардың қола айналарындағы бедерлер, олардың IX–X ғасырларда ежелгі түркі жазуын пайдаланғанын көрсетеді.

Араб тілді грек ғалымы, тарихшы Йақұт әл-Хамауи өзі аралап көрген кимақ тайпалары туралы айта келіп: «Кейін біз қимақ аталатын тайпаға жеттік. Жазық жерде алтынды кесек күйінде шығаратын кеніш бар. Сол сияқты өзеннің ағысынан алмас та табылады. Ол жерде жазуға арналған қалам жасайтын қамыс өседі», – деп жазады.

XI ғасырдан бастап өлкедегі билік қыпшақтарға өтеді. Сырдарияның төменгі сағасы мен Балқаш көлінен Дунай жағалауына дейінгі ұлан-байтақ дала араб және парсы жазбаларында Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп аталады. Қыпшақ дәуірі басталып, қыпшақ тілі таралады.

Қазақстан аумағын ғылымда Шығыс Дешті Қыпшақ деп атау қабылданған. XIII ғасырда Шыңғысхан шапқыншылығымен қыпшақ мемлекеті құласа да, қыпшақ тілі орныға түсіп, жаулап алушылар тіліне айналып, кең тарала бастады.

Орта ғасырларда «Кодекс Куманикус» атты бірегей сөздік, қыпшақтардың әдеби ескерткіші жазылды. Еңбектің жазылған жері мен авторы белгісіз. Сөздік екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде латын, парсы, қыпшақ тіліндегі сөз тіркестері мен сөйлемдердің лексикалық мағыналары беріледі, екінші бөлім діни уағыздарды қамтиды. Кодексте жинақталған сөздер қазіргі қазақ тілімен үндеседі: азамат, аяз, айна, айран, айып, ашу, ата, ата т.б. Бүгінгі күні қолданыста жүрген парсы сөздері де келтірілген: сауап, халал, харам т.б. Бұл сөздік қыпшақ дәуірінің құнды ғылыми жәдігері болып табылады.

**3. Ортағасырлық ғылым дамуындағы араб тілінің рөлі.** Ұлы далада сауда, қала мәдениетінің өркендеуімен қатар, ғылым да дамыды. Ислам дінінің түркі қағанаттары аумағына таралуымен ғылыми еңбектер араб тілінде жазыла бастады. Сауда халықтардың өзара байланысын кеңейтіп, ғылым және өнер жетістіктерімен алмасуға әсерін тигізді. Мұсылман саудагерлері жергілікті халықпен сауда-саттық жүргізу арқылы дін таратуға да өз үлестерін қосты.

Ислам алғашқыда отырықшы түркілер арасына еніп, қалалар мен ірі елді мекендерге тарады. Белгілі ғалым В. Бартольд түркілер ислам дінін VIII ғасырдың алғашқы жартысында қабылдай бастады дейді. Саманилер дәуірінде, Қарахан мемлекетінің тұсында түркілер жаппай ислам дініне өткен. X ғасырдың басында Тараз қаласында Сатұқ Боғра хан исламды қабылдады, ал оның ұлы Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін етіп жариялады. Ислам ежелгі түркі мемлекеттерінің халқын әлемдік өркениеттің рухани құндылықтарымен таныстыруда зор рөл атқарды. Араб тілі арқылы олар басқа халықтардың әдебиеті, философиясы және тарихымен танысты. Мұсылман ғұламалары еңбектерін араб тілінде жазды.

Араб мәдениеті әлем өркениетінің орталығына айналды, ежелгі дүниенің жетістіктері араб тіліне аударылды. Араб тілінің үстемдігі исламның таралуына септігін тигізді.

Исламның таралуы, түркі халықтарында ортақ тілдің болуы біртұтас мәдениет кеңістігінің қалыптасуына ықпал етті. Қалалар ислам діні, білім мен ғылым, мәдениеттің орталығына айналды. Қазақстан қалаларына жазба және ауыз әдебиеті, ғылыми білім кеңінен тарала бастады.

Орта ғасырларда көшпелілердің астрономия, география және басқа да жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдері ғылыми трактаттар түрінде жазылды. Түркі тайпалары алуан түрлі диалектілерде сөйледі. Тіл білімі саласы жақсы дамыды. Араб тілінің таралуы жазба әдебиеттің қалыптасуына игі әсер етті. Араб өркениеті өз заманында әйгілі энциклопедист-ғұлама ғалымдарды қалыптастырды. Түркілерден шыққан аса көрнекті ғұламалар, данышпан ойшылар бүкіләлемдік ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне зор үлес қосты.

#### 4. Ортағасырлық ғұламалардың Қазақстан ғылымын дамытуға қосқан үлестері.

**Әл-Фараби.** Орта ғасырдағы көрнекті тұлғалардың бірі, қазақ даласынан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби өзінің білімділігі арқасында «екінші ұстаз» атанған ұлы ғұлама. Энциклопедист-ғұлама Фараб (Отырар) қаласында дүниеге келген. Алғашқы білімін Отырарда алып, кейін Шаш (Ташкент), Самарқан және Бұхарада оқуын жалғастырады. Бұдан соң өз заманының аса маңызды ғылыми орталықтары Исфахан, Хамадан, Дамаск, Бағдад, Халеб (Алеппо), Каир шаһарларында оқыды. Ол араб, грек, парсы тілдерін жетік меңгерген.

Ұлы ойшыл ғылымның әртүрлі салалары бойынша 160-қа жуық трактат жазып, өшпес мол мұра қалдырды. Оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Ғылымдар тізбегі», «Музыканың ұлы кітабы», «Бақытқа жол сілтеу», «Азаматтық саясат», «Поэзия өнері туралы», «Риторика» т.б. еңбектері бар.

Әл-Фараби математика, физика, медицина, астрономия, философия, педагогика, психология, саясаттану т.б. ғылым салаларында аса ірі жетістіктерге жеткен. Пифагор, Аристотель, Евклид, Архимед, Платон және басқа да ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін зерттеді әсіресе философиялық ойларымен әлемдік ғылымға өзіндік із қалдырды. Әл-Фараби ғылымды көбінесе өз бетінше меңгерген. Ұлы ойшылды қоғам мен қалаларды (мемлекеттерді) басқаратын жақсы адамдарды тәрбиелеу сияқты мәселелер қатты толғандырды. Ол ізгілікті қоғам болмысын жан-жақты талдап зерделеді.

Әл-Фараби ғылым дамуының қоғам өміріндегі маңызына ерекше мән берді: «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр», – деген тұжырымын айтты. Ғұлама-ойшыл шығармашылығында білім алу, адам болу мәселесі тәрбиемен тығыз байланыстырылады: «Ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа жағымсыз мінезден аулақ болуы қажет», – деп түйіндейді. Ғылыммен айналысам деген адамның мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуі қажет. Ғұлама-ойшылдың пайымдауынша, осы қасиеттер бойында бар тұлға ғана басқаларға үлгі болады.

Қазақстанның белгілі ғалымы, академик Ақжан Машани әл-Фараби туралы былай дейді: «Орта ғасырдың басында-ақ әл-Фараби Платон, Аристотель және басқа да антикалық ғалымдарды зерделеген ғұлама... Әл-Бируни, Авиценна және басқасы оны өзіне ұстаз тұтқан».

Ұлы ғалым Дамаск қаласында өмірден өтеді, сонда жерленген. 2020 жылы елімізде ЮНЕСКО-ның шешімімен әл-Фарабидің 1150 жылдығы атап өтілді. Ғұламаның суреті ұлттық теңгемізде бейнеленген. Алматыда әл-Фарабидің құрметіне ескерткіш орнатылды. Оның есімімен Қазақстанның көптеген қалаларында көшелер аталған.

**Махмұт Қашғари.** Орта ғасырдың әйгілі және танымал ғалымдарының бірі Махмұт Қашғари Қарахан мемлекетінің аумағында дүниеге келген. Алғашқы білімін медреседе алып, кейін Бұхара, Самарқан, Мерв қалаларында оқуын жалғастырды.

Махмұт Қашғари талай ел кезіп, деректер жинастырды, ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми ізденістері нәтижесінде «Диуани луғат-ат-түрік» (Түркі тілдерінің сөздігі) еңбегін жазып шықты. Бұл шығармада тарихи-мәдени, этнографиялық және лингвистикалық материалдардың үлкен қоры жинақталған. «Диуани луғат-ат-түрік» – Орталық Азия түркі халықтарының тілі, тарихы, этнография, география, астрономия, медицина, әскери ісі, мәдениеті, діні, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы ақпарат беретін құнды тарихи дерек. Өзі айтқандай, еңбекті жазып шығу үшін түркілер мекен еткен барлық шаһарлар мен аймақтарды аралап қарлұқ, қанғар, оғыз, қыпшақ, қырғыз тайпаларының өлеңдерін, мақал-мәтелдері мен аңыз-әңгімелерін жинаған. Автор өзінің шығармасында былай деп жазады: «Түрік, түрікмен, оғыз, жікіл, яғма, қырғыз тайпалары сөздерінің мағынасын анықтап шығып, қажетіме жараттым. Олардың әрбірінің тілі менің көкейіме ұялап, берік сақталып қалды». «Сөздік» түркі халықтарының географиясы туралы да құнды деректер береді. ХІ ғасырдағы түркітілді халықтар мен тайпалардың мекенжайы белгіленген картада сол

замандағы қала, ауылдар, өзен-көлдер және мемлекеттердің шегарасы көрсетіліп, атаулары жазылған. Сонымен қатар сөздікте Қазақстан мен Орта Азия түркілерінің малшаруашылығы, егіншілігі және қолөнері мен саудасы туралы мағлұматтар көп кездеседі.

Махмұт Қашғари еңбегінде адамгершілік, парасаттылық жайлы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер жинақталған. Ғалым оқырмандарын «Ауырлықта ерік-жігер танытып, шыдамды бол», – деп тағдырдың кез келген күтпеген сынақтарына төтеп беруге дайын тұруға және сабырлы болуға шақырады.

Махмұт Қашғари түркі халықтарының ғылымы, тарихы мен мәдениетіне елеулі үлес қосқан көрнекті ортағасырлық ғалым ретінде тарихта қалды. Оның зерттеулері баға жетпес құнды еңбек болып табылады.

**Жүсіп Баласағұни.** Орта ғасырдың көрнекті ғұлама, ойшыл және ақындарының бірі Жүсіп Баласағұни Қарахан мемлекетінің әкімшілік орталығы Баласағұн қаласында дүниеге келген. Ол Бұхара, Қашғар қалаларында білім алып, араб, парсы тілдерін жетік меңгерді.

Ж. Баласағұни XI ғасырда түркі тілінде «Құтты білік» («Құт негізі – білік») атты іргелі тарихи-әдеби шығарма жазды. Бұл еңбек түркі тілінде жазылған алғашқы туынды.

«Құтты білік» дастанында Ж. Баласағұни өмірдегі ең өзекті мәселелерді көтереді. Мұнда ол жеке адамның қоғамдағы орны мен рөлін сипаттайды, сонымен бірге сол дәуірдегі түркілердің саяси тұжырымдамаларын қамтиды. Баласағұни ескерткендей, білім мен парасат адам мен қоғам өмірінде кездесетін зұлымдықтардың алдын алу үшін қажет. Білім – адамның өмірдегі өз орнын табуға және қайырымдылыққа жол ашады. Ғұлама өз еңбегінде ел басқаратын басшы мен оның қол астындағы қызметкерлері, диқан мен малшы, қолөнершілер арасында өзара қарым-қатынас қандай болу керек деген сұраққа жауап береді. Адамдарды бірін-бірі құрметтеуге, ізет көрсетіп, өзара сыйласу, парасаттылық сияқты адамгершілік қасиеттерге шақырады. Ұлы ғұламаның философиялық ойларында ақыл, танымның шексіздігі мен сарқылмайтындығы туралы мәселелер ерекше орын алған. Ғұлама «Игіліктің барлығы – ғылымда, ал ұлылық – танымда» деген тұжырымға келген. Жүсіп Баласағұн еңбектері – түркі елдеріне ортақ мұра.

**Тапсырма:** «Ғылымның дамуына ортағасырлық ғұлама әл-Фарабидің қосқан үлесі» тақырыбында ой-толғау жазындар.

#### 44 тақырып XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылым

**Сабактың оқу мақсаты:**

- XVIII–XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру;
- XVIII–XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау.

**Бағалау өлшемдері:**

1. XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулершілер мен олардың еңбектерін атайды.
2. XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми жаңалықтардың маңызын саралайды.

**1. Ресей ғалымдарының Қазақстанды ғылыми зерттеуі.** Қазақстан Ресей империясының құрамына қосылғаннан бастап өлкеде ғылыми зерттеу үдерісі басталды.

Зерттеу жұмыстарымен ғылыми мекемелерден басқа, жеке адамдар да айналысты. Ресейлік көптеген зерттеушілер қазақ фольклоры, генеалогиялық (шежірелік) және этнографиялық материалдар негізінде іргелі еңбектер жазды.

Ресей ғалымдары өз зерттеулерінде өлкені отарлау мүддесін басшылыққа алды. Қырғыз-қайсақ экспедициясын құрған И.К. Кириллов «Қырғыз-қайсақ және қарақалпақ ордалары туралы» атты еңбек жазды. Онда автор қазақ пен қарақалпақ жерін егжей-тегжейлі сипаттады: табиғат жағдайын, пайдалы қазба байлықтарын және сауда жолдарын көрсетіп берді. Ол Ресейдің Орта Азия халықтары және қазақтармен сауда-экономикалық байланыстар орнатудың мүмкіндіктері мен оның пайдалы екенін дәлелдеді.

Қазақстанды XVIII ғасырда кешенді зерттеудің алғашқы әрекеттері М.В. Ломоносовтың есімімен байланысты. Ол өлке аумағын зерттейтін ғылыми экспедициялар ұйымдастырудың және географиялық карта жасаудың бастамашысы болды.

1768–1774 жылдары Қазақстанға жіберілген алғашқы экспедициялардың бірін академик, табиғат зерттеушісі П.С. Паллас басқарды. Экспедиция бағыты Солтүстік-Батыс, Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан жерлері арқылы өтті. Бұл экспедиция жұмысының нәтижесі ретінде П.С. Палластың «Ресей империясының әртүрлі провинциялары бойынша жасалған саяхат» атты үш бөлімнен тұратын еңбегі жарық көрді (СПб., 1773). Еңбекте қазақ халқының тарихы мен этнографиясы жөнінде құнды материалдар бар. П.С. Паллас қазақтардың тұрмысы мен шаруашылығы туралы: «Олар негізінен ауқатты тұрады. Малдары да көп, сондықтан тұрмыстары да жақсы... Қазақтардың байлығы, негізінен, олардың малы», – деп жазады.

Зерттеуші И.Г. Георги Қазақстан аумағына дербес экспедиция ұйымдастырды. 1796 жылы ол «Ресей мемлекетін мекендейтін барлық халықтардың тұрмыс салттары, тұрғын жайлары, киімдері және басқа да есте қаларлық дүниелерінің суреттемесі» атты еңбегін жариялады. Кітапта қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен салт-жоралары, сондай-ақ шаруашылық өмірінің ерекшеліктері туралы құнды деректер келтірілген. Қазақтарды «ақыл-ой жағынан қызыққыш және білуге құмар» деп сипаттайды.

Кіші жүз аумағының табиғи байлықтарын зерттеуде Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі П.И. Рычков құнды еңбектер жариялады. Өзінің іргелі еңбектерінің арқасында «Орынбор өлкесінің Колумбы» деген даңққа бөленді. Ол кезде Орынбор өлкесіне Кіші жүз жерлері де қарайтын. П.И. Рычков «Орынбор тарихы» және «Орынбор губерниясының топографиясы немесе сипаттамасы» атты құнды еңбектерін жазды. Ол еңбектерде қазақтардың Еділ-Жайық өңіріне Хақназар ханның билігі тұсында келгені жөнінде, Кіші жүз қазақтарының Ресейдің құрамына өтуінің барысы туралы баяндайтын деректер бар. Автор Орынбор қаласының, Жайық пен Орынбор шегаралық шептерінің салынуын, Ресейдің Орта Азия және қазақ даласымен сауда-саттық байланыстарының қалай орнағанын бастан-аяқ баяндайды. Ол Орынбордан Бұхараға бара жатқан көпестерге жергілікті халықтардың тарихы жөнінде, тіпті араб тілінде жазылған болса да, әдебиеттер ала келуге тапсырыс беретін.

XVIII ғасырдың аяқ кезінде орыс офицері И.Г. Андреевтің «Орта жүз қырғыз-қайсақтарының сипаттамасы» еңбегі жарық көрді. Автор Сібір шегаралық шебінде ұзақ уақыт қызмет етіп, қазақ халқының өмірі мен тұрмысын зерттеген еді. Өзінің кітабында Орта жүздің тарихы мен шегарасы туралы мәлімет қалдырды. Онда далалықтардың әдет-ғұрыптары мен салт-жоралары кеңінен суреттеледі. Сондай-ақ қазақтардың Ертістің оң жағалауына қашан өткені туралы айтылады.

Ресейлік көптеген зерттеушілер Г.Ф. Миллер, В.И. Татищев және басқалар қазақ халқы туралы іргелі еңбектер жазды. Мәселен, Г.Ф. Миллердің «Сібір тарихында» құнды деректер кездеседі.

**2. XIX–XX ғасырлардың бас кезіндегі ғалымдардың қазақ өлкесін зерттеуге қосқан үлесі.** XIX–XX ғасырлардың бас кезінде Қазақстанды ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмысы қарқын алды. Қазақстанды зерттеумен алдыңғы қатарлы орыс зиялы қауымының өкілдері, шығыстанушылар (ориенталистер), саяси жер аударылып келгендер, сондай-ақ

қазақ қоғамының білімді тұлғалары айналысты. Бұл салада шетелдіктер – ағылшындар, немістер, француздар да елеулі із қалдырды.

Қазақстанның тарихы мен географиясы, этнографиясы және мәдениетін зерттеуде Ресей ғалымдары мен әскери офицерлердің еңбегі зор болды. Ресей зиялы қауымының Қазақстан аумағына саяси себептермен жер аударылып келген өкілдері көптеген ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Олар әртүрлі кәсіп пен мамандық иелері: ақындар мен жазушылар, тарихшылар мен географтар, әскери қызметкерлер мен дәрігерлер болатын. Сонымен қатар олар қазақ өлкесін отарлау саясатын ғылыми тұрғыдан негіздеуге де қызмет етті.

Қазақстанды зерттеушілердің басым көпшілігі Орынбор, Омбы, Ташкент қалаларында шоғырланды.

1830 жылы «Отечественные записки» журналында орыс офицері Б.С. Броневскийдің «Орта жүз қырғыз-қайсақтары туралы жазбалар» атты жұмысы жарияланды. Онда Солтүстік-Шығыс Қазақстан қазақтарының тарихынан, өмірі мен тұрмыс-тіршілігінен құнды деректер келтірілген.

Белгілі тарихшы А.И. Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты үш бөлімнен тұратын зерттеу еңбегін жазды. Автор зерттеулерінде қазақ өлкесінің тарихы мен этнографиясы, географиясы туралы аса маңызды мәліметтер келтіреді.

Торғай облысының мал дәрігері А.И. Добросмыслов қыруар мол дереккөздері негізінде «Торғай облысы. Тарихи очерк» атты үш томдық іргелі еңбек жазып қалдырды. Онда Кіші жүздегі қазақ хандықтарының тарихы мен саяси оқиғалары толық сипатталған. Автор XIX ғасырдың 60-жылдарындағы әкімшілік реформалар барысын және қалай жүргізілгенін толық баяндаған.

Ресей шығыстанушысы, этнограф В. Радлов қазақ өлкесі тұрғындарының мәдениеті, тілі, тарихына байланысты түбегейлі зерттеулер жүргізді. Оның «Сібір қазақтарының этнографиясы туралы» іргелі еңбегі түркология ғылымының дамуына зор ықпал етті.

Қазақ өлкесі туралы құнды деректер қалдырған көрнекті зерттеушілердің бірі, географ П.П. Семенов-Тянь-Шанский. Ол Алтай, Жетісу, Орта Азия жерлеріне экспедиция ұйымдастырып, «Қырғыз өлкесі» және «Түркістан өлкесі» деген іргелі еңбектер жазды.

Қазақстан тақырыбы әйгілі орыс зерттеушісі Г.Н. Потанин еңбектерінде де маңызды орын алды. Оның зерттеулерінде қазақтардың мәдениеті мен тұрмысы, қазақ-орыс қатынастары, Ертіс өңіріндегі қазақ тұрғындары жан-жақты суреттеледі. 1862 жылы ол алғаш рет Жайық даласына ғылыми экспедицияға аттанады. Келесі жылы Зайсандағы экспедицияға қатысып, Көкпектіде, Марқакөлде өлкенің тұрмысын, шаруашылығын және географиясын зерттеп қана қойған жоқ, сонымен қатар кептірілген өсімдіктер топтамасын жинады. Кейін ол біраз жылдар бойы Омбы генерал-губернаторлығында татар және қазақ тілінен тілмаш болып қызмет жасады. Одан кейін Томскіде статистикалық комитетте хатшы міндетін атқарды. Ол бұл жерде Орыс географиялық қоғамының Шығыс бөлімін басқарды. Егде жасқа келгенде «Сібір өлкесін және тұрмысын оңалту» қоғамын құрды.

XIX ғасырдың 70–90-жылдары Потанин Сібір өлкесі, Қазақстан, Орталық Азиядағы толық зерттелмеген аймақтарына саяхат жасап, олардың тарихы, этнографиясы, географиясы, ботаникасы мен экономикасына байланысты құнды деректер жинады. Ол Алаш қайраткерлерінің қолдау көрсетуімен Семей облысы Қарқаралы уезі ауылдарын аралады.

Г.Н. Потанин алғашқылардың бірі болып қоныс аударушы орыстар мен жергілікті қазақтар арасындағы өзара түсіністік жайлы айтқан. «Сібір әскерлері туралы жазбаларында» орыс казактардың арасында қазақ тілі ауызекі сөйлеу құралы ретінде кең таралғанын жеткізеді. Сонымен бірге орыс казактары қазақ дәстүрінің көбісін үйренгенін баяндайды. Олардың әсіресе Коряков және Жәмішев станицалары өңірінде өзара тығыз қарым-қатынас жасайтындығына тоқталған.



Оның «Қазақ-қырғыз және Алтай аңыздары мен ертегілері», «Қазақ ханзадасының киіз үйінде», «Шоқан Уәлиханов туралы биографиялық мәліметтер» атты еңбектерінде Қазақстан мен қазақ халқы туралы көптеген мәліметтер жазылған. Ол жан-тәнімен қазақ даласын және оның халқын жақсы көрді. Олардың өткені мен бүгінін белсенді түрде зерделеумен айналысты. Жергілікті халықпен тығыз араласа отырып, орыс қоғамын қазақ халқымен жан-жақты таныстырды. Далалықтарға менсінбей қарайтын оқымыстыларға көңілі толмайтын. Ол көшпелі халықтың әлемдік мәдениетке қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қазақ тарихы мен этнографиясын зерттеуші ғалымдардың бірі Әбубәкір Диваев болды. Ол Орынбор қаласында дүниеге келген, ұлты башқұрт. Орынбор кадет корпусында оқып жүріп, қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қызығушылық танытады. ХІХ ғасырдың 80-жылдарының аяқ кезінде отставкаға шыққан ол өз өмірін далалықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу ісіне арнады. Әуесқой археологтардың Түркістан үйірмесінің, сондай-ақ Орыс географиялық қоғамының мүшесі болды. 1917 жылға дейін Ә. Диваев 100-ден астам тарихи-этнографиялық еңбектер жариялады. Ғалым Қазақстан тарихын жазу кезінде фольклорлық материалды пайдаланудың маңызды екенін атап көрсетті. Ә. Диваев орыс ғалымдарымен қосылып, қазақтың 4000-ға жуық мақал-мәтелін жинады.

Тапсырма: ХVІІІ ғасырға дейін қазақ жерінде ғылыми зерттеулер жүрді ме? Анықтаңдар. ХVІІІ–ХХ ғасырлардағы зерттеулер өлкеге қандай өзгеріс алып келді? Осы сұрақтарға жауап бере отырып кестені толтырыңдар.

#### **45 тақырып** **ХVІІІ-ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылым**

##### **Сабақтың оқу мақсаты:**

- ХVІІІ–ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру;
- ХVІІІ–ХХ ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау.

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. ХVІІІ-ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеушілер мен олардың еңбектерін атайды.
2. ХVІІІ-ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми жаңалықтардың маңызын саралайды.

**1. Саяси жер аударылғандардың Қазақстанды зерттеуі.** ХІХ ғасырдың орта кезіне қарай Қазақстан саяси жер аударылғандар тұратын мекенге айнала бастады. Декабристер, петрашевшілдер үйірмесінің мүшелері, Польшадағы ұлт-азаттық көтерілістерге қатысқандар жер аударылып келді.

Орыс ақыны А.Н. Плещеев 1850–1859 жылдары он жылға жуық Қазақстанда саяси айдауда болды. Ол Ақмешітте жүрген кезінде қазақтармен бірге болып, Қоқан хандығына қарсы жорыққа қатысты. А.Н. Плещеев қазақтарға зор құрметпен қарады, олар туралы былай деп сүйсіне жазды: «Қазақтарға қызыға қараудан көз тоймайды. Жарқын жүзді, жомарт жүректі жандар. Оларды сыйламау мүмкін емес...»

Қазақстанға жер аударылып келген Польшаның революционер-демократы Адольф Янушкевич ХІХ ғасырдың 40-жылдарында Орталық Қазақстанға жасалған ғылыми

экспедицияға белсене қатысты. Сол сапары кезінде күнделік жазды. Кейін ол күнделік поляк тілінде жарық көрді. А. Янушкевич өзінің күнделігінде қазақ даласы тұрғындарының тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін суреттейді. Ол өзінің бір хатында қазақ халқы туралы: «Құдіреті күшті құдай осыншама қабілетті етіп жаратқан бұл халықтың адамзат өркениетінен тыс қалып қоюы мүмкін емес... жергілікті көшпелі номадтардың күткен күні ертең-ақ туады, сөйтіп, олар өздеріне қазір жоғарыдан менсінбей қарайтын өзге халықтардың арасынан лайықты да құрметті орнын ойып тұрып алатын болады», – деп жылы лебіз білдіреді.

**2. Қазақстан аумағындағы ғылыми мекемелер мен кешенді зерттеулер.** Қазақстанды ғылыми тұрғыдан зерттеуде Орыс географиялық қоғамы елеулі рөл атқарды. Қоғамның Қазақстанда, онымен шегаралас аумақтарда – Орынборда, Омбыда, Семейде және Ташкентте бөлімдері мен бөлімшелері ашылды.

XIX ғасырдың 70-жылдары Қазақстан аумағында облыстар құрылғаннан кейін олардың барлығында да статистикалық комитеттер пайда болды. Олар Қазақстан халқының тарихы, мәдениеті және шаруашылығы жөнінде құнды деректер мен мәліметтер жинастырды. Материалдар облыстарда жыл сайын шығып тұратын «Шолуларда» және «Естелік кітапшаларда» жарияланып тұрды.

Батыс Қазақстанның тарихын зерттеуде Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы көп жұмыс атқарды. Ол 1887 жылы құрылған болатын. Комиссия мәжілістерінде мұрағаттық дереккөздері негізінде әзірленген ғылыми баяндамалар талқыланды. Материалдар «Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының еңбектері» деген атпен жарияланып тұрды.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның далалық уездерін Ф. Щербина бастаған экспедиция зерттеді. Экспедицияға қатысушылар «Қырғыздардың жер пайдалануы туралы материалдар» деген атпен көптомдық еңбек әзірледі. Бұл топтың жұмысына Қазақстанның әртүрлі уездеріндегі білімді қазақтар да белсене қатысты. Сонымен қатар қазақ халқы туралы құнды деректер Ресей империясының 1897 жылы өткізілген алғашқы Бүкілресейлік халық санағы кезінде жиналды. Онда Қазақстанның шаруашылық қызметі, мәдениеті, тарихы, сондай-ақ халқының саны жөнінде аса маңызды мәліметтер жинақталды.

**3. Ағылшын, неміс және француз зерттеушілері.** XIX–XX ғасырлардың бас кезінде Қазақстан жөнінде неміс, ағылшын және француз ғалымдары құнды еңбектер жазды. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағын ағылшын саяхатшысы әрі суретшісі Т. Аткинсон кеңінен зерттеді. Ол 1848–1855 жылдары Жетісу қазақтарының көші-қон жерлерін аралап, жергілікті халықтың өмірі жайлы бағалы деректер жинады. Көшпелі қазақтардың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін суреттер салды.

Неміс географы, этнограф әрі тарихшы Ф. фон Хелльвальд «Орталық Азия. Жер бедері мен халқы» атты іргелі еңбек жазды. Ол еңбегінде қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, көршілес халықтармен өзара қарым-қатынасын жан-жақты сипаттады. Француз ғалымы Ш.Е. Ужвальди де Мезе-Ковез Оңтүстік Қазақстан қалаларын зерттеп, едәуір материалдар жинап, жариялады.

**4. Қазақ зерттеушілері.** XIX ғасырдың екінші жартысында білімді қазақтардың тұтас бір тобы туған өлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеуге белсене араласты. Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов ұлының игілікті ісін жалғастырды. Ол Сібір әкімшілігіне қажетті тарихи-этнографиялық материалдар жинастырды.

Белгілі қазақ этнографы Мұса Шорманов маңызды этнографиялық зерттеулер қалдырды. М. Шорманов Омбы кадет корпусында оқып, аяқтағаннан кейін Баянауыл сыртқы округінің болысы, аға сұлтаны лауазымды қызметтерін атқарды. Орыс армиясының полковнигі шенін алады. Ол «Батыс Сібір қырғыздарының мал өсіру кәсібі туралы», «Қырғыздардың (қазақтардың) ұлттық дәстүрлері», «Павлодар уезінің қырғыздары (қазақтары) туралы жазбалар» деген мақалалар жариялады.

Мұхаммед-Салық Бабажанов қазақтың алғашқы этнографтарының бірі болды. Бөкей хандығының аумағында дүниеге келген. Ол Орынбор кадет корпусында білім алды. Оны

бітіргеннен кейін Ішкі Ордада бірқатар лауазымды әкімшілік қызметтер атқарды. 1862 жылы М.-С. Бабажанов Орыс географиялық қоғамының мүшесі болып сайланды және оның Үлкен күміс медалімен марапатталды. Оның «Нарын құмы туралы географиялық және этнографиялық деректер», «Ішкі Қырғыз ордасындағы саятшылық» т.б. құнды мақалалары жарық көрді.

Халық ағартушысы Ы. Алтынсарин өз замандастары арасында ғалым-этнограф ретінде кеңінен танылды. Ол Орыс географиялық қоғамы Орынбордағы бөлімінің толық мүшесі болды. Географиялық қоғамның тапсырмалары бойынша баяндамалар жасап тұрды, қазақ халқының этнографиясы жайлы мақалалар жариялады. Ы. Алтынсарин өзінің жұмыстан қолы босаған кездерін ауыл арасында өткізді, туған халқының тарихы, фольклоры, шежіресі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы материалдар жинастырды. Бірқатар ғылыми мақалалары журналдар мен газеттерде жарияланды.

Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ғылыми ізденістерінің алар орны ерекше. Ол философия, медицина, астрономия, геология, география, этнография, фольклористика, лингвистика, педагогика ғылым салаларына арналған бірқатар еңбектер жазып қалдырды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дін саласында бірқатар зерттеулер жүргізді. Оның бай дала мәдениеті туралы терең ойлары мен көзқарасы аса құнды. Ақын жастайынан ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысты. Ол «Ер Олжабай батыр» жырын Сақау ақынның айтуымен жазып алған. Жас кезінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Абылай хан, Қазыбек би, Бөгенбай батыр сияқты атақты тұлғалар туралы тарихи деректерді жинастырып қағазға түсірді.

Мәшһүр Жүсіп Омбы, Павлодар, Семей, Петропавл, Атбасар, Ақмола сияқты қалалардың маңындағы қазақ ауылдарын көп аралады, Оңтүстік және Батыс Қазақстан жерлеріне барып қайтты. Ел аралап жүрген сапарларында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Мейрам қажы Жанайдарұлы, Кенесары хан ұрпақтарымен, Ақан сері және Саққұлақ би сияқты танымал тұлғалармен кездесіп, айтқандарын қағазға түсіріп алды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тамаша өлкетанушы да еді. Атап айтқанда, ол қазақтың ұлы жырауларының бірі Бұхар Қалқаманұлының жерленген жерін анықтап, көрсетіп кетті.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға ынталықпен кірісуінің арқасында көптеген тарихи аңыздар, этнографиялық материалдар, хандар мен сұлтандардың, батырлар мен би, қожалардың шығу тегі туралы құнды деректер бүгінгі күнге дейін сақталған.

М.Ж. Көпейұлының еңбектері тарихи тұлғаларымызды ғана емес, жалпы қазақ тарихына қатысты мәселелерді де жан-жақты қарастыруымызға мол мүмкіндік береді.

Қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеумен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Ермеков, С. Асфендияров, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгеров, А. Сейітов және басқалар шұғылданды. Өз елінің тарихы мен мәдениетін зерттеуге қатысу олардың халықтың аянышты ауыр халін неғұрлым тереңірек түсінуіне жәрдемдесті. Болашақта олар өз халқының жағдайын жақсарту үшін белсенді күрес жүргізе бастады.

Сапалы білім мен ұзақ жылдардағы ғылыми-тәжірибелік жұмыс тәжірибесі Ә. Бөкейханның көрнекті ғалым-энциклопедист болып қалыптасуына, Қазақстан мен оған шегаралас елдердің тарихы мен мәдениетін және экономикасын терең меңгеруіне ықпал етті. Ол тұңғыш абайтанушы да болды. Еліміздегі мал және егіншаруашылығын ғылыми тұрғыдан зерттеген алғашқы бірегей ғалым. Ә. Бөкейхан қазақ халқының ауылшаруашылығын дамытуға зор көңіл бөлді. Ол қазақтардың ірі қара малы мен қой тұқымы жайында бірқатар еңбектер жазды. Ә. Бөкейханның ғылыми еңбектері бүгінде құндылығы мен маңызын сақтап, өзектілігі арта түсті. Ол императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің мүшесі болды. 1902 жылы Орыс географиялық қоғамы Семейдегі бөлімшесінің ашылуына өз үлесін қосты. «Известия», «Записки» және «Отчеты» басылымдарына мақалалар жариялады. Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның «Жаңа

энциклопедиялық сөздігі» жұмысына қатысты. Оның алғашқы ірі монографиялық ғылыми еңбегі қазақ халқының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихына арналды.

1903 жылы Петербургтен «Ресей. Өлкеміздің толық географиялық сипаттамасы» деген көптомдық басылымының он жетінші томы басылып шықты. Еңбекте Ә. Бөкейхан қаламынан көптеген тарихи-этнографиялық туындылар, атап айтқанда, «Қырғыздар» (қазақтар – авт.), «Сұлтан Кенесары Қасымұлының тарихына қатысты материалдар», «Қарқаралы уезі қырғыздарының (қазақтарының) рулық құрылымы», «Абай (Ибраһим) Құнанбаев», «Қырғыздардың (қазақтардың) ас беруі жайында» тағы басқа зерттеулері жарық көрді.

**5. Қазақтардың медицина саласындағы зерттеулері.** XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде медицина саласында да қазақ ғалымдары шыға бастады. Жұқпалы аурулардың таралып, өз отандастарының өлім-жітімге ұшырауы қазақ дәрігерлерін бейжай қалдырған жоқ. Олар өз халқының денсаулығын сақтауға барынша аянбай еңбек етті. Қазақтың алғашқы дәрігер-ғалымдары қатарында Мұхамеджан Қарабаев, Халел Досмұхамедов, Бақтығали Бисенов, ағайынды Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер т.б. болды.

Х. Досмұхамедов Санкт-Петербургтегі әскери-медицина академиясын бітіріп, денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар еңбек етті. Ол Орал облысының Темір уезінде дәрігер болды. Жалпыұлттық «Қазақ» газетінің беттерінде оның «Ауру-сырқаулар жөнінде», «Жұқпалы аурулар түрлері» сияқты т.б. бірқатар мақалалары жарияланды.

А. Сейітов Томск университетінің медицина факультетін бітіріп, әуелі Омбы қаласында, одан соң Баянауыл мен Семейде жұмыс істеді. Семей облысында жұқпалы ауруларға қарсы жүргізілген шараларды басқарды. Оның медицина саласында жазылған мақалалары әлі күнге дейін ғылыми-тәжірибелік маңызын жоғалтқан жоқ. XX ғасырдың 30-жылдары жаппай ашаршылық етек жайған кезде жұбайы Нафия екеуі жерлестерін ажал аузынан аман алып қалды.

### **Тапсырма:**

1. «Қазақстан аумағына жіберілген әскери және ғылыми экспедициялар патшалық Ресейдің отарлау саясатының бір бағыты» деген тұжырыммен келісесіңдер ме? Пікірлеріңді дәлелдендер.
2. XVIII–XX ғасырлардағы зерттеушілердің еңбектері Қазақстандағы ғылымның дамуына қаншалықты әсер етті?

## **46 тақырып**

### **Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы**

#### **Сабактың оқу мақсаты:**

- Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау;
- кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін талдау;
- кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау.

#### **Бағалау өлшемдері:**

1. XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтайды.

2. Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалаудың маңызын, жетістіктері анықтайды.

**1. 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы сауатсыздыққа қарсы күрес: жетістіктер мен қайшылықтар.** Большевиктер билікке келген алғашқы күндерінен бастап жаппай сауатсыздықты жою үшін күрес жүргізуге кірісті.

Кеңес үкіметінің жергілікті билік органдары Азамат соғысы жағдайында мүмкіндігінше мектептер ашты. Халықты ағарту арқылы большевиктер өздерінің идеологиясын сіңіруді және қарапайым адамдардың сеніміне кіруді көздеді.

1918 жылы шілдеде Түркістан АКСР-інде Халық ағарту комиссариаты (Наркомпрос), ал бұған дейін Қырғыз революциялық комитетінде мектеп бөлімі ашылған еді. 1919 жылы желтоқсанда В.И. Ленин «РКФСР халықтары арасында сауатсыздықты жою туралы» Декретке қол қойды.

1920 жылдан бастап большевиктер Лениннің тапсырмаларын жүзеге асыра отырып, барлық жерде сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссиялар құруға кірісті. Олар хат танымайтындарды есепке алуды, мұғалім кадрларын даярлау, мектептер мен қысқа мерзімді курстар ұйымдастырумен айналысты. Курстарда оқу мен жазуды үйретумен шектелмей, табиғаттану, бухгалтерлік есеп, ән сабағы, сурет салу т.б. пәндерді оқытты. Белгілі бір дәрежеде идеология мәселесі де қатар жүргізілді. Осы мақсатта кеңестік билік органдары Алаш қайраткерлері мен халық ағартушыларын тартты. Мысалы, 1919 жылы Ақмола облысының Омбы уезінде ағарту курстарында жұмыс істеуге қоғамның сауатты азаматтары Мағжан Жұмабаев, Қошқе Кеменгеров, Әміре Исин шақырылды.

**2. Сауатсыздықты жою. Мемлекет ауылға жаппай мәдени жорық ұйымдастыруды жариялады.** Сауатсыздықты жоюдың көшпелі пункттері, әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою үшін қызыл отаулар, коммуна мектептері, мектеп-интернаттар, рабфактар (жұмысшы факультеттері) құрыла бастады.

Қазақстанда сауатсыздықты жою науқаны барысында көптеген кедергілер кездесті: қаражаттың жетіспеушілігі, мектеп үй-жайы және оқулықтар мен тәжірибелі мұғалімдер тапшылығы.

Осыған байланысты А. Байтұрсынұлы жаңадан ашылып жатқан мектептерге 20 мың мұғалім керек екенін айтты. Ал бөлінген қаржы көлемі 2616 мұғалім мен кітапханашылардың жалақысына ғана жететін еді. Сондықтан ол жергілікті билік органдарын мектептерді өз бетінше ашуға, оларды ұстауға өз қаражаттарын жұмсауға шақырды.

1921–1922 жылдары Қазақстанның барлық губернияларында аштық жайлаған кезеңде мектеп ісінің жағдайы өте ауыр еді. Республикада қараусыз қалған жетім балалардың саны айтарлықтай өсті, олар мектептен тыс қалды. Мәселен, 1921 жылы Қазақстанда 158 мың панасыз балалар болды, ал 1922 жылы олардың саны 333 мыңға жетті. Халыққа білім беру қажеттігіне бағытталған қаражат аштықтан зардап шеккен тұрғындарға жіберілді. Мұғалімдер жиі жалақы алмады. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жетіспеді.

Сауатсыздықты жою күресінде «қызыл отау» аталатын білім ошақтары жұмыс істеді. Олар отырықшы халық арасында оқу үйі атқаратын міндеттерді орындады.

1924 жылдың ақпан айында «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының қазақстандық бөлімі жұмысын бастады. 1925 жылы қоғамның 882 бастауыш ұйымында 77 800 мүше тіркелді. Сол жылдары ұлы ағартушы А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне бейімделген араб әліпбиін жасады. 1925 жылдан бастап халық ағарту ісіне жұмсалатын қаржы мөлшері арта түсті. Барлық үлгідегі жаңа кеңестік мектептердің желісі өсті. Соның арқасында оқушылар саны ұлғайды. Кітаптар шығару жыл сайын артып отырды. 1926 жылы сауаттылық деңгейі қазақ халқында – 6,9%, орыс халқының арасында 36%-ды құрады.

**3. Кеңес үкіметінің алғашқы онжылдығындағы жалпы білім беру жүйесінің қалыптасуы.** Жаңа кеңестік билік бүкіл білім жүйесін қайта құруды талап етті. 1918 жылы Қазақстан аумағының едәуір бөлігін қамтитын РКФСР-да қабылданған «Бірыңғай еңбек мектебі туралы» ережесіне сәйкес бұрынғы бастауыш училищелер, гимназиялар, реалдық училищелер және басқа да оқу орындарының орнына 2 сатылы бірыңғай еңбек мектептері құрылды. Оның бірінші сатысында – 8-ден 13 жасқа дейінгі, ал екінші сатысында – 13-тен 17 жасқа дейінгі балалар оқиды деп бекітілді. 1918 жылғы қазандағы «Шағын ұлттар мектебі туралы» қаулыға сәйкес, барлық ұлттар, соның ішінде қазақтар өздерінің ана тілінде оқуды ұйымдастыра алады деп жарияланды.

1920–1921 оқу жылында республикадағы мектептердің саны 2410-ға жетті (1914–1915 оқу жылында – 2011). Мектептердегі білім беру деңгейі әлі де нашар еді. Балалар мен мұғалімдерге арналған оқулықтар мен оқу құралдары тапшы болды. Әсіресе қазақ мектептерінде оқулықтар жетіспеді. Сондықтан да Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары сауатты деген ел азаматтарын қазақ мектептері үшін оқулықтар жазуға шақырды. Балалар үйіндегі материалдық-техникалық жағдай сын көтермейтін, онда тіпті ауыстыратын киімдер мен төсек-орындар жетіспейтін. Ауылдық елді мекендер уезд және губерния орталықтарынан шалғайда орналасты. Қазақ мектептерінде әліппе оқулықтарының өзі де жетіспеді. Жоғары білімі бар білікті педагогтер өте аз еді. Мысалы, 1924 жылы Ақмола уезінде жоғары білімі бар бірде-бір қазақ болған жоқ.

Қазақтың ұлт зиялылары шығармашылық тұрғыда табысты еңбек етіп, мәдени құрылыс, халыққа білім беру саласын жеделдетуге зор үлестерін қосты. Қазақ тілінде оқулықтар жазылды. Мұндай оқулықтардың авторлары А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Ә. Ермаковтер болды. Алгебрадан қазақ тіліндегі мектеп оқулығын Қаныш Сәтбаев, географиядан Әлихан Бөкейхан, Қазақстан тарихын профессор Санжар Асфендияров құрастырды. 1928 жылдың соңына қарай қазақ мектептері үшін 30-дан астам оқулық жарық көрді.

4. XX ғасырдың бірінші жартысындағы арнаулы орта және жоғары білім. Большевиктер билікке келгеннен кейін республикада жоғары оқу орындары мен техникумдар ашыла бастады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдары жоғары білімі бар білікті кадрлар жетіспеді. С. Сейфуллин алғашқылардың бірі болып педагогикалық оқу орындарын дамытуға, студенттердің тұрмыс жағдайына ұдайы назар аударып отырды. Оның тікелей қатысуымен ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесі 1140 мемлекеттік стипендияны қазақ жастары үшін белгіледі. Республика Халық Комиссарлары Кеңесі қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярлайтын Қазақстандағы бірден-бір жоғары оқу орны Орынбор қаласындағы Халыққа білім беру институтын қамқорлыққа алу жөнінде қаулы қабылдады. Қазақстан үкіметі шешімімен ана тілінде оқулықтар шығару үшін 25 мың сом бөлінді.

1928 жылы Қазақстанда алғашқы жоғары оқу орны Қазақ педагогикалық институты ашылды. Кейін оған ұлы Абай есімі берілді.

Кейіннен басқа да жоғары оқу орындары ашылды: Алматы малдәрігерлік институты (1929), Қазақ ауылшаруашылық институты (1930), Алматы медицина институты (1931), Орал педагогикалық институты (1932). 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. 1941 жылы республикада 20 жоғары оқу орны және 118 кәсіптік арнаулы оқу орындарында 40 мыңға жуық студент оқыды.

Республиканың жоғары оқу орындарында жергілікті халық арасынан шыққан профессор-оқытушы кадрлар жетіспеді, көптеген институттарда қазақ студенттерінің саны аз еді. Негізгі себептерінің бірі – жаппай сипат алған аштық пен саяси қуғын-сүргін салдары болды.

5. Соғыстан кейінгі жылдардағы білім беру жағдайы. 1950 жылдары жалпы білім берудің мазмұнын жетілдіру жұмыстары жүргізіліп, мектептегі политехникалық оқытуға ерекше мән берілді. 10 жылдық білім беру жүйесіне көшу басталды. Мектептерде

машинатану кабинеттері, оқу-тәжірибе алаңдары ұйымдастырылды. Сонымен қатар елеулі қиындықтар да болатын. Сыныптардағы оқушылар саны шамадан тыс көп болды. Үлкен қалаларда мектептер үш ауысымда жұмыс істеді. Ауылдық мектептердегі мұғалімдердің педагогикалық жүктемесі нормативтік 18 сағаттың орнына 40–42 сағатты құрады. Бұл жағдай оқушылардың үлгеріміне кері әсерін тигізді. Мектептердің едәуір бөлігі ескі ғимараттарда орналасты. 1950–1960 жылдары кешкі мектептер ашыла бастады.

1959 жылғы санақ бойынша республикада жергілікті ұлт өкілдерінің саны халықтың 30%-ын ғана құрады. Қазақстанның солтүстік облыстарында қазақ тілінде оқытатын мектептер саны қысқарды. Облыс орталықтарында бір-бірден ғана қазақ мектептері жұмыс істеп тұрды. 1970 жылы қала халқының құрамындағы қазақтардың үлесі 17,2% ғана болды. Соның салдарынан қазақ мектептері жабылып, орыс тілінде оқытатын мектептерге айналды.

1972 жылы республика жалпыға бірдей орта білім беруге көшті. Білім беру және тәрбие жұмысының бағдарламасына өзгерістер енгізу үшін жаңа реформалар жүргізілді. Тарих, әдебиет, биология, химия, астрономия, география, еңбек және шетел тілдері пәндері бойынша жаңа оқу бағдарламалары әзірленді, жаңа оқулықтар шығарылды. Республика мектептерінде кабинеттік жүйе енгізілді. Олар бюджеттік және демеуші ұйымдар есебінен де жабдықталды.

#### 47 тақырып

### Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы

#### Сабақтың оқу мақсаты:

- Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау;
- әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау;
- Қазақстан Республикасы «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау.

#### Бағалау өлшемдері:

1. XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтайды.
2. Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалаудың маңызын, жетістіктері анықтайды.

**1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі жетістіктері, мәселелері және келешегі.** Қазақстанда білім беру саласын, соның ішінде мектепке дейінгі білім беруді жан-жақты дамыту және қолдау міндеті алға қойылған. Зияткер, білімді, көзі ашық және жоғары мәдениетті халықтың ғана болашағы табысты болмақ. Балабақшадағы тәрбие – еліміздің жарқын болашағының кепілі. Мектепке дейінгі тәрбие мен үздіксіз оқыту білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасайды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мектепке дейінгі білім беру мекемелері саны азайды. Бала туу көрсеткіші төмендеді. Мектепке дейінгі ұйымдар жекешелендірілді. 1999 жылы мектепке дейінгі ұйымдар саны 80%-ға қысқарды. 1991 жылы 8,74 мың мекеме болса, 1999

жылы 1,15 мыңға дейін азайды. Кейінгі жылдары мектепке дейінгі тәрбиелеу желісі қалпына келе бастады.

2010 жылы барлық мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді балабақшамен қамтамасыз ету үшін «Балапан» арнайы мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында алғашқы жылы 4 мыңға жуық балабақша және шағын орталықтар өз жұмысын бастады. Мемлекет басшылығы 2025 жылға қарай 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100% қамтамасыз етуді тапсырды.

**2. Жалпы орта білім беретін мектептердің жағдайы.** Тәуелсіздік жылдары Қазақстан орта білім беру бойынша әлемде жетекші орынға шықты. Жалпы білім беретін мектептерде оқулықпен қамтамасыз ету және компьютерлендіру мәселелері шешілді. 1998 жылы «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы құрылды. Орталық дарынды балаларды анықтауда және қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарады. Қазақстан бойынша жекеменшік мектептерде ашыла бастады.

Білім және ғылым министрлігі елімізде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуді қолға алды. Көптілді білім беру бағдарламалары іске қосылуда. Білімнің жаңартылған мазмұнының стандарттары енгізілді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» (НЗМ) жобасы жүзеге асырыла бастады. НЗМ-де білім беру халықаралық бағдарлама бойынша жүргізіледі. Олармен бәсекеге түсе алатын қазақ-түрік лицейлері (ҚТЛ) де жұмыс істеді. 2016 жылдан бастап ҚТЛ атауы «Білім инновация лицейі» деп өзгертілді.

2003–2004 оқу жылы мектеп бітірушілер үшін Ұлттық бірыңғай тест тапсыру енгізілді. Бұл еліміздің жастары үшін жоғары білімнің қолжетімділігіндегі ашықтықты қамтамасыз етудің бастамасы болды. 2018 жылға дейін мектеп түлектеріне ҰБТ мектеп аттестатын алуға және жоғары оқу орнына түсуге жарайтын. Бүгінгі күні ҰБТ тапсыру ережесіне біршама өзгерістер енгізіліп, жаңа форматта өтетін болды.

1980 жылдары қазақ тілінде оқытатын мектептер саны азайса, тәуелсіздік жылдары оқушылардың төрттен үш бөлігі мемлекеттік тілде білім алады. 2025 жылға қарай үш ауысымда оқытатын мектептер жойылып, ауылдық жерлерді интернаттармен толық қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

**3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» (НЗМ).** XXI ғасырдың басында Қазақстанның жедел әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жоғары техникалық және басқару құзыреттілігі бар кәсіби мамандар дайындау қажеттілігін туғызды. Республикада балалардың қабілеттерін анықтау мен дамытуға мүмкіндіктер жасау үшін мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін кеңейту жүзеге асырылады. 2008 жылы дарынды балаларға арналған «Зияткерлік мектептер» жобасы іске қосылды. 2011 жылы қаңтарда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» туралы ҚР заңы қабылданды.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің негізгі міндеті – орта білім берудің қазақстандық озық дәстүрлері мен халықаралық үздік тәжірибелерді есепке ала отырып, көптілдік жүйені енгізу арқылы ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал ету. Білім беруде ағылшын тіліне баса назар аударылады.

Оқуға түсу үшін үміткерлер арнайы тест тапсырып, «Өркен» білім беру грантына ие болады. Мектептің екі негізгі бағыты бар – физика-математикалық және химия-биологиялық. 10 және 12-сынып оқушылары Кембридж стандарттарына негізделген халықаралық емтихан тапсырады. Қорытынды аттестациядан табысты өткен оқушылар 12-сыныпты бітіргеннен кейін жалпы орта білім туралы аттестат, ҰБТ, IELTS, TOEFL, SAT I, SAT II сертификаттарын және оқушылардың таңдауы бойынша басқа да сертификаттар алады.

Мектептің негізгі ерекшелігі болып үш тілде сабақ беру мен сабақтан тыс қызметті өздігінен жүргізу болып табылады. Үш тілде оқу барысында оқушылар икемділік, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады.

Үш тілді оқыту моделін қалыптастыру үшін мынадай жағдайлар жасалған: ағылшын тілді орта құру үшін шет елдің жоғары білікті мұғалімдері тартылған; оқулықтары мен білім



беру ресурстары әзірленген; үш тілді қолданып, сабақтан тыс іс-шаралар өткізу үшін мүмкіндіктер жасалған; әлем тілдеріндегі оқулықтармен жабдықталған заманауи кітапханалары бар; оқушылар үшін мектеп асханаларында сапалы әрі тегін тамақтану ұйымдастырылған. Зияткерлік мектептерге әлемнің үздік оқытушылары шақырылған. Мықты инфрақұрылымы қалыптасқан. Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша қабілетті балалар қабылданады.

Қазақстанның барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызға ие қалаларда Зияткерлік мектептер желісі жұмыс істейді. Мектеп түлектерінің Назарбаев университетіне, үздік қазақстандық және беделді шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға түсуге мүмкіндіктері бар.

**4. Орта кәсіптік білімді жетілдіру.** Соңғы жылдары бірнеше әлемдік экономикалық дағдарыстардың тәжірибесі көрсеткендей, шикізатқа негізделген экономика өте осал және әлемдік бағаға тәуелді болуда. Сондықтан экономиканың даму болашағы техникалық және кәсіптік мамандар даярлауды талап етеді.

Мұның бәрі Қазақстанда кәсіптік білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің серіктестік ретінде бірлесіп оқытуға бағытталған дуальды оқыту жүйесін енгізуге әкелді. Оның ерекшелігі – кәсіптік оқыту үдерісінің 80%-ы базалық кәсіпорында өтеді. Қазіргі таңда 350 колледжде дуальді оқыту жүйесі енгізіліп келеді. 2015 жылы Германия, Канада, Австралия, Сингапурмен және басқа елдермен бірлесіп оқу орталықтарын ашу арқылы ТЖКБ жүйесін жетілдіру міндеті қойылды. 2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы жүзеге асырылып келеді.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ғылым мен білімге қатысты мақсат-міндеттерді анықтаңдар.
2. ҚР Білім және ғылым жүйесінің даму бағыттарын көрсетіндер.
3. Қазіргі таңда ҚР білім беру жүйесінде қандай мәселелер бар? Оның шешу жолдарына өз пікірлеріңді білдіріңдер.
4. «Қазіргі таңда біз жастарды қажетті мамандықтарға дайындауымыз керек» деген пікірді қалай түсінесіңдер?
5. Отандық ғылым мәселесін шешудің қандай жолдарын ұсынар едіңдер?

#### **48 тақырып**

##### **Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы**

##### **Сабақтың оқу мақсаты:**

- Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау;
- әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау;
- Қазақстан Республикасы «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау.

##### **Бағалау өлшемдері:**

1. XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтайды.
2. Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалаудың маңызын, жетістіктері анықтайды.

**1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.** Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне де әсер етті. Қазақстандағы жоғары оқу орындары елеулі құрылымдық өзгерістерге ұшырады.

ЖОО-да ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысатын мамандар шетелге кете бастады. Оқулықтар әсіресе қазақ тіліндегі оқу құралдары жетіспеді. Профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысы төмендеді. Жекеменшік жоғары оқу орындарының құрылуы мәселені шешкен жоқ.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға қарамастан, жалпы жоғары мектептің даму стратегиясы тиімді түрде іске асырылып келеді. ЖОО-да білім беру бағдарламалары, оқу жоспарлар және оқыту технологиясы әлемдік стандарттарға сәйкестендірілген. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы артып келеді.

Заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қашықтықтан оқыту түрі кең тарады. Қазақстан Республикасының білім беру саласында «Білім туралы», «Ғылым туралы», сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Интеллектуалды ұлт–2020» қазақстандық жобасы қабылданды.

2010 жылы Қазақстан Болон декларациясына қосылып, отандық білім беруді халықаралық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік алды.

Біздің көз алдымызда Елордамыз Орталық Азияның ғана емес, бүкіл ТМД-ның ең ірі ғылыми, білім беру орталығына айналды. 1996 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының бастамасымен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті құрылды.

1991 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (ХҚТУ) ашылды. Бұл оқу орны түркі халықтары және мемлекеттермен қарым-қатынастарды дамытуға ерекше назар аударатын университет болып табылады. Түркістан қаласы ежелгі кезден стратегиялық маңызды қалалардың бірі, Қазақ хандығының астанасы саналған. ХҚТУ – халықаралық және тәуелсіз мәртебесі бар Қазақстан және Түркия Республикаларының ортақ мемлекеттік университеті.

2001 жылы Қазақ-Британ техникалық университеті (ҚБТУ) ашылды. Университет халықаралық ғылыми деңгейдегі ғылыми-техникалық мамандар дайындайтын республиканың жетекші жоғары оқу орындарының бірі. 2010 жылы ҚБТУ еліміздің үздік техникалық жоғары оқу орны болып танылды.

Әскери оқу орындарының желісі құрылды: Ұлттық Қорғаныс университеті, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, Әуе қорғаныс күштерінің әскери институты. Жоғары оқу орындарында әскери кафедралар ашылып, Қорғаныс министрлігінің жанынан кадет корпусы құрылды.

*6. Президенттік «Болашақ» бағдарламасы. 1993 жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау туралы қаулысы бекітілді. Посткеңестік елдер тарихында алғаш рет дарынды жастар толықтай мемлекет есебінен шетелде сапалы білім алуына мүмкіндіктер жасалды. Бағдарлама түлектері жұмысқа конкурстан тыс қабылданады.*

2014 жылы Майамида (АҚШ) «Болашақ» бағдарламасы ең үздік стипендиаттық бағдарлама деп танылды. 2020 жылға дейін «Болашақ» бойынша 14 мың жастар білім алып шықты. «Болашақ» халықаралық стипендиясы мансаптық табысты өсудің, түлектердің кәсіби мамандануының өзіндік кепіліне айналды. Бағдарлама түлектері бүгінде мемлекеттік қызметте, компанияларда, жекеменшік секторда, халықаралық және мемлекеттік емес ұйымдарда табысты жұмыс істейді. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Стипендиаттарға елге келгеннен кейін бес жыл жұмыс істеу міндетін бекіткен шарттық база әзірленді.

2011 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы шетелдерге «бакалавриат» бойынша студенттер жіберуді тоқтатты, оқыту магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша ғана жүргізіледі. Кадрларды даярлайтын бағдарламаға мақсатты іріктеу әдісі енгізілді. Жұмыс берушілердің нақты тапсырыстары бойынша мамандар даярлауды және жұмыс беруші, стипендиат, әкімгер («Халықаралық бағдарламалар орталығы») үшжақты шарт жасауды көздейтін бағдарламалық-мақсатты тетік енгізілді.

2012 жылы ғылыми, педагогикалық, медициналық, инженер-техникалық мамандарды 1 айдан 12 айға дейін шетелде тағылымдамадан өтуге жіберу үшін бағдарламалар дайындалды.

2014–2015 жылдары шет тілі және қазақ тілдерін білу талабы күшейтілді. Ағылшын тілін Қазақстанда оқытуды көздейтін «6+6» тілдік даярлаудың жаңа моделі іске қосылды. «Болашақ» стипендиаттарының біразы ағылшын тілінде білім алады. Себебі ағылшын тілі арқылы әлемнің көптеген елдерімен тікелей қарым-қатынас орнатуға, озық ілім-білімді, жаңа технологияларды игеруге болады. Болашақ стипендиаттары елден тыс жерде оқып, республиканың оң имиджін қалыптастыруға айтарлықтай ықпалын тигізуде. Бұл жоба қоғамның ұлттық, зияткерлік зиялыларын қалыптастырды.

**2. «Назарбаев университеті».** XXI ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақстан халықаралық деңгейдегі жетекші еуропалық және америкалық үлгіде жоғары оқу орнын құруға бағыт алды. Осы мақсатпен «Назарбаев университеті» құрылды. Елбасы бастамасымен 2010 жылы негізі қаланған Назарбаев университеті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуы көздейтін мемлекеттік оқу орны болып табылады. 2010 жылдың қыркүйек айында университет Foundation дайындық бағдарламасы бойынша алғашқы студенттерін қабылдады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев университеттің ашылу салтанатында: «Жаңа университет – елімізде жоғары білім берудің флагманы», – деп атап өтті.

Қазіргі таңда жоғары оқу орны дербес білім беру стандарттары бойынша жұмыс жасайды. Университет мәртебесі жөнінен автономиялық және академиялық еркіндік қағидалары аясында жұмыс атқаратын халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орны саналады.

Университеттің барлық академиялық және ғылыми-зерттеу бағдарламалары әлемнің ең үздік 30 жоғары оқу орындарының жетекші университеттерімен әлемдік стандарттарға сәйкес оқытылады. Профессор-оқытушылар құрамы және ғылыми-зерттеу қызметкерлері әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған. Тәжірибелі шетелдік профессорлар мен шетел тілін жетік меңгерген, шетелде тәжірибеден өткен отандық ғалымдар дәріс береді. Дәрістер ағылшын тілінде жүргізіледі. Білімгерлердің жалпы саны 3 мыңға жуық. Жыл сайын 500 жас грант иегері атанып, оқуға түседі. Ақылы оқу түрі де бар. Студенттер мен магистранттардың басым бөлігі тегін немесе демеушілік гранттар негізінде білім алады. Білімгерлер жоғары стипендия алуға қол жеткізіп, заманауи жабдықталған жатақханаларда тұрады. Оқуға түсушілердің басым бөлігі – Назарбаев Зияткерлік мектептердің түлектері және республикамыздың басқа мектептерінің дарынды жастары.

**3. Отандық ғылымның жағдайы.** Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін отандық ғылым саласында бірқатар мәселелер пайда болды. 2003 жылы Ұлттық Ғылым академиясы мемлекеттік мәртебесін жоғалтып, іс жүзінде қоғамдық ұйымға айналды. Бірқатар ғылыми-зерттеу институттарының штаттарында қызметкерлер саны азайды.

019 жылдан жас ғалымдарға арналған арнайы ғылыми жобалар ұйымдастырыла бастады. 2020 жылдан ғылыми жобаларбайқаулары өткізіліп, отандық ғылым саласына шетелдік зерттеушілер тартылуда. Салалық мекемелердің қолдауымен ғылыми қызметкерлердің тұрғын үй мәселесі шешіле бастады.

«Ғылым туралы Заң» және «2020–2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Еліміздің ғалымдары әлемнің жетекші журналдарына мақалалар жариялай бастады. ЖОО және академиялық ғылыми-зерттеу институттарының арасында ғылыми байланыс күшейді. Ғалымдарға әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өту үшін мемлекет тарапынан арнайы гранттар

тағайындалуда. Ғылыми-зерттеу институттарының инфрақұрылымын жаңарту, отандық ғылымды дамыту үшін бөлінетін қаржы көлемі жылдан-жылға артып келеді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Ғылым мен білімге қатысты мақсат-міндеттерді анықтаңдар.
2. ҚР Білім және ғылым жүйесінің даму бағыттарын көрсетіңдер.
3. Қазіргі таңда ҚР білім беру жүйесінде қандай мәселелер бар? Оның шешу жолдарына өз пікірлеріңді білдіріңдер.
4. «Қазіргі таңда біз жастарды қажетті мамандықтарға дайындауымыз керек» деген пікірді қалай түсінесіңдер?
5. Отандық ғылым мәселесін шешудің қандай жолдарын ұсынар едіңдер?